

82.3 Каз 700  
С14

Т. Сыздыков

Жасырлардың  
көнсөр  
бүлшеги

# ГЫЛДАМЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР ВАС РЕДАКЦИЯСЫ

402


## **Сыдықов Тұрлышек**

**С 93** Гасырлардың көусар бұлагы.— Алматы: «Қазақстан». 1980.— 213 бет.

Халыктындын ерлік дастарнды туралы ой толгасы «Жыр халык-ры», «Төсөн тамызлар», «Толғандырал тадымдар» атты кітаптарымен көзін оқырмай кеүкимен таңын болған автордың солардың зәнді жалғасы іспетті Бұл сибіргендегі қазақтың епкалық дастурлар туралы ғылымиң дауысы тарихында болады. Соңда дәстүрдің дамытуға көзбел көзделген коскын үлесине тың түшкірмаш жасалады. Ақындардың жедандары, шығарғандары Октябрь революциясынан деңгілің «Ақындардың колмезі» жарық көргөн баста пүскәларымек күтпөрдөн күтпөрдөн тұрмылады.

C ~~70202-041~~  
~~401(07)-80~~ 173-80. 4604000000 8 Kas2

© •Қазақстан• бастасы, 1980.



## *Алғыс сөз*

Ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ұзақ гасырлар бойына жасалып келе жатқан еңбекші халықтың творчествосына адамзаттың данышпандары К. Маркс пен Ф. Энгельс ете жогары бага бергендігі белігілі. Ұлы кесеміміз В. И. Ленин де біздің социалистік мәдениетті өркендете беру жолында ауыз әдебиетінің алатын орыны айрықша деп, ал оны жасаушыларға қамқорлық көрсетіп басшылыққа алу керек екендігіне өте-мөте көніл белгелен.

Совет үкіметі мен Ленин партиясының басшылығы арқасында СССР-де халықтың көркем творчествосы қауап есіп, совет адамының коммунистік сана-сезімін арттыра беру ісіне өзінің келелі үлесін қосып отыр. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қабылдаған қаулы-қараптарды көркем әдебиетті зерттеушілерге де негізгі документ болып саналады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXIV — XXV съездері, пленумдары, СССР жазушылары VI съезінің КПСС Орталық Комитетіне жолдаған хатында совет әдебиеті мен жалпы әдебиет зерттеушілерінің алдына жауапты, әрі абырайлы міндеттер қойылды. Тарихи маңызы зор бүл документтерде совет халқының мәдени дәрежесін көтере түсіндің нақты шаралары белгіленді. Осы салада істелген істер қорытылды.

«Совет жазушылары, суретшілері, композиторлары, театр, кино, телевизия қызыметкерлері,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдас,— талантты мен профессионалдық шеберлігі халыққа, коммунизм ісіне қызмет етеге-

тін адамдардың барлығы зор алғысқа лайық... Нагыз талант иесі сирек кездеседі. Әдебиеттің немесе өнердің талантты шыгармасы — бұл үлттық игілік<sup>1</sup>», дей отырып, ХХV съезд жабылардағы қорытынды сезінде ол алдағы келешек межелерге ойдағыдан жету үшін бәріміздің қауырт та қажырлы еңбек етуіміз керек екенін ерекше айтты.

Қазақстаян Компартиясының XIV съезіне жасаған баяндамасында қазақ әдебиеті мен өнерінің даму процесін жогары бағалай келіп, КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстаян Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас: «Қазақ халқының көп жаирылы әдебиеті мен өнері бүгінде жалпы одактық арнада орыс мәдениеті мен дүние жүзілік прогрессіл мәдениеттің тікелей игі ықпалымен және де өзінің үлттық нақышын жоғалтпастаған, сенімді түрде дамыған келеді<sup>2</sup>, дегे көрсетті.

Коммунистік партия өзінің бүкіл қызметінде әдебиет пен өнерді партияның идеологиялық жұмысының мақызын тарауының бірі деп карайды. Совет адамдарына саяси-идеологиялық тәрбие беруде әдебиет пен өнер қайраткерлері қашан болмасын партиямыздың сенімді көмекшісі болып, көп іс тындырығаны айқын іэрсе. Сондықтан да творчество қызметкерлері коммунистік қоғам орнатудағы әдебиет пен өнеріміздің ролін жогары бағалаган біздің партиямыздың шекісі ыстық сезімін білдіріп, алғысын атап айтуда.

Ел өміріндегі осындай елеулі де үлкен уақығадан соң творчество адамы өз еңбегінің мән-мақсатын, іс-жоспарын қайтадан қарап, бүгінгі талрам, қойылған талап түргысына жаңа белесті, творчестволық жаңа сатыны, әркеанді өрені көздейді.

Ал осы түргыдан келгенде қазір кәдеге жарап отырган, ғасырлар бойы жасалған халықтың бага жетпес орасан мол поэзиясы ертеден келе жатқан бай мұраларымыздың, алтын қазыналарымыздың қатарынан берік орын тебулы.

Фольклордың улгілерін жинап сақтау, бастырып жарыққа шығару, оны ғылыми түргыдан тексеру, зерттеу мәселелері Қазақстанда шын мәнінде тек Ұлы

<sup>1</sup> Л. И. Брежнев. КПСС Орталық Комитетінің есебі мен партияның ішкі және сыртқы саясат саласындағы кезекті міндеттері. Алматы, 1976, 155—156-беттер.

<sup>2</sup> Д. А. Қонаев. Қазақстаян Компартиясы Орталық Комитетінің Қазақстаян Коммунистік партиясының XIV съезіне есепті баяндамасы. Алматы, 1976, 69-бет.

Октябрь социалистік революциясынан кейінгі мезгілде гана дұрыс қолға алынып, жолға қойылды. Демек, Коммунистік партияның ұлт саясатының арқасында гана осылай болуы мүмкін нәрсе. Эсіресе Ұлы Отан соғысынан бергі дәуірде бұл тарапта сан салалы жұмыстар істелді. Осы кезеңде Одақ көлемінде, Қазақстан шеңберінде болып өткен айтыстар (дискуссиялар) мен мәжіліс-мәслихаттар, газет-журналдарда жарияланған мақалалар, жекелеген авторлардың ғылыми-зерттеу еңбектері аудыз әдебиетінің теориялық мәселелерін жаңаша шешүге орасан зор ықпалын тигізді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (бірінші том) деп аталатын колективтік екі еңбекті<sup>1</sup> осы санатта аса құрметті орынға қойып, жоғары бағалауга әбден болады. Бұрын жүрдім-бардым, ат үсті, үшқалақ айтылған жағдаяттар мен пікірлер қайта қаралып, нигилистік көзқарастарға, топшылауларға қатты тойтарыс берілді.

Мұны біз сонымен бірге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаландың жайы және оларды жақсарту шаралары» туралы қаулысының<sup>2</sup> жүзеге асырылуының нәтижесі деп те қараганымыз жөн.

Сонымен, совет фольклористикасының қазіргі міндеттінің бірі осы кездегі аудыз әдебиетінің материалданын байылты түрде жинап беру, мұқият бастыра беру, халықтың поэтикалық творчествосындағы процестерді көң де, терең зерттей түсу болып табылады.

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960. «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964.

<sup>2</sup> «Социалистік Қазақстан», 1957, 21 шуль.

## *Эпос және совет фольклористикасы*

Эпикалық жырлар ескі замандардан бері келе жатқан талай дәүірдің, талай әлеуметтік топтар мен таптардың ақыл-ойының жемісі.

Совет елі — эпикалық жырларға бай ел. Оның толып жаткан тамаша үлгілері бар. Орыс халқының батырлық жырлары мен карель-финнің «Калеваласы», Кавказ бен Закавказье халықтарының батырлық-эпикалық циклары — «Нарты», «Амираны», «Давид Сасунский», Орта Азия мен Қазақстанның — «Манас», «Қорқыт Ата», «Алпамыс», «Қобыланды», «Қырық қызы», «Көргүлгісі», түрік-монгол халықтарының эпикалық шыгармалары, буряттың «Гэсэрі», якуттың «Олонхосы», Алтайдың «Алтай Бучайы», хакастың «Алтын Арығы», қыыр терістік пен қыыр шығыстың эпикалық дастандары... Міне бұл тізімді жалғастырып, соза беруге болады. Оларды дәл осы жерде атап отырыпымыз — бұлардың бәрі де өдеби, мәдени мұра екендігін, СССР халықтарының үлттық мақтанышы болып саналатындығын тағы да дәлелдей өту. Фольклор зерттеушісі М. Е. Богданова: «Егер де Батыс Европа халықтарының көшпілігінде батырлық жыры жазба түрде сақталған, әрі әр кезде түрлі езгеріске үшыраган болса, Совет Одағы халықтарының эпикалық шыгармаларының көшпілігі бізге жаттанды, ауызекі түрде жет-ти»<sup>1</sup> — деп орынды айтқан еді.

Осындағы орасан мол дүниені игеруге, яғни эпосты жинауга, бастырып шыгаруга, зерттеуге еліміздің түкпір-түкпіріндегі атакты фольклорист-ғалымдарымыз, зерделі зерттеушілеріміз аяибай атсалысын кел-

<sup>1</sup> M. Богданова. Об эпоссе народов Советского Союза (XXV Международный Конгресс востоковедов). Доклад делегации СССР, М., 1960, стр. 1.

ді, біразы қазір де шұғылданып жүр<sup>1</sup>. Эпикалық жырларға тікелей қатысы бар осы белгілі галымдардың пікірлерін, көзқарастарын, дәстүрмен байланыстырып әр мәселенің түс-түсында көлтіреміз, дүркін-дүркін сез етіп отырамыз.

Қазақтың эпикалық жырларын жинап, бастырып шыгару, зерттеу белгілі бір кезеңнің ғана жұмысы емес. Эпикалық жырлар біздің дәуірімізге толып жатқан өзінің нұсқаларымен келіп жетті. Кейбір жырлардың ұлттық нұсқалары өз алдына арнайы алып жеке әңгіме етерлік күйде.

Сол эпикалық дәстүрді қарастыру мәселелері Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін де қолға алынған болатын. Қазақтың әпости жайында алғаш пікір айтыл, көңіл аударған адамлар — В. В. Радлов, И. Н. Березин, Г. Н. Потанин, Ш. Ш. Уәлиханов, Н. И. Ильминский, Э. А. Диваев. Олардың әрқайсысы әр кезеңде болса да, қазақ ауыз әдебиетінің, оның ішінде батырлар жырының байлығына қызығады, көркемдігі мен мазмұндық жағына шолу жасайды. Олар эпикалық шығармаларды ел арасынан ерінбей жинап, толып жатқан анықтау жұмыстарын да қолдарынан еткізген. Әпостық жырларды баспаға даярлау үстінде олар жырдың текстін көбіне мұқият тексереді, емделік жақтарын барынша екшейді. Белгілі бір жыр нұсқасын орысшаға аударған кезде түсінік-

<sup>1</sup> Осетин әпости — «Нартының» материалдарын зерттеумен В. Абайев шұғылданды. Армян әпости — «Давид Сасунский» жайындагы акад. И. Орбели мен М. Абегянның сибектері өз алдына әңгіме етерлі дүние. Грузия әпости зерттеумен — Е. Вирсоладзе, К. Сихарулидзе, М. Чиковани тәрізді бір топ мамандар айналысады. Орта Азия мен Қазақстанның әпости жайындагы бай мұраны зерттеумен Р. Амонов, З. Ахметов, М. Афзалов, М. Эуезов, М. Габдуллин, І. Дүйсенбайев, Қ. Жұмалиев, Х. Зарифов, Б. Карыев, Б. Кенжебаев, Х. Короглы, М. Қаратасев, Э. Марғұлан, Қ. Мақсетов, С. Мұқанов, И. Сагитов, Н. Смирнова т. б. шұғылдаңды. Татар халиқының эпикалық творчествосымен Х. Ярмухamedов, башқұрт әпости мен А. Киреев сияқты жазуышы, галымдар айналысады. Сибирь, Алтай фольклорын зерттеғен және зерттеуші — С. Каташ, С. Суразаков, Н. Шаракшинова, А. Уланов, Г. Эргис тәрізді әпостың мамандары тогы да бар. Халық әпостиның өзекті, теориялық проблемаларын зерттеумен шұғылданушы, Москва мен Ленинградта тұрып қызмет ететін П. Берков, И. Брагинский, В. Гацак, В. Гусев, Н. Кравцов, З. Куприянова, Л. Климович, Е. Мелетинский, А. Петросян, Л. Потапов, В. Путников, И. Пухов, В. Сидельниковті атап оту; марқумдар — М. Богданова, А. Боровков, В. Жирмунский, А. Орлов, В. Чичеровты айтып ету абырайлы борышымыз дең сақаймыз.

тер, ескертпелер айтып отыруды да ешбір естен шыгармagan. Қазақтың батырлық жырлары жайында келешек буынга олар бірқатар топшылаулар қалдырып кетті. Уәлиханов, Радлов, Потанин және Диваев пікірлеріне қараганда қазақ зпосы ертеде Қазақстаниң жерінде болған тайпалардың өзара таласы кезеңіне байланысты шыққан<sup>1</sup>. «Көптеген батырлық жырлары Алтын Орданы Токтамыс билегеннен кейін болған аласапыран бүліншілік кезеңімен байланысты туран»,<sup>2</sup> дейді Шоқан Уәлиханов.

Жоғарыда біз атап еткен галымдардың қазақтың эпикалық жырларын жинап, жариялау тарарапындағы кейбір еңбектеріне қысқа да болса кеңіл аударып, тоқталып еткенді орынды деп санаيمыз.

Н. Ильминский 1859 жылы қазақтың суырып салма атақты ақыны Марабайдан «Ер Тарғын» жырын жазып алады да, оны 1862 жылы өз алдына жеке кітапша етіп Қазан қаласында бастырып шығарады. Бұл қазақ халқындағы батырлар жырының баспа жүзінде шыққан ең бірінші үлгісі еді деуге болады. Мұның өзі қазақ халқын қатты қуантқан факті екендігін І. Алтынсарин Н. Ильминскийге жазған бір хатында: «Менсіз бастырып шыгарған «Ер Тарғын» жырын оқыдым. Бұған ете қатты қуанам... Қазақ тілінде еш уақытта кітап басылған емес. Сондықтан қазақтар өзінің ана тілінде кітап шыққанына ете қатты қуануда»<sup>3</sup> — деп көрсетеді.

Қазақтың батырлар жырын жинап, баспа жүзіне шыгару жөніндегі Н. Ильминскийдің иглікті бастамасы кейіннен қанатын кеңінен жайды. Бұл іске белсеме кіріспін атсалысқан орыс галымдары қазақ арасынан көптеген жырлар жазып алды, оларды еткен гасырдың ішінде Орынборда, Омы мен Қазандан, тілті Орталықта шығатын газет-журналдарда жариялады. Сонымен қатар кейбіреулерін жеке жинактарға енгізеді. Мәселен, В. Радловтың ұзақ уақыт бойына жинаушы ретінде жүргізген жұмысының нәтижесі көп томды еңбек болып шыгады. Ол соның үшінші томын<sup>4</sup> қазақ ауыз әдебиетіне арнайды. Бұл

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы», бірінші том, бірінші кітап, 1960, 289-бет.

<sup>2</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ. 1904, стр. 223.

<sup>3</sup> Н. Ильминский. Воспоминание об И. Алтынсарине. Казань. 1891, стр. 213—214.

<sup>4</sup> В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дzungарской степи. СПБ, 1870.

томның ішінде қазак эпосынан «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» т. б. бар еді.

Сондай-ақ өткен гасырдың екінші жартысы мен XX гасырдың бас кезінде ел арасынан қазактың эпостық жырларын жинап алуда, баспа жүзінде шыгаруда Г. Н. Потаниннің қызметі айрықша болғанын атап айтуга тиістіміз. Ол өзін қазақ халқының ең жақын досы екендігін осы елдің мәдени мұраларын мұқият жинап бастырумен де танытқан ғалым. «Дала уалаяты» газетіндегі<sup>1</sup> оның «Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау керек» деген мақаласы шықты. Мұнда ол қазақ халқының бай ауыз әдебиеті барлығын айта келіп, оны жинау, баспа жүзіне шыгару қажеттігі жайында қамқоршы, достық пікірін ұсынады. Эрине, ол жүртшылықты осы бай фольклорды жинауга шақырып қоймайды, оған өзі де белсene атсалысады. Соның нәтижесінде қазақ фольклорынан құралған жинақ шығарады да, оған эпостық шығармалардың кейбір үлгілерінен енгізеді<sup>2</sup>.

Қазактың халық творчествосының басқа үлгілерінен Потанинді әсіресе ақыз, ертегілер көбірек елітеді. Ол осы салаға айрықша мән беріп қарайды. Проф. Н. Смирнованың орынды атап көрсетіл, жазғанындей<sup>3</sup> Потаниннің барлық мақалаларының жынтығы болып есептелетін «Орта гасырлық Европа эпосындағы шығыстық мотивтер» (М., 1899) деген монографияда да ақыз, ертегілерге кеп көңіл белінген. Бұл жайында жогарыда аталған автордың ғылыми зерттеуінде байыпты талдау берілген. Қазақ халық поэзиясын жинау мен зерттеуде Потаниннің улесін бағалағанда, ең алдымен оның ертегі, эпосты зерттеуге қаншалықты мол еңбек сініргені көзге түседі.

Потаниннің өзінен кейінгі үрпаққа қалдырып кеткен ғылыми мұрасы көлемі жағынан алғанда көп. «Г. Н. Потаниннің ғылыми жинақтары әлі күнгө дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Ғылыми жинақ шығарудағы Г. Потаниннің жақалығы — жаңрларды жеке-жеke бастыруы. Мәселен, ертегілерді қамтыған арнайы жинақ шығарып, оны ғылыми түсініктемелермен толықтырған. Жалпы алғанда, Г. Потанин түңғыш

<sup>1</sup> «Дала уалаяты» газеті, 1894, № 29—31.

<sup>2</sup> Г. Н. Потанин. Казах-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. «Живая старина», 1916, вып. II—III.

<sup>3</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап, Алматы, 1980, 37—43-беттер.

рет қазақ фольклоры туралы үлкен көлемді еңбек жазып, бүкіл дүние жүзі фольклористикасына қазақ ауыз әдебиетін танытты<sup>1</sup>.

Қазақ фольклорына арналған Потанин материалдары алғаш рет жүйелі түрде біздің дәуірімізде кітап болып шығып, фольклористикағының қосылған елеулі үлес ретінде ол еңбекті оқушылар жылы қабылдады<sup>2</sup>.

Революцияға дейінгі қазақ халқының ауыз әдебиетін, оның ішінде батырлар жырын жинау, баспа жүзіне шыгару жөнінде орыс ғалымдары бастаған иғлікті іс жақын дәстүрге айналып, дами тусти. Бұл іске орысша оқып білім алған, қазақ халқының ортасынан шыққан ағартушылары — Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин атсалысқан.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан жалпы мәдени мұрасымен, оның ауыз әдебиетімен, эпикалық жырларымен дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы қауымды таныстыру, қазақтардың «жабайы» (қазақтың ауыз әдебиетін жинап бастыру ісіне өзінің айрықша мән беруін Шоқан былай деп түсіндіреді: «Осы күнге дейін Европада кешпелі елдерді аса қatal, жән білмес тагы деп жалған түрде түсінушілік үстем болып келеді. Көшпелі монгол немесе қазақтар жайындағы мұндан үгымдар оларды мал тәрізді түрпайы тағылар деген пікірмен тығыз байланысты. Шынына келгенде, осы наған, түрпайы деп қараган халықтардың көбінің жазбаша немесе ауызша шыгарған әдебиеті, аңыз-әңгімелері бар... Олеңгे, әсіресе өлеңді суырып салма түрінде шыгарып айтуга бейімділік барлық көшпелі елдердің соның ішінде қазақтардың өзіне тән ерекшеліктері деуге болады»<sup>3</sup> халық емес екендігін, оның ауызша шыгарған тамаша жырлары бар жүрт саналатындығын дәлелдеп көрсетуді максат еткен Ш. Уәлиханов ел арасынан көптеген фольклорлық материал жинаған<sup>4</sup>. Бұлардың ішінде эпикалық жырлардың да үлгілері бар еді. Шоқан ел ішінде кеңінен белгілі Орынбай, Жанак

<sup>1</sup> Н. Смирнова. Фольклористика Казахстана. «История казахской литературы», том I, Алма-Ата, 1968, стр. 23; «Қазақ фольклористикасы», Алматы, 1972, 267-бет.

<sup>2</sup> «Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина». Алма-Ата, 1972. Редакция: М. Г. Габдуллин, М. С. Сильченко. Н. С. Смирнова (ответственный редактор). Составление и комментарии С. А. Қасқабасова, Н. С. Смирновой, Е. Д. Турсынова.

<sup>3</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения, СПБ, 1904, стр. 192.

<sup>4</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения, СПБ, 1904, стр. 190.

т. б. тәрізді дүлдүл ақын, сез саңлақтарымен жүздесіп, танысады. Ұзақ уақыт бойына олардың айтқан жырларын тыңдалап, жазып алғып отыруды Шоқан өзімнің абыройлы борышым деп санаған.

Жалғыз осы аты аталған ақын-жыршыларданғана емес Шоқан қазақтың халық поэзиясының үлгілерін ел ішінен өте-мәте көп жинап, көпшіліктің назарын өзіне аударған. «...Көптен бері қазақтың ертегілерін, мифтерін, эпикалық жырларын, аңыз-әңгімелерін жинау ісімен шұғылданып жүремін!»— деп ол өзі жайында сол кездің өзінде-ақ ашықтан-ашық жазған болатын.

Бұрыннан айтылып, жазылып жүргендей, Шоқанды қазақ халқының фольклорын жинаушысығана емес, жазып, жинап алған материалы жайында пікір айтқан зерттеуші ретінде де білеміз. Рас, ол ауыз әдебиетінің шығу, даму тарихы немесе көркемдік ерекшеліктері жайында арнаулы еңбектер жазған емес. Жалпы қазақ халқының тарихы, этнографиясы, қогамдық өмірі, әлеуметтік тұрмысы туралы жазған еңбектерінде ауыз әдебиетін сез етеді, өз кезі үшін үздік, ал бүгінгі күнде сол мағыналы мәнін жогалтпаган ғылыми пікірлер айтады. Солардың өзінде ол қазақтың ауыз әдебиетін жогары бағалайды. Қазақтың аңыз-әңгімелері, ертегілері мен жырлары, мифтері халықтың өткендеғі тарихын білу үшін маңызы зор материалдар деп қарайды. Мәселен, көшпелі халықтардың, соның ішінде қазақтардың шығу тарихын зерттеушілер үшін ауыз әдебиеті бірсыныра дерек болатындығын айта келіп, Шоқан былай дейді: «Егер жүрттың айтуынан Герадот жинаған Гомердің өлеңдері мен аңыздарының аз да болса тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп мысал болып кеткен аңыздардың негізінде оқиғалы шындық жатады десек, қазақтардың қазіргі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, атабабаларының тұрмысын елестететін тамаша, жүйелі түрде айтылатын аңыздарының да тарихи деректерге сәйкес келетіндігіне, тарихи маңызы барлығына шұбалаңбауымыз керек. Халықтың ақыл ойынан және қоғамдағы қалың бұқараның сана-сезімі, өмірі мен алға басуы негізінде туған бұл шығармалар ауызша айтылу түрінде бірден бірге, содан бүкіл халыққа

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ, 1904, стр. 31—32.  
224—225.

жайылады, сондыктан да олардың тарихи, әдебиеттік және психологиялық мәні жоқ емес»<sup>1</sup>.

Шоқан бұл шікірін «Очерки Джунгарии», «Следы шаманства у киргизов», «Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды» секілді тағы басқа еңбектерінде де айтады. Қазақтың ауыз әдебиеті халықтың өткендегі өмірін елестететін тарихи мәні ерекше материалдар екендігін көрсетеді<sup>2</sup>.

Сейтіп, Шоқан жырды халық туғызған поэзиялық үлгілердің ішіндегі ең бір көне, байыргы түрі, деп айтады. Мазмұны жағынан алып қарағанда, жыр өдette көне дәүірде өткен батырлардың өмірін, куресін суреттейді, дейді. Мұнан біз, әрине жыр дегенде оның батырлық жырды айтып отырганын және оны белгілі тарихи оқиғалармен байланысты тұған деп есептейтінің айқын байқаймыз. Өлең мен жырды салыстыруын да қызығылықты, құнды пікірлер деп қараймыз.

Шоқан эпикалық жырларды халықтың тарихымен байланыста отырып, Орта Азия халықтарының зпосы жайында былай деп жазады: «Солтүстік және Орта Азия қөшпелі халықтарының өртедегі мол азызды суюшілігі ерекше бір жетістіктері болып табылады. Бұл ақыздар қастерлі түрде немесе қариялардың рулық естілігі түрінде сакталады»<sup>3</sup>.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының гана фольклоры мен эпикалық жырларын жинап қоймаган, сонымен қатар, ол бізге көрші отырган, өрісі мен тынысы бір туысқан қыргыз елінің дүние жүзіне әйгілі — «Манас» жырынан үлкен бір үзіндіні жазып алғып, кейінгі үрлаққа қалдырган. Әдеби қауым мұны «Манастың» ең бірінші рет хатқа түсу түрі деп есептейді.

Қазақтың эпикалық жырларын жинау, оны баспа бетіне шыгару жөнінде І. Алтынсарин де өз кезі үшін аса зор қызмет атқарған. Ол халық фольклоры мен мен зпосын жинауда өзінің сүйікті досы Н. Ильминскийден үлгі, ақыл-кенес тыңдай отырып, көптеген материалдарды хат бетіне түсіреді<sup>4</sup>. Марабай ақыннан

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ, 1904, стр. 70—71.

<sup>2</sup> Бұл жайында М. Габдуллин мен Т. Сыдықовтың «Казак халқының батырлық жыры» атты кітабында да дайтылған болатын. Осы сибесін 14—15 беттерін қароқыз.

<sup>3</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ, 1904, стр. 68.

<sup>4</sup> Н. И. Ильминский. Воспоминания об И. Алтынсарине. Каань, 1891, стр. 213.

«Қобыланды батырды» жазып алады. Осы атақты жырдың ең бір әдемі тарауын («Тайбурылдың шабысын») «Әдебиет хрестоматиясына»<sup>1</sup> енгізеді. Мұны біз «Қобыланды батырдың» алғаш баспа бетін көрген үлгісі ретінде қарап, бағалап жүрміз.

Қазақтың эпикалық жырларын жинап, оны баспа жүзіне шыгаруда аса кеп қызмет атқарған адам — Ә Диваев болды. Орысша оқып білім алған, шығыс елдерін зерттеуші орыс галымдарының фольклор жинау тәжірибесінен үйренген, үлгі тұтқан Диваев әткен ғасырдың соңынан бастап, осы ғасырдың отызынши жылдарына дейін ел арасынан қисапсыз кеп әдеби үлгілер жинады. Оның жинаған орасан мол материалдары революцияға дейін газет-журналдарда, жеке жинақтарда дүркін-дүркін жарияланып тұрды. Ал революциядан кейінгі жерде де оның көптеген жинақтары шықты. Солардың ішінде өз алдына жеке кітапша болып «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар», «Шора» т. б. баспа жүзін көрді.

Қазақтың эпикалық жырлары жайында, әсіресе түркі тілдес халықтардың бір қатарында бар «Алпамыс» жыры жөнінде пікір айтып, оны баспа бетінде қайта-қайта жариялад, оған дер кезінде көбірек көңіл аударған осы Ә. Диваев еді. Қазак халқының арасында «Алпамыс» жырының кең тарағандығы жөнінде Қазан баспасынан (1899) гөрі ертеректе хабардар болған Ә. Диваев алғаш рет Алпамыстың атын 1896 жылы баспа бетіне атайды<sup>2</sup>. Дәл сол жылы Ә. Диваев Сырдария облысы, Амудария бөлімі, Төртқұл болысында тұратын қарқалпақ бақсысы (жыршысы) Жилемұрат Бекмұхамедовтан қолжағаны («Бұрынғы әткен заманда Жиделі-Байсын»<sup>3</sup> деген жерде әткен Алпа-

1. И. Алтынсарин. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879.

2. «Записки Восточного отделения Русского Археологического общества», т. XI, вып. 1—IV, стр. 282.

3. Жиделі-Байсын — Байсын-Тау — Самарқандан Оқтустікке және Бұқарадан Оқтустік-батысқа қарай Гиссар жотасының оқтустік-батыс шеті.

Бұл жота арқылы Бұқарадан Гиссарга және Амурдарияға үлкен сауда көрүен жолы жүреді. Бұл жол — Темір қакпа деп аталатын ені тар 150 метрлік тік күз арқылы етеді.

Ә. Диваевтың маліметі бойынша Жиделі-Байсын Куляб жөнсі Гиссар бектерінің шегінс орналасқан. Онда Байсын атты үлкен көл бар. Бұл жерде Кіші жүздің қазақтары, Орта жүздің Қоңырат (тарихи мәліметте бұл рудың аты моңғол шабуылмен байла-

мыс батырдың хикаясы») алып, 1897 жылы баспаға даярлайды да, жырды «Материалы для статистики Сыр-Даринской области»<sup>1</sup> деген жинақта (1901, т.Х) бастырып шығарады.

Ә. Диваев, сейтіп, бұл қолжазбаны өзіне алғанға дейін де осы жырмен кең таңыса отырып, ол қазақ халқының әпикалық шығармасы екеніне көзін анық жеткізеді. Соңдықтан да Ә. Диваев «Батырлар жырьыда» берілген «Ардақты окушыларға» атты алғы сезінде былай деп жазады: «Алдарыңызға ұсынылып отырылған «Алпамыс батыр» хикаясы Сырдария облысының қазақтары арасында зор орын тұтады. Қолдан жазылған «Алпамыс батырдың» әңгімесін Сырдария облысының Амудария бөлімінің бұрынғы бастығы М. Д. Разгонов біздің қарауымызға жіберген еді, оған рақмет болсын. Оның бер жағында «Алпамыс» батыр хикаясы Сырдария облысы, Терткүл болыстық қарақалпак бақсысы (жыршысы) Жилемұрат Бекмұхамед баласы тарапынан жазылған. Бірақ «Алпамыс батыр» шын қазақ халқының өлең-жыры болса да, бұларға қоңызы отыргая қарақалпак жыршысы тарапынан жазылғандықтан ішінде араб, парсы сездері көп ұшырап еді. Мұны аударған уақытта қолымыздан келгенше сөздің негізгі мәнісіне жақын келуіне тырыстық.

«Алпамыс» жырын қазақ халқының төл әпикалық шығармасы деген Ә. Диваевтың көзқарасы Жилемұраттың текстін баспаға дайындағанда жазған ескертпеле-рінен де айқын көрінеді. Бұл тексті бір ғана қазақ халқының деуі, әрине, жаңылыс еді. Алайда, осылай дей отырып Ә. Диваевтың мынандай дұрыстыққа келтіріл, шындыққа жаңастырып айтқан пікірін мойын-дамасқа да болмайды. Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі суреттелетін эпизод қарақалпак халқының арасында да, қазақ арасында да кеңінен таралып кеткендігі, ел аудында жүргендейдің әбден белгілі.

Алпамыс жайында жырдық Ә. Диваев орыс тіліне аударған қолжазбасы оқушы жүртшылықтың кеңі-

---

нысты лайда болған. Осы кезеңнен бастап Коңырат руы Алтын Орданың тарихында маңызды роль атқарған. Қазіргі уақытта Коңырат руы Орта Азиядегі кейір түркі тілдес халықтардың күрамында бар). Аргын рулары мекен еткен. Олар мұнда XVIII гасырдың басында актабан шұбырынды көзінде болған.

<sup>1</sup> Қазақ ССР Гылым академиясы Орталық гылымшыл кітапханасының қолжазба коры (Ә. Диваев материалдары), инв. № 1162, 24-бет.

лін аударарлықтай. Э. Диваев ол жырды бір тілден екінші тілге аударған кезде өте дәлме-дәл, сонымен бірге оқушыға текістік түсінікті болуы жағын қарастырган.

Текстегі Э. Диваев берген түсініктерде жырдағы этнографиялық жайларға көніл аударумен бірге, «Алтын қабақ» тәрізді ойын-сауық түрлерін, «кебеже» сияқты ыдыс-аяқ атауларына да ерекше мән берген. Халық ұғымында бұрыннан бар «бакыт құсы», «аруақ» сияқты түсініктерге де тоқталып еткен. Сонымен қатар Э. Диваев «календарь», «хизр», «әзірет-әлі» деген сездерге түсінік беріл еткен. Бұлар Э. Диваевқа, өрине, жырдың орысша аудармасы қалың кепшілікке арналып отырғандықтан әмбе оқушыларға жете түсінікті болу үшін қажет болған.

Біздің дәуірімізде «Қазақтың халық поэзиясы» деген атпен Э. Диваевтың халық аузынан жазып алған және оның ел ішінен тірнектеп жинаған нұсқаларының бір томдық жинағы оқушы жүртшылықтың қолына тиді<sup>1</sup>.

Э. Диаевтың жалпы халық фольклорын, этнографиясын, оның ішінде қазақтың батырлық жырларын жинап, оны бастырып шыгаруда сіңірген осындай еңбегін, қыруар істерін дер кезінде орыстың атақты галымдары П. Мелиоранский, Н. Бартольд, А. Самойлович, С. Ольденбург аса жогары бағалаган болатын. Фольклор зерттеушісі Н. С. Смирнова: «Олар Диаевты кезі ашық тюрколог деп біледі және оның жұмысын қашан да дәл бағалайды. Жетік-жинаңкездерді Э. Диаевтың бай материалдары өзіне тартады. Бұл материалдар сапалы, көптеген жазбалар «халықтың тұрмысымен де, тілімен де жақсы таныс, сол халықпен бірге өмір сүріп, сол халықтың тілінде сейлеген, кезімен көрген адамнан... жазылып алынғанын айтады».

Диаевтың фольклорлік жұмысының негізгі принциптерінің бірі — нұсқалар жинау еді, осы нұсқаларды жинау арқылы оған фольклордің колективтік табигаты белгілі болды. Диаев «Алпамыс батыр» мен «Великан Алпамысты», «Қамбар батыр» мен «Тоқсан үйлі тобырды», «Қамбардың» екінші нұсқасын... жазып алды. «Сіз халық поэзиясының қай жағын алыш

<sup>1</sup> «Казахская народная поэзия». Алма-Ата, 1964. Составители: Н. Смирнова, (отв. редактор), М. Гумарова, М. Сильченко, Т. Сыдыков.

қарасаңыз да: эпикалық жырларын немесе сыршылдық өлеңдерін, тіпті көзқарасын алыңыз,— деп жазды Диваев,— сіз оның ерекше тек қана көшпелі халыққа тән мінез-құлықты, ерекшелікті, бет-бейнені көрсететіндігін бірден аңғарасыз.

Қазақ халық поэзиясын зерттеуші ғалымдар мен замандастары В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, И. Н. Березин, А. В. Васильев, П. М. Мелиоранский сияқты Диваев та қазақ поэзиясының ерекшеліктері туралы көп ойланды. Қазақ халық поэзиясының шығармалары басқа да халықтардың фольклоры сияқты «халық көзқарасының сәулесі, оның рухани бейнесі мен үлттық харakterі екендігін ол жақсы түсінді»<sup>1</sup> деп жазды. Сонымен бірге Ә. Диваев іргелі ізденістердің бүгінгі таңдағы иысанасы болып көрінуі де құптарлық жай. Айтып отырғанымыз арнағы зерттеулердің туа бастауы, Ф. Оразаеваның еңбек жазып шыққаны да жақсы жадымызыда<sup>2</sup>.

Артық-кем айтылған пікірлеріне қарамастан ауыз әдебиетінің, оның ішінде қазақ эпосының құнды мәдени мұраларын жинап, газет-журналдарға бастырып, кейбіреулерін жеке кітап түрінде шыгаруда ерекше еңбек еткен жоғарыда біз тоқталған ғалымдардың, жиһанкездердің соны қадам жасаган сондай игі жұмыстарын фольклорист-ғалымдарымыз әр кез дүркін-дүркін, үлкендер-кішілі еңбектерде қошеметтеп, орынды сез етіп келуі olandы құбылыс.

XIX ғасырдаған емес, XX ғасырдың бас кезінде әдебиеттің, оның ішінде қазақ мәдениеті қайраткерлерінің де қөңілін аудара бастайды. Бұл жөнінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың айтқан пікірлері бізге белгілі. Торайғыров қазақ халықтың эпикалық жырларының басылып шыққан улгілері, сол тәрізді қолжазба кешірмелері ауыздан-ауызға, ауылдан-ауылға, қолдан-қолға таралып, ел оларды сүйсініп оқитынын, ықыласпен тыңдайтынын айтқан болатын. Ол осы тұрасындағы көріп, қөңілге түйгендерін 1913 жылы жазған езімің «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан»<sup>3</sup> деген мақаласында көлтірген.

<sup>1</sup> «Казахская народная поэзия», стр. 22—24 («А. А. Диваев — фольклорист» деген мақаланы қараңыз).

<sup>2</sup> Ә. А. Диваев — фольклорист. Кандидаттық диссертация (қолжазба). Ғылыми жетекшілері М. Габдуллин, Ә. Тәжібаев, Алматы, 1974.

<sup>3</sup> Сұлтанмахмұт Торайғыров. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1950.

Сол мақалада Торайғыров қазақтың эпикалық жырларындағы ертегіге тән мифтік элементтерге на-зар аударады. Торайғыров мұнда қазақ халқының ер-тедегі санасында бекіген қиял-гажайып ертегілеріндегі мифтік элементтердің қазақтың кейбір эпикалық жыр-ларынан да («Алпамыс» т. б.) орын алғанын дұрыс бай-қаған.

С. Торайғыров осы еңбегінде «Алпамыс» жы-рының тіліне көбіне көп көңіл аударған. Бұл эпика-лық шығарманың тілінің таза екендігін, бетен сөзбен былықлағанын орынды көрсетеді. Эпосқа тән ертегілік сипат, шығарма тілінің кенжелігін байқатпайтындығын аңғартады. Сонымен бірге Сұлтанмахмұт халықтың по-этикалық шығармаларында Абай ұстанған бағытты, берген бағаны мықтап қолдайтындығын айтады. Абайдың өлең жөніндегі айтқан ернекті ойларын көлтіре отырып, Торайғыров халық тілін шүбарлап, оның таза-лығы үшін күрестептің, оған жаңы ашымайтындарга қынжыла қарайды.

Қазақтың батырлық жырларының ел ішінде көп айтылатындығын, оларды алғаш батысқазақстандық ақын, жыраулары аузынан естігендігін көрсеткен В. Карлсонның Орынбор архивы гылыми комиссиясының арнаулы жолдамасымен көпке танымал ақын Көшелек Елемановтың қазақтың қандай батырлық жырларын орындаитындығын анықтап бергені жай-ында дәлді деректер де бар. Мәселең, Көшелек ақын «Көбыланды», «Қамбар», «Алпамыс», «Құбығұл», «Қа-рабек», «Төрекан», «Телагыс», «Көрүглү» жырларын көлікті де керемет етіп жұрт алдында төгілтіп шырқай-тын болған<sup>1</sup>.

Аталғандарды қоса есепке алғанда Октябрьге дей-інгі қазақ халқының эпикалық жырлары жөніндегі істелген жұмыстардың жай-куйі осындай.

Бір кездегі Радлов, Потанин, Ш. Үәлиханов, Э. Ди-ваев бастаған иғі дәстүр біздің заманымызда қалай жалғасып жатыр, бұл тарапта қандай табыстарымыз бар?

Қазақ халқының поэтикалық творчествосын, оның ішінде эпикалық жырларын жазып алу, жинау шара-ларымен Октябрьге дейінгі жерде жекелеген адамдар гана айналысып, атсалысып келсе, ал біздің заманы-мызда бұл қоғамдық мәні бар мәселеге айналды. Үкі-метіміз тарапынан елдің осындай рухани байлығына көп көңіл бөлінуде.

<sup>1</sup> «Оренбургский край», 1906, 13 парель, № 62.

Жыл сайын, әсіресе соңғы он бес — жиырма жылда Қазақстанның әр тараф-облыстарына, түрлі тұқпірлеріне арнаулы комплексті экспедициялар жіберіліп отырады.

Экспедицияның жұмыстары мен жергілікті орындарда, істелетін жұмыстар белгілі жоба (авторы — Н. С. Смирнова) бойынша жүргізіліп келеді. Бұл жобада ақындар мен жыршылардың өмірбаянын жазып алу, олардың өз шығармаларын орындау үстінде әрқайсысына тән ерекшелік қасиетін ашу жағы қарастырылады. Сонымен бірге жер-жерде үйымдастырылған көркеменер үйрмесінің жұмысын зерттеуге, ауыз әдебиеті шығармасының тууына белгілі бір шығарманы әр адам өзінше айттып кете алатындығын білуге көпіл белініп, нараз аударылады. Осы жобада көрсетілген иүсқау бойынша жинаушы кісіге халық поэзиясының шығармасын бір адамнан екінші адам қалай жатта алғандығын білу де онша қындық келтірмейді. Осындай жобамен қатар ақындар мен жыршылар үшін анкеталар (авторлары — М. Ғұмарова, О. Нұрмагамбетова, Н. Смирнова) жасалды. Ақындар мен жыршылар өздерінің өмірбаяны мен творчествосы жайындағы мәліметтерді жазып, анкетаны толтырығаннан кейін олар Қазақ ССР Ғылым академиясының әдебиет пен өнер институтының арнайы белімдеріне қайтадан жіберіп отырады. Кейбір жағдайларда олардың айтуы бойынша институтта істейтін ғылыми қызметкерлердің де жазып алған кездері болып жүр. Сейтіп халық поэзиясын, оның ішінде батырлар жырын жинау жұмысының әдістері де бірте-бірте дұрыс жолға қойыла бастады. Белгілі бір жырды қағаз бетіне түсіріп, мұқият жазып алғаннан кейін жинаушы адамның материалдардың ретінен кара түзету жасап жіберуі, өзінше редакциядан өткізуі сияқты ерте кездерде өрескел орын алғып келген жайларға бұл дәүірде үзілді-кесілді тыйым салынып отыр.

Сол белімдер тарарапынан жер-жерлерге шығып тұратын экспедицияның жұмыстары жоғарыда біз атап өткен жоба бойынша жүргізіліп, сол комплексті экспедицияларға институттың аға және кіші ғылыми қызметкерлері басшылық жасап отырады. Осындай арнаулы жіберілген экспедициялар соңғы он бес-жиырма жылдардың ішінде Қазақстанның Қарағанды, Жезқазган, Екібастуз, Теміртау сияқты өндіріс орындарында, РСФСР-дің, Тюмень, Омбы облыстарында, Өзбекстанда, Қарақалпақстанда болып, халық поэ-

зиясының Октябрьден бұрынғы және совет дәуіріндегі көптеген нұсқаларын жазып алып қайтты. Ертеде басылып шыққан ескі кітап қоймаларын, қолдан-қолға өтіп, тозығы жеткен қолжазбаларды ғылыми қызметкерлеріміздің тауып әкелген кездері де болды. Сейтіп бұрыннан бар қолдағы қорларымыз жаңа қолжазбалармен байи тусти.

Осылай салыстырғанда бірер мысал келтіре кеткен орынды болар. Егер «Алпамыс» жырының 1953 жылы үш нұсқасы ғана болса, қазір оның саны онға жетіп отыр. Сол сияқты 1951 жылдан бергі жерде «Қамбар» жырының он жеті нұсқасы, «Қобыланды» жырының алты нұсқасы, «Қызы Жібек» жырының алты нұсқасы т. б. табылып жазылып немесе архивтен фотокөшірмесі алынды. Сонымен бірге Қ. Жапсарбаев, Қ. Әзірбаев, Е. Қандеков, О. Шипин сияқты ақын, жыраулар арнағы институтқа шақырылып, олардан кейінгі дәуірде шығарылған өлең, толғаулары аудио екі жазылды немесе магнитофон лентасына түсіріліп алынды.

Қазіргі кезеңде батырлар жырының нұсқаларын жазып, жинап алып тапсыру, кәдеге жарату жумысына мәдениет жүртшылығының да жаңы ашып, белсенді атсалысып, араласып отыр. Демек, біздін заманымызда қазақ совет фольклористикасының ең негізгі көкейтесті міндеттерінің бірі осы дәуірдегі халықтың батырлық жырының нұсқаларын байыпты түрде жинап, мұқият бастырып, ондағы процестерді түгелдей алып кең де терең зерттеу болып табылады.

Қазақ эпосына зерттеу тұрғысынан назар аударғанда бұрын атап өткеніміздей, ертедегі тюрколог-ғалымдар мен ағартушылардың айтқан пікірлерін негізге ала отырып, советтік ғылым эпикалық жырларды жаңр жағынан алып жікке бөледі. Батырлар жырының тарихқа байланыстылығын тексереді. Оның үстінде эпикалық жырдың халықтық сипатын анықтай отырып, советтік фольклористика ғылымы эпос шығармаларын көркем туынды есебінде қарастырып, белгілі зерттеу нысанасын айналдырады.

Осы дәуірдегі қазақтың эпикалық жырын зерттеудің қалыптасу, даму, есу жолын екі кезеңге беліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең — отызыншы жылдардың аяғына дейінгі мерзім.

Екінші кезең — қырқыншы жылдардың басынан кейінгі жылдар.

Қазақтың эпикалық жырларының қазіргі дәуірде-

гі жиналышп, бастырылууның, зерттелеуінің барысына байыппен қараганда 20-жылдарда Қазақстан фольклористері бұл салада да әжептәуір жұмыстарды істеп тастагандығы көрінеді. Мәселең, біз жоғарыда тоқталып откен Э. Диваев еңбектерінің, әсіресе оның осы кездерде Жетісу, Сырдария экспедицияларының материалдарын қорытып, іс тәжірибесін жинақтауының өзі қашшалықты шаруа. Осы материалдарды салалауда, жүйелеуде батырлар жыры, азыздар, азыз-әңгімелер басты орын алған. Осы тұста «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар батыр» жырлары баспадан шығып, көпшілікке кекінен тарала бастауы бұл тараптағы ілгерілеушіліктің белгісі еді. Ақын, жыршылардың репертуарын анықтау, білу, сұрылтау нәтижесінде қол жеткен қазақтың халық творчествосын, оның ішінде батырлық жырларын жинау тарапында жана бағыт басталып, ол жайында баспасаездің ролі үлкен болды.

Әпикалық жырларды жинап, жариялаумен қатар, оларға зерттеу тұргысынан да көңіл қойыла бастады<sup>1</sup>. Әсіресе бұл тарапта фольклорист М. Әуезов еңбегі ерекше көзге түседі. Оның қазақ халқының батырлық жырлары мен жалпы ауыз әдебиетіне арналған зерттеу мақалалары «Шолпан», «Тақ» журналдарында жарық көре бастайды. Зерттеу әдісінде байқалған кейбір қайшылықтарына қарамастан, М. Әуезовтың батырлар жырының шығу кезі, оған халықтың творчестволық қарым-қатынасы, ондагы тарихи оқиганың халық қиялы мен арман-тілегіне сәйкес суреттелуі, бірлік, елдік, патриоттық мотивтер, жырдың кейіпкерлері, тілі туралы айтқан топшылаулары мен батыл байламы жиырмасынышы жылдар үшін батырлар жырын зерттеудегі үлкен жаңалық еді. Сол себепті М. Әуезов мақаласы «Қобыланды батыр» жырын<sup>2</sup> советтік дәүірде арнайы зерттеудің алғашқы қадамы сияқты<sup>3</sup> делініп әдебиетшілер ауызында орынды айтылып жүр.

20-жылдардың соңғы кезіндегі М. Әуезовтың тағы бір еңбегінің бірен-саран кемшіліктеріне (мәселең, ха-

<sup>1</sup> Н. А. Фалго. Введение в изучение тюркских литератур и наречий. Ташкент, 1922; М. Әуезов. Эдебиет тарихы. Қызылорда — Ташкент, 1927; Н. А. Чеканинский. Казахская поэма «Козу-курпеш и Баян-слу», 1929.

<sup>2</sup> «Тақ» журналы, 1925, № 1, 4. Автор бұған дейін «Шолпан» журналиндеги жариялалған (1922, № 2, 3) «Қазақ әдебиеттің қазіргі дәүрі» деген мақаласында да: «ескі ел әдебиеті» жайында тұңғыш лікір айтушылардың бірі болоды.

<sup>3</sup> «Қазақ фольклористикасы», Алматы, 1972, 176-бет.

лық фольклоры «ескіліктегі тұрмыс күйді ғана көрсетеді» деуі) қарамастан әдебиет тарихынан алатын өз орны бар<sup>1</sup>. Онда ол жалпы қазақ фольклорын сыршылдық салт өлеңдері, батырлар әңгімесі, халық дастандары, тарихи өлеңдер, ертегі, айтыс өлеңдер, шешендік сөздер деген тәрізді жанрларға жіктей отырып, мұны халқымыздың басынан кешкен жайларымен орайластырып, үштастырып қарастырады. Эпосты есіндегі сақтаған ақын, жыршы мерзім өткен сайын оған творчестволықпен қарайды деуі пайдалы пікір еді.

М. Эуезов қазақ халқының ауыз әдебиетін, оның батырлық жырларын жинал, зерттеуінің үстіне қырығыздың атақты «Манасын» сол ертеректің өзінде-ақ қолға алғып, оған ғылыми топшылаулар, ой-пікірлер айтады. Құнды әдеби мұра саналатын «Манас» эпосына дәүіріміздің әр кездерінде дүркін-дүркін оралып, оның маңызын көтеріп, ғылыми дәлелдерімен көпшіліктің түбекейлі де қадырлы қазынасы қалпында қалдыруға белсенді атсалысты.

Батырлық эпосты қазақ халқының басқа жырларымен қатар қойып, салыстыра зерттеу жайын сез еткенде И. А. Чеканинскийдің «Казахская поэма Козу курпеш и Баян слу»<sup>2</sup> деп аталатын сол бір мақаласын бұл жолдагы алғашқы қадам жасаған тәжірибеліз деп қараған жен. И. Чеканинский 1901 жылы Э. Ди-ваев бастырган «Алпамыс» жырының қарақалпақша нұсқасын «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының тексімем салыстыра отырып зерттейді.

1930 жылдары қазақ эпосы біраз теренірек зерттеледі. Қазақтың халық поэзиясының жалпы мәселелеріне арналған еңбектердің көпшілігінде қазақ эпосы жайында пікірлер айтылды. Эпостар жеке-жеке мақала көлемінде арнайы сез бола бастады. Мәселен, жазушы Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті»<sup>3</sup> деген кітабында қалың жүртшылыққа қазақ эпосы жайындағы пікірін билдірді. Автор эпостардың мазмұнын баяндау жолына түсіп кетіп, талдау жасаудан тайсалса да, кітапқа жазған алғы сезі мен мақаласының қазақтың эпикалық туындыларын зерттеуге дер кезінде тигізген пайдасты орасан зор болды.

<sup>1</sup> «Әдебиет тарихы», Қызылорда — Ташкент, 1927.

<sup>2</sup> «Записки Семипалатинского отдела общества изучения Казахстана», 1929, т. I. вып. XVIII.

<sup>3</sup> С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті, Қызылорда, 1932.

Мәлік Габдуллиннің әділ бағалаганында<sup>1</sup>, бұл еңбекті тіпті қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу жайында жазылған түңгыш монографияның бірі десе де болады.

Кітап екі белімнен турады. Алғашқысында — қазақ халқының тарихына байланысты мәліметтер берілгеннен кейін автор ең негізгі мәселе сін баяндауға кіріседі. Ол — қазақ халқының ауыз әдебиеті жайында болады және оны да автор екі белімге беледі. Біріншісінде — ертегі, салт өлеңдері, төрт тулік жайындағы шыгармалар т. б. қарастырылады. Екіншісі — қазақ халқының эпикалық жырларына арналады. Бізге қазіргі қажеті де осы саласы.

Қазақтағы батырлар жырының дені «Ногайлы дәүірінде» туды,— дейді Сейфуллин. Ол осы пікірін дәлледе үшін Ногай туралы және Ногайлы дәүірі жайында тарихи деректер келтіреді. Сонымен қатар жырлардың Ногайлы дәүірінде туғандығын көрсету үшін ол бірище жырдан («Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Кекше. т. б.) дәлел ретінде үзінділер алады<sup>2</sup>.

С. Сейфуллин эпикалық жырларды әңгімеледе туғызыда «Алпамыс» жырына ете-мете көбірек көзіл белгенді. Мұны біз бұл эпостың көп елдерге ортақ болып келетіндігімен байланысты шыгар деп ойлаймыз. Сәкен осы эпикалық шыгарма жайындағы өзінің пікірін бұрынғы кітаптың («Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», бірінші белім, Қызылорда, 1931 жыл) жырдың тексіне сүйене отырып айтқан, ягни ол 1899 жылғы Қазан баспасы мен 1922 жылғы Ташкент басласының жалғастырылған түрі (осы тұрасында «Алпамыс батыр» атты кітапта кеңірек мәлімет берілген. Алма-Ата, 1961, стр. 481—482). Алайда, ол кітапқа жазған алғы сезінде және сол едебігіндегі осы жыр жайындағы арнаулы мақаласында взі жариялаган текстен басқа халық аузында айтылып жүрген жырдың толық версиясын ертеректе естігендігін ашып айтады. «Менің аузында естігендімде бұл екі кітаптағы әңгімеленген екі жорықты қосып айтатын еді»<sup>3</sup>— дейді С. Сейфуллин. Осыған қараганда, оның келтіріп отырғаны Майкөт

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 1965, 29 январь.

<sup>2</sup> Бұл жайындағы толық пікір түзілістерін жоғарыда аталған мақаладан және «Қазақ халқының батырлық жиры» (авторлары — М. Габдуллин, Т. Сыдықов) атты еңбектің 191—193-беттерінде қаруаға болады.

<sup>3</sup> С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932, 214-бет.

Сандыбаевтың нұсқасы болуы мүмкін, ейткені ол басқа нұсқалармен салыстырғанда ел арасына көп тараған және бұл нұсқа «Алпамыс» жырының қазақша нұсқаларының ішіндегі ең толығы да, көлемдісі де.

С. Сейфуллин Сұлтанмахмұт Торайғыров тәрізді дәл осы жырдың ел аудында көп айтылғанын көлтіреді. Басқа адамдарга қарағанда бұл жырды ақын, жыршылар көбірек айтқанын, ейткені мұнда кейінгі кезеңнің қоспалары көбірек ұшырасатынын айтады. Бірақ сол пікірін дәлелдеу үшін толығырақ мысалдар көлтіру орнына, жалпылама жазылған сездермен ғана шектелді: «сол бертінгі заманың қоспасы, өзгеруі «Алпамыс» жырында көп. «Алпамыс» жырының көп айтылғандығынан тым жырды созылап, жыртып әкетіл, қайтадан құраган іздері тым оғаш көрініп түргандай болады!»<sup>1</sup>.

Автор мұнан кейін бұл эпостың Өзбекстан мен қарақалпақ елінде де кең жайылғанын, ондағылар да бұл эпосты бағы заманың ескерткіші деп өз әдебиеттерінің тарихына енгізгенін айтады. Сөйтіп, ол жырдың өзбекше, қазақша нұсқаларының өзара ұқсастығы деген мәселеге тоқталады. Екі халықтың нұсқасында да Байбөрі мен Байсары бір кезде өмір сурғен бай адамдар. Олардың екеуінің де баласы болмайды. Кейіннен бала көріп, біріне-бірі құда түседі. Құдасына реніш білдірген Байсары қалмақ еліне қоныс ауыстырады... С. Сейфуллин башқұрт халқында да осы жыр туралы ертегі бар екенін мәлімдейді.

Жырдың көркемдік нақышына тоқтала келіп стильдік тұрғыдан біраз кемшіліктерін көрсетеді: «Алпамыстың», әзірше кітап болып шыққандарының жазылу жаңылыстары ете көп. Сондықтан бұл түрде кітапша болып шықкан «Алпамыс» жырының жыр құрылышы ретінде қандай екенін айтудың қажеті жоқ»<sup>2</sup>.

Осымен байланысты С. Сейфуллин жырдагы кейіп-керлердің сезім-күйін, қуаныш-ренішін білдіретін эпизодтардан бірақ үзінділер көлтіреді (Алтыншаштың Байсарыға айтқаны т. б.). Сол тәріздес «ұқсас жерлер», сарындар басқа халықтарда да барлығын айтады: «Түрклен, Қарақалпак, Дағыстан елдерінің күйлі сездері, өлең, жырлары көбінесе осы сарынмен құрылған болады. Сол елдерге жапсарлас отырған ру-

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932, 214-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 215 бет.

лардың арасынан жазылып алғынган «Алпамыс» жыры нұсқасының да жыр құрылсы осы зар сарынмен айтылады. Алтыншаштың Байсарыға айтқан жыры Түркстанда жазылып алғынган «Алпамыстан» алынды<sup>1</sup>.

Ал бұл жерде сез жырдың қай нұсқасы жайында айтылып отыр, ол жағы бізге мәлімсіз. С. Сейфуллин бір жерде ел арасында жырдың толық нұсқасы болып келгендігін естіп, мақаласы арқылы оны бізге жеткізсе, ал мына жерде Түркстан нұсқасы туралы әңгіме қозғап отыр. Жогарыда Э. Диваевтың жазғандарынан көргекіміздей Жилемұрат тексі 1897 жылы Амудария белімінен алғынға болатын. Егерде сол кезде осы жырдың толық нұсқасы қағаз бетіне түсіп, жазылып қалған болса, оны С. Сейфуллин біле тұра неге баспа бетінде жариялады екен деген ой туады?

С. Сейфуллин еңбегінде осы сез болып отырған жырдың ұлттық дәстүрге сәйкес элементтері жөнінде де мәселе көтерген. Батырдың дүниеге келуі, балалық шагы, оның үйленуі түрмис-салт эпосы «Қозы Көрпеш — Баян сұлумен» ұқсас келеді деп айтқан автордың шікірі И. Чеканинский ойын пысықтай түскендей. Ауыз әдебиетінің осы екі шыгармасында да ескілі өмір кәдесі өртедегі руладың түрмис-салты, малышылар өмірі, бұрынғы Қазакстанга тән феодалдық-байшылық қарым-қатынас айқын көрсетіледі. «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» мазмұн негізі болған — одан «Алпамыс» жырнының бір түрлісінің де мазмұн негізі болған — екі байдың тәнірден бала тілеп, әйелдері екі қабат болғанда іште жатқан, дүниеге келмеген бала-ларды атастырып, құда болып баталасулары — билер тобы үстемдік жүргізген дәүірдегі ескі салтты көрсетеді. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» әңгімесіндегі, «Алпамыс» әңгімесінде де ескіліктегі малшылық түрмисы, малышылар мен малға ие болған байлардың жайлары молырақ суреттелетіндігі айтылады.

Қазақтың фольклорист-ғалымдары 30-жылдардың аяқ кезінде де әпикалық жырлар туралы біраз пікірлер айтты. Академик-жазушы Сәбит Мұқанов («Батырлар жырнының әдебиеттегі орыны»)<sup>2</sup> проф. Бейсенбай Қенжебаев («Қазақтың халық эпосы туралы»)<sup>3</sup>

<sup>1</sup> С. Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. Қызылорда, 1932, 216-бет.

<sup>2</sup> «Батырлар» (Алғы сез), Алматы, 1939. Бұл олғы сез кейінгі кезде қысқараган түрлінде автордың соңғы еңбегі «Халық мұрасы» (Алматы, 1974) атты кітабына да енді.

<sup>3</sup> «Әдебиет және искусство», 1939, № 2.

және тағы басқалардың эпос жайында жазған мақалалары осы тұста туды.

С. Мұқанов осы атальп отырған еңбегінде қазақтың халық әдебиеті ұлттық мәдениет қазынасының ең қымбат мүліктерінің бірі екендігін айтып батырлық жырларға шолулар жасайды. Оны негізгі төрт кезеңге бөліп қарастырады<sup>1</sup>. Сонымен бірге эпостың талай өзгерістерге үшірап, ондагы уақығалардың араласып отыратынын, солай болғанмен бәріне арнаулы бірнеше жалпылық жағдайлардың кездесетінін келтіреді. Жоғарыдағы еңбектерде сез болғаны тәрізді С. Мұқанов та ауыз әдебиетінің шығармаларын бірімен-бірін салыстыра зерттейді. Мысал үшін ол да «Алпамыс» пен «Қозы Қөрпеш — Баян сұлуды» алады.

Автор олардың өзара ерекшеліктеріне тоқталған кезде «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» тәрізді түрмис-салт поэмаларында кейіпкердің қайраткерлігінен гөрі оның сезім күйі жете, анық көрінетіндігіне көңіл аударады. Алайда, түрмис-салт поэмалары өзінің мазмұны мен көркемдік құндылығы жағынан батырлық зпоспен үқсас келеді. Оған мысалға «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының мазмұн, композиция, сюжет желісінің «Алпамыс» эпосымен («Жилемұрат версиясы») көп жағдайда бірдей келетінін айтсақ та жеткілікті. Екі шығарманың екеуінде де Гүлбаршын мен Баян сұлу алыс елге қоныс аударып, көшіп кетеді. Осы жырлардың екеуінің де басты кейіпкерлері өздерінің атастырыған адамдарын іздеп, солардың артынан сапар шегеді. Тар жол, тайгақ кешуден, қысылтаяқ кезеңнен етіп екеуі де сүйгендеріне қосылады. С. Мұқанов осы эпикалық шығармалардың әртүрлі жанрлық ерекшеліктеріндегі сол үқсастық жайларды көрсете отырып, әр қайсысының өз бойына тән жанрлық табиги айырмашылығын да дұрыс байқайды. Алпамыс ойлаган ойын іске асырып, ақыр аяғында батыр болып шыгады, ал Қозы қөрпеш болса, батырлығына қарамастан, арманына жете алмай, қапалық шегеді.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» поэмасында елдің ішкі әдет-ғұрыптын суреттеу басым да, «Алпамыс» жырында батырдың жаумен алысқан күшін, оның қайратын көрсету басым. «Батыр жыры», «Әдет жы-

<sup>1</sup> «Батырлар», 9—10-беттер.

ры» бол олардың өзара жіктелетін себебі осы<sup>1</sup>, — дейді С. Мұқанов.

Автор сонымен бірге атап мәкалалында қазақ эпосының композициялық ерекшеліктері жөнінде де мәселе көтереді. «Композициялық жағынан поэтика тілегіне үйлесіп, поэтика заңын қатты сактаған, оқиғаның бағындалуы, басталуы, шиеленісуі, шешілуі әдебиеттің заңды жолына мықты байланысқан поэмалар есікі әдебиетте көп кездеседі. Мәселен, «Алпамыс» пен «Қызы Жібек» композициялық жағынан Байрон, Пушкин шыгармаларынан кем түслейді»<sup>2</sup>, — деп жазды ол.

С. Мұқанов қазақ эпосының тартымды, оқушыны баурап отыратын жайлары көп екенин, тәрбиелік мәнінің жогарылығын, қазақтың халық творчествосының көптеген шыгармаларында композиция құрылышының шебер жасалатындығын, оның мысалы осы атаптың отырган «Алпамыс» пен «Қызы Жібек» т. б. болатындығын орынды және дұрыс көрсеткен. Солай дей тұрсақ та автордың злости Байрон, Пушкин шыгармаларынмен салыстыруы ойга оралымды, көнілге қонымды болып келмейді. Өйткені, «Алпамыс» та, «Қызы Жібек» те халық творчествосының туындылары. Ол жырларды ақындар мен жыршылар бірінен-бірі жаттап, ауыздам-ауызға ауыстыру арқылы жаңартып, жаңғыртып отыру арқылы әр дәүір, әр жылжыған жылдар өз белгісін қалдырып отырган. Ендеше, Байрон мен Пушкиннің шыгармаларына қолданған творчестволық әдіс деңгейі, әрине, басқа, оның үстіне ауыз әдебиеті мен жаба әдебиеттің әрқайсысының өз заңдары, өз қагидасы бар екені айдан анық мәселе.

Проф. Бейсенбай Кенжебаев мәкалалы да қазақ эпосының жалпы мәселелеріне арналған. Автор қазақтың батырлық жырларының идеялық мазмұна токталауды. Ол эпос атаулары екі топқа бөліп қарайды: бірінші жікке жататын шыгармалар — «Едіге», «Қобыланды», «Шора», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Алпамыс». Булардың негізгі идеясы — балага, бала болғанда бір өзі мыңға татитын, ел, отанға қорған, қамқор болатын батыр, күшті дана балага зар болу, құдайдан, әулиеден сондай бала сұрау... «Қамбардың» негізгі идеясы — ғашықтардың

<sup>1</sup> «Батырлар», 1939, 15-бет.

<sup>2</sup> Соңда 17-бет.

бір-біріне қалай да қосылуы, адам болуы. Бірақ, сонымен қатар онда алғашқы жікке жататын шыгармалар негізгі идеясының — ел, отанды қоргаудың, ел қорғаны болатын ерлерге зарыққандықтың, соларды қадірлеушіліктің салдары да бар<sup>1</sup>.

Бұл айтылғандардан біздің байқайтынымыз автордың айтуыша эпостагы негізгі басты идея — балаға, мұрагер балага зар болу. Ал ол эпикалық шыгармалардың негізгі идеясының баспалдағы, пролог ғана. Қазақтың орасан бай эпикалық шыгармаларының идеялық мазмұнын тек бір идеяға экеліп теліп қоюдың да реті жоқ сияқты.

Өйткені әрбір шыгарманың өзін жеке алып, жанжақты талдап қараганда гасырлар бойында туындалған көптеген күрделі идеялардың жиынтығы барлығы сезіледі. Оның орнына автор сол идеялардың қалай туғанын, қашан туғанын, халық эпостары соларды неліктен дамытып отырғанын анықтай түсуге талап білдіргені әлдеқайда үтімді болар еді.

Б. Кенжебаев осы мақаласында сонымен бірге қазақ эпосындағы қиял-гажайыптық жайтарды әңгіме етеді. Батырдың дүниеге келуіндегі мотивті келтіреді. Батырдың ата-анасының аллаға жалбарынудан соң барып бала көргенін, ол көзін жұмып жатқан жас сәби күнінен-ақ алып күштің иесі екендігін, оның тез есіп, жылдам атақты батыр болғандығын айтады. Мұның бері дұрыс. Бірақ сол қандай қиял-гажайыптық элементтер? Олар түрлі-турліше болып келмеуші ме еді? Бірі — мұсылмандық азыздан шығып жатса, екіншісі — қазақ өртегілерінен бастау алып жатады, енді бірі қазақ халқының жазба әдебиеті мен ауыз әдебиеті аралас, жаңас көрші елдерден ауыс-түйіс арқылы келетіні белгілі. Бұл мәселелерге Б. Кенжебаев толық тоқталып етпеген.

Мақалада нақты талдаудан гері, жалпы жайларға көбірек көңіл бөлінген. Қазақ эпосының басты кейіпкерлеріне мінездеме беруде де жалпылық бар сияқты. •Едіге, Қобыланды, Шора, Ер Сайын, Алпамыс образдары бір сияқты. Жырларында бұлардың жарапулалары, есіп, жетілулері елден ерекше фантазиялы. Бірақ, қылыштарынан, істерінен жай халық қатарлы адам екендіктері көрініл тұрады. Бұларды ұрыншақ батырлардың образдары деуге болады. Бұлар тек ел, отаның қорғап, ел, отанының қамын істеп ғана отыр-

<sup>1</sup> «Әдебиет және искусство», 1939, № 2, 126—127-беттер.

майды, сонымен қатар өздері ел шабады, мал, жер, ел олжалайды, өздері хан, би, қазы болып ел билейді, соган үмтыйлады<sup>1</sup>, деп жазады профессор Б. Кенжебаев.

Осындағы сөз болып отырған батырлар жырының кейіпкерлерінің әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, атап айтқанда, жағымды жақтарымен қатар, осалдықтары да, жетіспейтіндіктері де орын алған. Сондыктан да олардың бәрін бір жерге үйіп-тегіп қарастыруға келмейтін тәрізді<sup>2</sup>.

Зерттеушілер эпикалық жырларды топтап, жіктей отырып, шамамен алғанда олардың қай дәуірлерге жататындығы жайында пікірлерін білдіреді. Кейбір эпостық жырды қазақ халқының тұрмыс-салт шыгармаларымен қатар алды, салыстыра зерттеу керек де-генді айтып, күн тәртібіне келелі мәселе қойды.

Әрине, қазақ эпосының мәселелерін бірден шешіп беру, кесіп айту қындық келтіргені сәссіз. Сондай көзге түсерлік кемшіліктеріне қарамастан, со кездің талабынан қараганда, бұл еңбектер көңіл қоярлық, эпос жайындағы ғылымиң дамып, даңғыл жолға түсіү үшін пайдасы зор болды.

40-жылдарда қазақ фольклористері қазактың батырлық жырларын зерттеу мәселе сін батылырақ та тереңірек қолға алды. Қазақ эпосы жайында да оку құралдарында арнаулаар беріліп, күнделікті баспасөз бетінде мақалалар жиі көріне бастады.

Сондай салмақты ойы, салиқалы пікірі бар, көлемді еңбектердің бірі — проф. Мұхтар Әуезов пен жазушы Леонид Соболевтің мақаласы<sup>3</sup> болып табылады. Мұнда қазақ эпосының шығу тәркіні, идеялық-тақырыптық мазмұны, стилі, эпостың негізгі айырмашылық белгілері және оның жиналу жайы сөз болады. М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ халқында батырлар жайындағы поэмалардың мол екенин аңғартады. Бұл поэмалар көбіне, нақты тарихи уақытамен байланысып, қатарласып келетінін, мәселе, қазақ пен ногайлының аралас руалары XVI гасырда тізе қосып, жау шапқыншылығына қарсы біріге күресуінің истижесін-

<sup>1</sup> «Эдебиет жөнө искусство», 1939, № 2, 128-бет.

<sup>2</sup> Б. Кенжебаев мақаласы жазылып, басылып шыққан кезде Едіге мен Шора батырдың халықтығы жайындағы мәселе қойта қаралмаган шеги. Солай бола тұрганмен осы бейнелердің өзара ерекшеліктерін, айырмашылықтарын ашу керек еді. Алламыс пен Қобыланды жайында да оны айттар едік.

<sup>3</sup> «Эпос и фольклор казахского народа». «Литературный критик», 1940, № 1.

де, олардың пікірінше, «Алпамыс» жыры тұғандығын атап көрсетеді<sup>2</sup>. Қоңе дәуірде жасалып, аталған тарихи уақыгалармен эпостың байланыстылығын олар сол эпикалық шығармалардың кейіпкерлері қазақ деп аталмай «Ногайлышан шыққан» дегенімен дәлелдейді. Авторларға сез берсек: «... Батырлар жырының қаһармандары қазақ деп аталмайды, ногайлы нәсілінен делінеді. Өйткені, негізінде бұл жырлар қазақтың дербес саяси одағы құрылмаған кездеі дәуірді сипаттайды. Кейінрек қазақ халқының эпикалық негізін қураган рулар ол кезде Алтын Орда, Қырым, Қазақ хандықтарының және Орта Азия хандықтары саяси одақтарының құрамында болатын. Солардың бәрінің жалпы аты «Ногайлыш» болып келетін»<sup>2</sup>, — деп жазды олар.

Сонымен қатар, М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ эпосының шығу тәркінің қандайда болмасын жекелеген тарихи уақыгамен байланыстырып қараудың мүмкін еместігін, қазақ халқының эпикалық шығармаларынан сан гасырдың слесін, бірнеше үрпақтың творчествосын көруге болатындығын айтады.

Ақын мен жыршылар қазақ даласының о шеті мен бұ шетіне эпосты ауыздан-ауызга тарататтырып, оны халық иғлігі, ел мұрасы деп қарал, эпосқа өз аттарын жамап-жасқап, бірге қосып жіберуді артық санаған. Сондықтан да сол эпикалық шығармаларда соңғы дәуірдің қоспасы, ақындар мен жыршылардың творчестволық үлесі үлкен, ол айқын сезіледі. Ақындар мен жыршылар стилін бұзбай, сюжетіне нұқсан келтірмей, әр заманның идеясымен, оның әлеуметтік жайларымен эпостың шығармалардың мазмұнын байытып, кеңейте түседі.

М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ эпосының ерекше-

<sup>1</sup> Сонд а. 169-бет. М. Әуезов бұл пікірін өзінің «Казахский эпос и дореволюционный фольклор» атты мақаласында (Песни степей, М., 1940) тағы да қайталады: «... кебіне бұл атам заманғы ортаазиялық және Қырым-Еділ бойындағы көшпенді тайпалар бастиарынан кешірғен шынайы тарихи оқиғалар хақындағы поэтикалық хикаялар. Мысалы, Тоқтамыс пен Темір тұсында Алтын Орданың ыдырауына байланысты (Едіге туралы жыр), Иоанн Грозныйдың Қазанды алуы (Шора Нароков пен Қобыланды туралы жыр), аралас қазақ-ногайлыш руларының қосыла шабуыл жасауы (Ер Сайын, Алпамыс туралы жырлар), Қырым хандығындағы өзара кескілесулер (Ер Тарғын туралы жыр) сияқты тарихи оқиғаларға байланысты «Үлкен батырлар» туралы жырлар осын-дайларға жатады.

<sup>2</sup> «Эпос и фольклор казахского народа». «Литературный кри-  
тик», 1940, № 1.

ліктеріне тоқталған кезде рұлық коллективтің күші, сипаты жырдағы басты кейіпкердің басына жинақта-лып көрсетілетінің дұрыс айтқан. Қай кезде болмасын жырдағы суреттегетін басты кейіпкер — батыр өз руының абройы үшін, даңқы үшін куреседі, сондықтан да бел буып, қару-жарақ асынып жауға қарсы ат-танысқа шыққан мезгілде өз жеке басының қамын ойлау шенберінде шектеліп қалмайды.

Авторлар аталаған мақаласында қазақ фольклорының поэтикалық тіліне де көніл аударған. Мәселен, Жириенше шешенінен Жұпардың, Ақсақ құлан жайындағы ақыздан күйшінің, сыйсудағы қыздар мен келіндердің, «Ер Тарғыннан» Ақжүністің, «Айман — Шолшашынан» сұлу, әмбे ақылды Айманның кейілтепері... алынған. Осындай ойлар қазақтың батырлық жырларындағы құда болумен орай шырқалатын өлең-жырлардың өлеңдік сипатына топшылау айтуынан да аңгарылады<sup>1</sup>.

Сонымен, М. Эуезов пен Л. Соболевтің мақаласы қазақтың эпикалық шығармаларының материалы негізінде жалпы теориялық мәселелерді көтере отырып, оларды шешүге бағыт-бағдар сілтеді.

Сол енбекте сез болған, эпостың тарихи тамыры жайлы мәселені проф. Әлкей Марғұлан одан да әрі дамытып, терендете түседі<sup>2</sup>.

Аталаған еңбегінде Ә. Марғұлан қазақ эпосының шыгу тәркіні жөнінде және оның тарихпен байланысы жайында себепші болған мәселелерге көніл аударады. Ертеде күңгей далада, ел арасында туған эпоста бір кезде жүргізбесінен тарихи оқигалар жырланып, семьялық салт, рұлық қарым-қатынас көрсетілетінің автор дұрыс байқаган. Осы түрғыдан алып қараганды қазақ эпосы нақты тарихи шындықты ақындық тілмен-өлеңмен айтып беретін әнгіме іспетті. Ел есінде қалған, ертедегі халықтың хал-ахуалын, көне тұрмысын үрпақтан-үрпаққа, ауыздан-ау-

<sup>1</sup> «Литературный критик», 1940, № 1, стр 172—173.

<sup>2</sup> О характере и исторической обусловленности казахского эпоса, «Известия Казахского филиала АН СССР», серия историческая, 1946, № 2 (27). Ә. Марғұлан. «Халық жырын тұгырудагы мотивтер» («Халық мұғалімі», 1939, № 23—24) атты ертеректе жазылған мақаласында де қазақ эпосына тоқтал откен болатын. Ә. Марғұлан бул жолы қазақ халқының ертегілері мен эпикалық шығармаларындағы негізгі мотивтер мен бейнелерді белгілеп еді. Эпостагы қиял-жайылтық бейнелерді көлтірген кезде автор өлеуметтік идеямен кескіндеген символдық бейне — мыстан кемшірге талдау жасайды.

ызыға ауыстырып келе жатқан шежіре текстес. Э. Марғұлан сол жайларды дәлелдеуде Алтай-монгол эпосы турасындағы Б. Я. Владимирцев пен С. А. Козиннің, ногайлы-қазак эпосы жөніндегі П. Фалев пен Н. Семеновтың, ортаазиялық эпостың шыққан түбірі тарихи деп түсіндіретін В. М. Жирмунскийдің зерттеулеріне сүйенеді.

Э. Марғұлан эпоста тарихи шындықтың елесі бар деп есептейді. «В самом деле, какую бы казахскую героическую песень ни взять, там определенно прослеживаются отголоски подлинных исторических событий, пережитых некогда казахским народом или древними племенами. В частности, в этих песнях народ проливал горячие слезы при воспоминаниях о покинутых ими родных местах, переселениях родственных племен в другой край («Ногайлының босқаны»— «Бегство ногайцев в чужой край») или с волнением рассказывают об ожесточенной борьбе древних богатырей против чужеземных завоевателей («Алпамыс», «Коруглы», «Кобланды», «Ер Тарғын» и др.)<sup>1</sup>.

Жалпы алғанда эпос халықтың тарихи естелігі екенін дұрыс көрсете отырып, Э. Марғұлан қазак эпосы («Алпамыс», «Ер Сайын», «Қобыланды») оғуздар мен қылшактардың түсында, яғни бұл тайпалар Орталық Қазақстан даласы мен Сырдария арасында кешіп жүрген кезде (VIII — IX гасырлар), негізінен алғанда Қазақстан аймағында шыгарыла бастады деп санайды. Ал, эпостың елге кеңінен таралып, қалың көпке белгілі бола бастауы VI — VII гасырлардың арасы деп мегзейді. Сейтіп, автор қазақтың эпикалық жырларының қалыптасуы жайындағы ғылым үшін пайдалы көкейкесті мәселені көтереді.

Академик Э. Марғұлан 1971 жылы «Шоқан және «Манас» деген күрделі зерттеу еңбегін жеке кітап етіш жариялады. Бұл монография осы кезге дейін ғылымға белгісіз болып келген Шоқан жазып алған «Манас» жырының белілі турасында. Атапмыйш еңбек түркі тілдес әдебиеттердің тарихына қосылған аса маңызды ғылыми жұмыс болып табылады.

Сонымен, 40-жылдардың басы мен ортасы кезінде-гі жарық көрген қазак эпосы жайында жазылған еңбектерде эпикалық шығармаларды зерттей беруге қажетті, пайдастың тигізетін мәселелер көтеріліп, ол

<sup>1</sup> «Известия Казахского филиала АН СССР», серия историческая, 1946, 2, (27), стр. 75—76.

көлтік көңілін аударды. Батырлық жырлардың шығу теркіні, оның тарихпен байланысы, негізгі ерекшеліктері, тілі мен композициялық құрылымы турасындағы айтылған сол келелі жайлар келе-келе эпостарды монографиялық түргидан зерттеуге ауыстырады. Сол негіздегі алғашқы қадам деп акад. А. С. Орловтың «Казахский героический эпос» (1945) деп аталатын кітабын айта аламыз.

Автор өз еңбегіндегі қазақтың атақты, басты эпостарының мазмұнын баяндайды. Соナン кейін А. С. Орлов эпос сюжетіне, көркемдік ерекшелігіне, ондағы реалиzm мәселеcіне ауысып, атақты жыр «Алпамысты», басқа халықтардагы эпикалық шығармалармен қатар алып қарастырады. Соңдықтан да фольклористер кітапты оқып отырғанда осы жайға көңілді көбірек аударуы заңды. Қай дәүірде болсын зерттеудің үтімділігі да осында гой. Демек, сол жырлардың өзара салыстырудың нәтижесі не береді? — деген сұраққа жауап беру үшін дәл осы тұста оған бөгеліп откен жен тәрізді.

А. С. Орлов кітабында жазушы Сәбит Мұқановтың редакциясымен шыққан «Батырлар» (1939) жинағында басылған «Алпамыс» жырының текстін пайдаланған<sup>1</sup>.

А. С. Орлов эпос сюжетінің күрделі желісін дұрыс талдай отырып: «Айрылу я зәбірлену аттанып кетуге себепкер болады, сосын тағы айрылысы басталады, бұл да тағы бір қасіретке душар ететін аттаныска себепкер болады, ол қайғыны жеңген батыр атамекеніне қайтып оралады. Тақырыптардың осылай байланысып келуі, олардың бір ізділігі, ауысып және қайталанып отыруы батыстың фольклорлық поэмаларында да кездеседі»<sup>2</sup>, — деп жазады.

Осыдан кейін А. С. Орлов қазақтың батырлық жырларындағы сондай тақырыптар мен мотивтердің ұқсастық жайларын Европа халықтарының эпостарынан да ұшыратуға болатындығын айтады. А. С. Орловтың байқауынша Батыстың, Шығыстың эпостарына тән ортақ және жалпылық нәрсе батырдың атының гажайып жүйріктігі. Эрине, бұл жөнінде әрбір үлттың өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары ескерілген.

<sup>1</sup> Автор Ш. Бекмұхамедовтың созбес-соз аудармасын негізге алған (ол аударма Қазак ССР Гылым институты Орталық гылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы, инв. № 70).

<sup>2</sup> А. С. Орлов. Казахский героический эпос, М.-Л., 1945, стр. 16.

Қазақ халқының «Алпамыс» жырын езбектің «Алпамышымен», орыс халқының батырлық жырларымен және Алтай эпосымен қатар алып салыстыруы да пайдалы іс деп қарған жен. Мәселен, А. С. Орлов Алпамыс батырдың өзінің ертеде атастырып қойған қалындығын іздеп барғанында сол жолы оған бөгет болған қарсыластарын жеңіп қайту эпизоды езбек халқының «Алпамышында» да барлығын атап көрсетеді<sup>1</sup>. Ал Алпамыс зынданда жатқан кезде Кейкүаттың күніне бір серкеден беріп тұрганын көрсеттін мотивтер орыс халқының батырлық жырында да үшірайтынын келтіреді<sup>2</sup>. Жалғыз осы айтылғандар гана емес, сол тәрізді А. С. Орлов «Алпамыс» жырындағы эпизодтардың, мотивтердің үқасстығын Алтай эпосы «Кезюйке мен Баяннан» да табылатындығына назар аударады. Жас бала Кезюйке балалармен асық ойнап жүрген кезінде балалардың асығын ылғи ұтып ала береді. Осы жайға шыдамай, оған ашуланған балалардың біреуі: «— Сен бізенен неге ойнайсың, сенің бұрын айттырып қойған қалындығың болған, онан да соны тауып алсаңшы», — дейді. Осы сөзден кейін Кезюйке өз анасына келіп балалардың намыстандырганын айтады. Сонда анасы тұрып баласына болған шындық оқиғаны шертеді, Кезюйке туганга дейін Баянмен қалай атастырылып қойғанын айтып береді<sup>3</sup>. Осы мотивті А. С. Орлов салыстыру реңіде (параллель) «Алпамыс» жырындағы құдалық тузы эпизодымен қатар қояды: Алпамыстың әкесі Байбері баласы жаңа туган кезде көршісінің қызы — Гүлбаршынға құда түседі. Алпамыс он жасқа келгенде алып күшкө бөленип, ойнап жүрген балаларын жұдырықпен үрса құлатып түсіретін болған. Сейтіп, ол бір кемпірдің жалғыз баласын ұрып өлтіреді. Кемпір Алпамысқа: — еліңнің балаларын босқа қыра бергененше, әкене ерекіспі, құдалық салтын бұзып басқа жұртқа көшіп кеткен қалындығынды тауып алсаңшы, — дейді<sup>4</sup>.

Бірақ А. С. Орловтың осы түрдегі берілетін салыстырулары қалай болса солай беріле салған. Оны халық әмірінен, ақындық дәстүрден беліп алып қарастырган.

<sup>1</sup> А. С. Орлов. Казахский героический эпос. М.-Л., 1945, стр. 11.

<sup>2</sup> Сонда, 12-бет.

<sup>3</sup> Сонда, 19-бет.

<sup>4</sup> Сонда, 12—20-беттер.

Құдалық тусу жайындағы мотив «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жыры мен тағы басқа да эпикалық шыгармаларда кездесіп отыратындығы белгілі. Ай A. С. Орлов әңгіме етіп отырган «Кезюйке мен Баян» атты алтай эпосы қазақ халқынан алынған. «Опыт сравнительного изучения алтайского и казахского эпоса» деген еңбегінде бұл мәселе жайында тиянақты пікір айтқан алтай эпосының зерттеушісі С. С. Каташ-Ол: «Кезюйке мен Баян» өзінің мазмұны бойынша көп жағынан қазақ эпосы «Қозы Қөрпеш — Баян сұлуды» еске түсіреді. Ол алтайлықтарда қайдан және қалайша пайда болып жүр екен деген сурекқа дұрыс жауап беру үшін, біз алтайлықтармен көршілес отырган телеут, тубалар мен кузнецк татарлары тайпаларының болжамдарына назар аудардық. Деректер «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» эпосының барабин татарлары мен телеуттерде де бар екенін дәлелдей түседі...». Біз Кезюйке мен Баянды «айтылмыш версияларга салыстыра отырып, алтайлықтар оны ездерімен де, қазақтармен де қоян-қолтық аралас-құралас жүрген Кузнецк татарлары мен телеуттер арқылы қазақтардан алған деген қорытындыға келдік»<sup>1</sup>. — деп жазады.

А. С. Орлов «Алпамыстың» көркемдік ерекшеліктеріне тоқталып, эпоста толып жатқан тартымды, әсерлі шумақтардың барлығын, кейіпкерлерді кескіндеуге қолданатын әртурлі реалистік суреттемелердің көптігін көлтіреді.

Кейіпкерлердің келбетін силаттайтын жерлердегі көркем суреттемелерді айта отырып, Алпамыстың қалмақ елнен оралғанша үй-шпінің ауыртпалыққа, азапқа душар болғанын көрсететін эпизодқа да ол назар аударады.

Автор эпостагы күлкі-әжуага көп мән береді.

Жоғарыдағы А. С. Орловтың атап өткендерінің бәрі формальды түрде берілген. Автор белгілі бір эпосты айтқанда қазақ халқының тағы басқа да эпикалық шыгармаларынан, тұстастай алып атап айтқанда осы халықтың эпикалық дәстүрінен бөліп, оқшау қарастырган.

<sup>1</sup> В. В. Радлов. «Образцы...», Т. IV, СПБ 1876 (наречие барынских татар. Сказка «Козы Корпеш»), Г. Н. Потанин. Телеутские материалы, сказка «Козюйка и Баян слу». Труды Томского общества изучения Сибири, т. III, вып. 1, Томск, 1915.

<sup>2</sup> С. С. Каташ. «Опыт сравнительного изучения алтайского и казахского эпоса», деген кандидаттық диссертацияның авторефератын қараңыз, Алма-Ата — Ленинград, 1957, стр. 8—9.

А. С. Орлов эпостың реалистік элементтерін айту түсініда онда ертегіге тән сипат, қасиет тіпті жоқтың қасы деп ете шыгады.

•Батырлар жырында ертекке тән белгілер көп емес. Бәрі де халқадырынша және нақтылы шындық төңірегінде, сәлғаңа әсірелеумен (мәселен, ерек кейішкерлерді зарлы етіп) баяндалған. Бәлки, жалғыз гана ертектік гиперболаның улгісі деп жырдың қайрымының Байберінің асыранды баласы Ұлтанды алғып етіп көрсететің жерін айтуга болады, бұл да ойраттардың батырлар жырын еске түсіреді<sup>1</sup>, — деп жазды. Бұл айтылғанмен, әрине, келісуге болмайды. Өйткені, «Алпамыс» жырының стилі қазақ халқының басқа эпикалық шығармаларының стилімен салыстырып қараганда анағұрлым көне екендігін көреміз. Жырда әсірелеулер мен ертегілік жайлардың мол ұшырайтынын байқаймызы<sup>2</sup>, оларды А. С. Орлов ашып көрсетпейді.

Сонымен қатар, қазақ эпосында алтай (ойрот) эпосына қараганда<sup>3</sup> ертегілік қасиет босаң, ал реалистік элементтер молырақ келеді. «Алпамыс» эпос бола тұрса да, негізінен алғанда, онда батырлық жыры мол. Эпикалық жанрдың шындықты суреттеуде өзіндік әдісі, тәсілі бар. А. С. Орлов аталған еңбекінде оған тоқталмаған. Алайда, мұндай кемістіктер, олқылықтар еңбекте орын алғанмен жұмысты жоққа шыгарудан аулақпыз. А. С. Орлов орыстың оқушы жүртшылығын жалпы қазақ эпосымен, оның ішінде «Алпамыс» жырьмен кең таныстырып, ете пайдалы іс істеді.

1947 жылы В. М. Жирмунский мен Х. Т. Зарифовтың «Узбекский народный героический эпос» деген кітабы басылып шықты. Бұл еңбектің авторлары оқушы жүртшылықты өзбек халқының эпикалық творчествесімен жаң-жақты таныстыруды алдарына мақсат етіп қойған. Кітапта өзбек халқының батырлық жырының негізгі сюжеттері мен оларды айтушы — халық ақындары мен жыршылары жайында толық мәліметтер берілген. Еңбектің дені «Алпамыш» жырын зерттеуге арналған. Авторлар өзбектің ұлттық мәде-

<sup>1</sup> А. С. Орлов. Казахский героический эпос. М.-Л., 1945, стр. 31.

<sup>2</sup> Байшұбар аттың шабысы, Алпамыстың зынданга түсуі және онан құтылып шыгуы т. б.

<sup>3</sup> С. С. Каташтың жоғарыда аталған авторефератын қараңыз, 15-бет.

ниетінен сыртқары шығып, осы жырдың қазақтағы<sup>1</sup>, қарақалпақтагы, Алтайдағы версияларын да қоса<sup>2</sup> қарастырып, олардың бір-бірінің мегізгі айырмашылықтарын белгілейді<sup>1</sup>. Кітапта сонымен бірге «Алпамыш» жырының мазмұны, сюжет төркіні, халықаралық параллелі және оның идеясы мен образдары зерттеледі. Бұл мәселелер өз деңгейінде еңбекте шешімін тапқан.

В. Жирмунский мен Х. Зарифов Алпамыш жайындағы батырлық эпосты өзбек халқының көптегей ақындары мен жыршылары орындайтындығын, бұл эпостың Өзбекстан көлемінде де белгілі екендігін айтады. Жырдың ең тауір деген нұсқасы — жырши Фазыл Юлдашевтікі. Фазылдың айтуындағы осы нұсқадан басқа Пулканнан, Бекмұрад Жорабаевтан, Сайд Мұрадтан, Бері-бахши (жырши), Садықовтан, Бердібахшидан (жыршыдан), тағы басқалардан «Алпамыш», әлосының нұсқалары жазылып алынған.

Авторлар «Алпамыс» сюжетінің тарихын зерттеумен қатар, эпостың шығу төркіні жайындағы келелі мәселелерді көтереді. Олар «Алпамышты». Қоңыраттың рулық эпосы деп есептейді.

Қоңырат — ру аты, тарихи мәліметте монгол щабуылмен (XII ғасырдың аяғы, XIII ғасырдың басы) байланысты шайда болған. Жогарыда атап көрсеткеніміздей, осы кезеңнен бастап Қоңырат руы Алтын Орданың тарихында маңызды роль атқарады. Қазіргі уақытта Қоңырат руы Орта Азиядагы түркі халықтарының: өзбектің, қарақалпақтың, қазақтың, түркменшің құрамында бар<sup>2</sup>. Шынында да Әубәкір Диваевтың мәліметі бойынша (бұл жайында осы еңбектің басында айтқанбыз — Т. С.) Қоңыраттың қоныс еткен, жайлаган жері Байсын көлінің жағасы болған. Байсын көлі — Өзбекстанның оңтүстік белгіндегі Сурхандария облысында, Термез қаласының терістігінде. В. Жирмунский мен Х. Зарифовтың пікірінше осы маң, яғни Амудария езенінің жағасы, поэмада айтылатында, Алпамыш малының жайылатын жері болған. Бұл географиялық аймақтар қарақалпақтың, қазақтың жыр нұсқаларында да сақталған. Сондықтан

<sup>1</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. «Узбекский народный геройческий эпос», М., 1947, стр. 66—67—68.

<sup>2</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. Узбекский народный геройческий эпос. М., 1947, стр. 69—70.

бізге жеткен «Алпамыштың» ежелгі «Қоңырат» версиясы осы жерде шыгарылды деп есептеу керек<sup>1</sup>.

«Қазіргі аузыекі дәстүрде негізгі ерекшеліктері сақталған «Алпамыштың» «Қоңырат» версиясының езіде рұлық-тайпалық қатынастар мен көшпенділік тіршілік жағдайында, қалмақтар мен Орта Азиядагы түрік тайпаларының жалпы тарихи жауласу қақтығыстары кезінде (XV—XVII ғасырларда), Шейбанихан жауап алғаннан кейін (XVI ғасырда) қоңыраттар Термез және Байсын көлі төңірегіне қоныстанған дәүірде Қоңырат тайпасының ішінде пайда болған...

Оғузша «Бамси-Байрек» (Қорқыт циклінің құрамына енген) Қоңырат «Алпамыштың» тікелей арғы теркіні емес, ал дұрысында анағұрлым ертедегі ортақ қайнар көздерден шыққан қатарлас варианты. Қоңырат Алпамыштың («Алгашқы Алпамыштың») ете ертедегі, бізге келіп жетпеген варианты Каспийдің аржагындагы жоне де Арас бойындағы далалардың оғуздармен тікелей шектесетін бір жерлерінде пайда болып, қоңыраттар оны Шейбани тұсында Байсын еліндегі өздерінің жаңа мекеніне алып барған<sup>2</sup>.

Жырдың ең көне түрі башқұрттарға да жеткен<sup>3</sup>. Зерттеушілер башқұрт ертегісі тәрізді алтайдың «Алыш-Манаши» мен татардың «Алпамшасын» да монгол шабуылына дейінгі (XI—XII ғасырларға дейін), яғни «Қоңырат» версиясы шықпай тұрганға дейінгі дәүірге жатқызады. Осы сюжеттің башқұрттарға жеткені тәрізді Алтайға да барды ма, жоқ па деген мәселені авторлар бұл жолы ашық қалдырады.

Сонымен, В. Жирмунский мен Х. Зарифов «Алпамыш» жырның сюжеті көне дәүірде жасалғанын, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының бұл жырды erte кезде бір негізден, бір көзден алып, кейін өркім өздерінше жырлап кеткендігін келтіреді. Олар жырдың әрбір халықтағы нұсқаларының айырмашылықтарын қарастырғанмен, Алпамыс жайындағы эпостың сол үлттық нұсқаларының қай халықта ертерек шығылғандығын айтпаган. Бұл мәселе оқушыға түсініксіз болып қалады.

В. Жирмунский мен Х. Зарифов еңбектің келесі тарауын — «Алпамышты» халықаралық эпикалық

<sup>1</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. Узбекский народный героический эпос. М., 1947, стр. 70.

<sup>2</sup> Соңда, 72, 75—76-беттер.

<sup>3</sup> Башқұрт халқында «Алпамыш и Барсын-Хылуу» деген ертегі бар.

дәстүр тұргысынан зерттеуге арнаған. Бұл жайға келгенде, олар «Алпамыштың» сюжетін мынадай үшін жікке, жүйеге бөліп қарайды: басты кейіпкердің таңгажайып жағдайда дүниеге келуі, батырдың қалыңдығына үйленуі және үстемшілдік ру билігін қолына алып, батырдың әйеліне басқа біреу зорлығын пен үйленемін деп жатқанда Алпамыштың еліне қайтып оралуы. Осылардың айтқан кезде зерттеушілер алғашқы жіктең мотивтің көлтеген елдер арасына кез таралғандырын келтіреді. Ол жалпы алғанда эпостың, ертегінің кейіпкерлеріне тән. Мысал ретінде олар қазақтың батырлық жырларын, қыргыздың «Манасын», т. б. алады.

Ал екінші жіктең, яғни «Алпамыштың» бірінші беліміндегі мотивке авторлар параллель ретінде «Одиссеяны» келтіреді. Мұндай формальді түрде салыстыру жасау авторлардың қате жіберууге экеліп соқтыруды. Өйткені аталып отырған эпикалық шыгармалар әрбір ұлттық халықтардың ез творчестволық жемісі. Ал параллель жайында әңгіме қозғаганды зерттеуші галымдар әр ұлт шыгармаларының езінен тән ерекшелік сипатын ақырына дейін терең ашық көрсетпеді.

Эпикалық шыгармалардың сюжет параллельдігін деген мәселені көтергенде авторлар мынадай болжапқірлер айтады: «Барлық вариантарда жеке мотивтердің сюжет желісінің ұқсас болып келуі, осы уақытқа дейін шыгуын да, қай кезде және қай жерде пайда болғанын да анықтай алмағанмен, бұл сюжет бір кезден, сонымен қатар варианттарының ерекшелігіне қарағанда едәуір ескі, бәлкім, ауызекі нұсқадан таралған деп үйгаруға мәжбур етеді<sup>1</sup>. Осылай дей отырып олар «Алпамыш» пен «Одиссеяны» салыстыру үстінде оқушыға темендегідей ескертулер жасайды: «Одиссея» мен ортаазиялық эпос сюжетінің жуықтығын, арине, Гомер поэмасының «Алпамышқа» және оған жол салған эпостарға тікелей әдеби әсері деп түсінбеу керек. Мұндай жуықтықтар тарихи жағынан елеестету үзүмкін емес. Бәлкім, халықаралық фольклорда және басқа вариантта сакталған «Күйеуі өз зайдының тойында» дейтін батыстың ортагасырлық кең таралған азызының ете ертедегі ертегілік сюжеті ауызекі твор-

<sup>1</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. Узбекский народный геронческий эпос. М., 1947, стр. 86.

чествоның екі туындысының да ортақ көзі болса керек<sup>1</sup>.

В. Жирмунский осы айтылған ойларды «Эпическое сказание об «Алпамыше» и «Одиссеи» Гомера» атты өзінің мақаласында да қуаттал шықты. Жоғарыда айтылған, біз үзінді түрінде келтірген пікірлер сол қалпында тағы да қайталанды<sup>2</sup>.

«Алпамыш» пен «Одиссеяны» салыстыру нәтижесінде В. Жирмунский жаңадан грек мәдениетіне шығыстың әсері деген мәселеңі көтерді. Бұл оның бұрынғы X. Зарифовпен бірігіп жазған еңбегінде болмаған, осы мақалада айтылып отырған алғашқы тың пікір еді: «...Одиссея» мен «Алпамыштың», әсіресе оның Қоңырат версиясының едәуір жуықтығы болғандықтан мотивтері кездейсок үқас бол шыққан деудің өзі қыны: «Алпамыш» пен «Одиссея» ertедегі ertегілік сюжетке құрылған бір Шығыс батырлары жырынан келіп шықса керек. «Одиссеядагы» дәлелдерге қарағанда күйеуінің қайта оралуы жөніндегі Шығыс ertегісінің бұл версиясын, асып кеткенде (егерде «Одиссеяның» тұтас аяқталған нұсқасының біздің дәүірімізден 600 жыл бұрын болғанын есепке алсак), біздің дәүірімізге дейінгі VII ғасырга жатқызуға болады. Тағы және Орта Азия тарихының ertедегі кезеңінде ertегінің таралу жолдары әлі анықталмай отыр, дегенмен, басқа да сабактас фактілерге сүйенсек, «Одиссея» мен «Алпамыштың» үқастығына қарап аргы көне заман және ортаазиялық мәдениеттің ertедегі байланыстары туралы, анығырақ айтқанда, грек мәдение тіне шығыстың ықпалы жөнінде мәселе қозғауга болады<sup>3</sup>.

Сонымен В. М. Жирмунский аталған мақаласында көне ertегілік сюжеттің «шығыс» нұсқасы жайында, немесе гректер мен Орта Азия және Қазақстан халықтарының әр түрлі тарихи даму, байланыстарының нәтижесінде пайда болған «Одиссея» мен «Алпамыш» жырлары арасындағы сюжеттік үқастықтарды айырлып, ашып беруге тырысты.

В. Жирмунский мен X. Зарифовтың Алпамыш батыр жайындағы кітабының соңғы тарауы эпостың идеялық мазмұны мен образдарына талдау жасауға

<sup>1</sup> В. Жирмунский, X. Зарифов. Узбекский народный героический эпос. М., 1947, стр. 91.

<sup>2</sup> «Известия АН СССР», отделение литературы и языка, 1957, вып. 2, т. XVI, стр. 109.

<sup>3</sup> Соңда, 112—113-беттер.

арялган. Зерттеушілер жырдың мазмұны батырлық күрестерге толы екенін, ол Отанына, туған халқына деген ыстық махаббатпен берік байланысты болып келетіндігін аңгартады. Осы ойды олар: «батыл ерлік, махаббат, сұлулық қас дұшпаидармен күресте жеңіп шыгады, бірақ бұл куреске адамның бар қуаты мембін қабілетін, бойына біткен бар күшін батыл түрде жумсай талап етіледі. Халықтың эпос үлгілерінің тәрбие-лік мәні, әсіресе біздің қаһарманадық дәуіріміздегі мәдениеті осында жатыр»<sup>1</sup>, — деп қорытындылайды.

Авторлар эпостагы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерге тән белгілі қасиеттерді ашып көрсетеді. Эпостың бас кейіпкері — Алламыштың басынан батырлықта тән негізгі белгілер толық көрінетінін, ерлігіне сай күші, батырлығына сай мол адамгершілігі айтылады. Халық әр мезгіл өз батырын осылай болса деп тіледі.

Жырдағы батырдың сүйегін — Барчин бейнесінің суреттелуі де Алламыш бейнесімен үйлесіп, сәйкес келіп жатады. Барчин да — ержүрек, қарабасының қамынаң гөрі махаббаты ушін, сүйеген жары ушін білек сыбанып күресіп, жер бетіне бақыт нұрын тілейтін қаһарман.

Сонымен қатар эпоста ерлік жолында тоқайласқан адамдардың бірін-бірі суюи, батырлар арасындағы өзара достықта әкеліп саиды. Алламыштың күшінің басымдылығына, батырлығының артықтығына қарамастаң, халық эпосы қалмақ батыры Қаражанды да ерлік күрестің жаршысы түркесінде көрсетеді.

В. Жирмунский мен Х. Зарифов эпостагы семьялық, рулық жайлар туралы, олардың арасындағы байланыс, қарым-қатынас жөнінде былай деп жазады: «Эпоста қастерленген мұндай семьялық байланыстар барлығында да түрліше ашып беріледі, ерлі-зайыптыларды (Алламыш пен Барчинды) қосатын махаббат пен опалылық, қарындасы мен ағасының қимастығы (Қалдыргач пен Алламыш), ата-ананың өз перзентіне мейірімді қамқорлығы (Алламыш, Барчин, Ядгар), баласынан айырылған ананың сағынышы (Алламыш пен оның қарт анасы), баласының қарт әкесінің ардақтауы (Алламыш пен Байбері) — міне, осындай қарапайым адамгершілік сезімдер мен қарым-қатынастар түрлінің бері де «Алламыштың» асқақ ерлігін айқын.

<sup>1</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. Узбекский народный геройческий эпос, М., 1947, стр. 96.

дай түсетін психологиялық тұрмыстық жағдай болып табылады»<sup>1</sup>.

Эпоста халық өмірінен, әдет-ғұрыптынан алынган кеңілді көріністер, қуанышты елесті білдіретін жайлар кеп үшіншілдік айтылады.

Сейтіп, В. Жирмунский мен Х. Зарифов «Алпамышының» тексін зерттей отырып, қазақ эпосына тікелей қатысы бар жалпы теориялық мәселелерді шешіп береді. Шамамен, мәлшермен болса да олар «Алпамыш» жырының қай мерзімде шыққанын, онан қайтіп, қалай дамығандығын белгіледі. Бұл эпос сюжетінің тарихын басқа халықтардың эпикалық шығармаларымен байланыстыра отырып, зерттеушілер халықаралық параллель жайын әңгіме етеді.

Алайда, В. Жирмунский мен Х. Зарифовтың кітапында елеулі кемшіліктер де болды. Сол кемшіліктердің ең бастысы — авторлардың жекелеген сюжеттік схемалар мен мотивтерді формальді турде салыстырып, оған кеп кеңіл белінуінде еді. Олар бұл мәселенің байыбына жетіп бара алмады. Сол сюжеттік схемалар мен мотивтерді қатарап қойып салыстыруда, параллельдің пайда болуына не мәжбүрлік етуі жайын айтуга келгенде эпикалық шығармалардың ұлттық ерекшелігі ескерілмеді («Одиссея» т. б.). Әртүрлі тарихи бар, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымы бар өркайсысы өзінің алдына әртүрлі тарихи және мәдени міндеттер қойған халықтардың шығармаларына әр қырдан келіп зерттеу орынды еді. Алпамыс жайындағы жыр әртүрлі елде айттылуымен байланысты белгілі бір халықтың өмір тіршілігін көрсетті, оның нақты тарихи дамуын суреттеді, ал В. Жирмунский мен Х. Зарифов бұларды толық ашпады. Осы кітап жайында дер шағында пікір айтқан рецензенттер де сол біз тоқталған жайларға назар аударған болатын<sup>2</sup>.

Ал жалпы алғанда В. Жирмунский мен Х. Зарифовтың кітабы өзбек эпосын, оның ішінде «Алпамышты» зерттеу тәсірінде алғашқы ірі қадамның бірі деп қараганымыз жән.

Проф. В. М. Жирмунскийдің 1960 жылы тағы да

<sup>1</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. Узбекский героический эпос. М., 1947, стр. 103—104.

<sup>2</sup> «Узбекский народный героический эпос» атты кітапты талқылаган мәжілістің материалдары. «Советская этнография», 1949. № 2, 177—179-беттер; В. К. Соколова. Узбекский народный героический эпос, с о н д а, 226—229-беттер.

бір кітабы жарық көрді<sup>1</sup>. Автордың бұл монографиясы «Алпамыш» зпосы жайындағы бұрын-соңды жазылған, кеп жылғы еңбектерінің жиынтығы іспетті. «Сказание об Алпамыше», «Богатырская сказка» атты екі белімнен тұратын бұл еңбекте «Алпамыс» жырының қоңырат, оғұз, қылшак, алтай версиялары қарастырылышп, өзара салыстыру жасалынады. Сонымен бірге жогарыда аталған эпикалық сюжеттің үш жігі, жүйесі (Батырдың гажайып турде дүниеге келуі, батырлық жолмен қалындығына үйленуі және батырдың әйелін басқа біреу алып оның тойының үстінен шығуы) бұл кітапта кең турде алынады. В. Жирмунский аталған монографиясында ертеділ-кеш айтылған пікірлердің бәрін ескере отырып, терең зерттеу еңбек жазып шыққан. Кітаптың ең бір құнды жері «Алпамыс» жырының езбек, қарақалпак, қазақ версияларының шыққан тегі, көзі бір жерден екендігін дәлелдегендігінде: «Алпамыштың» негізгі ортаазиялық — езбекше, қарақалпакша және қазақша версияларының сюжеті мен көптеген мотивтерінде олардың негізі сөзсіз бір поэмадаң шыққанын көрсететін, кейінірек ауызша-поэтикалық дәстүрде талай өзгеріске ұшыраган едәуір ұқсастық байқалады.

Варианттарының мазмұнын талдау және салыстыру арқылы осы поэмалық географиялық орнын, тайпалық және ұлттық жағдайы мен келіп шыққан дәүірін нақтырақ анықтауга болады<sup>2</sup>, — деп автор жогарыда аталған еңбегінде «Алпамыс» жырының шығу теркіні жайындағы пікірлерді тереңдей түсін.

Қазақстанда шығатын оқу құралдарында қазақ зпосына арнаулы тараулар да берілді. Монографиялық көлемде жазылған соңдай тараулардың бірі — проф. Қажым Жұмалиевтің орта мектептің 8-класына ариалған «Қазақ әдебиеті» оқулығында<sup>3</sup> жарияланды. Оқулықтың алдына қойған мақсаты — мектеп оқушыларын қазақ зпосының мазмұнымен, кейіпкерлерімен және әпикалық жырлардың езіне тән ерекшеліктерімен таныстыру болды. Қ. Жұмалиев жазған бұл тарауларда сол қойылған мәселелер өз деңгейінде дұрыс шешілді деуге болады. Ал, жоғары оқу орнының сту-

<sup>1</sup> В. Жирмунский. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка, М., 1960.

<sup>2</sup> Соңда, 45-бет.

<sup>3</sup> Орта мектептің 8-класында ариалған оқу құралы, 1941, 1943, 1948, 1949, 1950 (1941 жылы осы оқу құралы) автор проф. Ә. Маргуланмен бірігін жазды).

денттеріне арналып жазылған «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948) атты кітапта Қ. Жұмалиевтің алдында эпос жайындағы тарауды жазууда анағұрлым жауапты да, байсалды міндеттер тұрды. Бұл жолы автор мектеп оқулығына жазған еңбегін толықтырып, жанжақты көңейті түсті.

«Қазақ әдебиетінің тарихында» мектеп оқулығына қараганда жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің мінездемесі де көңірек беріледі. Эпостық жырлардың өлеңдік құрылышы, тілі, стилі байсалды түрде әңгіме болады.

Қ. Жұмалиевтің еңбегі дер кезіндегі пайдалы зерттеулердің бірі болып саналады. Алайда, бүгінгі таңда фольклор жайындағы гылымға қойылған талап әлдекайда жоғарылады. Сол талап-тұргы қазақ эпосын зерттеушілерге де әбден қатысты. Осы мөлшерден қараганда Қ. Жұмалиевтің жұмысында елеулі кемшіліктер де жоқ емес еді. Автор белгілі бір эпикалық поэманның басқа нұсқаларына жеткілікті көңіл аудармайды. Егер көңіл аударыла қалса сол нұсқаның мазмұнын қайталап айтып беруден онша аса алмаған. Кейібір эпостардың шығу теркінін сез еткенде В. Жирмунский тәрізді ғалымдардың пікірлеріне бірер сілтеме жасап, сонымен тынған. Қазақ халқы эпосының тарихына көңілдің аз белінің себебінен жырлардағы кейінгі дәуірлердің қоспалары жайын айтуға еңбекте жете назар аударылмаған.

Бұл көрсетіліп отырған олқылықтар оның «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958) деңген еңбегінде негізінен алғанда біраз ескерілген. Эпикалық туындылардың соңғы дәуірлерде ел аузынан жазылып алынған нұсқаларды да еске алынған. «Алпамыс», «Кобыланды» сияқты жырлардың нұсқалары басқа елдердің нұсқаларымен қатар қойылып салыстырылып, олардың мазмұнындағы айырмашылықтары бір шама айтылады. Автор бұрынғы еңбектеріндегі пікірлерін әлдекайда ерістетіп, бұл жолы қомақты етіп, қоюлата түскен (монолог, диалогтардың орыны, халықтың әр алуан тұрмыс-салты, адамның психологиясын шебер суреттеу т. б.).

Сонымен осы ғасырдың 40-жылдарында қазақ эпосын тұтастай алып зерттеу саласында совет фольклористерінің елеулі қадам жасап алға басқандығы айқын байқалады. Қазақ эпосы сол атаптан еңбектерде халқымыздың сан ғасырлар бойына жасап келе жатқан көркем шыгармасы деп қаралды. А. С. Орлов-

тың, В. М. Жирмунскиййдің, Х. Т. Зарифовтың және<sup>1</sup> Қ. Жұмалиевтің еңбектерінде қазақ эпосын монография көлеміндегі зерттеу мәселесі қойылды. Сондықтанды ол зерттеулерде қазақ эпосының тақырыбы мен поэтикасы, шығу тарихы мен оның ғасырлар бойы үмьтылмай, үрпақтаң-үрпаққа ауысып айтылуы же нінде әдігіме болуы занды да еді. Рас бұл жұмыстар гылыми дәрежесі мен сапасы жағынан алғанда алақұла, ер түрлі. Эпикалық жырлардың біраң мәселелері сол еңбектерде шешімін тапқанымен, әлі де айтатын, пысықтайтын жайларымыз кеп болатын.

1950 жылдарда фольклористер алдында қазақ халықтың эпикалық творчествосын кеңірек көлемде алып, теренірек зерттеу міндеті тұрды.

Өкінішке қарай, сол елуінші жылдардың бас кезінде әдебиетшілер арасында, баспасаң бетінде көптеген эпикалық шығармалардың халықтық сипатына шубалану, оған күдік келтіру барлығы байқалды. Со шақта өзбек халқының «Алпамышы» сынға ұшырады<sup>2</sup>. Басқа халықтардың да атақты эпикалық шығармалары сенімсіздік жағдайға душар болып, күдікке ілінді. Мұндай сыңаржак көзқарастың салқыны қазақтың эпикалық творчествосына да тиді. Орта мектепке ариалған оқулықта<sup>3</sup> барлық батырлық жырдан «Қамбар» ғана талдауга алынып, тек осы жыр ғана шын мәніндегі халықтық эпос деп саналды. Бұл, әрине, мәселеге тым ұшқары қараушылықтың, оның байыбына терең бармаушылықтың салқыны, салдары еді.

Барша жұртқа кеңінен белгілі атақты «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» сияқты эпикалық шығармалардың халықтығы туралы мәселе қазақ эпосы жайында 1953 жылы болған дискуссияда да шешілмей қалды, тек ілгеріде зерттеле түсіү қажет деп табылды. «Алпамыс», «Қобыланды» сынды жырлардың басқа халықтардағы түрлеріне қатынасы осы уақытқа дейін жәнді зерттелмегені, халық аузында айтылып келе жатқан нұсқаларының әлі күнге жазылып алынбай келгенін, ал бұл жырлардың әлеуметтік мәнін анықтауга кедергі болып отырганын дискуссия атап көрсетті<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> «Правда Востока» (29.I.52); «Литературная газета» (12.II. 62 г.); «Звезды Востока» (1952, № 2).

<sup>2</sup> М. Габдуллин. Қазақ әдебиеті. Орта мектептің 8-класына ариалған оқулық. 1954, 38—46-беттер.

<sup>3</sup> Итоги дискуссии по казахскому эпосу. «Вестник АН Каз. ССР», 1953, № 8.

Солай болғандықтан да дискуссия кезінде<sup>1</sup> және онан кейін де қазақ халқының эпосы жайында баспа-сөз бетінде бірқатар мақалалар жарияланды. Әдебиетшілер: филологияғылымының докторы, порф. Мәлік Габдуллин («Батырлар жыры туралы») мен филологияғылымының докторы, проф. Әуелбек Қоңыратбаев («Сынның сырқаулары») қазақ эпосының халықтығы туралы пікірлер айтты<sup>2</sup>. Мәселен, М. Габдуллинин ың «Батырлар жыры туралы» мақаласында Алпамыс, Қобыланды, Тарғын жайындағы жырлар жөнінде жоғарыда айтылған дискуссия тұжырымды қорытынды жасамағанын, «Алпамыс» пен «Тарғын» негізінде халықтық делініп, ал «Қобыланды батырдың» қандай жыр екендігі көрсетілмегендігі, тек «зерттеу керек» деп қаулы алынғандығы жазылған. Шын мәнінде бұл жырлардың халықтық жырлар екендігінен дәйекті далалдер көлтірілген.

Ел корғау, басқынши жаумен күресу жөнінде халықтың түсінігі, арман-мұддесі айтылған жырлар да халықтық тұргыда бейнеленген. Бұл жырлардан ертедегі адамдардың қоғамдық тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық сана мен ой-өрісі қандай екендігі де көрініп отырады.

Алпамыс, Қобыланды, Тарғын халқының қамын ойлаган, басқыншыларға қарсы қасықтай қаны қалғаша күрсекен батырлар бейнесінде суреттеледі. Бұлар ел талаушылар емес, ел қоргаушылар. Олардың халық алдында сүйкімді болуы да осында.

Соңғы кезге дейін Алпамыс, Тарғын, Қобыланды жайындағы жырларды халықтық деп кесіп айта алмай келеміз. «Негізі халықтық» деп сырғаната саламыз. Мына жырдың мына бір әңгімелері халықтық, ал мына бір әңгімелері халыққа жат дейміз де екі үшты пікір айтамыз» дей отырып, автор аталған жырлардың не себептен халықтық жырлар екендігіне тоқталған. Сейтіп, М. Габдуллин осы кезге дейін «орын алып келген ез кезқарастарын қайта қарауга тиісті» екендігін атальмыш мақаласында орынды да дұрыс көрсеткен.

Проф. М. Габдуллиннің 1958 жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген оқу құралы жарық қерді.

<sup>1</sup> Бұл жерде біз проф. М. Габдуллиннің «О состоянии и задачах казахского эпоса» («Вестник АН Каз ССР», 1953, № 4) деген мақаласын еске алып отырмыз.

<sup>2</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 7 октябрь, 1955; 3 февраль, 1956.

Кейбір өзгеріс, қосындылармен бұл кітап 1964 жыл<sup>1</sup> екінші рет, біршама толықтырулармен 1974 жыл<sup>1</sup> үшінші рет басылды. Мұндағы «Батырлар жыры» тәрауышада қазақтың белгілі эпикалық шығармалар<sup>1</sup> қарастырылады. «Қобыланды батырдың», «Ер Тарғынның», «Қамбардың», «Алпамыстың» жиналуды зерттелуі, басылып шыгуы, басты кейіпкерлері, құрғылсызы мен тілі жайынан оқушы студенттер кең мәлімет алады.

М. Фабдуллин батырлар жырының нұсқалары жағын айтқанда орта мектеп пән жогары оқу орындарының программасына сәйкес келетін нұсқаларын ғана алған. Батырлық эпос «Қобыланды батырды» арнайы сез еткен жағдайда, мәселен ол Мергембай жыршының нұсқасына тоқталады. Өйткені бұл нұсқа оқу программасы бойынша негізгі және өзекті текст болып саналады. Ал «Қамбар батыр» жырын талдаған кезде Э. Диваевтың нұсқасын әдейі алады. Бұл эпостың қалған нұсқалары кітаптың шолу белімінде айтылып откен. Осындай әдіс қолданғанда нендегі нәтиже бедрі дегенге келсек, мұнан оқушы жүртшылық қандай да болмасын белгілі бір эпостың ұшан теңіздей нұсқаларынан толық хабардар болады, соған қоса ең тәуір деген нұсқаның орынды талдауын көреді.

Автор бұл еңбегінде сонымен бірге өзіне дейінгі қазақ эпосы жайында жазған әдебиетші-галымдардың зерттеулерін кеңінен пайдаланған. Олар жайында, әрине, әз көзқарасын да білдіріп отырған.

«Қазақ ССР тарихында» қазақ эпосы қысқа түжyрыммен берілгенімен күрделі проблемалар тәнірегінде сез болды. Эпосты халық өмірінің ескерткіші деп қарумен қатар, ол халықтың көркем сез өнері де деп бағаланды. Бұл, әрине, зерттеу саласындағы жаңа леп, соны серпін, орынды көзқарас еді<sup>1</sup>.

Осылай айтылуы орынды да. Өйткені, сол 1953 жылғы дискуссиядан кейін зерттеушілер алдында әпостың поэмалардың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін терең бойлап зерттей беру, яғни халықтың шығармалар екенін, халықмыздың поэтикалық мәдениетінің көне ескерткіштері болғанын дәлелдеп, кейбір атақты әпостарды халықтың емес деп санаган адамдардың сыңаржақ пікірлерінен мүлдем аршып, тазартып алу міндеттері тұрды.

<sup>1</sup> М. Әуезов. Қазақтың ауыз әдебиеті. «Қазақ ССР тарихы». I т., Алматы, 1957, 207—208-беттер.

Алпамыс, Алпамыша, Алып Манаш туралы жыр қазак, өзбек, қарақалпак, татар, башқұрт, алтай халықтарында бар. Осындай ерекшелікті ескере отырып, 1954 жылы июнь айында Москва қаласында өткізілген СССР халықтарының эпосы туралы жиналас «Алпамыс» жырының халықтығын анықтау үшін республикааралық ғылыми кеңес шақыруға үйгарды. Бұл кеңес 1956 жылдың 20—25 сентябрінде Ташкент қаласында өткізілді.

Сол ғылыми кеңес ғалымдар мен әдебиетшілердің алдына халықтың ескі поэтикалық мәдениетінің ес-керткішін жокқа шыгарғысы келген кейбір бұрмалаушылар мен нигилистердің әрекеттеріне тойтарыс берे отырып, «Алпамыс» сияқты жырдың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін тереңірек зерттеуде, оның әртүрлі халықтарға тән нұсқаларын салыстыра тексеруді келелі міндет етіп қойды.

Ғылыми кеңесте жасалған баяндамалар мен қосымша баяндамалардың дер кезінде тезистері басылып шықты<sup>1</sup>. Ал кейіннен сол баяндамалар мен қосымша баяндамалар, шікір алысуга қатысқан фольклорист ғалымдардың сездері дербес ғылыми жинақ болып ез алдына жарық көрді<sup>2</sup>.

Осы аталып отырган жинақтан орын алған, қазақ халықтың эпикалық шыгармасы — «Алпамыслып» тікелей байланысты ғылыми мақаланың бірі — «Об отношении «Алпамыса» к казахской эпической традиции» деген тақырыппен берілген проф. Н. С. Смирнова-ның мақаласы<sup>3</sup>.

Ол езінің бұл еңбегінде қазақтың батырлық жырының, оның ішінде «Алпамыс» жырының үлттық-фольклорлік дәстүрге тән қатынасын қарастырады. «Алпамыс» жырының соңғы дәуірлердегі қазақша нұсқалары кене, замандағы түрін өзгеріске ұшыратқандығын, бұл өзгерістер батырдың үйлену салтынан, семьяны нығайту, Қоңырат руының бірлігін сақтау жолындағы күресінен көрінетіндігін айтады. Алпамыстың тус көруі, ұйықташ жатқан кезінде тұтқын болуы, зынданға тусуі, батырдың Байшұбар атының көмегі арқасында босанып шыгуы, автордың ойлауынша, жырдың қазақша нұсқаларына негіз болып, ер-

<sup>1</sup> «Тезисы докладов и сообщений регионального совещания по эпосу «Алпамыш», изд. АН УзССР, Ташкент, 1956.

<sup>2</sup> «Об эпосе «Алпамыш» (материалы по обсуждению эпоса «Алпамыш»), Ташкент, 1959.

<sup>3</sup> Сонда, 158—178-беттер.

тегілік есکі мотив саналған. Осы мотивтер келс-кел<sup>6</sup> батырдың қалмақ ханы Тайшықпен жекеп-жек күрес<sup>7</sup> ке шығып, хан ордасы мен хан әскерін тас-талқа н етіп жеңіп, қалмақтардың басшысы ғып қойшы Кей-куатты тағайындаумен ұштасып, жалғасып жатқаны көрінеді.

Н. Смирнова жырдың кейінгі замандағы нұсқаларында Алпамыстың қалмақтармен жауласуының мотиві кеңірек айттылатындығын әңгімелейді. Бұл жайында «Қобыланды» жырының да кейбір нұсқаларының (Біржак Толымбаевтың, Мергенбайдың т. б. нұсқалары), сол сияқты қазақ халқының кейінгі дауірдегі эпикалық шығармаларының күрес кезіндегі шиеленістері осы тәрізде шешілетіндігін көрсеткен. Онал ері қарай автор қазақ эпосының соңғы кездегі нұсқаларында, әсіресе «Алпамыс» жырының кейінгі замандағы версияларында осы мотивтердің суреттелуі байыргы мифологиялық мотивтердің қайта жаңғыртып көрсетумен қатар жүріп отыратындығына тоқталады.

Осылымен қатар Н. Смирнова осы жырдың сюжетіндегі, апізодтарындағы эпосқа тән жалпы ортақ жағдайды немесе жақын ұқсастықты, тұтас алғанда, қазақ халқының езге эпикалық шығармаларынан, оның ішінде батырлық жырлардан, тұрмыс-салт жырларынан іздестірді. Автор осылай салыстыру ретінде жырдың ортақ элементтерін айыра отырып, оның қазақ халқының басқа да эпикалық шығармаларында бар осыған тектес элементтермен бірдей ұқсастығын ашып көрсетті.

Әпостың образдар жүйесіне тоқталғанда автор басқа эпикалық шығармалардағы образдар да дәл осы тәріздес болып келетіндігін аңғартады. Олар шығу тегі жағынан, ру мен рудың бірлігі тұрасынан, қалмак-хандарына қарсы бірігіп шабуыл жасау жөндерінен топтастырылған («Қобыланды» мен «Қамбардан», азда «Қызы Жібек» пен «Ер Тарғыннан» байқауга болады).

Н. Смирнова «Алпамыс» жыры кейіпкерлерінің ерекшеліктерін көрсете отырып, эпосқа қатысушы адамдардың ішінде, яғни, жагымды, жагымсыз образдар арасында ертеғінің қаһармандарына жақын кейіпкерлердің бар екендігін де ескертеді. Осылымен байланысты Алпамыстың жеке басына көбірек тоқталып, талдау жасайды. Қазақтың батырлық жырының, тұрмыс-салт әпостарының кейіпкерлерінен Алпамыс бейнесінің ерекшелігін ашады. Автор осы ойының

соңында «Алпамыс» жырының нұсқалары қазақтың жалпы эпикалық дәстүрі негізінде дамып келе жатқандығын, енді бір жағынан өзі де сол дәстүрді құнарландырып отыргандығын жазады.

Сейтіп, Н. Смирнованың еңбегінде эпостың ұлттық дәстүрге қатысты жайлары сез болады. Сондыктан да автордың бұл зерттеуі «Алпамыс» жыры негізінде қазақ эпосының ұлттық дәстүрге байланысын көтерген алгашқы пайдалы қадамдардың бірі болып табылады.

Үстіміздегі ғасырдың 50-жылдарының аяғы мен 60-жылдардың бас кезінде жарық көрген, қазақ эпосы на арналған, зерттеуі аралас ғылыми басылымдардың Одақ көлемінде тұнғыш рет басылып шыгыу еліміздің мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Бұл ғылыми басылымдарға («Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек») үйтқы болып, ұйымдастырып, ғылыми редакциясын басқарғандар — М. О. Әуезов пен Н. С. Смирнова. Ол басылымдардағы эпостарға зерделі зерттеу еңбек жазып, белсенді атсалысқандардың бірі белгілі фольклорист — Н. С. Смирнова. Бұл жайында филология ғылымының кандидаты С. Қасқабаевтың «Қазақ фольклористикасы» атты кітапта жарияланған Н. Смирнова жайындағы арнайы жазылған мақаласында орынды айтылған<sup>1</sup>. Зерттеушің қазақ фольклорына сіңірген еңбегі, оның эпос жайындағы ой-толғаныстары, айтқан елеулі пікірлері, біздің осы жұмысымызда да көрініп отырады.

Ал осы ғылыми басылымдардың басты-басты ерекшеліктері неде? Ол — мынада. Біріншіден, жогарыдағы шығармалардың қазақ арасына таралған барлық вариантарының толық текстері қамтылды. Олар кепшілікке белгісіз болып келген кейінгі кездे табылған материалдармен толықтырылған. Мысалы, «Қыз Жібек» эпосына бұған дейін еш жерде жарияланбаган Москва қаласындағы тарихи музейден табылған бір нұсқасы кірген. Сол сияқты «Қамбар батыр» эпосының Бармақ Мұқанбаев айтуындағы нұсқасы да тыңнан қосылған материал.

Сөз етіп отырган ғылыми басылымдардың тағы бір ерекше құнды жағы — олардың алғаш рет орыс тіліндегі жолма-жол тұтас аудармалары берілген. Орыс тіліндегі сөзбесөз аудармасында қазақ тілінің

<sup>1</sup> «Қазақ фольклористикасы». Алматы, 1972, 270—273-беттерді қарацизы.

әпикалық бейнелеу ерекшеліктері сақталған, соның нәтижесінде аударма тексінің мазмұны да, поэтикалық-тілдік ерекшеліктері де түп нұсқаны дәл танытады.

Әрбір кітаптың қосымша бөлімі бір эпостың қазак арасындағы барлық варианттарын өзара салыстыра отырып, олардың басқа да түрлі тілдес халықтардағы нұсқалармен үқсас келетін жақтарын жан-жақты тексерген жеке-жеке ғылыми очеркten тұрады. Бұл очерктер эпостың бұрын-соңды қатқа тусуі, баспа жүзіне жариялануы, орындаушылары жайлы терең мәлімет беретін ғылыми аппаратпен жабдықталған. Әрбір кітаптың аяғында текстік өзара салыстырулар және қазақ сөздерінің орыс тіліндегі түсініктеп бар»<sup>1</sup> деп, еңбекке көп тер төгіліп, қызмет істелгенін әдебиетші Әдебиет Молдаханов дұрыс байқаған.

Көңіл аударып, тоқталып отырган осы тәріздес ғылыми жинақтар қазақ фольклорының әрбір жанры бойынша келешекте де тоқталмай жасала берсе құбакуп. Ауыз әдебиетінде материалдарын салыстыра зерттеу үшін, оның үстінен кейбірінің түп тәркінін айқындағы беруге бұл сияқты ғылыми басылымдар пайдасын тигізірі сәссіз. Соңдықтан да жұмысы қыны да болса нәтижесі қызықты академиялық ғылыми басылымдарды жалғастыра берген мақұл.

«Қазақ әдебиеті тарихы», бірінші томының, бірінші кітабындағы (1960) «Қазақ әпосы» деп аталатын тарауды жазуға бір топ фольклорист-ғалымдар (М. Габдуллин, М. Ғұмарова, Қ. Жұмалиев, Н. Смирнова, Т. Сыдыков) атсалысты. Оnda әпикалық шығармаларды қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келе жатқандыры бағыдалады. Қолдагы бар нұсқалардың негізгі деп аталатындарының өзара айырмашылықтары қысқаша атап етіледі. Соңан соң көпкө танымал әрбір эпос версиясының идеялық мазмұны, сюжет желісі, образдары әңгімеленіп, көркемдік ерекшеліктері сез болады. Белгілі бір жырга соңғы дәүірлердің енгізген өзгерісі қоса айттылады. Қазақ әпосы жайында әр кезде жазылған ейбектер қысқа мәлімет есебінде кітапта аттып етіледі. 1968 жылы орыс тілінде жарық көрген «История казахской литературы» (I том) атты коллективтік еңбекте де қазақ әпосына багышталған арнаулы тарау бар. Оnda әпикалық жырлардың даму ерекшеліктері мен поэтикасы ықшам түрде қарастырылып, «Ал-

<sup>1</sup> «Қазақ фольклористикасы», Алматы, 1972, 167-бет.

памыс», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қобыланды», совет зпосынан «Өтеген батырды» талдауга өте шагын орын берилген.

Қалың қауымга ұсынылған келесі бір еңбекте<sup>1</sup> қазақ халқының батырлық жырының көне дәуірден осы кезге дейінгі даму жолы қарастырылады.

Кітапта «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» сиякты әйгілі жырлар жан-жақты сез болып, ақын, жыраулар, жыршылар жайында, бұрын зерттелмеген жырлар хақында әңгімеленеді. Арнаулы тараулар болып берілген сол атакты жырлардың қолда бар қазіргі нұсқаларын бірімен-бірін салыстырып көрсетуге батыл қадам жасалған.

Осындай көлемді дербес еңбекті жазу үстінде авторлар эпикалық туынды жөніндегі өртөлі-кеш айтылған пікірлерді, нақтылы тілек, ұсыныс, ақыл-кеңестерді бұл жолы біршама қорытып, мүмкіндігіне қарай қазақтың батырлық жырын жан-жақты алып қарастыруға тырысты. Осы тарапта дәстүрлі зәостың жалғасы — халық ақындары поэмаларының әңгіме болуы да көзіл қоярлық. Сонымен бірге біраз халықтарға ортақ саналып келген эпикалық шыгармаларды өзара салыстырып, қысқа тұжырымдармен болса да пікір айтылуы пайдалы деп ойлаймыз.

Қазақ халқының батырлық жырларын айтқанда, өсірсе оларды салыстыру саласын қарастырғанда, басқаларынан ғері алдымен «Алпамыс батырдың» аузызға көбірек ілінетіні бар. Ерте кездегі жазылған еңбектерді талдау түсінда да осы жайды айқын аңғардық. Бұл ұлы жырга төн занды құбылыс. Оның үстінде «Алпамыс» ежелден-ақ көп елдердің ортақ игілігі, ортақ қазынасы. Ал өзінің түп негізі, жаратылсы жағынан өте көне мұра бола тұра, шыгу тегі мен оның қай жерде жасалып, қалай таралуы жайында пікір таластары барлығына қарамастан<sup>2</sup>, жыр патриархалды-рулық құрылыштың ыдырап, патриархалды-феодалдық қатынастың орнай бастаған кезінде шыққандығына ешкім қарсы дау айта алмайды.

Қазіргі күнде «Алпамыстың» қазақша версияларының басқа ұлт (өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай т. б.) версияларынан айырмашылығы бар деп есептейміз. Қазақ халқы «Алпамыс» жырын жа-

<sup>1</sup> M. Габдуллин, Т. Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972.

<sup>2</sup> M. Габдуллин, Т. Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972, 173—174-беттер.

сауда өз творчестволық бетін көрсетіп, өлшеусіз еңбектің қосқан. Оның тұма версияларында қазақ халқының әдет-түрлі, түсінік-нанымы еркін кескіндеп, көркем мәдениетінің ерекшеліктері айқын суреттелген. О баста көне Қоңырат редакциясынан негізін алған бұл версиялардың өркайсысы әр мезгілде жасалған.

Ал «Алпамыс» жырының үлттық версияларын сөз еткен жайда бұл әпостолық көп елдерге ортақ, бірақ бәрінік тәркінің бір екендігін (жоғарыда атап көрсетілгендей), оны әр әл веңіште сақтап, өзінше жырлап отыргандығын айтпай кетуге болмайды. Жыр не себепten бір тәркіндес және жер-жерге қалайша таралған? Бұл сұрақка жауап беру үшін алдымен «Алпамыстың» қазақша версияларының басқа түркі тілдес халықтардың версияларынан негізгі айырмашылықтарын әңгіме етуге тұра келеді.

О баста Қоңырат редакциясынан тараған Орта Азия халқы версияларының, сол еңбекте көрсетілгеніндей, біраз айырмашылықтары бола тұрса да, көпшілік жағдайда олардың біріне-бірінің жақын келетіндігін байқаймыз. Бұл мәселені толық түрде қарастыру үшін өз алдына дербес монографиялық еңбек жазуды қажет етеді.

Қазақ халқының эпикалық жырының тағдырын, жай-күйін сарапқа салып, таразыға тартқан жағдайда «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Қозы көрпеш — Бағын сұлу», «Қызы Жібек», «Қобыланды» жырларының бұдан бұрын тоқталып еткен, белгілі бір жүйеге құрылған қалың-қалың ғылыми басылымын<sup>1</sup> тағы да қайталаі атауга тұра келеді. Өйткені мұндай тәжірибе қазақ фольклористика ғылымында бұрын болған емес. Мұны бір үлкен жағалық ретінде танып әлі де айта түскеніміз жән. Алайда, тиражы шағын осы ғылыми басылымдар кең түрде насихатталмай қалып қойды. Өкінішке қарай, проф. Зәки Ахметовтың бұрынراқта жарияланған мақаласы<sup>2</sup> мен Э. Молдахановтың сол бірер шілдірен басқа, В. М. Жирмунский тәрізді белгілі галымдардың аузына жақынаш-

<sup>1</sup> Баслагы дайындағандар, зерттеу очерктері мен түсіліктерді жазғандар, әрбір пұсқаның (казақ, орыс тілдерінде) өзара айырмашылықтарын белгілегендер М. Рұмарова, І. Дүйсенбасов, О. Нұрмагамбетова, М. Сильченко, Н. Смирнова, Т. Сыдықоз. Эпостардың музикалық зуенін жазған — Б. Ерзекович.

<sup>2</sup> «Сокровища эпического творчества». «Вопросы литературы», 1964, № 11.

ілінгенімен, жасаган баяндамаларында, сейлеген сездерінде<sup>1</sup> көп жұмыс атқарылғандығы айтылғанымен, окушы қауым бұл жайында баспасөз беті арқылы толық хабардар болды деп айта алмаймыз.

Жоғарыдағы аталған «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабынан (1960) фольклор зерттеушісі М. Ғұмарованың «Бұрын зерттелмеген жырлар» деген еңбегі орын алды.

Қазақ елі батырлық жырларға бай екендігі мәлім. Аталған материал бізге «Қарабек», пен «Терекан», «Қазтуған» мен «Шалгез», «Қанжыгалы Бегембай», «Шакшакұлы Жәнібек» пен «Акжонасұлы Ер Кеңес», «Сауырық» пен «Ерден», «Сұраныш» мен «Байсейіт», «Мантық» пен «Балуан Нияз», «Боран» мен «Ермек», «Нарқызы» бен «Жоламан»... сияқты жырларды таныстырады.

Автор өзінің көбіне бұрын жарияланбаған, зерттелмеген жырлар жайында жағзған осы тарауында сол жырлардың ел арасына көп тараған бірнеше нұсқалары бар екенин, олардың соңғы мезгілде гана анықталып отырғанын, белгілі бір атпен аталса да, әр нұсқаларының оқиға дамуларында, кісі, жер аттарында, кейіпкерлердің іс-әрекет, мінезд-құлықтарында толып жатқан өзгешеліктер кездесетінін айтады. Сонымен бірге ол ақын, жыршылар елдің ерте заманнан сүйіп, жырлап келе жатқан жырын қайтадан өндеген кезінде белгілі ортаның, белгілі дәуірдің жаңаңың сипатын қосып жіберетіндігін атап көрсетті. Ол әр нұсқаны қатар алғып, салыстыра зерттеудің қажет екендігіне, сейткен жағдайда гана оны дұрыс толтастыруға болатындығына көңіл аударып, күн тәртібіне қойды.

«...Ертедегі ескі батырлар жырына тән... қасиет біз әңгімелегелі отырған жырлардың тобында да сақталған ерекшелік деуге болады.

Жиналған жырлардың мазмұнына қараганда қазақ халқы өзінің ерте күндерде басынан кешірген барлық кезеңдерін жырында да қалдырып отырғанын көреміз. Басқаша айтқанда, бұл жырлар халық тарихының ақындық шекіресі сияқты. Қайсы эпосты алсақ та соның тақырыбы белгілі бір тарихи оқигалардың ізіне сәйкес келеді.

<sup>1</sup> «Основные проблемы изучения поэтического творчества народов Сибири и Дальнего Востока» (Доклады, сообщения и выступления участников конференции по изучению поэтического творчества народов Сибири и Дальнего Востока, 14—19 декабря 1959 г.) Улан-Удэ, 1961, стр. 8.

Бұл топқа жататын батырлар жыры да тек әдебиеттік мұра емес, қазақ халқының еткендегі түрмисынаң — экономикасынаң, қоғамдық-тарихтың болмысанаң, шаруашылығынаң бағалы деректер бере алатын құнды материал. Әрине, тарихи мәліметтерге ел қиялынаң қосылған қоспа жайлар да араласады. Шының өмір елесімен қатар ертегілік әсірелеу де басым болады. Сөз болгалы отырган батырлар жырында да халық қадірлейтін адамгершілік қасиеттер кең турде бейнеленеді. Бұл сипаттар жыр қаһарманының ішкі сырын, іс-әрекетін, мінез-құлқын кең танытады. Батыр қашанда жауына қatal, қажымас ер, еліне мейірімді, сезіне ісі сай, ар-намысқа берік, ерекше мінез, өнегелі ісі бар адам болып бейнеленеді<sup>1</sup>, — деп М. Ғұмарова бұл жырлардың тарихи дәуірі жайында сөз қозғап, терең зерттемесе де оқушыларды таныстыру мақсатымен тақырыптарына қарап толпастырады. Автор, сейтіп, қолымыздагы бар, жоғарыда аталған қорлардағы бай материалдарға сүйене отырып, қазақтың батырлық жырларын тоғыз салаға беліп қарастырады. Негізгі-негізгі саналатын жырлардың қысқаша мазмұны, оның нұсқалары, басты ерекшеліктері баяндалады. Осы кезге дейін беймәлім болып келген қазақтың эпикалық жырларымен оқушы жүртшылықты таныстырып ету мақсатымен жазылған бұл еңбекті құптаганымыз жен.

Соғы 15—20 жылда батырлар жыры нұсқаларының жеке-жеке түрде және колективтік жинақта басылымдеріның шығуы да зерттеу жұмыстарымен жалғасып жататын құптарлық құбылыш деп ойлаймыз. Солардың ішінде «Батырлар жырының» жеке түрде басылған кітаптары<sup>2</sup> дүркін-дүркін жарияланған үш томы<sup>3</sup> және «Көрүглі»<sup>4</sup> ерекше көңіл аударады.

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап, Алматы, 1960, 431-бет.

<sup>2</sup> «Қазақ әпости» (1-кітап — «Қамбар батыр», 2-кітап — «Ер Тарғыя», 3-кітап — «Алламыс», 4-кітап — «Қобыланды батыр», 5-кітап — «Қозы Керпеш — Бағын сулу», 6-кітап — «Қызы Жібек», 7-кітап — «Айман — Шолпан»). Алматы, 1957.

<sup>3</sup> «Батырлар жыры», I т., Алматы, 1958, Алматы, 1961, Алматы, 1963; «Батырлар жыры», II т., Алматы, 1961; III т., Алматы, 1964. Редакциясын басқарғандар: филология гылыминың докторлары: М. Қаратаев, М. Габдуллин. Құрастыргандар: филология гылыминың кандидаттары: М. Ғұмарова, О. Нұрмагамбетова, Т. Сыдықов, Б. Уахатов.

<sup>4</sup> «Көрүглі» (Көрүглі және оның үрдактары туралы дастар) Алматы, 1973.

«Батырлар жырының» сол аталған бірінші томында оқырманга көне дәуірден келе жатқан белгілі әпостық шыгармалар мен лиро-эпос жырларының (Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы қөрпеш — Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Айман — Шолпан») көрнектілері жарияланған. Ал екінші томға «Ер Қосай», «Қарабек», «Дотан», «Арқалық», «Төрекан», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Манаңшұлы Түяқбай» деген атпен берілген жырлар енген. Соңғы, үшінші томы сол аталған екі томның заңды жалғасы ретінде саналып, ертеректе еш жерде баспа бетінде шықпаган «Қарадән батырдың үрпақтары» деген аталағын циклдан «Қарадән», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс-Кегіс», «Тама» жырлары мен оқушы жұрт бүріннан билетін «Мұңлық — Зарлық», «Сейпілмәлік», «Құламерген, Жојамерген» лиро-эпостарын қамтыған. Сонымен бірге «Құбығұл», «Құл мен қыз», «Айдос батыр» шыгармаларын да оқырман осы кітаптан табады.

«Көрүглі» қазақ топырағында алғаш рет жинақ күйінде көрініп отыр. Жинақты баспаға даярлаған — М. Гұмарова. «Көрүгліның» көп елдерде мұра болып келе жатқандығы мәлім. Атадан-балага, үрпақтан-үрпаққа ауысқан сол ауқымды туындының бұл жолы сол аталмыш жинақта Раушанбек (бірінші саласы), Көрде туған Көрүн Көрүглі (екінші саласы), Көрүгліның Райхан арабпен соғысы (үшінші саласы), Қисса Көрүглі, Гауазханның қиссасы, Түрікмен — Қасымхан атты жыр циклын сақтаған дастандары жарияланыпты. Қолжазба қоры қомақты қаралғаны байқалады.

Осы төрт кітаптың төртеуінде де алғысез, сол жарияланып отырған жырлар жайында әр томның соңғы жағында қысқа да болса түсініктер бар. Тек «Көрүглідаған түсініктер алғы сез ішінде қоса берілген.

Міне, бұл жинақтардың алдына қойғаш мақсаты — қазақ халқының ертедегі әпикалық жырларының үлгілерін баспа жүзіне шыгару, ескі мұрамен оқушы қауымды таныстыру және қазақ әпосын зерттейміз деушілерге материал беруді көздеу еді<sup>1</sup>.

Сонымен, советтік фольклор ғылымы, қазақтың әпикалық дәстүрін зерттеу саласында алпыс жылға тарта уақыт бойына, әсіресе соңғы отыз жылдай

<sup>1</sup> Бұл пікірдің жалғасын осыдан кейінгі тараудан қараңыз.

мерзім ішінде бірқатар жұмыстар істелді. Атап айтқанда, қазақ эпосының шығу тәркіні, тарихпен байланысы, дәстүрге қатысы, оның белгілі иұсқаларының ерекшеліктерін айқындау, циклденуі (бұл жайында еңбектің келесі тарауларында айтылады) сияқты мәселелер күн тәртібінен түспей, жан-жақты терендей беру тұргысинах проблемалық зерттеулерге айналып отыр.

Рас, орта мектепке ариалған оқулыктарда, жоғары оқу орындарының студенттеріне ариалған оқу құралдарында, «Қазақ әдебиеті тарихының» томдарында, жекелеген кандидаттық, докторлық диссертацияларда, газет-журнал мақалаларында, кейбір зерттеулерде жалпы қазақ эпосы жайында, кейде нақты эпостар жайлы ариаулар тараулар, бөлімдер беріліп, сез болып келді. Оларда көтерілген мәселелер, айтылған пікірлер жете шешімін тапшығанымен ілгеріде зерттеу жұмысын жүргізе беруімізге негіз бола берері сезсіз.

Дәстүрлі эпоспен қатар соңғы отыз шақты жылда қазақ халқының қазіргі эпикалық творчествосы, оны шыгарушы — ақындар арналы зерттеу нысанасына айнала бастады.

Октябрьден кейінгі жалпы ауыз әдебиеті туралы, оның ішінде эпикалық жыр жайындағы советтік ғылымга үлде қарал, көңіл аударсақ, сонау отзызының жылдардың түсінін бері қарай Қазақстан фольклористері қаламын құргатпай осы тәңіректе де елеулі еңбек еткені айқын көрінеді. Қазақ совет фольклорын зерттеу ісі әдетте халық поэзиясының алыбы Жамбылдан басталса, ендеше сол Жамбыл жайында, Жамбылдың жауынгер ақындар отряды тұрасында М. Әуезов, С. Мұқанов, Г. Мұсірепов, М. Қаратаев, Э. Тәжібаев, Н. Смирнова, Е. Ысмайлов, Б. Қенжебаев т. б. әр кеңдерде келелі пікірлер айтып, олардың ғылым үшін пайдалы саналатын проблемалық мақалаларга айналдырып отырды. Уақыт озған сайын бірте-бірте өркен жайған ақындық творчество, эпикалық поэмалар турасындағы іргетас — сол ойлар кейіннен жекелеген монографиялық еңбектерге, зерттеу жұмыстарына, былайша айтқанда, кітапшалар мен кітаптарға айналып жатты. Бұл жерде біз соңынан пайда болған ғылыми жұмыстардың бірден пайда болмаганын айтқымыз келіп отыр. Жоғарыда аталған авторлардың және тақырыбымызға тікелей қатысы бар тагы басқа зерттеуші әдебиетші қауымның еңбектері осы жұмыстың ұзын-ырга желісінек көрініп отырады. Біз алып

отырган негізгі проблемамың бойынша олардың әрқай-  
сының әр түста жарияланған еңбегіне көніл  
аударып, ой ұлатып, пікір айтып отыруға ұмтылдық.  
Әрине, бір жолы бәрін қамтып болдық, осымен іс та-  
мамдалды деп күні бұрын айтудан аулақпыш.

Біздің дәуірімізде туган сол эпикалық жырлар «Қа-  
зак әдебиеті тарихы» кітабының, «Совет түсіндагы  
қазақтың қалық поэзиясы очеркінің», оку құралының  
тарауы көлеміндегі, кейбір ақындардың, атап айтқанда  
Жамбыл Жабаевтың, Нұрпейіс Байғаниннің, Иса Бай-  
зақовтың, Нұрхан Ахметбековтың, Омар Шипиннің,  
Нартай Бекежановтың, Кенен Әзірбаевтың, Телеу Қеб-  
діковтың, Қайып Айнабековтың, Үмбетәлі Қарібаев-  
тың, Қалқа Жапсарбаевтың, Илияс Манкиннің, тағы  
басқалардың өмірі мен творчестволық жолын зертте-  
ген кезде<sup>2</sup> коса талданып алғынып отырды. Сонымен  
қатар кейбір эпикалық поэмалы өз алдына арнайы  
алып зерттеген жұмыстар да барлығын байқаймыз<sup>3</sup>).

Қазақтың қалық поэзиясының мәселелерін сез ет-  
кен еңбектерде, фольклор мен жазба әдебиетті қатар  
карастырган зерттеулерде, атақты ақындарға арналған  
мақалалар мен кітапшаларда, ақындардың жинақта-  
рына жазылған алғысөздерде, сол бір эпикалық поэ-  
маларға арнайы болмаса да көніл аударылып, атала-  
петкен. Эрине, осы таралтагы кейбір еңбектер, мақала-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетіндік тарихы», Алматы, 1948, 414—435-беттер;  
«Очерки казахской народной поэзии советской эпохи». Алма-Ата, 1955, стр. 195—215; «Қазақ әдебиетіндік тарихы», бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964, 240—274 беттер; «История казахской литературы». Первый том. Алма-Ата, 1968, стр. 286—297; M. Фадуллин, Б. Ысқақов, Қалық аузы әдебиеті. Алматы, 1974.

<sup>2</sup> М. Хасенов. Иса Байзаковтың өмірі мен творчествосы (канд. дис.), Алматы, 1950; О. Нұрмагамбетова. Нұрпейіс Байғанин — советтік дәуірдің жыршысы (канд. дис.), Алматы, 1953; Х. Ишаков. Қазақстанда Совет өкіметін орнату ушін курескен ерлер туралы (канд. дис.), Алматы, 1954; Е. Үсмайлов. Ақындар. Алматы, 1956; М. Жармұхамедов. 1916 жылғы жетерліс қазақтың қалық поэзиясында (канд. дис.), Алматы, 1962; «Қазақ әдебиетіндік тарихы». Бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964 (әрбір ақынға арналған монографиялық тарауларды қарасты); С. Эслілов. Нұрхан Ахметбековтың ақындық өнері (канд. дис.), 1973 т. б.

<sup>3</sup> Н. Смирнова. Об отношении советских казахских ақынов к поэтическому наследству (образ Утеген-батыра в обработке Джамбула). Академику В. А. Гордлевскому. К его семидесяти пяти летию (сборник). М., 1953; М. Гумарова. «Сураини батыр» в персии: Джамбула. «Творчество Джамбула» (Труды отдела народного творчества). Алма-Ата, 1956.

лар өр жылдары қайталанып, жарияланып отырганда-  
ры да бар. Біз олардың бәрін бірдей атап етуді, немесе  
көрсетуді алдымызға міндет етіп қоймадық. Олардың  
ягни толық библиографиялық көрсеткішін беріп, дәл  
осы жерде тегіс тізіп жатуды артық санаңдық. Еңбектер-  
ді талдау үстінде солардың басты-басты дегендеріне га-  
на оқушының назарын аударып өтеміз.

Совет дәуіріндегі ақындық өнерді айтқанда, осы  
заманғы ауыз әдебиетін әдімелеген шақта алдымен  
аузыымызға халық поэзиясынан биік шыңы Жамбыл  
түседі деп жогарыда айттық. Ендеше Жамбыл жайын-  
дагы жазылған алғашқы кітаптардың бірі — «Жам-  
был»<sup>1</sup> атты еңбек (авторлары С. Бегалин, Ә. Тәжібаев,  
М. Ритман-Фетисов). Бұл — Жамбылдың алғашқы  
өміrbаяны туралы екі тілде жазылған очерк-кітап.  
Мұнда да ақынның атақты екі поэмасының аты атала-  
ды, оған көңіл белінеді.

«Өтеген батырды» да, «Сұраныш батырды» да  
Жамбылга дейін Сүйімбай ақын жырлаганы мәлім.  
Ал, Жамбылды алсақ, ол соның негізінде барып жыр-  
лап өткен. Бірақ, қай жасынан бастап жырлагандығы  
жөнінде ақынның жадында дерек сақталмаған. «Өтеген  
батыр» мифологиялық негізге құрылса, «Сұраныш  
батыр» реализм негізінде шыгарылған. Қалай болған-  
да да екі поэманның екеуі де терең мазмұнға құрылған,  
керкем, тартымды, оқушы жүртшылық үшін қызығы-  
лықты. Сондыктан да болар Жамбыл жайында қалам  
тербеген әдебиетші адам ақынның осы екі поэмасын  
атамай, пікір қозғамай өтпейді. Отызыншы жылдарды-  
ңа, аяқ кезінен бастап баспасөз бетінде жарияланған  
ауыз әдебиеті жайындағы материалдардан осыны  
айқын ағаралымыз. Ертеректе жазылған бірлі-жарым  
бұл жөніндегі құнды шілдесі де келтіре кетуді қажет  
деп таптық:

...Халық творчествосының, міне, осындай екі ба-  
тырының өзі-ақ Жамбылдың Октябрьге дейінгі бар-  
бейнесі мен үзақ жылдар жасаған поэзиясының маз-  
мұнын айқындаш береді. Бұл ақын репертуары мен  
жанры жағынан кейір тіленшек, манаптар мен тере-  
лерге жағымпазданып, күн көрген ақындардан ерек-  
шеленіп тұрады. Хандар, төрелер және бектер билеген  
дәуірдегі халықтың өткен тарихына қанагаттанбаган,  
Қоқан хандығының итаршылары-датқа, қазылармен

<sup>1</sup> С. Бегалин, Ә. Тәжібаев, М. Ритман-Фетисов. Жамбыл, Ал-  
маты, 1946.

ымырага келмеген Жамбыл сонымен царизмнің барлық делқұллыларының бұзықтығын бет-жүзіне қарамай аяусыз әшкерелеп, халықтан қолдау тапты. Ол ауыр салықты, әділетсіз сотты, тайпалар мен халықтар арасында дау-жанжал тудырушу төрелерге, манаптарга, бектерге, байларға езінің кекке толы, аңы да әділ суырып салма жырымен қатты шабуыл жасады, сонымен қатар халықпен бірге арманышыл ел, айызға айналған қасіретті батыр және халық қамқоры туралы армандар мен үмітке толы ғажайып жыгарлар шыгарды. Ақын өлең-жырдың екі түрін шыгарғанда езінен бұрын өткен халық ақындарының ең жақсы дәстүрлерін қолданды. Ол өз творчествосының шынайы халықтық мәнін шындық үшін күрескен және дұрыстықты аңсаған халықтар мен сенімді талпынған үрлақтар поэзиясының ғасырлар бойы өшпейтін әрі мәңгі мотивтерінің терең байланыстарынан тапты. Халық поэзиясының осы прогрессивті жасампаздық мәні халық ақыны Жамбылдың творчествосына да арқау болды. Осы тұрғыдан алып қараганда Жамбыл шыгарған «Өтеген туралы», «Сұраныш туралы», «Саурық туралы», «Жапар туралы» және басқа циклдар халықтың белгілі программалық-мақсатты көздеғен идеясының репертуарын құрайды. Бұл жырлардың кейіпкерлері — жартылай аңыз болған батырлар, жәберленген тайпалар мен халықтардың қамқорлары әрі олар үшін бақыт іздеушілер<sup>1</sup>.

Мұнан кейінгі кездерде де жалпы халық ақында-рымен байланысты жазылған мақала, зерттеулерде қалай болғанда орайын келтіріп, әдебиетші-ғалымдар осы поэмаларға екі ауыз жылы сезін айтпай өтіп кеткен жоқ. Ол жазылғандардың бәрін бұл жерде келтіріп, ой жүгіртіп жатудың қисыны аз гой деп ойлаймыз.

Дегенмен бұл жерде айта кететін бір жай, қазақ халқы ауыз әдебиетінің совет дәүіріндегі үлгілеріне үзіле қарасақ, оның даму, қалыптасу процестеріне көз жиберсек, ақындық творчество, ақындық дәстүр басты роль атқаратындығы сезсіз. Осы орайда айтылған толып жатқан тоқтам-тұжырымдар болды, қазіргі заманымыздың әр кезеңінде түйдек-түйдек мақалалар жазылды, яғни ақындық дәстүр жайы күрделі құбылыс түрінде қарастырылды. Өйткені оған репертуар

<sup>1</sup> М. Эузов. Мысли разных лет. («Джамбул и народные ахыны» деген мақалада). Алма-Ата, 1961, стр. 68.

да, орындаушылық мәнері де, поэтика да кіреді ғой. Ол жайында М. Әуезовтың, М. Құратасевтың, Е. Ысмайловтың, Н. Смирнованың, тағы басқалардың ой-пікірлері елеулі. Әсіреле М. Әуезовтың «Жамбыл және халық ақындары» атты біз жогарыда көлтірген мақаласы қазақ совет фольклоры туралы ғылымның даму тарихында айрықша орын алады. Айтса айтқандай ол Жамбыл ақындығының негізгі бастауы ретінде қазақ фольклорының дәстүрлөрін ерекше беліп атайды... Жамбылдың «Манасты», «Көрүгліні», естігені, білгени рас. Бұл қазақтың түркі тілдес көршілерімен ғасырлар бойы байланысын айқындауға септес. Жамбыл «Манасты» да, «Көрүгліні» да ести, жаттай, бойына сініре отырып, ез халқының ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті дәстүрінің күйінде сағасында болды.

М. Әуезов Жамбыл ақындығы қазақ фольклорының ертегі, ағыз, елец-жыр, сол секілді аргыдан келе жатқан ақла ақындар дәстүрінен індерленді дейді. Жамбыл Октябрьге дейін қазақтың ауыз әдебиетінің дәстүрі екі салада: сын-сыққақ, әжуалау және романтикалық ақсау-армандау саласында дамыта түсті. Сондықтан да ол айтыс шебері ретінде болсын, суырып салма сынышы ақын ретінде болсын, үлкен дастандарды айтушы жырау ретінде болсын, революциядан бұрын да жүртқа әбден танылған, атақ-даңқы тараган<sup>1</sup>.

Сондықтан да қазақтың халық творчествосын, оның ақындық дәстүрін айтқан кезде әдебиетші галымдардың қай-қайсысы болса да Жамбылға соқпай, оны атамай, совет заманында туган оның эпикалық поэмаларына кідірмей өтті мүмкін де емес еді.

Баспа жүзін көрген қырқыншы жылдардағы еңбектердің бірі — М. И. Ритман-Фетисовтың «Джамбул Джабаев» (Жизнь и творчество, Алма-Ата, 1946) атты кітабы.

Ритман-Фетисов Жамбылдың ақындық өмір жолын сатылап баяндай отырып, ұлы жыршының эпикалық творчествосына ерекше мән берген. Айтса айтқандай, Жамбылдың революцияға дейінгі творчествосында қазақтың атақты батырлары, ұлт-азаттық көтерілісінің ерлері турасындағы эпикалық поэмалары айрықша орын алады. Ақынның әйгілі шыгармалары (Өтеген батыр», «Сұраншы батыр») қазақ эпосы-

<sup>1</sup> Н. Смирнова. Қазақ совет фольклоры туралы ғылымның даму тарихы. «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 27-бет.

ның дәстүрімен жанды байланысып жатқанымен көп жағдайда айырмашылығы да бар еді. Ақын ауыз әдебиетінің мұрасын творчестволық жолмен жете менгере отырып, еліктегіш әсерге бой үрмай, өз зуенімен келгенин айқын байқауға болады. Сейтіл, Жамбыл эпикалық шығармалардың майталман шебері, білгірі есебінде соны ізбен жүріп, өз дауысын танытты.

Автор аталаған кітабының тарауында сонымен бірге батырлық эпостан эпикалық поэмалардың айырмашылық ерекшелігін көрсететін көркемдік элементтерді Жамбылдың «Өтеген батыры» мен «Сұраншы батырынан» ұшырату қыны екендігін орынды келтіреді: «Мұнда дәл корытылған, дәстүрлік үлгіден арылған сюжет бар: авторға мәлім тарихи оқигаға сәйкес өрекет дамытылып отырады. Кейіпкерлердің міnez-құлқы баяндалатын әрекеттердің барысында қалыптастырылады, көбінше олардың қылышынан, жаумен соқтығысуынан көріледі. Поэмалар композициялық құрылышы жағынан ерекшеленіп тұрады және автордың жеке творчестволық қолтаңбасы, езіндік тәсілдерін көрсетеді. Сайып келгенде, эпикалық баяндау дәл бір ізділікпен дамиды, автордың кездейсоқ оқигаларды, қосалқы көріністерді шығарып тастануына әрі ең басты нәрсеге назар аударуына мүмкіндік болады»<sup>1</sup>.

Ритман-Фетисов мұнан кейін «Өтеген батыр» мен «Сұраншы батыр» поэмаларын өз алдына жеке алып қарайды. «Өтеген батырга» тоқталған кезде автор позманың революцияға дейінгі иұсқасын баяндейды. Ақынның Советтік Қазақстанды қосып айтқан жаңа редакциясын сөз етеді. Өтеген образын айта келіп, мынандай көтеріңкі леплен тұжырымдайды: «...Жамбылдың романтикалық бояуы жағынан горькийлік Данкоға өте жақын келетін өзіндік туындысын көрсетеді. Аңыз болған Қорқыт пен Асан Қайғының бақытты елді іздеуі Өтегенге ұқсас, бірақ олар Жамбыл поэмасының шынайы рухын құрайтын халық бақыты үшін күрес-кердей, жарқын әдеби кейіпкердей өзіне тартып тұрмайды»<sup>2</sup>.

«Өтеген батыр» тәрізді «Сұраншы батыр» поэмасы да дәстүрлі беташармен басталады да ақын сол өткен дәуірді суреттеуде жалпы сипаттаумен шектеліп қал-

<sup>1</sup> М. И. Ритман-Фетисов. Джамбул Джабаев. Алма-Ата, 1946, стр. 82.

<sup>2</sup> Соңда, 87-бет.

май, ертеде езіліп, аяусыз жаншылып қалған халықтың екілдерін, яғни кейбір өміршең образдарды кескіндейді. Поэмадагы Сұраншы образы кәдімгі қас батырларға тән қасиетте сипатталады. Жорықта шығар алдында оның жауынгер жігіттерге арналған сөздерін, меселен, қазақ эпосындағы дәстүрден алған жайлар деп қарағанымыз жен. Сұраншы батыр тәрізедес ертедегі Қобыландыны, Ер Тарғынды т. б. еске тусырға қарайықшы...

Автор поэманиң идеялық мазмұнын ашып, орыс халқының қазақ еңбекшілерімен қалай достасқаның айтып, Сұраншы образын ақынның қалай дәріптегенін көлтіре отырып, ең соңында байлаша түйін жасайды: «Сұраншы батыр» — көркемдік мәнерлілігі, идеялық мазмұнының тереңдігі, сезімдік толық қандылығы жағынан революциядан бұрынғы қазақ әдебиетінің аса кернекті туындысы. Жамбыл өзінің заманасы, бір кезде Сүйімбай да жырлаған Сұраншы батыр катысқан Жетісудағы үлт-азаттық күресінің шыныайы көрінісін суреттеуде үлкен азаматтық сезімталдығын танытты. Ақын жалған идеалдастырудан аулақ бола отырып, тарихи қайраткердің, сонымен бірге халық мұддесі үшін адал күрескердің өзіне тән шыныайы бейнесін жасады<sup>1</sup>.

Ритман-Фетисов, сонымен, Жамбылдың елдің ең қадірлісі, асыл азаматы болып, өз дәуірінің зор адамдары санаған санағын ерлері — Сұраншы т. б. эпикалық жырына қосқыны мақтанышпен атап, орыс оқушыларына қазақтың осы сияқты ерте заманда батырлары еткенін әдебиетшілер легінен алдыңғы таралта насиҳаттап пайдалы іс істеді.

Фольклор зерттеушілерінің енді біреулері жүре бара әйгілі осы екі поэманиң жеке-жеке арнайы алып қарастыра бастады. Сондай еңбектің бірі — проф. Н. С. Смирнованың «Об отношении советских казахских ақынов к поэтическому наследству» (Образ Утеген-батыра в обработке Джамбула)<sup>2</sup> деп аталатын кітабы.

Автор өзінің осы мақалаларында Советтік Қазақ-

<sup>1</sup> М. И. Ритман-Фетисов. Джамбул Джабаев. Алма-Ата, 1946, стр. 89.

<sup>2</sup> «Сб. акад. В. А. Городлевскому (к его семидесятипятилетию)» М., 1953, стр. 243—252. Н. Смирнова («Отеген батыр» жайына екінші рет қайтада оралып, мақала жариялады. Оның аты — «О составе эпических сказаний про Утегена»), («Ученые записки КазПИ», т. 13. 1958).

станның ақындары өткендеңі демократиялық фольклордың озық үлгілерін біздің дәуірімізде қайта қарал, жаңғыртып отырганын, сол пайда болған жаңа версиялардың, совет елінің бүкіл халық творчествосы секілді, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбие-леуде пайдалы іс екендігін айтады. Осының мысалы ретінде «Өтеген батыр» жырын алады.

Н. Смирнованың сол зерттеу еңбектерінде бұрыннырақта атап айтылғанындей<sup>1</sup>, Өтеген батыр жайындағы әңгіме-ақыздарының соңғы екі жұз жыл ішінде қалай қайта жасалып және қалай дамып келгендігі келелі сөз болады.

Өтеген жөнінде XVIII ғасырдан бастап әңгіме-ақыздар шығарыла бастады. Ол кезде Өтеген өзінің туған жерін жоңғар феодалдарының басып алуынан қоргаушы болып, елге атағы шыққан. Әңгіме-ақыздары басты образ қазақтың батырлар жырының дәстүrine тән шеңберде жасалған. Бірақ кene дәуірден келе жатқан батырлық эпоспен салыстырып қарagan уақытта бұл халық өнерінің жаңа түрі болды. Өйткені ол белгілі бір тарихи дәуірді, белгілі бір тарихта болған адамды суреттейді. Осы әңгіме-ақыздардың нағыз үткісі болып көп тараған жері — Жетісу өлкесі. Оның Россияға қосылуымен байланысты Өтеген жайындағы со бір әңгіме-ақыздар толып жатқан өзгерістерге ұшырайды. Бұрыннаң белгілі болғандары өзгеріліп, жаңадан шығарыла бастайды. Қалай болғанда да Өтеген ел үшін бел шешініп күреске шығып, кедейлердің мұңын мұңдал, жоғын жоқтайды. Жаңаша мазмұнды анығырақ ашып көрсету үшін әңгіме-ақыздар ертегі түрінде де, өлең түрінде де қалыптасып отырады.

Совет дәуірінде сол әңгіме-ақыздар қайта қаралып, жаңа жағдайларың ынғайына сәйкестендіріледі. Кейбір ақындар (Жамбыл Жабаев, Жаужүрек Қаражанов) «Өтегениң» жаңа нұсқаларында өткен заманмен осы дәуірді қатар қойып салыстырып, социализмнің артықшылығын маңтаныш етеді.

Сейтіп, осы зерттеуде үстіміздегі ғасырдың 30-40-жылдарында шығарылған Өтеген жайындағы поэмалың версиялары да (1937 жылғы нұсқа) сөз болады. Октябрьден кейінгі жерде Жамбыл жырлаған «Өтеген батырдагы» жаңаша образ жасалыну жолдары әңгі-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960, 87-бет.

меленеді. Ақын Өтегең образын, социалистік Қазақстан образын суреттегендеге дәстүрлік эпостан нені пайдаланды, жақадан қосылған жерлері қайсы?— деген сауалдарға жауап беріледі. Сонымен бірге жырдық көркемдік бейиелеу тәсілдерінің кеңінен қарастырылуы да оқушының көңіліндегі жагымды әсер қалдырады. «...Ақын бұл вариантында біздің социалистік шындығымызды мақұлдайды да еткенге сын көзімен қарайды. Сондықтан ол жасаған Өтегенниң образы Октябрьден бұрынғы версияларына тән патриархальдық-феодалдық сарқыншақтардан тазарған. Дәстүрлі образдарға қарағанда рухани және ойлылық жағынан толыға түскен. Өтеген аса жогары саналылығымен, үлкен азаматтығымен ерекшеленіп тұрады. Формасының сәйкес келмеуінен жаңа мазмұн мен дәстүрлі композиция және поэтиканың үйлесімі болмады. 1937 жылғы вариантында ескі формалардың жойыла бастауы мен жаңа формалардың пайда болу процесі өтеді. Ескіні жаңа жөнеді»<sup>1</sup>.— деп айтқан Н. Смирнованың пікірімен әбден келісуге тұра келеді.

Жамбылдың «Сұраныш батыр» поэмасы да арнайы зерттеліп, орынша, қазақша жазылған еңбектерде жарияланды<sup>2</sup>.

Бұл поэма Жамбылдың Октябрь революциясына дейінгі шығармаларының ішіндегі ең ірі екендігін айтып, автор XVIII — XIX ғасырларда Жетісу өлкесіндегі қазақтардың басынан кешкен жағдайларына тоқталып, соган назар аударады. Олай болу себебі, ақыл шығармасының прототипы — Сұраныш батыр со бір кезде өмір кешкен адам екендігі тарихи деректерден мәлім. Сондықтан да ол дәуірге қысқа болса да шолу жасалып, архив документтеріне сүйене отырып, Сұранышың тарихи қайраткерлігінің баяндауы орынды.

Одан әрі қарай М. Ғұмарова Сұраныш батырды Жамбыл не себептен жырына қости?— деген сұрақта жауап береді. Тарихи мәліметтер бойынша Сұранышының өз басының біраз қайшылықтары бар екендігі көлтіріледі. Тарихтагы Сұраныш мен Жамбыл жырланған Сұранышы салыстырылып, қатар алынып, қарастырылады.

<sup>1</sup> «Сб. акад. В. А. Гордлевскому (к его семидесятипятилетию)», М., 1953, стр. 252.

<sup>2</sup> М. Ғұмарова. Жамбылдың «Сұраныш батыр» дастары тұралы. «Қазақ ССР ғылым академиясының Хабарлары», 1971, № 5.

Жамбыл бұл поэмалың негізгі арқауы етіп Қоқан бектерінің өктемдігіне қарсы күрсекен жалық батырларының ерлігін алады, бірнешеуінің қаһармандық істерін жинақтап, бір образ жасайды. Жамбыл жырлаган Сұраншы жинақтық образ. Халық идеялын бір қаһарманға топтастырып бергенмен туған бейне. Ақын өзінің жырында өмірдің шынайы шындығын тәптіштеп, тәртіппел, соның түйінді сипаттарын қорытындылап алған, деген пікір айтады автор.

М. Ғұмарова мұнан кейін Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмасын XIX ғасырдың 70-жылдарынан айта бастаганын, ал 1938 жылы акын бұл шығармасының қайта оралып, жаңғыртып жырлаганын көлтіреді. Оның жаңа идея, жаңа мазмұн беріп, ерлік дәстүрмен қатар өз шығармасында халықтар достығын қамтығандығын тартымды сөз етеді. Осымен байланысты орыс пеш қазақ халықтарының арасындағы қарым-қатынастық қайнар көзі, Сұраншы, Жагордың іргелі істерінен ынтымақ идеясы айқын көрініп, тарихи шындық бағындалады. Сұраншы образымен бірге жырда Жагор образы суреттеледі. Ол реалистік түрде айтылған, шектен тыс әсірелеу, қиялдау жоқ, образдар өмірге жанасынды, сенімді етіп беріледі, тарихи шындықпен орынды қабысып отырады. Жамбыл бас-қа батырлық зәостардағы тәрізді белгілі зандалийқыты бүзбай, сақтай отырып, эпикалық түрлі әдіс, тәсілдер арқылы сол образдарды қалай күштеп отыратындығын мақала авторы дұрыс аңғартқан.

Еңбегінің ең соңында М. Фұмарова «Сұраншы батыр» поэмасының ежелгі ескі әпостан негізгі ішкі өзгешеліктерін ашқан: бұрынғы батырлар жырындағы образ жасау әдістерін ақын жаңа шындық бейнелі суреттеулермен толықтырады. Ертедегі әпостық жырларда батыр дүниеге келген күнінен-ақ ерекше бір тулға ретінде суреттелсе, ал Сұраншының батырлығы аскер басы атанаңп, ел қорғаған ер болып, жауға аттанған шағынаң басталады. Жамбыл батырдың өзі жеке басына тән өмірін әңгіме желісі етіп кетпей, оның халықта қорған, елге қамқор болған ерлік ісіне ғана тоқталады.

Автордың сонымен биргес жырдагы жағымды образдармен шектеліп қалмай, жағымсыз образдар: Құдияр, Орман образдарын Жамбылдың қалай етіп кескіндегенін корсетіп беруі де көніл қолрлық. Сейтіп, М. Гүмарованың Жамбыл поэмасына кеңінен әдеби талдау жасап, здейі тоқтағанын құптаімыз.

Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» поэмалары осында жеке бөлініп зерттелуімен бірге басқа жырларының қатарында қоса да алынып қаралды. Қазактың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінде 1948 жылы Қ. Тұрганбаев «Жамбылдың батырлық жырлары» атты кандидаттық диссертация қорғап, ол ақының осы атақты екі жырына тоқталған болатын. Мұнымен бірге Жамбылдың «Ворошилов туралы поэмасы», Совет Армиясы, Отан соғысы, Лениниң батырлық образы, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлары қоса қамтылған еді. Қ. Тұрганбаев атамыш осы еңбегінде архив, тарихи деректерге сүйене отырып, ВКП(б) және КК (б) П Орталық Комитеттерінің 1946 — 1947 жылғы қаулы-қарарларын негізге ала отырып, Жамбыл жырларын зерттеудегі қате-кемістіктерді сынаған.

Жалпы алғанда, Жамбыл поэмаларын — өмірдің езінен алғынған, соның шындығынан пайда болған реалистік қазына деп қарасақ, ал оны зерттеуге келгенде халықтың басынан кешкен тарихымен, әдеби мұрасымен байланыста алуға тұра келеді. Сондықтан да жалғыз Жамбылдың жырларын ғана емес, өмір тарихымен, замана жағдаймен байланыста туған басқа да халық ақындарының эпикалық поэмаларын осы тұрғыдан алып қарған жән болады. Ондай туындылар Нұрпейістің, Исаңың, Қененнің, Нұрханның, Қалқаның, Омардың, Қайыптың, т. б. ақындарының творчествосынан елеулі орын алады.

Қашанда ақындар атаулы, «Алатай ақсақалы», атамыз Жамбылға суреткерлігі үшін дан риза. Оның сол қасиетін қастерлердеген, кең де терең зерттеген жеке еңбек те жарық көрғен болатын<sup>1</sup>. Осы авторлар кол-лективінің еңбегіне енген материалдар ақын лабораториясының әр қырын сарапқа салуға құрылған: ақын шыгармаларының туу процесі, түп тұлға (пробраз) және образ жайы. Оған қоса Жамбылдың бейнелеу жүйесі, яғни батырлық, лирикалық, дидактикалық образдар, жеке адам тұлғасы, халық тұлғасы, дәүір көлбеті, табигат суреті, тарих кескіні, т. б. гылыми тұрғыдан баяндап болған. Кітапта сонымен бірге Жамбылдың поэтикасының жаирлық жан-жақтылығы

<sup>1</sup> «Творчество Джамбула». Алма-Ата, 1956. Авторлар құрамы: Гұмарова М., Ерзековиң Б., Жароков Т., Жантекесев З.. Нұрмұғамбетова О., Сильченко М., Смирнова Н. (жауапты редакторы), Сидыков Т., Хасеноп М. т. б. стр. 97.

зерттелген, ақын творчествосының ауыз әдебиетінің дәстүрімен, қазақ совет әдебиетінің тың дәстүрімен ара-қатынас, байланысы жайлы қорытым-байламдар жасалған...

Жоғарыдағы жинақты құрастыруышылар жалпы қазақ фольклоры мен сұрып салғыштық дәстүрлі өнер түйілісінде қалыптасқан Жамбыл жыршылдығының жаңа улгісіне баса назар аударды. Шеберліктің жаңа сапалы сипаттарын айқындау, дәстүрдің дамуына Жамбыл таланттының жасаған ықпалы, қосқан үлесі, сондай-ақ дәстүрді Жамбыл өнерінің нәрлеңер бастауы, қорланар көзі деп таныту — жинақтың алға қойған мақсаты, қозғаган, қорыттым айтқан теориялық негізгі мәселесінің бірі болатын.

Сонымен, «Творчество Джамбула» жинағы Жамбыл творчествосының Октябрь жеңісінен соңғы жаңа жағдайда қалай қанат жайғандығын, халық жыршыларының өнерлік өмірінде сапалық қандай өзгерістер болғанын дәйектеп, оның одақтық, әлемдік мәнін анықтау мәселелері саласындағы сұрауларга тиісті жауабын берген<sup>1</sup>.

Жамбылдан соң аталатын халық ақындарының ішіндегі көрнектісі, басты тұлға — Нұрпейіс Байғанин. Ол — эпик ақын ретінде де басқа қырымен кепке танылған ауыз әдебиетінің дүлдүлі. Фольклор зерттеушісі О. Нұрмагамбетованаң «Нұрпейіс Байғанин — советтік дәуірдің жыршысы» деп аталатын кандидаттық диссертациясында (1953) ақынның эпикалық жырларына, яғни оның идеялық мазмұнына, образдарына, көркем тіліне, сез тіркестеріне талдаулар берілген.

Ертеде ел ішінде көбірек айтылып, ауыздан-ауызға тимей жатталып, кешіп жүрген «Нарқызы», «Құбығұл» ақыздарын дәстүрдегі қалмақ шабуылы тақырыбына байланысты шеңберде алып, Нұрпейістің біздің заманымызда оның жаңа иүсқаларын шыгарғандығы белгілі. Кешегі болып еткен Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Нұрпейіс өзінің патриоттық еткір өлөндерімен ғана көзге көрініп қойған жок, ол осы кезеңді эпикалық поэмаларында да арнаулы тақырып етті. Совет Одағының Батырлары — Төлеген Тоқтаровтың, Нарсұтбай Есболатовтың со бір сұрапыл кездегі қисапсыз ерлік істері «Жиырма бес», «Ер туралы

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 55-бет.

жыр» тәрізді ақын туындыларында орынды жырланды. О. Нұрмамбетованың «Нұрпейіс поэмаларын алғаш рет кең көлемде осылайша сез етіп, ақынның қазақтың халық поэзиясына қосқан елеулі еңбегін, зор улесін айтып беруі сезсіз пайдалы. Автордың кейініректе жарық көрген «Қаһарлы сез қамал бұзады» (1965) атты кітапшасында да Жамбыл тагы басқалардың творчествосымен катар Нұрпейіс шыгармалары айтылады. Еңбектің екінші бөлімінен «халық ақындарының жырлары» деп ат қойылғанымен негізін алғанда Н. Байғаниннің эпикалық жырлары, елеандері әңгімеленеді.

Н. Байғанин Отан қоргау тақырыбын бұдан ерте-ректе, үстімізегі гасырдың отызынши жылдарының ортасынан бастап жырлайды. Халықаралық жағдай-дың нағыз бір шиеленісін тұрған тұсын, мәселен, Хасан көлі, Халкингол маңындағы болып еткен оқиғаларды эпикалық поэмаларының арналы арқауы етеді. Хасан көлінің маңындағы оқиғадан алып жырлаган ақынның «Комиссар Пожарский» сол бір қаһарлы жылдардағы батырлық пен ерлікті дәрілтеген, совет адамының батыл қимылын көрсеткен туындыларымен («Капитан Гастелло», «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» т. б.) келіп ұштасып жатты. Автор осыны орынды айта отырып, езінің зерттеу еңбегінде сол дәүірде пайда болған эпикалық творчествоның бойына сіңген заңдылықты дұрыс ашып береді.

Ақындардың эпикалық жырлары жайын әңгімелеген шақта Н. Байғаниннен кейін Иса Байзақовтың аты ауызға тез ілінеді. Осы орайда сол кезге дейінгі әдебиетшілердің көбірек көніл бөліп, эпикалық поэмалар сез болғанда баса назар аударғаны да — И. Байзақов. Әдебиет зерттеушісі М. Хасенов ақынның өмірі мен творчествосы жайында аринайы еңбек жазып, 1950 жылы филология ғылымының кандидаты деген гылыми дәрежеге ие болған. Осы еңбегінде және сонан кейінгі жылдарда жарияланған зерттеу әңбектерінде И. Байзақовтың эпикалық поэмалары желілі түрде орынды сез болып келеді.

Ақынның аяқталмай қалған «Қырмызы — Жанайын» қосқанда ол осы жанрда өндірте еңбек етіп, жеті поэма шыгарған екен. Олары окушы жүртшылықта кеңінен мәлім болып, озінің әдеби бағасын алған.

М. Хасеновтың зерттеуінде Иса поэмалары тақырыбы жағынан мына сияқты салаларға болашақпен қара-

лады: ертедегі сл аңзынаш алынғандарына — «Құралай сұлу», «Қойшының өртегісі», «Алтай аясында», «Кавказ» поэмаларын жатқызса, «Ақбөле» мен «Қырмызы — Жанайыда». Октябрь алдындағы қазақ ауылшыдагы тап тартысы суретtelіп, бұрынғы поэмаларындағы тақырыпты қайталамайтындығы айтылады. Ал жаңа тақырыпқа арналып шыгарылған «Онбір күн, онбір түн» деп аталағын сюжетті поэмасында ақын қазіргі дәуірді — советтік өмірді шынайы түрде жырлап беретіндігі келтіріледі.

Автор онаң әрі қарай Исаңың ауыз әдебиетінде сюжетті поэмалар жасаудағы орнына, шыгармада арқа болған оқиғага, ақынның қолдағын шебер әдістеріне тоқталады.

И. Байзақов поэмаларының тақырыбы — ескі өмір, сюжет желісі — ел аузындағы өртегі-ақыз, ал ақын сол ескі әңгіменің сүрлеу, соқпақтарын негіз етіп алады да, оған өз қиялышан жаңа оқиғалар, жаңа жағдайлар қосып желілі поэма етіп шыгарады. Бұл оның, әсіресе, көне тақырыпқа арналған шыгармаларына тән қасиет екендей автор еңбегінде дұрыс ашып көрсеткен. Сонымен бірге Исаңың ескі тақырыпқа баруының да себептерін, көздерін дәл байқаган.

Айтылып еткен осы уш ақын, яғни Жамбыл, Нұрнейіс, Иса эпик-жыршы ретінде де Е. Ысмайловтың «Ақындар»<sup>1</sup> деп аталағын кітабында зерттелген. Осыларды уш түрлі ақындардың типтеріне жатқызған автор олардың әркездерде шыгарылған эпикалық поэмаларына талдаулар беріп, ерекшеліктерін көрсетеді, шеберліктері жайында пікірлерін білдіреді. Ақындар творчествосы, әсіресе Жамбыл творчествосы қазақтың дәстүрлі және совет фольклорының, қазіргі жазба поэзияның жалпы проблемаларымен байланысты қарастырылуы, яғни бізге керегі оның поэмаларының басқа да жазба әдебиеті өкілдерінің туындыларымен салыстырыла алғынуы, осы еңбектің шоқтығын көтерген ұттымды жағы болып саналып жүр.

Былайша ауызекі айтылып, баспасөз бетінде жазылып жүрген дарындылар жайындағы ой-пікірлерді түйгенде, Жамбылды зерттеушілер ақынның жаңа жыр шыгарғыштық өнері мен ауыз әдебиеті дәстүрінің ара-қатынасын анықтайды. Дастан енді қазақ фольклорының барлық жанрларының, поэтикалық образдар мен көркемдік бейнелеу құралдарының

<sup>1</sup> Е. Ысмайлов. Ақындар, Алматы, 1956.

әшейін бір жиынтығы болып қалмайды. Дәстүрден қазақ халық поэзиясына тән суырып салмалық қасиетті іздеу, зерттеу қажеттігі туады да, Жамбылдың суырып салма ақындық өнерін зерттеу ісі біртіндеп нақтылаша береді, терендей түседі.

Жамбыл ақындығын зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып, зерттеушілердің қай-қайсысы да белгілі бір ақын творчествосын талдау үстінде сол ақынға ғана тән сипаттарды ерекше екшеп көрсетеді, ақындық типтерді даралап алуға тырысады. Нұрпейістің эпикалық, ерісті жыр төгуге оқтайлылығы мен кесек батырлық тұлғалар жасауға, көсіле толғауға ден қоюы, Исаинұ үшті лирикалық таланты мен табандада сез тапқыш шеберлігі, сакналық ойнақылығы, желінді шабты әрқайсысының тек өздеріне ғана тән өнерлік елшемдер<sup>1</sup>.

Ақындардың эпикалық шығармаларының жанрлық құрамын (ескі дәстүрлі эпосты қайта жырлап беру, оның жаңғыруы, эпикалық жырлар, поэмалар) айтып, батырлық эпос совет дәүірінде түбірімен өзгерген жаңа жағдайға кездесті деген Н. Смирнова пікірлері де<sup>2</sup> елеулі.

Бұрынғақ айтып еткеніміздей, сол ақындардың осы дәүірде шыгарылған эпикалық поэмалары жөнінде баспасез бетінде, яғни ғылыми жинақтарда, газет-журналдарда толып жатқан мақалалар, сын-рецензиялар жарияланып, улкенді-кішілі пікірлер болғандығы жүртқа мәлім. Олардың бәрін бірдей қамту үүл жерде мүмкін емес. Сондықтан, мұнан былай коллективтік еңбектердегі әр жылдарда басылып шықкан ақындардың эпикалық жырлары турасындағы талдау ойларға назар аударамыз.

Совет дәүірінде жазылышп, жарық көрген коллективтік күрделі еңбектің бірі — «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1948 жыл, I том) фольклорды зерттеуге арналған. Онда совет фольклоры (Е. Ысмайлов) алғаш рет жеке тарау ретінде алынып, қарастырылған. Қазақ совет фольклорының басқа шығармалары тәрізді ақындардың эпикалық жырлары да заманымыздың әр дәүірімен байланыста әңгімеленеді. Әсіресе, «Ерлік туралы жырлар», «Халық әдебиетіндегі Аман-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 35—37-беттерді қарасты.

<sup>2</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960, 305—307-беттер. Н. Смирнова. Казахская народная поэзия. Алма-Ата, 1967, стр. 125—128.

келді образы», «Отан соғысы кезінің жырлары» атты бөлімше тарауларда ақындар шыгарған эпикалық поэмалар сөз болады.

Автордың байқауынша, қазақтың халық әдебиетінің дамып келген ежелгі бар жақсы дәстүрі, салты — жауынгерлікті, батырлықты ардақ тұтып, жырга қосу болса, ол Ұлы Отан соғысының қарсаңында және сол соғыс кезінде әпостық кең көлемге көтеріліп жырланған. Мәселен, азамат соғысы, Октябрь революциясының әперген ұлы жеңісі жолындағы күрес туралы құрделі туындылар — Ворошилов, Буденный, Чапаев және қазақтың большевик батыры — Аманкелділер бәрі шын мәнінде, әпостық дәстүрлі сарынмен салалы түрде дәл осы дәүірде жырга айналды.

Е. Ысмайылов, алайда, олардың дүниеге бірден келмегенін айтып, екі түрлі фактіге кеңіл беледі: бірі — ерлік туралы ауыз әдебиеті алғашқы дәуірлерде ұспақ жыр, толғау түрінде болып келіп, соңғы дәүірде ұлғая береді, сюжетті жырга ұласады. Екінші — ерлікті жалпылап айтудан гөрі белгілі батырдың өзін жырлауга көшеді, нақты образ жасау кезеңіне жетеді. Міне, осылар қазақтың халық поэзиясының сан жагынан, енді құрделі сапага айналып келе жатқан есу жолы екендігі еңбекте дұрыс көрсетілген.

Онан әрі автор Жамбылдың «Ворошилов туралы поэмасы» мен Нұрпейістің «Комиссар Пожарскийнің» тоқталып, қысқаша сюжеті мен идеясына назар аударды. Осы теңіректе басқа ақындардан Нұрпейістің әдіей беліп алып, оның ескі әпосты айтқыштығын, жырлағыштық қасиеттерін даралап қарайды. Сонымен бірге Нұрпейіс поэмасында да соғыста қолданылған техниканы суреттеу, соңынан Отан соғысы түсындағы тұған поэмалар сияқты ақындық тәсіл, әдістер көркемдігі жағынан жаңа белеске көтеріле алмaganын сынайды. Бұл екі түрлі себептен болғаны аңғарылады: бірі — ақындар сол айбарлы техникалық құралдардың атын оқығаны, немесе естігени болмаса, өзін сол қалпында нақты, дәл білмейтіндігі. Екіншіден, біздің заманымызда материалдық өмірдің дамуы, творчестволық саланың дамуынан анағұрлым жылдам, озық, алға кетті. Самолетті әлі күнге, қыранга, бүркітке, кейде аққуға ғана теңеумен келуі, шын затты өзінен кейінге теңеп, әсірелеп, әсіріп бере алмаған фактіні көрсететіндігінен,— деп көлтіреді автор.

Е. Ысмайылов сонымен бірге, сол ерлік туралы поэмалардың тағы бір ерекшелігі деп, тақырыбының,

геройларының тек қазақ көлеміндеған қалып қоймай, интернационалдық сипат, мағына алып заңды түрде дамып отыргандығын айтады. Осы тарапта орыс жыршылары болса Чапаевты, ал украина кобзарълары Щорсты эпостық көлемде көтеріп жырлады. Қазақ елінің ақындары Аманкелдің қадір тұтып, эпикалық поэмалардың басты қаһарманы етіп алғандығын орынды көтергенд.

Автор еңбегінің жалғасында Аманкелді жайын арийасы сез етіп, Сүлеймен Садуақасұлының, Омар Шипиғаннің, Сәт Есенбаевтың осы батырдың ерлік күрестерін суреттеген поэмаларына тоқталып, олардың өзара ерекшеліктері тұрасындағы пікірін ортага салады.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі жырларды айтқанда, со дәуірде шыгарылған ҳалық ақындарының эпикалық поэмаларына қысқа болса да шолу жасайды.

Е. Ысмайлов қазақ совет фольклорының ішінде осы замандағы эпикалық поэмалардың жайын алғашқы лекте гылыми көзқараспен айта отырып, өз тошшылауларын білдірді. Демек, совет фольклорында әр ақынның творчестволық ролі, даралық ерекшелігі айрықша орын алады. Оны белгілі ҳалық ақындарының творчестволық жолынан, мәселең, талдауға алынған Жамбыл, Нұрпейіс, Омар, Сәт, Жақсыбай, тағы басқалардың эпикалық поэмаларынан көреміз. Онда әрбір ақынның шындықты танып, көркемдеп беруде өзіндік стиль, шыгарушылық қабілеті, ерекшеліктері бар. Бірінде дәстүрлі ескі жыр салты көбірек орын алса, екіншінде жазба адебиет әсері байқалады. Үшіншінде жаңа тақырылға лайықты, жаңа эпос үлгісін жасау ернегі сезіліп тұрады, делінген.

Сонымен, автор бұл еңбегінде еліміздің өзге де қалықтары ауыз адебиетімен қатар алып қараганда біздің осы дәуірдегі тұма фольклорымыздың қандай айырма, ерекшеліктері бар, соны анықтауды алдына алғаш ігі мақсат етіп қойған. Бұған мысал ретінде мына фактін көлтіреді. Ҳалық адебиеті өкілдері — ақындардың творчествосында героикалық-эпикалық жаңырдың қанат жайып, биіктеуінс азamat соғысының Фрунзе, Чапаев, Ворошилов, Буденый тәрізді қолбасшы-командирлерінің образдарымен қоса, қазақ ҳалкының Аманкелді, Жанкелдин секілді ардагер, батыр-сарбаздарының образдары да, яғни орыс большевиктерімен қоян-қолтық жұмыла отырып, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында еңбекшіл бұкараны ре-

волюциялық күреске бастаушы қазақтың жалынды большевиктерінің образдары да ықпал еткенін орынды көрсеткен. Е. Ысмайылов еңбегінде осымен бірге ауыз әдебиетіндегі ежелгі дәстүрлік жанрлардың тағдырына, яғни белгілі бір езгеріске ұшырауда образдардың жаңа сипатына да барынша барлау жасаганы байқалып отырады. Мәселен, қазіргі дәуірдегі эпикалық жырларда социалистік жаңа типтегі адам жаңа алып техниканың, қазіргі советтік құрылыштың құдіретті тың тұлғалары мен асыл тұрпаттарын қалай игеруде, соған жауаптар қайырылған.

Осында айтылған ойлар, келтірілген тұжырымдар кейінгі еңбекте кеңейтілген, терендептілген. Ол — қомақты шолуы мен талдауы аралас, алғашқы жігі біраз ажыратылған — қатар қалам тартқан Е. Ысмайылов пен Н. Төрекұловтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» (бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964)<sup>1</sup> кітабындағы жазған тарауы.

Мұнда «Халықтың дастандар» деген жалпы ат қойылғанымен дәстүрлі дастандар мен ерлік жыр үлгісін сақтаған жаңа поэмалар деп қатар атау алынған. Ілгерігі еңбекте кеткен ақаулықтар (поэмаларды түріне қарай жіктеуде, поэтикалық процестерді көрсетуде) бұл еңбекте негізінен ескерілген.

Авторларша айтқанда, сол біздің дәуірімізде туған дастандардың тақырыптық, ішкі жанрлық ерекшелігі жағынан іріктеп, сұрыптал, «Революциялық күресті жырлаган дастандар», «Ұлы Отан соғысының батырлары туралы дастандар», «Тарихи поэмалар және азыз-әңгімелерге негізделген дастандар», «Социалистік еңбек ерлігін суреттеген дастандар» делиңген топтарға жіктелген. Сейтіп барып көрнектілерінің кейбіреулеріне шолулар, талдаулар жасалынған. Жетіп жатқан жерлерін, кем соғып, олқы болған тұстарын көрсетулері де көңілге қонады. Сол эпикалық туындылардың бірқатарының ара айырымының жете ашылмауларына қарамастан бұл колективтік зерттеудегі арнаулы тарау со кездегі фольклор ғылымының талап-тілек дәрежесінен келгенде өз міндеттерін ақтап шыққан.

Ел игілігіне айналып, халық мұрасына жараган

<sup>1</sup> Авторлар құрамы: Е. Адамбаев, А. Ақмұқанова, Ш. Ахметов, М. Әуезов, Р. Бердібаев, М. Габдуллин, М. Ғұмарова, А. Жубанов, М. Қаратаев, О. Нұрмагамбетова, Ә. Рахымжанов, К. Сейдеханов, М. Сильченко, Н. Смирнова, Т. Сыдықов, Н. Төрекұлов, Б. Уахатов, Б. Ысқақов, Е. Ысмайылов. Жалпы редакциясын басқарған — М. Қаратаев.

осы эпикалық поэмалар «бір жағынан бұрынғы ауызша және жазба әдебиеттің ең жақсы эпикалық, лирикалық үлгілерін бойына сақтай отырып, екінші жағынан идеялық көркемдік мәдениеті өсken қазіргі қазақ совет поэзиясының жаңа дәстүрі негізінде жетіліп» келе жатыр. Оның жеке тақырып болып осылай зерттеліп отырганы, болашақта осы поэмаларды эпикалық дәстүрмен байланыста алып, монографиялық тұрғыдан қарауга берік иегіз, атап айтارлық алғапқы адым болды.

Ақындық өнері дамуының заңдылығын зерттеу проблемасы осы дәуірде күн тәртібіне қойылды дедік. Халық поэзиясының жанры — ақындардың эпикалық поэмалары мен толғаулары, көлшілікке кеңінен таралған өлеңдер, олардың музикалық ауені жіңі сез болады. Сол сияқты фольклордың тақырыптары мен образдарына тоқталу үстінен ақындардың творчестволық әдісінің ерекшеліктері, халық поэзиясының әдебиетпен қарым-қатынассы қарастырылады. Совет түсініндағы қазақтың халық поэзиясына арналған сол қомақты зерттеу еңбек («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1964) біздің осы айтып отырган мәселелерімізді қозгайды.

Алайда, осындай салиқалы дербес зерттеу еңбек бірден туган жоқ еді. Бұған дейін де біраз тәжірибелі бастаң кешіріп келіп едік. Ол — осы ғасырдың елуінші жылдарының орта шенінде жарық көрген «Совет дәүіріндегі қазақтың халық поэзиясының очеркі»<sup>1</sup> атты колективтік еңбек.

Жалпы жүртқа бұрын мәлім болғанындей, сол елуінші жылдардың бастапқы кезінде жазба әдебиеттің есуімен байланысты ауыз әдебиеті, яғни фольклор ендігі жерде дамымайды деген деректерді де баспаса з бетінен естіл қалғанымыз бар. Бұл жерде біз Н. Леонтьевтің «Сәуегейлік және бақсызық» деген атпен 1953 жылы «Новый мир» журнальның 8-санында жарияланған мақаласын айтып отырмыз. Осы мақалада, советтік фольклорды жасаудағы және оны зерттеудегі мәселеде болған біраз кемшіліктер мен қателіктерді дұрыс сыйнаумен қатар, ол «кейбір мақалдар мен тақпақ сияқты өлеңдерді қослаганда, советтік фольклор жоқ» деген қате түжүрим жасады. Алайда бұл пікірге сол

<sup>1</sup> «Очерки казахской народной поэзии советской эпохи». Алма-Ата, 1955. Авторлар құрамы: Б. Ақмұқанова, З. Акметов, М. Ғұмарова, Ы. Дүйсенбаев, А. Нарымбетов, О. Нұрмагамбетова, М. Сильченко, Н. Смирнова, Т. Сыдықов. Жауапты редакторы — Н. Смирнова.

журналдың өзінің бетінде, 1954 жылғы 8-санында бір-неше автор сын айтты.

Қазақстан жағдайына келсек, әлгі ұстанған бағыттан басқаша еді. Атальп отырган «Очерк» авторларының тұжырымы мынаған келіп саяды: «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы ежелгі фольклордан ауысқан жанрлармен шектелмейді. Жанрлық жана формалар — поэмалар, арнау өлеңдері (песенные речи) туып, жасалып жатты емес пе? Халықтың жаппай сауаттылығы, баспасөз, радио, кино, мәдениеттің таралу процесінің өнін өзгертуі жиберген. Халық творчествосы туындыларын кебінесе қара танитын, кітап оқы алғатын көзі ашық адамдар шыгарды. Соңдықтан олар ауызша да, жазылып та таралуы мүмкін. Қазақтың жазбаша және ауызша туып жатқан әуесқойлық творчествосымен қатар ақындардың профессионалдық өнері өмір кешіп жатады. Дегенмен ауыз әдебиеті мұраларын жырлаумен жүргендердің қатары совет дәүірінде сирей бергені, әлсірей бергені байқалады. Бұлардың кейбіреуі көшпіліктің әуесқойлық өнерімен жарыса, жанаса кетсе, Иса Байзаков секілді кейбіреуі (мұндаилар аз) жазба әдебиетке ойысады. Сейтіп, қазақтың қазіргі фольклоры бұрынғыға қараганда өзгеше күйде өрістеді, ауызша да, жазылып та таралды. Фольклордың негізгі нәр алар, туындар арнасы әлі де сол ақындар бол қалды. Бірақ революциядан бұрынғыдай дәстүрдің ықпалында кете бермедин. Ақындардың өзіндік шығармалар жасауда жеке адамның жанынан қосары ауыз әдебиеті шығармаларының таралу қарқынымен байланысты еді»<sup>1</sup>.

Бұл айтқандардан ауыз әдебиетінің де, жазба әдебиеттің де біздің дәуіріміздегі қатар атқаратын қызметтін, мән-маңызын айқын көруге болады. Осымен байланысты ойға оралатыны — сол фольклорды тұдышруыш таланттардың белгісіз болып келгендерін ел ішінен тауып баулуды, қатарға қосып және жер-жердегі бұрыннан танымал ақын, жыршылардың шығармаларына кең өріс беріп, іріктең, бастырып шығара беруді, халыққа тары да таныстыра беруді көздеу «Очеркін» де басты бағыты саналды. Соңғы он шакты жылда өткен халық поэзиясына арналған республикалық гылыми-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 51-бет.

творчестволық конференциялар, ақындардың айтыстары, мәжіліс-мәслихаттар мұның мәнін көлкө айқын танытты.

«Очеркте» ақындардың поэмалары жайында да пайымдаулар берілген. Фольклорлық жаңа жанр ретінде қаралып, оның даму барысы, езгеру, жаңғыру жолдары, тақырыптары мен образдары сез болады. Зерттеу нәтижесінің түйіні мынандай пікірлерді аңгартады:

«Поэмалар ескі эпикалық дәстүрді дамыта тұрса да, сол арнада қалып қоймайды, оларда ақынның өзіндік «мені» көрініс беріп отырады. Өмірбаяндық аңыздар сюжетке молынан кіргіп жатады. Оқиғаның нақтылы тарихи суреттегі тәслі «эпикалық уақыттың» созалаңы күйін ауыстыргандай болады. Әрбір объект алеуметтік кең көлемде суреттеліп отырады. Бұл бір қаһарманнның басынан кешкен үлкенді-кішілі оқиғаларды жіпке тізгендей баяндап беретік, эпикалық көне дәстүрдің қарымы жетпейтін қоғамдық терең мәні бар құбылыс. Осылайша келіп, сұрыпсалмалық өнер мей әдебиет формасының творчестволық жымдасқан жаңа түрі поэма жанры пайда болады»<sup>1</sup>. «Очеркте» ойлар қысқа тұжырыммен орыс тілінде шыққан «История казахской литературы»<sup>2</sup>— деп аталатын колективтік еңбектің тарауында да (авторы филология гылымының докторы І. Т. Дүйсенбаев) айтылды.

Ақындардың эпикалық поэмаларына орта мектепке арналған оқу құралынан да орын берілді (М. Габдуллин, Б. Ысқақов. «Халық ауыз әдебиеті», Алматы, 1974). Онда «Советтік дәүірдегі халық дастаңдары» деп аталып, арнайы тарау ретінде ұсынылғанымен ақындармыздың сол туындылары кеңірек көлемде алышып, талданбайды. Тек қана Н. Байганиннің «Ақкенже», «Нарқызы», Н. Ахметбековтың «Аманкелдіс» тақырыбы мен идеялық мазмұны жағынан қысқаша сез болады.

Біздің дәуірімізде шыгарылған ақындардың эпикалық жырлары 1935 жылы «Қазақ совет фольклоры» деген атпен шыққан басылымнан бастап күні бүгінге дейін әр кездерде жарық көрген («Өлендер», «Өлендер», «Шыгармалар», «Шыгармалар жинағы» — деп аталатын) өлең жинақтарында қоса жарияланып кел-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 52-бет.

<sup>2</sup> «История казахской литературы». Том первый, Алма-Ата, 1968, стр. 286 — 296.

ді. Ал өз алдына «Қазақ совет эпосы» жеке жишақ түрінде көрініп, әзірге басылып шыққан жоқ. Ол — келешектің ісі.

Сейтіп, біздің дәуірімізде қазақ халқының эпикалық жырларын зерттеу саласында бірқатар жұмыстар істелгенін көріп отырымыз. Жалпы алғанда эпикалық жырлардың халықтығын анықтауда, шығу төркінін пайымдауда, тарихқа қатысын көрсетуде, олардың нұсқаларының ерекшеліктерін айқындауда, ақын, жыршылардың творчествосын белгілеуде т. б. мәселелердің айтуда фольклор гылымының қолжеткен табыстары барышылық екен. Сол сияқты дәстүрлі эпостың заңды жалгасы — жаңаған жаңр — қазіргі эпикалық поэмалар да зерттеу тұрғысынан көңіл бөлсрлік проблема ретінде көрінді.

Алайда, үстіміздегі гасырдың 50—60-жылдарында фольклор жайында, оның ішінде батырлық жырды зерттеуде жаңаша талдау еңбектердің жарық көре бастауымен байланысты, оның үстінен заман талабына сәйкес фольклордың теориялық мәселелерінің тереңдей тусуімен байланысты, эпос жайында бұрынғы күн тәртібіне қойылған мәселелерді егжей-тегжейлі тексеру жолдары, бұрынғыларды қайталай бермеу, соны серпін жасау, келешектегі келелі міндет болып қала бедеі.

Бұл тарапта туысқан республикалардагы тәрізді бізде де тарау-тарау жұмыстар істеліп жатқаны белгілі. Өз жайызыга оралған шақта, қорымызда сақтаулы, яғни қолданыста бар эпостың қолжаебасын есепке ала отырып, әрбір жырдың белгілі нұсқаларына байланысты салыстыру жұмысын әлі де болса тиянақтылықпен, байсалдылықпен жалгастырып жүргізе беруіміз керек. Қағаз бетіне түсіп, жазылып қалған жыр нұсқаларды әрбір ақын, жырши өзінше жырлап, біздің заманымызыға алып келгендігі белгілі. Ендеше, сол өр түрлі нұсқалардың оқигаларына соңғы дәуірлерде не қосылғанын, не араласып кеткенін айқындаімынша, әрбір нұсқаның өзіне тән жеке ерекшеліктерін жете ашып, зерттеп шықтайынша, белгілі бір батырлық жырдың түп нұсқасының шығу тарихын, жасалу жолын, көне төркінін шешіп беру мүмкін емес.

Кейбір ақын, жыршылардың өмірі мен творчество-лық жолы жайында жекелеген елеулі еңбектер болғанымен, ақын, жыршылардың творчество-лық жолын байсалды түрде баянdap, айтып беретіндей зерттеу еңбектердің тапшы екендейтін байқаймыз.

Жыршылар, ақындар мектебі бұрын болған деп қазір айдан ашық айтып та журміз. Жамбылдың мектебі Сүйінбай тәрізді ақындар саналса, Үмбетолі, Кенең, Есдәulet, Саяділ тәрізді ақындардың үлгі алған, өнеге тұтқан мектебі Жамбыл саналады деп көбіне тілге тиек етеміз. Окінішке орай, өткендегі атақты жыршылар: Марабай, Мергенбай сияқтылар, ал кейінгі Сұлтанбек, Рахмет, Шапай тәрізділер қай түрде жырлап, көп алдына қалай орындағанын, әдетте, біле бермейміз.

Ақындық, жыршылық дәстүрді айта отырып, ел мен елдің арасында қатар, қос бұрымдай жарысып, айтылып келе жатқан, халық жадында сақталып отырган әпостық шыгармаларды егжей-тегжейлі зерттеуде бетбұрыс жасау да келешек күндердің ісі.

Қорыта келгенде айтарымыз, өткен дәуірлерден, заманай-заманға, үлкеннен-кішіге, ауыздан-ауызға көшіп, мәдени һәм әдеби қазынамыз деп өте-мете мән беріп отырган эпикалых жырларымызды советтік фольклор тануғылыми жан-жақты қарастырып, ертерек кезде ауызға алынбаган көптеген көкейтесті мәселелерді көтере отырып, бұрынғыларға бұрылып, оны кеңейте түскенін көреміз. Дәуір тынысына, уақыт жылдамдығына жауап беретін жаңадан жазылған маңызды еңбектердің туа беретіндігіне де сенім мол.

## *Қазақстандағы революцияға дейінгі эпос дәстүрі*

Қазақ халқының поэтикалық творчествосы орасаш бай. Бұлар дәстүрлі әдет-ғурып, дидактикалық жанр — толгау, нақыл сез, жоқтау, естірту, қоштасу, тағы басқалар. Ол — дәстүрден келе жатқан лирикалық, публицистикалық өлең, айтыс және көптеген өлеңдер түрлері. Және де мұнымыз — толыл жатқан, керемет мол байлық — эпикалық дәстүр — халықтың әңгіме, ақыздары, тарихи жырлар. Ежелден еліміздің өмірінде қалыптасып берік, бекем орын тепкен осы тәрізді көне дәстүрлі ауыз әдебиетінің шыгармаларын узақ уақыт бойына халқымыз есінде сақтап келді.

Осымен байланысты ақынның ертегі-кеш, бұрынғы, қазіргі эпикалық дәстүрді дамытудағы творчестволық ісіне, атқарған роліне көніл аялдатуды орынды деп есептейміз. Өйткени, эпикалық дәстүрді біздің дәуірімізге алып келушілер де солар.

Ақын — өз жанынан өлең, жыр шыгаратын адам. Ақын термині қазақтарда, қырғыздарда т. б. халықтарда бар.

Орыстың ақызылары, украин кобзарълары, қазақ пен қырғыздың ақын-жыршылары, өзбектің, туркменнің, қарақалпақтың бақсылары (жыршылары) тәжіктің гализдері, азербайжанның, армянның, грузиннің, дагыстанның ашугтері, демек көп үлтты совет елінің сез зергерлері біздің заманымызда ауыз әдебиетінің дәстүрін кеңінен пайдалана отырып, көптеген өлеңдер, эпикалық жырлар, толыл жатқан толгаулар туғызды.

Қазақ халқының ұғымында ақын деген атаудың мағынасы кең. Ақын сезінің этимологиясы жайлы осы күні айтылып жүрген сан алуан пікірлер бар. В. Радлов, М. Әуезов «ақын» атауының аргы тегі ағын, ағы-

лудан басталған болу керек десе, белгілі тіл маманы К. Юдахин үйгірдың ақылгей, құрметті адам тұрасындағы үгымынан қазак, қыргыз халықтарына жетуі мүмкін деген дерек, болжам келтіреді.

Негізінде ақын елең, жыр шығарушылық өнерді білдіретін ұғым. «Қазақ әдебиеті тарихында»<sup>1</sup> атап көрсетілгеніндей, («Ақын-жырау, жыршылар» деген зерттеу еңбекті қараңыз), «қазактың әдебиет әлемінде ақын бір гана ақындық өнермен шұғылданушылық» емес немесе бір гана әңгімеші, жырлаушы магынасында да журмейді. Ол шығарып айтушы — «поэт» магынасында да қолданылады. Сондыктан да бір ақын деген сездің ауқымына орыс үгымындағы әрі «поэт», әрі «певец», әрі «сказитель», әрі «импровизатор» секілді дербес те көл-көсір магыналы үгымдар сиятын сияқты.

Совет дәүірінде тұма үлттық жазба әдебиетіміздің қарқынды есіл, өркендеуімен байланысты оның жазып шығаратын өкілдерін де ақын деп атایмыз. Ал қазақ совет поэзиясын дамытуға лайықты үлес қосып отырған көптеген жазба ақындарымыздың еңбегі өз алдына бір тәбе.

Әрбір ақынның өзіндік творчестволық ерекшелігі болады. Бір ақын оқығанын, көргенін, елден естіп білгендің жазба турде айтып береді. Екінші біреуі осындай ақындық өнерінің үстіне ауыз әдебиетінің нұсқаларын жадында жақсы сақтал, тарихта болып еткен ерлер мен батырлар, ел арасына атагы мол жайылған белгілі адамдар жайында қызық деректер мен соны фактілерді билетін, оны шығармасына арқау ететін жыршы ақын болып келеді. Мұнан белек бүріннан көңілде барын, ойында жүргенін елең сөзбен кідіріссіз немесе белгілі бір тақырыпқа суырып салып айтатын ақпа ақындар (импровизатор), айтыс ақындары тағы да бар.

Ақынның «акындық» атагына жетуі де, жүрт алдында «акын» танылуы да айтыс арқылы болған. Айтыс — ақындардың өнер сайысы. «Ойын-сауық, той-думанда жастар екі-екіден қосылып, айтысқа жала-тармагай қатысқан. Халқымыздың айтыс өнерін қадір тұтуы, суырып салып айтушылықты аса жоғары бағалауы өр ақынның да өз қабілетін-дарынын қалысыз шықдауына ерекше ықпал жасаған. Қазақ арасында ежелден бері өнші ақынның да, ақын-жыршының да

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы», Бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964.

импровизатор болып келетіндігі осыдан. Экспромт түрінде аңы-әжұа өлеңді сұрыпшығарған адам гана ақын саналған. Ақының қабілет-дарының шамашарқы оның алқалы топ алдында күтпеген жерден тосын тақырылқа шығарған сұрыпсалма өнері арқылы көрінген. Осындай кеп алдында талай-талай айтысқа тусе жүріп барып қана ақын халық сыйнына толган. Халықтың айтулы ақындарының бәр-бәрі де өздерінің творчестволық жолын айтыстан бастаган<sup>1</sup>.

Екінші бір шын мәніндегі өлеңші, жыршы емес, шын ақын адам домбыра, гармонь, қобыз тартып ән салады. Өз жанынан ән шығаратындары да (Шашубай, Нартай, Кенен, Иса, Қалқа) бар. Ақын халық поэзиясының дәстүрлі көркемдік нақыштарын, кестелі, орнекти сөздерін орынды пайдаланды, әсерлі тенеу, жан жібітер сұлу салыстырмаларды қолданып отырады. Сондықтан да халық ақын өлеңіне, жырьна оның сөзіне ежелден-ақ ынтық. Ақындық өнер қашаннан өте жоғары бағаланады. Жиын-той, қызық-думан қай кезде болсын ақынсыз етіп көрген емес. Демек, біз мұнан бір ақынның басында «бірнеше өнердің бірлесіп келгенін көреміз. Атап айтқанда: ақындық өнер, ән (куй) өуені, көпшіліктің алдында (сахнада) жыр айтып отырган жыршы, ақын, жырды тындаушы қауым бар. Олар бірлесе келіп, жаңа бір ерлік жырдың тууына себепкер болып отырганын байқаймыз. Бұл сияқты жағдай жазба әдебиетте кездеспейді. Ол тек ауыз әдебиетіне гана тән ерекшелік деп қараймыз»<sup>2</sup>.

Ақын ертеде өзі өмір сүрген органы өлеңіне, жырьна идеялық взек еткен. Қаралайым халықтың, өңбекші бұқараның хал-куйін жырлаған халық ақыны болумен бірге хандарды, байларды, үстем тап өкілдерін дәріптеген ақындар да болған.

Ақын қазірде халық қалаулысы болды. «Қаргалар толтганип үшады, ал бүркіт өз бүйгінде жалғыз жүріп қанат қағады», деп Расул Гамзатов айтқандай, ақындардың әрқайсысы өмірден өз ерекшелігімен орын тапты. Жамбыл бастаган көптеген ақындардың өлең-жырлары ерлік заманымыздың ұлы шындығын, коммунизм орнатып жатқан жеңімпаз халықтың өңбектегі ерліктерін ұмытылmas бейнелермен көркем суреттейді. Ақын шығармаларының идеялық мазмұнында

<sup>1</sup>М. Әуезов. Ұақыт және әдебиет. Алматы, 1962, 78-бет.

<sup>2</sup>М. Рабдуллин. Қазақ қалқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1974, 9-бет.

жаңа сапа болуымен қатар сез құрамында да жаңалық болды.

Бұрынғы кезде ақын шыгармалары белгілі бір аймақта ғана ауыздан-ауызга таралатын болса, енді жүртшылық ақын туындысын баспасөз арқылы оқып, радио, концерт, көркеменер үйірмелері арқылы естіп, біліп отырады. Мәселен, Жамбылдың патриоттық жалынды өлеи, жырлары жер жүзіне таралып кетті. Ақын атагы тек өзі туып, өскек өлкесіне ғана емес, одақ көлеміне де белгілі болды. Өлеңдері мен поэмалары қазақша, орысша республикалық, одақтық газет-журналдарда жарияланады.

Ақындардың үздік шыгармалар тудырганына «Халық ақыны» деген жоғары атақ беріліп, ордендермен, медальдармен, грамоталармен наградталды. Жамбыл мен Омар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

Ақындық өнері дамуының заңдылығын зерттеу проблемасы да осы дәүірде күн тәртібіне қойылды. Халық поэзиясының жаңары — ақындардың эпикалық поэмалары мен толғаулары, көшілікке кеңінен таралған өлеңдер, олардың музикалық өүені арнайы сез болып жур. Сол сияқты фольклордың тақырыптары мен образдарыма тоқталу үстіне ақындардың творчество-лық әдісінің ерекшеліктері де қарастырылады.

Қазақ халқындағы ақындық дәстүр, сейтіп үстіміздегі дәүірде де толық сақталған. Әлкей Марғұланның жазған маглұматына сүйеніп айтсақ, әр халықтың сан гасырлық тарихымен бірге, оның тел мәдениетінің де сан гасырлық шежіресі болады, мұнда ақындық өнеріңің де алатын орын аз емес. Қазақ әдебиетінің өркендеу жолдарын бұл ережеден бөлек деп санауга болмайды.

Ақындық — өте көне заманнан келе жатқан аса бір қадірлі өнер. Бұл өнердің қалыптасуы эпикалық жырдың шығуымен тығыз байланысты. Ол әуел баста тайпалар одагының шеңберінде басталып, кейіннен ел шетін құзеттің ер, шоралар тұрмысын суреттеу арқылы бір арнаға түседі. Қазақстан жерін қоныстанған тайпалардың қауым тіршілігінде ақынның қандай роль атқарғанын олардың ортасында болып, тұрмысын бақылаған шығыс жазушылары айқын суреттей алған... Махмұт Қашгаридың (XI гасыр) сөздігінде орта гасыр поэзиясының дамуына зор әсер еткен бір топ ақындар мен жыршылардан алынған кептеген мысалдар бар. Солардың ішінде көне заманда Жетису өлкесінде жасаған Шәже ақынның аты аталады. Ұлы жырау деген ат

мүмкін, сол заманда даңқты болған атақты Сызыра жырау сияқты сез дүлдүлдеріне берілген. Ол уақытта одан асқан ұлы жырау Дешті-Қыпшақта болған емес. Дешті-Қыпшақта феодалдардың өзара таласы болғанда, Тоқтамыс әрқашан осы ұлы жыраудың беделіне бас иш, сол арқылы көтеріліс толқындарын басуды ойлайтын. Мұның бәрі қазақ әдебиетінің тарихын, оның алғашқы басталуынан осы біздің дәуірімізге дейін, негұрлым байсалдды, негұрлым терең, негұрлым тапжыл май зерттеудің қажет екені туралы ой салады<sup>1</sup>.

Ақындықтың әдебиет тарихынан алғатын орны, оның творчестволық лабораториясы, дәстүрі деген мәселелер Есмағамбет Үсмайыловтың «Ақындар» атты кітабында біраз көрінісін тапқан. Ақындық өнердің, жырышылық қасиеттің табиги түрде даму процесі талданып, онда ойлы-ойлы пікірлер айтылған<sup>2</sup>.

«Қазақ әдебиеті тарихының» екінші кітабында да<sup>3</sup>, Е. Үсмайылов еңбегінде де жалық поэзиясының биік шыңы Жамбыл Жабаевтың тұтас тұлғасын кең көлемде алып қарастыру жолында ақын женінде<sup>4</sup> ертелі-кеш

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 1968, 8 июнь («Зерттеле берер тақырып» атты мақаланы қаранды).

<sup>2</sup> Е. Үсмайылов. Ақындар. Алматы. 1956, 70—99-беттер.

<sup>3</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964, 56-бет.

<sup>4</sup> М. Ауэзов. Джамбул и народные акыны. «Литературный Казахстан», 1938, № 6; С. Бегалин, А. Тажибаев, М. Ритман-Фетисов. Джамбул (биографический очерк). Алма-Ата. 1946; Э. Тәжібаев. Жамбылдың совет поэзиясындагы ерекшелігі. Труды I сессии отд. общ. наук АН Каз ССР. Алма-Ата, 1950. Б. Кенжебаев, Х. Махмудов. Джамбул «Вестник АН. КазССР», 1950, вып. 9; Н. Смирнова. Об отношении советских казахских акынов к поэтическому наследству. В сб. «Академику В. А. Гордеевскому». М., 1953; М. И. Ритман-Фетисов. Джамбул Джабаев. М., 1953; Е. Үсмайылов. Жамбылдың реализм. «Эдебиет және искусство». 1954, № 9; К. Зелинский. Джамбул. М., 1955; М. Карагаев. Старейшина акынов. (1947) В. кн. «Рожденная Октябрьем». Алма-Ата, 1958; М. Ауэзов и Л. Соболев. Эпос и фольклор казахского народа. «Литературный критик».. 1940, № 1, Е. Үсмайылов. Қазіргі жалық ақындаршының творчестволық міндеті. «Эдебиет және искусство», 1940, № 2; «Жалық ақындарының творчествоносі». Труды III сессии АН КазССР. Алма-Ата, 1949; «Қаоліргі жалық поэзиясы туралы». «Эдебиет және искусство», 1955, № 5; Н. Смирнова. Казахские певцы XVIII века — акыны и жырау. Краткие сообщения института Востоковедения АН СССР. 1952, № 4; В. Жирмунский. Среднеазиатские народные сказатели. «Известия ВРОГ», т. 79, 1974; В. Жирмунский и Х. Зарифов. Узбекский народный геронический эпос. М., 1947 (пл. «Народные сказители»); В. Виноградов. Токтагул Сатылғанов и киргизские акыны. М.-Л., 1952, Х. Сүйіншәлиев. Жамбыл Жабаев — казақ жалының ұлы акыны, Алматы, 1955 т. 6.

аїтылған бағаларды, пікірлерді елек көзінен откізіп, бір ізге түсірген, қомакты түрде қорытындылаған.

Автор атамыш еңбегінде мол деректер мен соны фактілерді келтіре отырып, қазақ фольклористикасында бұрыннақ қалыптасып қабылданылған ақын, жырау, жыршы, әнші ақындар деген салалы-салалы тармақтарды ысана етіп ұстанған. Өнер өрісімен, талант талғамымен байланысты айтулы деген ақын, жыршыларды белгілі орта мен өлкеден барып өрбітіп отырған. Дәлірек айтқанда, Атырау мен Арас аралығын, Батыс Қазақстан өлкесін, Торғай өңірі мен Шығыс Қазақстан төңірегіндегі дәстүрлі эпикалық жырларды туызыған, жыр-дастандар шыгарған, ұрпақтан-ұрлаққа жеткізушилер — ақын, жыршылар туралы талай-талай ақындаулар, айғақты дәлелдер келтірлген.

Еңбекте сонымен бірге дәстүр мәселесін анықтауға мәнерлі мән берілген. «Бұл ұғымды Е. Ысмайлов нақтыландыра қарайды, дәстүрдің күрделі құбылыс екенін ескере отырып, оның тарихи жағдайлар мен жергілікті ерекшеліктерге орай даму процесін, соның нәтижесінде әр ыңғайдағы әр тілті «акындық мектептер» қалыптасқандығын айқындаиды.

Кітаптың бойына сәл мін деп санайтынымыз — совет дәуірінде қалыптасқан ақынның жаңа типі туралы жалпылама сейлеу. Бұл бұрынғы зерттеулерімізде де үшірасатын кемшілік еді. Ақындықтың жаңа типі, жырау, жыршы, әнші ақындардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары ажыратса тексерілмеген<sup>1</sup>. «Ақындар» атты еңбекпен біржола сан алудан ақын, жыршылардың творчестволық ерекшелігі айқындалып болды, дәстүр мәселесіне тиянақ жасалды деп бұл мәселеге ешкім нүкте қоя алмайды.

Ақындық, жыршылық өнер әрідегі ерте дәуірден келе жатқан, біздің заманымызда заңды түрде дамып отырған еркін психологиялық құбылыс екенін ескерсек, екшій беруден, тексере беруден, зерттеу нысанасы етуден жалықпауга тиістіміз. Ол үшін галымдардың өзін сойлетеletіk: «...Ертедегі дружиналық өмірде жырау — қоғамдық-саяси тақырыптарды жырлайтын көңілі көтерілік жыршы, ол — әр түрлі тақпактың, сарының және толгаудың авторы.

Ақсақалдар сияқты жыршы да халық арманын білдіреді, ал жырау суырып салма жырды сирек айтады,

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964, 57-бет.

тек өте қажетті жағдайларда, атап айтқанда, қатты бір қобалжулар болғанда, халықтың күйзелген, бұлінген немесе отанга басқа елдің әскері басып кірген кездерде, бүкіл халықтың көріпкелі есебінде, оның ақылың сұрайтын болған.

Сол кезде жырау халықты тәртілке шақырып, оған дем беріп, басқа түсken жағдайдан құтылудың жайын айтқан.

Болжау айту, көріпкел ақын сияқты, жыраудың поэтикалық өнеріндегі негізгі әдістерінің бірі<sup>1</sup>.

«...Шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға мәңзес. Томагасын тартқанда алғыр қыран бар өнірді сәтті көріп, шолып етіп, қимылдаған шеп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бүккән түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмексіні көргіш, бұлдырыды білгіш болмақшы.

Бұл қасиет ақынға оңай оралмайды. Ол шын ақпа ақын, өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар сын кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп, сан рет жага жыртып, тон тоздырып барып жетеді<sup>2</sup>.

Міне, осы сездерден ақындықтың, жыршылықтың қаншалық қырлары мен сырлары ашылып тұрғанын көреміз.

Осы сәтте, мәселен, ақындар атасы, біздің заманымыз ақындарының көш басы Жамбылдың өзін алсақ Октябрьден бұрын ол ауыз әдебиетінің сан қылы жаириларында сөйледі: эпикалық жырмен айналысты, айтыска араласты, арнау, мақтау өлеңдерін айтты. Мысқылдың, шенеу өлеңдерінің өнерпазы санауды. Бұл, сезсіз, тіл құнарлылығын арттырды, эпитет, теңеу, түрлі салыстырулар, мәтеддер мен мақалдар, алуан-алуан ауқымды нақылдар ақынның сез қорын қорландыруға жәрдемін емін-еркін тигізді.

Эпикалық жырдың қайсысын алып қарасақ та жыр әңгімесі қаһармандық істерді баяндал беруге құрылады. Мұның өзі бағы заманнан ұрпақтан-ұрпаққа аузысып келе жатқан келелі дәстүріміз. Сол ел мұддесін корғаган, бұл жолда ерекше өрлік көрсетіп, көптің көзіне түсken батыр адамның бейнесін сомдал соғуда Жамбыл жақалығы ерекше айта қаларлық. «Қазақ эпосынан қалған батырларды мадақтаудың дәстүрлі

<sup>1</sup> А. Маргулан. О посителях древней поэтической культуры казахского народа. «М. О. Ауззову». Сборник статей. К его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959, стр. 73.

<sup>2</sup> М. Әуезов. Эр жылдар ойлары. Алматы, 1959, 360-бет.

турі бұған әсіре мақтау мен дәрілтеу элементін экелді. Тарихи қайраткерлерді күнге, айға, жұлдызға, теңіз толқынына, тағы басқа сол сияқты нәрселерге әсірелеп теңеу Жамбылда көп көздеседі<sup>1</sup>. Алайда, «Қазақ әдебиетінің тарихында» орынды топшыланғанындей<sup>2</sup>, сұрырып салып айтқыштық өнерінің Жамбыл ақынга көрі әсерін тигізіп алғандығы да байқалады. Мұны біз жалпылама баяндаулардан, суреттеу мен мінездеудің бір жақтылығына, композициялық арқауының босандығына көріп қаламыз. Тілмәрлік, қайталаудың кездеуі де шаң беріп отырады. Тобықтай түйінімен айтсак, осының орын алуы — ежелгі ақындық дәстүрдің әсерінек болған болмашы мін-мұлтік деп қарау дұрыс болады. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген де-ректі сездік төркіні осындаі жаймен байланысты айттылса керек-ті.

Біздің дәүрімізде ақын Жамбылдың өлең, жыры өмір бақи өзінің өміршендігін танытты. Кем-кетігі болса, ол аз сезілетін сол бір серпінді туындылары өз керкемдігімен көп көнілінен шықты. Тынымсыз ізденістің сырьы, талғамы жоғары тыңдаушысы мен оқушысын сүйсіндірумен тынды. Өз өніріміздегі взгерістер тілге тиек, жырга арқау болды. Жамбыл даңғыл жолға тусти. Ол енді жаңа ақындық дәстүр бастады. «Жамбылша жыр нөсерін төгемін», — деп Нұрпейіс Байганин жырлагандай, Қазақстанның әр өлкесінде тұратын өлеңге жүйрік алушан-алуан түрлі саңлақтарымыз өздеріне ықпал еткел Жамбылдың ақындық әсерін әр кез әсерлі-әсерлі етіп айтып береді.

Бұл жолда, ерине, олар Жамбыл өлең, жырын газет, журналдан оқу, радиодан тыңдау өз алдына, одан бөлек сан басқосулар бастап кешірілген. Өнер сыйнасу, өлең, жыр салыстыру әдетке, дагдыға айналған. Мәнжайлы мәслихаттар еткізіп тұру күн тәртібіне тәптішtelіп қойылған. Сондай көріністерден көретініміз төмендегідей: «Жамбыл домбыраның шегін шертіп қалды да, табанда бірнеше шумақ өлең шыгарды. Бірақ ойды аяқтамай тоқтап қалды. Өлеңнің аяғын Өтеп қагып алып, жалғастырып кетті. Ол Жамбыл бастаған шумақты созып біраз айтты да, сөз сабагын Оспанға берді. Ақындардың осылай өнер жарысы — Жамбылдан сабак алуы үш сагатқа созылды»<sup>3</sup>. Жамбыл өзінің

<sup>1</sup> К. Зелинский. Джамбул. М., 1955, стр. 113.

<sup>2</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 420—421-беттер.

<sup>3</sup> «Социалистическая Алма-Ата», 1938, 14 февраля.

шәкірті Үмбетәлі Қарібаевқа: «Жақында біз Германияны жеңеміз. Үлкен той болады. Тойда ақындар өлең айтады. Оған мұқият әзірлену керек. Егер сөзің тындаушыны не құлдірмесе, не жылатпаса онда сенің атың ешкімнің де есінде қалмайды!»<sup>1</sup> — деп айтқан.

Сонда олар Жамбылдан не тағылым алды, ал ақын болса кейінгі толқын шәкірт інілеріне не үйретті? — дегенге келсек: тақырып сонылығын, образдың сомдылығын, күшті ақындықтың күрделі сөз үлгісін үйренди, — деп айта аламыз.

Басты тұлға «акындар ақсақалы» Жамбылдың жайын, оның творчестволық ерекшелігін айта келіп проф. Э. Тәжібаев былай дейді: «Ақын да сыңар жақ, тар көлемнің талқыры, айтқыры болмай, ез өнерінің барлық құрал-қаруларын мол, шебер пайдалануды мақсат етеді. Ол үшін өмірдің бар құбылысы шабыт, айбынды тарихи оқигалар, келелі кеңес, тұлғалы, талғаулы эпикалық дастандарға айналса, жеке мінді, кіналы мінездер қысқа қайырылып дәл шашшылатын сатираға айналады. Ал ел қөкірегіне қона кететін, оның сана-сезіміне я мұнының, я шаттықтың үшқының тастайтын күйлер, ән-әуез әдемі, жанды елжіретіп, жаңа бір қуатқа талпынатын лирикалы жыр болып туады. Жамбыл осындағы мардумды, өрелі, әмбебап поэзияның ақыны болды. Сол үшін де қарт ақын қашан кез жұмғанша бірде алысқа сермен, жан-жақты қармап, бората төгіп айтатын эпик жырау, бірде қадалған жерінен қан шыгармай қоймайтын сатирашы, бірде юморист, бірде ойға, сезімге жетектейтін лирикалы жыршы. Осынша саланың бәріне халықтық традицияда машиқтанған ақын әрі-беріден соң көп қаруын бір мезете жұмсап, әрбір жырын алуан қылыш өзектендіріп, сан түрлі болу сырлармен нақыштап кетеді. Тіршілік тақырыбына арналған, ұсақтап басталатын айтыстарының кейде эпикаға, кейде әлеуметтік сатираға айналып кететіні де сондықтан»<sup>2</sup>.

Халық поэзиясының тағы бір ірі өкілі Нұрпейіс Байғанин де Жамбыл тәрізді күрделі сюжетке құрылған эпикалық жырларды шыгарған ақын. Нұрпейістің творчестволық қызыметін әңгімелеген шақта ақынның жан-жақтылығын атап айтқан жөн. Мәселен, сурырып

<sup>1</sup> Қазақ ССР Гылым академиясының гылыми кітапхана қоры (С. Бегалик. Жамбылдың өмірбаянына қосымша материалдар, 1943).

<sup>2</sup> Әбділда Тәжібаев. Өмір жөнде поэзия. Алматы, 1980, 347-бет.

салма-эпик ақын ретінде ол өз туындыларын, оның үстіне бұрыннан репертуарында бар эпикалық жырларды («Қобыланды», «Құбығыл», «Төрекан», «Ер Тарғын», «Алпамыс» т. б.) бабына келтіріп орындайтын шеберлігі де басқа ақындардан оны ала-бетен етіп тұратын.

Н. Байғаниннің эпикалық жырларды шыгарғыштық қасиетімен бірге әр уақытта оның өзінен бұрынғы откени ақын, жыршылардан, сол бір үйренгіштігін, жаттағыштығын қоса айтамыз. Нұрпейіс әр әңгімесінде өзіне дейінгі ақын, жыршылардың жеті үрпағын естігендегі айта отырып, сол үрпақтың ең соңғысы саналған Махсұт ақыннан — «Қобыланды» жырын үйренгендігін көлтіреді. Бұл факті қырман жұртқа ертеден мәлім. Алайда, екіншік қарай, кеп жырларды Нұрпейістің билетіндегі мойындағанымызben, оның рас екендігіне көзіміздің жеткенімен, материалдары сарқылып алышып, олары қағаз бетіне жазылып, магнитофон лентасына түсіріліп артына мұра болып қалды деп айта алмаймыз. Жамбыл, тағы басқа атақты ақындар жөнінде де осылай деп айтуымызға тұра келеді. Нұрпейістің мына өз сезі осыған орай арналған жауап тәрізді: «Сурып салма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты гой, өзениң ағысын ұстап бола ма, біздің өлеңдеріміз де сол сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тақ еткізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға оралмайды»<sup>1</sup>.

Екі дәүрідің күесі болған Жамбыл, Нұрпейістер гана емес, ақындық, жыршылық дәстүр басқа да халық ақындарында болған десек, оны осы кезге дейін жеткізген сондай ақындар отряды бізде барышылық. Қалай да олар эпикалық қайнардан нәр алып өз творчестволарына пайдаланған. Біреулері бұрынғы эпосты қадірлеуінің үстіне оны жатқа біліл, айтқыштығын танытса, ал енді біреулері жаңғыртып қайта шыгарған, ал үшіншілері тарихи деректерді кеп білуінің үстіне өз жандарынан эпикалық поэма жырларды шыгарып отырган. Осы ерекшеліктер ақындардың біреуінің басынан бәрі бірдей табылмаганымен, қалайда олар эпикалық дәстүрді қазіргі творчествомен жанды байланыстыруышылар болып табылады.

Мәселен, Омар Шипин қазақ халқының өз басынан еткізген аргы-бергі тарихын, әдет-ғұрпышын, салт-санасын, ақын-жыршысын, батыр адамдарын, жалпы ал-

<sup>1</sup> «Лемешіл жас» газеті, 1943, 7 декабрь.

ғанда, тарихи адамдар мен тарихи оқигалар жайындағы мағлұматтарды әңгіме дүкенін құрганда әсерлі етіп айтып беретін-ді. Ертедең ел арасына тараган ақыз-әңгіме, өлең-жырларды, салт-айтыс өлеңдерді де жатқа айтатын ақын еді. Елуінші жылдары Омардың айтуынан «Ер Тарғын», «Қозы Қерпеш — Баян сұлу» секілді бірқатар жырлар жазылып алынды және олардың дені магнитофон лентасына түсірілді. Жалғыз бұл жырлар гана емес, Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Эуезов атындағы Әдебиет және енер институтына ақын жылма-жыл Қостанай облысынан халық мұраларын жинап жіберіп тұрды. Оның көпшілігі Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы<sup>1</sup>. Белгілі фольклор зерттеушісі, профессор Е. Ысмайловтың: «...Ақындар» атты кітабымды жазу үстінде жүйрік, алғыр, көп билетін Омардан қазақ поэзиясының тарихына байланысты талай қызық фактілер мен деректерді жазып алғанымды әрқашан алғыспен айта аламын. Ал, Омардың айтуынан жазылып алынған қолжазба материалдар, ауыз әдебиет нұсқалары Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында аса құнды қазынаның бірінен саналады... Бұл Омардың қазақ халқының әдеби мұрасына бұрын соңғы ақын-жазушыларының еңбектеріне аса үқыпты қарайтындығын, бұған біздің білімді әдебиетші, тарихшылармыздай мән беретіндігін көреміз.

...Москвада болған (1958 жылы — Т. С.) қазақ әдебиеті мein енерінің онкүндігі кезінде орыс галымдары: қазақ әдебиетшілері сендер өте бір қолайлы жағдайда екендіктерізді үмітпацыздар, ертедегі Гомер сияқты ақындар дәл бүгінге дейін қастарында әмір сүріп отыр. Осылардың творчестволық дүниесін терең ашып білу қандайлық абыройлы да қызықты міндет деді. Бұл өте дұрыс және мақтанарлық жай. Омар, Кенен, Қалқа, Нұрлыбек, Нұрқан, Рахмет, Сәт, Үмбетәлі сияқты әлі кезі тірі әр алуан енер, әр түрлі ақындық стильдегі ақын-жазушылар кешегі Жамбыл, Нұрпейіс, Исалардың дәстүрін сақтап, дамытып отыр, социалистік дәуір мәдениетіне гажап, қызықты мазмұнды поэзия үлгісін беріп отырғаны қандай жаразстықты» («Қазақ әдебиеті», 1959, 31 июль) — деп айтқанына біз де әбден косыламыз.

<sup>1</sup> О. Шипин. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы. Инв. № 104, 341, 397, 509, 820, 821, 1017, 1084, 1337 т. 6.

Осылай ойымызды, келтірген дерек-дәлелдерімізді көрнекті башқұрт жазушысы Сәйфи Құдаш өзінің «Жастық шақтың ізімен» деген кітабында тағы да айқындаған түскендей: «...Ол (О. Шипин) айтып отыр — Т. С.) Сәбит Мұқанов айтқандай-ақ, шынында да қазақ халқының жанды шежіресі екен. Қандай дәуір, қандай уақыға, қай адам турасында сөз қозгасаң да іркілмей, қатесіз айтып береді. Оның жыры, оның сырьы талай түндер, айлар бойы тыңдасаң да сарқылмайды. Омар ақынның ақындық, шешендік қазынасын қаша алсаң да бір олқы түспейді».

Филология гылымының докторы Ы. Дүйсенбаев жазған мына бір жайға кеңіл аударалық. Қарт жазушы Сапарғали Бегалиннің куәлігі бойынша,— деп жазылған,— белгілі халық ақыны Омар Шипин жас шағында «Қызы Жібек» жырын Қалшынбайұлы Әби жырауды аузынан жаттан алды айтып жүрген, бірақ карт ақын кейінгі кезде оның көпшілігін ұмытып қалып, есіне тек бірер шумақтарын сақтап келген:

Жақсыга бір сез айтсаң шам алмайды.  
Сөз бабын жаман адам таба алмайды.  
Жайықтың екі жағын бірдей жайлап,  
Өттіпі он мың үйлі Жагалбай.

Әр койды жетім қозы емеген-ді,  
Кері вайғыр, қасаң, байтал тебеген-ді.  
Жамагат құлақ салып тыңдасаңыз,  
Айтайын влең қылыш Төлегенді.

Ояды орыс барып қатқан мұзды,  
Жалайды түйе барып кепінен түзды.  
Жамагат құлақ салып тыңдасаңыз,  
Айтайын влең қылыш Жібек қызды.

С. Бегалин бұл шумақтарды Омар Шипиннің айтуынан 1952 жылы 12 априель күні жазып алған. Әрине, бұл шумақтарға қарал, «Қызы Жібектің». Омар Шипин бір кеңде орындаған нұсқасына баға беруге немесе белгілі бір тұжырым жасауға бола коймас. Алайда, бұл мәліметті біз «Қызы Жібек» поэмасының ертеректе басқа да үлгілері болуымен бірге, олар қазақ жерінің түк-пір-түкпіріне тарағанын дәлелдеу үшін де келтіріп отырмыз. Жоғарыда көлтірілген үш шумақтың өзінен жырдың бұл варианты да ескі дәстүрді, яғни ауыз әдебиетінің түрін бұлжытпай сақтағанын анық аңгарамыз<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Ы. Дүйсенбаев. Қазақтың лиро-эпосы, Алматы, 1973. 91-бет.

Осы тарапта ақын Қайып Айнабековты алып қаралық. Ол тек ақынғана емес, қазақтың ерте кездегі ауыз әдебиеті нұсқаларының ішіндегі мақал-мәтеделдерін, аңыз-әңгімелерін, шешендік сөздерін жадында көп сақтаған жыршы, әңгімеші де. Омар Шипин де, Қайып Айнабеков те, реті келгенде айта кетейік, көне дәстүрдің көрнекті өкілдері болулатымен бірге, сонына бай мұра, халық творчествосын зерттеген көп материалдар қалдырыған қадірлі қарт ақындардан саналады. Қазіргі ақындардың ішінде аңыз, ертегі, естегі әңгімелер, тапқыр кеңестерге жүйріктері — Омар Шипин, Қайып Айнабеков. Бұлардың қара әңгімені айтуында белгілі бір бал, ерекше бір шеберлік байқалады. Өздері естіген, не көрген әңгімелерді айтқанда тыңдаушыны үйітып, ертіп не қатты жан сезіміне бөлейді, не құлдіріп рахатқа батырады. Сөзді мәнерлеп, дәмдеп, сұлулатап айтады, есте қаларлық қагидалы, тұжырымыда тақлақ, мақалдарды әңгімеге үнемі кіристіріп отырады. Және әңгімелерін беталды магынасыз айта бермей, аса бір көңілді, ықыласпен тыңдайтын жағдайда, бір әңгімeden бір әңгіме туып кетерлік ортақ тақырып, ортақ үлкен тарихи уақыга сез болып, тұрткі берсе ғана шешіліп жақсы сөйлем кетеді<sup>1</sup>.

Қайыптың айтуынан жазылып алынған, не болмаса жазып езі тапсырган ауыз әдебиетінің шығармалары Қазақ ССР ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба бөлімінің қорында сақтаулы<sup>2</sup>.

Еңбекші халықтың фольклорына, әсіресе оның эпикалық жырларына пролетариаттың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горький айырықша мән беріп, ден қойғаны, оны өте жоғары бағалагандығы жақсы аяи.

Біздің елімізде ауыз әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілдері М. Горький айтқан құрметті орынға ие болып, көркем творчествоны гүлдендіре беруге, оны барлық жағынан дамылсыз дамытуға үлкен үлес қосуда. Сондықтан да партиямыздың Орталық Комитетінің органды «Правда» газеті: «Біздің партия халық көпшілігін тарихи творчествоға жұмылдырды, совет халқында туып байқалған талантты қамқорлықпен қолдап өсіріп, тәрбиелеп отырды. Жасампаз халықтың таланттылығы, рухани талабының байлығы халықтың көркем творче-

<sup>1</sup> Е. Ісмайилов. Ақындар, Алматы, 1956, 50-бет.

<sup>2</sup> Инв. № 757, 1081, 1338 т. б.

ствоның дамуында жарқын және толық көрінді<sup>1</sup>, — деп жазған еді.

Бұрынғы кездерде халық ақындарының шығармалары белгілі бір аймақта, тар елкеде гана ауыздан ауызға тараған болса, немесе өңі кеткен, тозығы жеткен қолдан-қолға дұысқан қолжазбалар арқылы халық қанық болса, қазіргі советтік заманымызда жүртшылық оларды енді басқаша турде танып, білуіне тұра келеді. Ақыннырақ айтқанда бұл дәүірде ақындардың екі аудиториясы бар: бірі — құнделікті араласып жүрген, өзімен бірге өмір кешетін қасындағы тікелей тыңдаушылар — халық та, екіншісі — кітап, газет, журнал арқылы оқып, біліп отыратын оқырмандар деу дүрүс.

Қазақ фольклорының тамаша үлгілерін, әйгілі батырлық жырларды ерекше есінде сақтап біздің заманымызға әкеліп жеткізуші де осы таланттар. Сондықтан да ауыз әдебиетінің тарлан тартқандары — қарт ақындарды халық қашан да қастерлейді де қадірлейді. Олардың құлақ күршының қандыратын үніне қалың жүртшылық ауелден-ақ ынтық.

• Қазақстаниң жағдайында,— деп жазады проф. М. Қаратаев, — ақындардың атқаратын ролі ала-бөтен зор. Халық ақыны республикамыздың ең алыс түкпірлерінде, ауыл, совхоздарда, егік базында, малишлар арасында араласып, біте қайнасып жүріп, ең маңызды оқигаларға үн қосады, істің ізін суыттай табанды талантты өнерімем сана-сезімге ықпал жасайды, сөйтіп керкем сез еңбек адымының ежесеин, көңіл қуйін кете реді.

Бұл жерде ойда болатын тағы бір өзгешелік мынау. Халық ақынының творчествосы дегеніміз көркем өнердің кеп қасиетін бойына түйген синтетикалық творчество. Сондықтан ақын көбіне өнер саласының бірнеше қызметін атқарады.

Мысалға Кенен Эзірбаевты алайық. Ол ән шығарып, сезін жасады (мұнда ол ақын-шайыр), сезге шактап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол композитор), сол мелодияны тиісті музыкалық аспапқа (домбырага) қосып өзі орындайды (мұнда ол музыкант), ақырында өзі шыгарған әннің өз ауенімен салады (мұнда ол — әнші).

Бұл секілді алуан түрлі таланттың бір кісінің басы-

<sup>1</sup> «Правда», 1950, 5 апрель.

кан табылуы өте қымбат қасиет. Өнердің мұндай өзіншे әмбебап адамдары кино, театр, кітапхана әлі де болса көңілдегідей жетістеп жатқан жерлерде айрықша пайдалы. Олардың алыс ауылдарда, мал жайлататын жалпак жайлау, киыр қыстауларда, ұзақ жол, терең канал қазып жатқан құрылышылар мен тың өлкесінің егіс бригадаларының арасында осындан үздік өнер көрсетуінің мәні өте-мете үлкен. Сондықтан да біз тұрақты мекендерінен ұзақ уақыт қол үзіп жүретін жырақтарға жылқышы, қойши, құрылышы, егінші жұртшылығымыздың рухани тілек, талабын бір мезгілде болса орындан, қанағат таптыратын талантты ақындарға аса зор құрметпен көңіл белуіміз керек.

Совет дәүіріндегі халық ақындарының творчество-сы жоғары идеялы, саяси өткір, оптимистік творчество. Мұнда мықты сеніммен, жарқын сарынмен халықтың озық ой, асыл сезімі жырланады<sup>1</sup>.

Ақын, жыршылар, сейтіп, дәүірден-дәуірге өтеді, өз түсындағы қоғамдық жайларга жақсы араласады, өз өнерімен әр қырымен көзге түседі. Ел тынысын, өз ырысын жырга қосады.

Ақындар, қайталап айтсақ, қай уақытта болмасын халықтан, қалың бұқарадан ешбір қол үзіп көрген жоқ. Жатқа білетіні бар, төлтума жаянан шыгарғаны бар, жаңғыртып айтатыны бар, оның бәрі елге арналады да, кеп үшін орындалады. Ақынның өнеге өрісі, мектебі — сол халық поэзиясы, қазақтың батырлық жыры. Қазақ халқының эпикалық туындысының даңқты дәстүріне мықтап арқа сүйеген, топ жарған, атақты ақпа ақындарымыз, дүйім жұртты дүр сілкіндіріп сантаңға жалықтырмаган жүйрік жыршыларымыз ел ішінен ертеде көнтеп табылатын болса қазір де бұлардан құр алақан, құр қалған емес екенбіз.

Бірқатар ақындарда, қарал отырсақ, ақындық өнер, орындаушылық сипат, жатқа айтқыштық қабілет қатар жүреді екен. Жатқа айтатын репертуары мол, табиғи таланты күшті ақындар ел эпосының ек шурайлы, көлемді көркем нұсқаларын жадында үстай білген. Қыргыздың манасшылары, қазақтың Жамбыл, Нұрпе-йіс секілді халықтың қаһармандық эпосын дамытып айтушылары сез жоқ, ірі жыршылар болып та табылады. Ақтөбе облысында Байтабынов Айса деген жыршы ақын болған. Ол Бітеген деген атақты ақыннан кеп

<sup>1</sup> Мұқаметжан Қаратаев. Әдебиет пен эстетика. Алматы, 1970, 152—153-беттер.

жыр үйреніп, оны кезінде ел арасында айтып жүрген. Оның бастылары мыналар: «Қобыланды», «Көрүғұлы», «Алпамыс», «Құбығыл», «Телагыс», тағы басқалар.

1940 жылы Нұрпейістің 80 жылдық тойында — Ақтебеде Айса екі күн бойы ұзақ жыр айтқан. Айсаны аса зор ықыласпен тыңдаған Нұрпейіс: «Мұның жыршылығы бізден күшті және ертеде естігенін жазулы хаттай сақтайтын жүйрік жыршы», — деп жоғары бағалаған. Айсаның репертуарындағы жырлардың біртгайтасында хатқа түсірілді, қайсысы ғылыми ой елегінен етіп, көптің кәдесіне асырылды да. Алматы облысындағы Сәдібек Мұсірепов те ұзақ-ұзақ батырлық дастандарды жатқа айтады. «Алпамыс», «Ерназар», «Бекет», «Мұңлы Сейіл», тағы басқа оқиғалы, әңгімелі дастандарды жырлайды. Сәдібек сол жаттамалы жырларды қосымшасыз, өзгеріссіз орындауға тырысады<sup>1</sup>.

Не бір талант иелері, ерен өнерлілер халық арасынан шыгады дедік. Осылың җалғасы ретінде мына бірекі фактіні келтіре кетейік. Соңғы кездерде зайнанда (Шығыс Қазақстан облысы) ақын Ержан Ахметовтен «Арқалық батыр» жыры жазылып алынды. Фольклор зерттеушісі Б. Уахатовтың айтуына қараганда (Батырлар жыры. Екінші том, Алматы, 1961, 404-бет) Е. Ахметовтың репертуарында көптеген тұма шығармалары да, жаттанды жырлары да бар. Ол Арқалық жырын XIX ғасырдың екінші жартысында әмір сүрген Қөпбай ақыннан үйренген.

Қазіргі кейбір зерттеушілердің дәйектемелерінше Иса Байзаков, Саяділ Керімбеков те бұл жырды жатқа білген. Алайда, олар айтқан нұсқалар қағаз бетіне туспіл сақталмаган.

Қазақ ССР Ғылым академиясының әдебиетші-галимдары мұнан біршама уақыт бұрын біздің біраз ақын, жыршыларымызың Қарақалпақстанда да тұратындығын анықтап келген болатын. Олар — Сүгір, Тәңізбай, Ережеп, Наурызбек жыраулар. Біздегі «Қобыланды» жырының бір нұсқасы осы Ережеп жыраудың айтуынан жазылып алынған. Ережеп жырау «Қобыландыны». Тілеумагамбет жыраудан (өзінің әкесі) естіп, жатта алған көрінеді. Тілеумагамбет өз жанынан да жыр шыгарған адам. Оның «Асқар батыр», «Ермагамбет батыр», «Марқабай батыр» атты жырлары бізге мәлім болып отыр. Жоғарыда аталған Наурызбек жы-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап Алматы, 1964, 381-бет.

рау да «Құлбек батыр» деп аталатын көлемді жырды жырлайды екен<sup>1</sup>.

Осымен байланысты айта кететін бір жай, ақындық, жыршылық дәстүр бізбен көршілес, туысқан елдерінде де бар екенін айқын байқаймыз. Біздегі тәріздес, мәселен қарақалпақ ақын, жыршыларының да атадан балаға, біреуден біреуге көшкен ұстаздық, ақындық мектебі болғандығын көреміз. Фольклор гылымы саласында ондагы жасалған мұрагерлік шежіре-кестесі бойынша XIX ғасырдың жыраулары — Айтуар, Досмагамбеттен елу бір жырау үйреніп, тағылым алған. Өз дәүірінде бұл аталған екі жырау қарақалпақтагы ақын, жыраулардың белгілі ұстазы саналған.

Мәселен, Досмагамбеттің өз басына келсек, оナン Дүйсенбай, Қабыл жыраулар шықкан. Ал бұлардан әлденеше үрпақ жыр үйренген. Үйренуші шәкірттерінің азы-көбі үйретуші ұстаздарының атак-абыройына, ақындық қабілеттіне, эпикалық репертуарының молдығына қарай да болған. Мысалы, Қабыл жыраудың ақындық мектебінен 38 жырау үйренсе, Дүйсенбайдан 16 жырау шықкан. Бір қызығы — жаңағы жыраулар мен қазақ жырауларының творчестволық байланысын біріне-бірінің тиғізген әсерін айқын байқауга болады. Қарақалпақстандағы қазақ жыраулары Қазақбай, Қалмұрат, Ділімдер қарақалпақ Қабыл жырау мектебіне елікtesе, ондаган қарақалпақ жыраулары (Жиенмұрат, Нұрабұлла, Құрбанбай т. б.) қазақтың Қалмұрат, Қазақбай, Ділім жырауларын ұстаз тұтқан. Бұл, фактілер, сез жок, туысқан шығыс халықтары әдебиетінің, жыраулық дәстүрлерінің өзара байланысын көрсетсе керек.

Осы тұргыдан алғанда, қазақ жыршыларының, ақындарының ұстаздық-шәкірттік дәстүрлерін, географиялық мекенін әлі де аяқтап, толықтыра тусу, зерттеу жағы керек-ақ. Нурпейіс қарақалпақ елінде жырланаған жүрген «Қобыланды» жырының Қазақбай жырау арқылы тарапғанын айтады (Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты 1956 жылы шықкан кітабынан, 234—235-беттер). Демек, қарақалпақ жыраулары қазақ жыршыларынан және қазақ жыршылары олардан не үйрениді<sup>2</sup> деген проблема да әдебиетші-фольклористер алдында тұрган көкейтесті мәселе екендігі рас.

<sup>1</sup> Қазақ ССР ғылым академиясы, М. О. Эуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбаларынан (Қарақалпақ экспедициясының материалдары).

<sup>2</sup> Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. Алматы, 1973, 144-бет.

Атақты фольклор жинаушысы, әмбебап зерттеушісі Э. Диваевтың пайымдауы бойынша, Шымкент төңірегі, Түркістан саласы, Сарысу жағалауы, Қаратая мен Қазықұрттың маңайы қазақтың эпикалық дәстүрінің кең жайылып тараған өлкесі болып саналады. Оңтүстіктің белгілі ақындарының ішінде көптеген кітаби ақындар басқалар болған. Науайы поэмаларының сюжетін, «Мың бір тұң» ертегісін, «Тоты нама» мен «Қырық үәзірді» жақсы біліп, ел ішіне кеңінен айтып жүрген. Осылардың ортасынан шыққан ақындар — Майкет Сандыбаев, Сұлтанбек Аққожаев, кейінгі ұрпақтан саналатын Әбдірайым Байтұрсыновтың есімдері елге кеңінен мәлім.

Мәселен. Майкет ақын болса, ол — суырып салма, айтыс ақыны. Ол — Қазақстанның оңтүстік, шығыс белігіне аты әйгілі, эпикалық жырлардың шебері болған, ірі тұлғалар адам. Майкет қырғыз елінде талай рет болыш, Сырдария жағалауындағы көп жерлерді, Жетісуды аралаған.

Жоғарыда айтылғандардың үніне жақсы қанық қалық және этнография ғылымын зерттейтін мамандар, сол ерте кездің өзінде-ақ, әсіресе Майкет ақынның өнерін ете жогары бағалаган. Э. Диваев Майкет ақын хақында айтқанда, онда ерекше гомерлік қасиет бар, ол — қазақ халқының тірі тарихы деген<sup>1</sup>. Осындай ірі талант иелерінің үрпагы Қазақстан өлкесінің жер-жерінде кейінгі кезде де сейілмеген көрінеді.

Бұрын беймәлім болып келген Алматы облысы Қаскелен ауданындағы ақын Әшім Нұрлыбаев 13 618 жолдық үлкен қолжазбасын Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба және текстология бөлімінің қорына тапсырынғана біршама уақыт етті. Оның ішінде «Мырқы батыр», «Шаган бұғы батыр», «Қыстаубай — Қулең», «Рауан патша хикаясы» сияқты дастандары мен Бұхар жырау өлеңдері Сүйімбай, Тубек, Құлмагамбет секілді ақындардың айтыстары бар. Нұрлыбаев тек эпикалық жырдың шебері гана емес, айтыс ақыны

<sup>1</sup> Э. Х. Марғұланның; Э. Диваевің орнадын салтанатты мәжілісте (1956 жылы, декабрь) сойлеген сөзінен. Ауыз өдебиеттің шығармаларын жинаушы, шымкенттік Қызыраубек Амантаевтың 1959 жылы тапсырынған материалдарына қараганда Диваев Майкет ақыннан бірқатар эпикалық жырлардың текстін жазып алған көрінеді. Майкет ақыннан ол «Алпамыс батыр» жырынай басқа да «Қамбар» жырының нұсқасын жазып алған. «Алпамыс батыр». Алма-Ата, 1961, стр. 158—159.

да екен. Оның осындай ерекшеліктері ескеріліп, оншақты өлеңді қалың, көпке таныстыры мақсатымен халық ақындарының шығармаларының ілгері мезгілде шыккан (1965) жинағына енгізілді де. Әдебиетші Б. Ысқақов осыдан кейін арнайы ақын ауылдан барып Нұрлыбаевтың жадында сақтаулы шығыс сюжетінен алғынған «Еріксіз балгер», қазақ халқының өткендегі өмірін бейнелейтін «Күмбембет Садыр» дастаны мен «Мұса-Манат» айтысын жазып алғып келді.

Сол сияқты Қазакстанның оңтүстік өлкесінің атакты жыршысы Рахмет Мәзхожаев соңғы дәуірге дейін бізге мәлімсіз болып келіп еді. Ол арнайы 1958 жылы академияның Әдебиет институтына шақырылып, оナン батырлар жыршының көптеген үлгілері жазылып алғынды. Рахметтің репертуары орасан бай екен. Осы жыршыдан алғынған эпикалық шығармалардың («Қамбар батыр», «Көрүглө» т. б.) анағұрлым көлемділігімен қатар, фольклор ғылымы үшін бүгінгі таңда маңызы зор болып отыр.

Халық арасында осы секілді көзге көрінбей, бізге білінбей келе жатқан ақындар, жыршылар мен халық қазынасының иелері әлі де болуы мүмкін. Оларды тауып алу ортақ мұдде, көптің ісі демекпіз. Оның үстіне бұл материалдардың бәрі, сөзсіз, ақындық, жыршылық өнердің табиғатын, тегін тереңірек зерттеуге жол аша береді деп ойлаймыз.

Мәселен «Батырлар жыршының» алғашқы тарауда тоқталып өткен екі томына енген епостық жырлармен салыстырганда үшінші томның материалдарында оқушы үшін, әсіресе, ертедегі әдебиет тарихын зерттеушілер үшін керекті де қызық жайлар бар деуге болады. Егер алғашқы екі томга кірген жырлардың әңгімесі реалистік өмірден, тарихи шындықтан алғынғанын байкасақ, үшінші томның материалдарынан одан бөлегірек жайды көреміз. Үшінші томға енген жырларда көне дәуірдің, ерте кездің ізі жатқанын аңғару қын емес. Мұнда мифтік, діни үғымдар да, гажайып ертегілік хал да, халықтың арман-мұддесі де, өмір шындығының кейір көріністері де бар. Бұлардың бәрі, әрине, бір заманда тумағандығын, әр заманының, әр дәуірдің жемісі екендігін білдіреді. Мұның өзі қазақ халқының батырлар жыры қашан тұа бастады, қалай қалыптасып дамыды, қандай тарихи дәуір, кезеңдерді басынан кешірді деген мәселені шешуге көмегін тигізетін фактінің бірі болмак.

Қазақтарғы батырлар жыршының көпшілігі XIII—

XIV гасырларда та бастады, бұл процесс әр түрлі өзгерісімен XIX гасырга дейін созылып келді деген пікірлер айтылып жүр. Және де батырлар жырының шығуна қазақ жеріне шетелдік басқыншылардың (монгол шапқыншыларының, ильхандар мен қалмак шоңжарларының) шабуыл жасауы, оларға қарсы қазақ батырларының ерлік күрес жүргізуі себеп болды, бұлар батырлар жырына сюжет болды деген пікірлер орын алды. Мұның бәрік расқа шығарып дәлелдеу үшін әр түрлі тарихи деректер, ғылыми дәлелдер келтірледі. Ал «Батырлар жырының» үшінші томына енген жырлар қазақ эпосының туу тарихын бұдан былай кеңінен алып қарауга мүмкіндік береді. Бұған қаралғанда эпосымыздың шығу мерзімі XIII гасырмен гана тынбай, әңгіме одан да әріректен басталатын секілді<sup>1</sup>. Бұл женінде М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, М. Габдуллин айтқан пікірлерді де есke түсіре кетелік.

Мәселен, Ә. Марғұлан қазақтың эпосы өзінің қалыптастасқан даму тарихында XIII гасырга дейін екі үлкен кезеңді (көне заман және VI—XII гасыр арасы) басынаң кешіргенін және сол кездерде эпостық шығармала-рымыздың алғашқы үлгілері тұганын айтады<sup>2</sup>.

М. Әуезов қазақ ауыз әдебиетінің тарихы жайында, «Ертектер» туралы жазғах зерттеуінде біздегі батырлар жырының ед көне үлгілері есте қалмаган ерте заманда туды, дейді. Ал, Қ. Жұмалиев қазақтары батырлар жырының алғашқы үлгілері қазақ батырларының ертедегі ру бірлігін қорғау жолында жасаган ерліктерін жырлау негізінде тұган,— дейді.

Қазақ әдебиеті тарихын (соның ішінде қазақ эпосын) зерттеген ғалымдардың жоғарыда келтірген пікірлеріне сүйенсек, қазақтары батырлар жырының алғашқы үлгілерінің тууы XIII гасырмен шектеліп қоймайды (М. Габдуллин), одан әріректен басталады дейміз<sup>3</sup>. «Құламерген — Жоямерген», «Құбығұл», «Айдос батыр» сияқты жырлар осының дәлелі болса керек. Бұл жырлардың алғашқы үлгілерінде ерте кездегі адамдардың өмір сүру жолында жүргізген күресі, ерлік істері, ескі сенім-наным, мифтік үгымдар, фантас-

<sup>1</sup> M. Габдуллин, Т. Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972, 299-бет; «Қазақ фольклористикасы». Алматы, 1972, 102-бет.

<sup>2</sup> А. Марғұлан. О характере исторической обусловленности казахского эпоса. Известия Каз. филиала АН СССР, 1946, № 2.

<sup>3</sup> «Батырлар жыры». Алғы сез. Алматы, 1964, 6-8-беттер.

тикалық ертегі негізінде өңгімеледі мүмкін. Мұның мысалын «Құламергеннен» де көруге болады.

Бұл сияқты гажайып ертегілік сипаты бар жырдың тағы біреуі — «Құбығұл». Мұнда жас жігіттің езіне тең жар-жолдас іздеуі және оның басынан кешірген ғаламат жайлары, әр түрлі жауларымен алыс-тартысы, кездескен қыншылықтарды жөніп мақсатына жетуі жырланады.

Батыр жігіттің езіне тең жар-жолдас іздеуін, бұл ретте жасаған ерлік істерін жырлау қазақ эпосыныңғана тақырыбы емес. Ол бүкіл дүниежүзілік эпоста («Одиссея», «Манас», «Давид Сасунский», «Жолбарыс тонды батыр», «Гэсэр», «Бум — Ердени», «Алпамыс», «Қобыланды» т. б.) молынан жырланған тақырып болатын. Осы тақырып батырлар жырының ең ертеде түрган алғашқы үлгілеріне негізгі сюжет берген деген пікірді батырлар жыры жайында зерттеу жазған совет галымдарының (М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, В. Жирмунский, Х. Зарифов, Н. Смирнова, т. б.) бәрі де айтады.

Бұған қарағанда «Құбығұл» жыры қазақтагы батырлар жырының ең ескі заманда пайда болған және кейіннен талай ғасыр бойына ауызша айтылу негізінде сан алуан өзгерістерге үшыраган, өндөліп өзгерумен біздің заманымызға жеткен үлгісі болуы гажап емес. Және де ол өзінің кейбір ескілік, ертегілік сипатын жаймаган, қайта оларды бойына сақтап келген жыр. Мұның өзі біздегі батырлар жырының қалыптасып даму тарихын зерттеуіміз үшін аса керекті материал болатындығы сәсіз.

Қазір қазақ эпосының шығу тарихын зерттеу жұмысы қолга алынып, күн тәртібіне батырлар жырының қалай қалыптасып, қалай дамығандығын айқындау мәселесі қойылып отыр. Бұл мәселені шешуде «Құламерген», «Ер Тестік», «Құбығұл» секілді «батырлық ертегі» жырлардың мәні зор. Өйткені басқа халықтардің секілді біздің қазақтың да батырлық жыры бірден қалыптасып, бірден емір шындығын жырлаудан және реалистік образдар жасаудан басталған жоқ. Қөлтеген батырлар жырының алғашқы үлгілерінен ертедегі адамдардың мифтік үгымдары, ескі нағым-сөнімдері және гажайып ертегілік уақығалар басты орын алады. Мұның себебі экономикалық дамудың төменгі сатыда болғандығынан, ертедегі адамдардың дүние танудағы шама-шарқы, ой-санасының дәрежесі жетілмегендігінен еді.

Бұл жәнінде К. Маркс «Саяси экономияның сыны-

на кіріспе» деп жазған атақты еңбегінде: ертедегі адамдар табигат жайында айнала қоршаган жаратылыш дүниесі туралы, тіпті өздерінің тіршілігі үшін жургізген куресі жайында әр түрлі миғтік ұғымдар, ғажайып әңгімелер тудырганын айтады. Бұған ол ескі гректердің эпосын<sup>1</sup> мысалға алады.

Маркстің бұл қағидасына сүйенсек, қазақ эпосының да кейібір ескі үлгілері әр түрлі миғтік, ғажайып, ертегілік ұғымдарға байланысты туғанын байқаймыз. Әрине, бұл иегізде туған жырлар біздің заманымызға ең алғашқы түр-сипаттымен жеткен жоқ, өзгеріп, өндемлемен жетті. Соның өзінде де сол жырлардың осы бізге жеткен нұсқаларынан әр түрлі миғтік ұғымдар көзdesip отырады. Бұл олардың ерте заманда тугандығын куаландыратын факты және эпосымыздың шығу тарихын зерттей беруге қажет материалдар болып саналады.

Қазақ халқының белгілі жырауы Мұрын Сенгірбайұлының айтуы бойынша бізге жеткен «Қарадәң батырдың үрпақтары» да осы қатардан саналады.

Әдебиетіміздің тарихында қазақтың белгілі жырауы, ірі талант иесі Мұрын (шын аты — Тілеген) Сенгірбаевтың (1860—1952) алатын орны зор. Ол жастайынан Қазақстаниң батыс өлкесін жайлаптан Адай еліндегі, керші қояның тепкен түркмен, қарақалпақ елдеріндегі аты шығып, даңқы жайылған ақындардан, жыраулардан, жыршылардан кеп тағылым көрген. Әсіреле, Нұрым жыраудан «Ногайлының қырық батыры» (кейде «Қырымның қырық батыры» деп аталып жүр) жырын үйреніп, соны ел арасына таратқан. Мұрын ақын емес, ол тың тақырыпқа өз жаңынан өлең шығарып айта алмайтын. Бұл жағынан ол жыршылық дәстүрді дамытушығаға. Улken қасиеті сол,— Мұрын желілі жырларды ұзақ уақыт бойы талмай айтатын және уақығаны шашыраптайды, мазмұнын жинақылап, жүйелей, логикалық қисынын бұзбай, шебер орындаитын. Мұрынның жыршылығы мен жыраулығы қатар келісімін тапқан, өнердің бір-біріне үқсас екі басын тен үстайтын телегей адам еді. СССР Фылым академиясының Қазақ филиалы Ұлы Отан соғысының қаңарлы қуидерінде (1942 ж.) Мұрынды әдайлел Алматыға алғызып, қасына ариаулы хатшы қосып, «Ногайлының қырық батырын» жырлattы. Алматыда болған үш ай ішінде Мұрын әлгі циклдегі жырларды қажығанша,

<sup>1</sup> К. Маркс и Ф. Энгельс. Об искусстве. 1957, т. I, стр. 135.

шаршағанша айтып берді. Бірақ бөрін түгесе алған жоқ. Көлемі он мың жол шамасындағы осы жыр циклы (жатқа түскені ғана) Қазақ ССР Ғылым академиясының гылыми кітапханасында сақтаулы<sup>1</sup>.

Мұрын өмірбаянының деректеріне қарағанда, ол жоғарыда аталған атақты жырау Нұрыммен отыз екі жасында кездеседі, сол кезде Нұрым алпыс бір жаста болса керек. Ол: «Балам, өлең қуалап жүрсің бе?»— деп сұраганда Мұрын былайша өлеңмен жауап қайтарған:

...Мекенімді сұрасаң,  
Бозашы деген түбекте,  
Иткелді судың басы еді,  
Осы бағыт жәніміз.  
Ағаның естіл дабысын,  
Сөлем беріп қайтуға,  
Сонаң іздел келеміз.  
Сол Адайдың ішінде  
Рұым — Келімберді еді,  
Аты-жөнім сұрасаң —  
Секірбайұлы Мұрын-ды.  
Көрейін деп мен келдім,  
Көрмеген бұрын түрізді,  
Өлең жолын құдым мен,  
Бұл он серіз жасынан,  
Домбыра қолға алған соң.  
Оңға бұрып салған соң,  
Кеткен жоқ жақсы қасынан,  
Сөз алуга келемін,  
Айлық жолдан мен іздел,  
Өздерідей жақсы — асылдан.  
Мен тап болдым аға-еке.  
Қалпақты — қыргыз жыршыға,  
Бөгендегі — Қалымға,  
Бөлидегі — Бегімге  
Өзімнен бері аса алмай,  
Ойладым сізге баруга.  
«Қырымыни батыр» ерлерін,  
Сұрап сізден алуға.  
Ерді деп бес жыл есіттім,  
Асыл туган Нұреке,  
Адайдагы ақын Абылға<sup>2</sup>.

1942 жылы Мұрынның айтуынан жазып алған бұл өлеңде жырау жайлы көп деректер бары көрініп тұр. Мұрынның осы өлеңін естігенин кейін Нұрым тұрып:  
«...Жарайды, бала, өлең соңына ыждинатпен түскен өкенсің, менің соңыма ер, мен саған өлеңнің мән-жа-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 383-бет.

<sup>2</sup> «Батырлар жыры». Екінші том, Алматы, 1961, 10-бет

йын түсіндірейін» — деген. «Мен оның қасында төрт айдай еріп жүріп, «Қарадәқ ұрпақтары» атты жырлардың тобын және тағы да біраз жырларды үйрендім!», деп ол айтқан екен.

Мұрын жыраудың айтуындағы бұл жырда Ногайлы заманындағы батырлардың ру бірлігі үшін жүргізген күресі, сырт жаудан ел-жүртін қоргауда жасаған ерліктері хикаяланады. Жырдың біздер үшін құндылығы бұл гана емес. Ең бастысы: «Қарадәқ батырдың ұрпақтарының» негізінде эпостық жырлардың циклдегі мәселесін гылыми түрғыдан баяндауға себепкер болатындығында. Қазақ эпосының циклденеүі деген мәселе бізде онша көп зерттеле жоймаган проблема екенін еске алсақ, Мұрын жыраудың айтуындағы жырлардың аталған мәселелі гылыми түрғыдан қарастыруға көмегі тиетіндігі сөзсіз.

Бұл жөніндегі алғашқы адым, Мұрын жыраудың эпикалық репертуарының материалдары негізінде кандидаттық диссертация жазылып, қоргалды<sup>2</sup>. С. Садырбаев осы еңбегі үшін филология гылымының кандидаты деген дәреже алды. Онда Мұрын жыраудың творчестволық биографиясы, «Қарадәқ батырдың ұрпақтары» атты цикл, сонымен бірге «Қырымның қырық батыры» атты циклдан «Қосай», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Манашұлы Тұяқбай» атты шығармалар сөз болады.

Автор аталған еңбегінде Мұрынның «Қырық батыр» жырын үш топқа бөліп қарайды. Бірінші — «Ақшабай батырдың ұрпақтары», екінші — «Қарадәқ батырдың ұрпақтары», үшінші — «Асанқайғы», «Абат» «Телагыс», «Қосай», «Төрекан», «Ер Кеңес», «Тұяқбай», «Қобыланды», «Айсаның ұлы Ахмет», «Алау батыр»<sup>3</sup>.

С. Садырбаев өзінің диссертациялық еңбегінде фольклорист-ғалымдардың ертелі-кеш эпостың циклденеүі жайында айтқан пікірлерін негізге ала отырып, қазақтың батырлық жырындағы (Мұрын жырау репертуары) циклдену процесінің негізгі қасиеттеріне шолу жасаған. Қазақ эпосын «Өмірбаяндың циклдену», «Генеалогиялық циклдену» деп екі салага бөледі. Алғашқы салага «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»

<sup>1</sup> «Батырлар жыры». Екінші том, Алматы, 1961, 11-бет.

<sup>2</sup> С. Садырбаев. Қазақ эпосының тұтастану мәселелері. Алматы, 1985.

<sup>3</sup> Мұрын жырау. Қырық батыр туралы батырлық эпос. Қазақ ССР ғылым академиясының гылыми кітапханасы, № 26, 79, 81.

сияқты эпикалық поэмаларды жатқызады. Мұрын жыраудың «Ақшабай батырдың үрпактары» циклін де осы топқа енгізген. Бұларда «...батырдың басынан еткен басты-басты өмір сатылары түгелдей тізбектеле айтылған. Эрбір батырдың қалай туғаны, оның бала, бозбала шағында қандай қылыштар көрсеткендігі, алғаш рет жауға аттанып, қайта қайтқаны және кімге үйленгендегі, кейде қайтіп қайтыс болғандығы жайында қат-қат қатарынан көрсетіледі<sup>1</sup>, — десе, ал екінші генеалогиялық циклденуде бір адам батыр бол туса, одан соңғы үрпактары да соган үқсас батыр бол келеді. Сейтіп, батырдан батыр туып, сырт жауға сол тойтарыс беріп отырады. Бұган бірден-бір Мұрын Сенғірбаевтың репертуарындағы «Қарадәң батыр және оның үрпактары» деген жеті батыр туралы тізбекті жыр жатады. Алдымен Қарадәң батырлықтың туын тігеді де, одан соңғы Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тамалар, сол сияқты Қобландының үрпактары: Бекенбай, Киікбайлар сол туды жықпай оман әрі әкете береді. Осы арада бір ескертке кететін нәрсе: жоғарыдағы аты аталған батырдың бірде-біреуі Карл Великий, Красное солнышко, Жаңгара, Манас сияқты эпикалық «монарх» дәрежесіне жетіп болмаган... екендігін айтЫп, автор жырдың ортак сипаттары мен идеялық мазмұнына тоқталған<sup>2</sup>.

Көбіне құптарлық жайлар деп санагандықтан, оның үстінен қазақ эпосының циклденуі жайындағы зерттеу еңбектердің алғашқыларының бірі болғандықтан әдейі үзақ үзінділерді алып, келтіріп отырмыз.

Автордың бұрын-соңды айтылған пікірлерді қозғай отырып, эпос атаулыдағы 40 санын жинақтал, оның кездейсоқ қойыла салмағанын дәйекті дәлелдей, алға тартуы да қисынға келеді: «...40-түрік халықтарының фольклорында жиі қолданылатын эпикалық тұрақты сан, фольклор білімпазы В. В. Радловтың айтуына қарғанда: түрік текстес елдерінің жыраулары, әдетте, 40 батыр туралы толық каталог беруді — жыраулықтың жоғарғы еріне көтерілудің бірден-бір белгісі деп қарайтын көрінеді<sup>3</sup>. Бұл рас сез. Орта Азия фольклорында

<sup>1</sup> «Қазақ ССР Ғылым академиясының қабарлары». 1965, № 1 (Қоғамдық ғылымдар сериясы). «Мұрын жыраудың мұрасы және тұтастай туралы бірер сез» деген мақаланың 76-бетін қаралызы.

<sup>2</sup> «Қазақ ССР Ғылым академиясының қабарлары». 1965, № 1, 70—80-беттер.

<sup>3</sup> В. В. Радлов. Образцы... ч. У, гл. П. СПБ. 1885, стр. 1232—1236.

40 деген сан әр жырлардың арасында кездесіп қалатын құбылыс. Мәселен, қарақалпақ халқының «40 қызы», қыргыздың «Манас» жырындағы 40 шора, ортағасырылғы «Кітаби-Қоркуд» эпосындағы Дерсекханның қасына ерген 40 сарбазы және Дерсекханның ұлы Богач-Жнада жанына ерген 40 батыры және түрікмендерге, Кіші Азия елдеріне тараған «Көрүглі» жырындағы 40 батыр туралы поэмалар В. Радловтың пікірін шындыққа шығарады. Ал, Мұрын жырау түрікмендердің, қарақалпақтардың, өзбектердің арасында бірнеше рет болып жыр айтқан. Бір жағынан қазақ халқының батырлық жырын сол елдердің арасына таратса, екіншіден, ол әзі де сол елдердің эпосты жырлау әдістерінен үйреніп, өнеге алғаны сезсіз. Сондықтан болар, Мұрын жырау да шеберліктің шыңына шыққандық, сез өнеріне жетілгендейдің сипаты есебінде — халық жырларын топтастырып, репертуарын тұрақты 40 батырга жеткізуға күш салған! — деп бір түйіп тастайды.

Асылында, айтса айтқандай, 40 мың тармақтан тұратын Мұрын Сенғірбаевтың «Қырық батыр» эпосының дүниесінде жүзілік маңызы бар. 1944 жылы Ташкент қаласында болып өткен Орта Азия фольклоры туралы конференция дәл осылай деп айтқан, бағалаган<sup>2</sup>. Көрнекті мәдениет қайраткерлері, совет галымдары: В. Жирмунский<sup>3</sup>, Н. Смирнова<sup>4</sup>, Е. Ысмайылов<sup>5</sup>, К. Жумалиев<sup>6</sup>, М. Габдуллин<sup>7</sup>, М. Әuezовтер де<sup>8</sup> осы атақты жыраудың кесек тұлға екенін ерекше атап көрсеткен болатын. Сондықтан да шыгар Шоқан бір кезде: «Жеке қысқа ақыздардан эпостың бір тұтас түрін жасауда қазақтың даңқты ақындарының үлкен еңбектері болды»<sup>9</sup>, — деген еди.

Тарихи көзқарас тарапынан келгенде — деп көрсетеді Шоқан, — қазақ халқының ақындық рухы айтартылғы қызық, олай дейтініміз бірінші жағынан — ақын,

<sup>1</sup> Жогарыда аталған С. Садырбаев мақаласын қарасты. 78-бет.

<sup>2</sup> «Известия АН СССР». Отделение литературы и языка, т. 3, вып. 4, 1944, стр. 178.

<sup>3</sup> «Среднеазиатские народные сказатели». Всесоюзное географическое общество, т. 79, вып. 4, 1947, стр. 407.

<sup>4</sup> «Об источниках и вариантах казахского геронического и сказочного эпоса». «Вестник АН КазССР», 1933, № 4.

<sup>5</sup> «Ақындар». Алматы, 1956, 27, 28, 44, 332-беттер.

<sup>6</sup> «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мосселелері». Алматы, 1958, 24-бет.

<sup>7</sup> «Қазақ халқының аудауын әдебиесті». Алматы, 1958, 168-бет.

<sup>8</sup> «Мысли разных лет». Алма-Ата, 1959, стр. 169.

<sup>9</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ. 1904, стр. 226.

жыршылар бұрынғы өткен батыр, ерлердің қаһармандығын дәрілтейтін көне дәуірдегі ескі поэмаларды сол қалпында бұзбай сақтап жеткізген. Екінші жағынан, әр заманда басынан өмір кешкен ақын, жыршылар өз кезінде өткен уақыға тізбектерін бір жүйеге біріктіріп, арнаулы тақырыпқа бағындырып, ірі тұлғаның басына жинап, сыйыстырып халық жадынан шықпастай, ел есінен өшпестей етіп жырына қосқан. Үшінші жағынан келгенде, түрлі әдет пек гүрыптың, мақал мен мәтелдің халық правосоның сөлі, жиынтығы болып саналатын осы эпикалық поэмалар халықтың өткен өмірі мен рухани тіршілігін бейнелеп, белгілі тарихи дерек, маглұматтарды толықтырып, және оның шығу тәркінің себебін айқындала, анықтай беруге кейінгі ұрпақ — бізге толық мүмкіндік береді<sup>1</sup>.

Шоқан ақындық, жыршылық өнерге мән беріп, ден қоюның үстіне өлеңді суырып салма түрінде шыгарып айтушылықты ақындықтың асқар шының деп бағалағаны белгілі. Ол кезінде өзі жүрген жерінде көлтеген ауыз әдебиетінің дүлдүл жүйріктері — атақты ақындармен жүзедесіп, әңгіме дүкенін құрган. Оларга ақыл айтып, кеңес беруден қалайда жалықпаган. Потанинің жазған деректеріне үцілгенде, Шоқан Жанақ ақынмен әлденеше рет кездесіп, бірге болған. Жанақтың дарынды қабілетін Шоқан жоғары бағалаған.

Бұл айтқандардан біздің ақтаратынымыз мынау: қазақ халқының эпикалық жырларын шығарып, оны ел арасында әр түрлі иұскаларын жасап, орындал жүрген ақын, жыршылар десек, біздің заманымызда олар: Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын жырау, Айса, Сұлтанбек, Шашубай, Шапай, тагы басқалар болса, бұлардың сөл алдында өткен, бұрынғы ұрпаққа: Жанақ, Орынбай, Арыстанбай, Жұмагұл, Сүйінбай, Шәже, Тубек, Майкет, Қабан ақын, Құлмамбет, Марабай, Мергенбай сијакты талай елдерге атақтары жайылған ақын, жыршылар жатады. Олардың есімдерін халқымыз қатты қадір тұтып, ақындық, жыршылық еңбектерін қай кезде де айырықша бағалайды. Бұл ақындар ауыз әдебиетінің дәстүрлі шыгармаларын дамытып отыруының үстіне, репертуарларының байлығы жағынан да ерекше көзге туседі, яғни фольклордың әр жанрынан әртурлі туындыларды олар үнемі бабына келтіріп, халық алдында орындал, көптің көнілін өзіне аударып, барша жүртты аузына қаратып отырган.

<sup>1</sup> Ч. Ч. Валиханов. Сочинения. СПБ. 1904, стр. 193—194.

М. Эуезовтың, тагы басқа фольклорды зерттеушілердің айтуларына қараганда, бұлар ұзақ өмір жасаған ақындар болумен қатар, көпшілігі батырлық жырлармен қатар айтысқа да ерте араласып, 15—16 жастарынан ақындық өнерлерін бастайды. Олардың ел жағында сақталып қалған ірі айтыстарынан басқа, әрбір ойын-сауық, айт пен тойда, ас, мерекеде, тең-түс ақын-мек, жас-желең, қыз-келіншектермен қағысып айтқан үлкенде-кішілі, азіл құлқілі айтыстарында сан жоқ. Сол айтыстардың бәрінде шын ақындар бір айтқанын қайталаган емес. Жаттандыны айтпаган болса, тек қана бір Шеже, Сүйінбай, Жанактар өмірінде, қашшалық ұшан-төніз, сурып салма елендер тудырганын мөлшерлеу қын емес.

Осындай «жалпылық жанр»— айтыста да ете-мете көріген сол өткендегі ақындарымыз эпикалық жанрдың да тандай қағып тамсандырған ірі шеберлері болып саналады.

— Мен жас кезімде көптеген ақынның жырын тыңдадым. Ол ақындар жырын жүрттың жиналған жерінде көпшіліктің сұрауы бойынша айтатын еді. Егер көпшілік ақынның жырын сүйсіне, қызыға тыңдаса және жырды ұзғынаш жырлауды өтінсе, онда ақын жырын бірнеше күн бойына айтатын еді. Ол жырын кешкі асты ішкенен кейін бастал, таң атқаңға дейін жырлайтын, жырдың жалғасын келесі күн тағы айтатын. Сонда ол бір әңгімесін қайталамай, жақадан тың әңгімелер қосып отыратын. Ал тыңдаушы көпшілік жырды ошаш ықыластанып тыңдамаса, онда жыршы батырдың бір-екі жорығын ғана айтып, әңгімесін догаратын — деп айтқан Айса Байтабыновтың окушы қауымға жақсы таныс сезін басқа ақындардан да кездестіруге болады. Демек, бұл сез Айсага дейінгі ақын, жыршылардың да, онан кейінгі буын өкілдерінің де аузынан шыққан қоса құптау түріндегі білдірілген лебіз болып әрқашан естіліп тұрады.

Батырлар жырының айтып отырган кезде көпшілікке ұнауы, ал көлтің ынтасын қойып, шын ықылас-пен тыңдауы, әрине, оны орындаушы ақын, жыршыға да байланысты екенин көреміз. Ертерек кезде өмірде болған, мына бір деректі осыған орай келтіре кетейік: «Москваның тарихи музейінің архивінде қағаздардың арасында П. И. Щукинге Н. И. Гродеков әкеп берген қазақ әпологиясы «Қыз Жібектің» жазбасы бар. Бұл — Жібектің поэтикалық тарихының қазіргі белгілерінің

ішіндегі бірінші шыққан версиясы. Ол XIX ғасырдың 80-жылдарында Қазалы уезінен жазып алғанған. Сонда сол жылдары қызмет істеген штабс-капитан Е. А. Александров<sup>1</sup> бір қатар эпикалық поэмаларды Мұсабай жыраудың айтқанынан жазып алған. Ол «Қызы Жібекті де» жазып алғыты.

1892 жылдың июнінде Шемекей руының старшины Қарабайдың асы болып, соган Қазалы, Петропавл және Ыргыз сияқты үш уездің қазақтары баргана сол Мұсабай жыраудың «Қызы Жібекті» жырлаганын И. В. Аничков та естіген.

«Мұсабай білегін сыбанып, түймелерін ағытып, басына орамал тартып, кейде жүресінен жылжып шаршы топты айналып шығып, ең көп таралған қос гашық Төлеғен мен Жібек туралы, олардың махаббаты турали, екеуінің тағдырына кездескен қырсықтар (әрине, қалмақтың ханы көрінетін жерінде) турали жырлап бізді рақатқа бөледі<sup>2</sup>, деп И. В. Аничков еске алады.

«И. В. Аничковтың мәліметі мен Е. А. Александровтың эпосты Мұсабайдан жазып алғанын салыстыра отырып, Е. А. Александров та, тәржімеші М. Агаманов та «Жібектің» тексін кімнен жазып алғанын айтпаса да, бұл Мұсабай жырлаган версия деп тұжырымдауга болады.

Бес жүзге тарта кісі келген Қарабайдың асында Мұсабай «Уа, бәрекелді» деп айгайлаган, орамалдар, ақшалар, уағдалар беріп қошеметтеген шаршы топтың алдында «жырлаганын И. В. Аничков еске түсіреді<sup>3</sup>. Ендеше, Мұсабай — әнері халықтан жоғары бағасын алған профессионал жыршы болса керек. Қазақтың Шемекей, Шекті, Төртқара рулары жайлаган «саха-расында оның атағы шыққан». Сол жерде Жібек туралы эпос та кеңінен мәлім болған. Мұсабай және басқа да сол жерде жасаушы жыраулар мен ақындар эпостың 1894 жылы Қазанда басылып шыққан версиясы ная езгеше версияларын айттып жүрген.

Мұсабай версиясында «Қызы Жібектің» толық дәс-

<sup>1</sup> Е. А. Александров.— Қазалы уезінің басшысының көмекшісі, қазақ тілін жақсы біледі. (Н. И. Гродеков. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьяинской области. Ташкент, 1889, стр. IV).

<sup>2</sup> И. В. Аничков. Поездка на киргизские поминки. «Известия обществ археологии, истории и этнографии», 1897, т. XIV, вып. 2, стр. 210.

<sup>3</sup> Там же. стр. 211.

түрлік мазмұны сақталған»<sup>1</sup>. Мұнан біз бұрын да халық ақын, жыршыны қалай бағалағандығын, оған қайтіп құрмет көрсеткендігін айқын байқаймыз.

Біздің басты мәселе міздің тағы бірі — эпикалық дәстүр дегеніміз не, ол қалай туыл, қалайша қалыптасты? Осыны айтар алдында М. Әуезовтың мына бір пікірін көлтіріп етуді орынды деп есептейміз: «Академик Радлов та, түрік тілдес халықтардың эпосын зерттеген басқа галымдар да ғылымға бұрын белгісіз болып келген халықтардың жанды әпостық дәстүрлерін зерттей отырып, біз еткендегі халықтардың немесе әпостық дәстүрлері қазір жоғалып кеткен, бірақ кезінде зерттелмеген халықтардың эпосы жайында көп нәрсе аңгарамыз деп әділ айтқан еді»<sup>2</sup>.

Алдымен, дәстүрлі көне элементтер қазақтың батырлық жырының көбінде бар ма? Бар. Мәселен, дәстүрлі көне сюжетті алып қаралық. Көп халықтардың ортақ қазынасы — «Алпамыстың» өзбекше, қарақалпақша, қазақша версияларын қатар қойып салыстырган кезде, оларға ортақ жалпы көне элементтері айқындала туғестінін көрдік.

Басқа дәстүрлер сияқты қазақ халықның эпикалық дәстүрінің де екі жағы бар. Біріншіден, ол бір үрпактан екінші бір үрпакқа жету процесінде олардың тақирыбы, сюжеті және поэтикалық түрлінің көрінісі тұрақтанады. Екіншіден, әрбір жаңа үрпак дәстүрді толықтырып, байтады және жақартып отырады<sup>3</sup>.

Қандай да болмасын бір эпикалық жырды идеялық мазмұны жағынан алып қаралғанымызда көптеген ортақ жайларға тал боламыз. Сан ғасырлар бойында жырдың ел ойлаған арманды көрсетуі халық үшін бағалы, қымбат дүние саналады. Бұл ойлар көне заманна, рулық құрылыштық ыдырауы кезінен бастап туыл, дами бастаған болуы керек. Халық, бір жағынан, батырды қажырлы, жігерлі, мейірбан етіп суреттесе, екінші жағынан өз жеке басының үй-ішіне, руына деген қатысын көрсетеді. Сюжет желісі өрбіп, дамыған сайын батырдың өз үй-ішіне, өз руына деген сүйіспен шілігі арта түседі. Тыныштық өмірді көксеп, каяулісіз тіршілікті аңсау сарыны сезіліп, ру ішіндегі, ру мен ру

<sup>1</sup> Н. Смирнова. Казахская народная поэзия, Алма-Ата, 1967 стр. 63—64; «Киз-Жибек» (научное издание). Алма-Ата, 1963, стр. 249—250.

<sup>2</sup> М. Әуезов. Уақыт жоне әдебиет. Алматы, 1962, 210-бет.

<sup>3</sup> Осы жайында берілген көңірең салыстыруларды «Алпамыс батыр» (Алматы, 1961) атты кітаптан қарауга болады.

арасындағы кикілжің, құрес, тартыс әшкөрленіп отырады. Үй-ішінің бақыты үшін, ру адамдарының тәуелсіз болуы үшін батыр ұлдың тууы қажетті болып саналады. Халықтың қорғанышы, сүйенері — ұлы батыр осындай қажеттікten дүниеге келеді. Үй-іші мен рудың қорғаушысы болатын батырды арман ету идеясы патриархалды-рулық құрылыштың тұсында туған. Ол кезде баласы жоқ адамдар өмірден өз үлесін ала алмай, айналасына жеккөріншті болған.

Қазақ эпосында батырга деген осы ықылас, сол тұста туып, кейіннен бірте-бірте өрбіп, өрістей береді. Батыр енді өз руынын намысын ойлал қана қоймай, көршілес рулармен де береке-бірлікте тұруды көксей бастайды.

Қазақ эпосында әр дәуірдің идеялары қосылып қалыптасқан. Бірін-бірі сүйген адамдардың семья құруы туралы және сол үшін құресуі, сүйген жардың адалдығы, ата-анаға деген сый-құрмет, бақытсыздыққа ұшыраган адамдарга мейірбандық көрсету сияқты мотивтер кейінгі дәуір қоспалары. Бұл қоспалар өзінің жағымды маңызын кейінгі кездерде де жогалтқан жоқ. Жырда бұл идеялар сақтала отырып, оған өзінің туған жерін жаудан коргау, опасыз озбырлардан елі-жұртын арашалау идеясы келіп қосылады. Халық өз руының басында адаптация үлдердиң болуын арман етеді, сол идеалын эпостың басты образымен білдіреді.

Әпоста қарапайым халыққа деген сүйіспеншілік, адам арасындағы адалдық, уәдеге беріктік, иғі іске бас июшілік сияқты катынастар зұлымдық пен зәбирлікке, арамдық пен адамшылыққа қарсы қойылады. Осы арқылы барып ақын, жыршылар езілушілердің езушілерге қарсы өшпендейділігін білдіреді.

Қазақтың батырлық жырының кейбірінде кездесетін қазак пен қалмақ батырларының достығын суреттей арқылы қанаушыларға қарсы бірігіп құресу идеясы көтеріледі.

Сөйтіп, эпикалық жырлардың идеялық мазмұнын жалпы түрде қарастырганымызда, ертеден сіңісіп кеткен дәстүрлік жайлармен бірге рулардың басын қайта қосу, руга деген сүйіспеншілік, өз адамдарын шетел шабуылынан коргауга үмтүлу сияқты талалтар қойылған. Сонымен бірге әр түрлі халық әкілдерінің достық қарым-қатынасы, сүйген адамдардың бір-біріне деген сенімі сипатталады.

Көршілес, жақын тұратын халықтармен тату, дос-

тық қатынаста болу — екі халықтың өкілі — екі батырдың достасуы арқылы берілген.

Қазақ эпосын қарап отырсақ, оның идеялық мазмұнында ислам дінінің әсери болғандығы байқалаады. Кейіпкерлердің аузында да, жырды айтушы ақындардың тілдерінде де «алла, молла, құдай», тағы басқа сөздермен қатар төрт пайғамбардың аты аталады. Сейтіп, ислам дінінің халық санасына ықпал етуінің нәтижесінде діншілік идеялар да туа бастайды.

Сан гасыр бойына айтылып, ауыздан-ауызға тара-лып келе жатқан эпосқа үстем таптың әсери болмауы мүмкін емес. Ал, атақты жырлар — «Қобланды», «Ал-ламы», «Ер Тарғын», «Қамбар» т. б. тұтастай алып идеялық мазмұнын сез еткенімізде, олардың нағыз халықтың жыр екендігіне әбден көзіміз жетеді. Алайда, кене заманнан бері ауызша айтылып келе жатқан эпикалық шығармалардан бірге социализм дәүірінің көзқарасын талап етуге болмайды — деген пікірге біз де қосыламыз.

Қазақтың эпикалық жырларының көбісі идеялық мазмұны тәрізді, сюжеті жағынан да күрделі. Идеялық құрамында, сюжетінде тұрақты дәстүрлік элементтердің барлығы байқалады.

Эпикалық жырдың сюжетіндегі ортақ элементтер — батырдың әке-шеше, жақын-жамағайындарын қоргауы — жалпы халықтың қоргау идеясымен ұласып, әпостиқ бүтіндій берік арнасын құрайды.

Әрине, жырды ұзагынан айту, бір оқигадан екіншісін тудыру, әңгіменің жалпы сюжеттік желісін бұзбай үдете жырлау әрбір ақыннан асқан шеберлікті, ақындық әнерді творчестволық ғантағазияны керек етеді. Сондықтан да олар кепшілік алдында жыр айту үшін көп даярлық жасайды, айтқалы отырган жырының жүртка бұрыннан таныс әңгімелеріне тыцнан сюжет қосу жайын қарастырады, соны ізденеді. Ертеден келе жатқан таныс сюжеттерді оқига желісін негізге ала және оларды ретімен пайдалана отырып жырдың күрделі нұсқасын тудырады. Мұндай әрі күрделі, әрі көлемді жырлар батырдың балалық шагынан бастап, бүкіл өмірін қамтитын болады.

Осы ретте қай жырды алсақ та оның бірден күрделі, көлемді дәрежеде тұмагандығын байқаймыз. Бір батыр жайында ұзагынан айтылатын, мол сюжетке құрылған көлемді жыр бірден туган емес. Бұл жөнінде академик М. Әуезов қыргыз халқының «Манасы» жайында және қазақтың әпосы жөнінде жазған еңбектерінде батыр-

лар жырының қайсысы болса да алғашында жеке оқиғаларды суреттеуден туады, дейді. Ең әуелі жырга батырдың бір-екі ерлік ісі қосылуы мүмкін. Келесі сәтте тыңдаушы көпшілік ақын, жыршыдан «жаңағы әңгіменің жалғасын айт» — деп тілек білдіруі ықтинал. Сол кезде ақын, жырши бұрынғы әңгімелерін қайталай бермей, көпшілікке тараған жырдың алғашқы оқигасына тыңдан сюжеттер қосатын болады. Және де жырдың тыңдаушыға бұрынған таныс әңгімесін, тіпті өверсия есебінде айтылып жүрген нұсқаларын жинастырып әкеп редакциялайды, бір жүйеге түсіре жырлайды. Сөйтіп ол жырдың ұзагынан айтылатын көлемді де күрделі ұлттайған түрін тудырады.

Батырлар жырының мұндай дәрежеге кетерілуі эпос жанрының ұлттайып ескек кезінде болады. Ал ол дәрежеге жеттегені бір жырдың кішкене нұсқасы ретінде айтыла береді. Мұның нақтылы мысалын «Қобланды батыр» жырынан табу кын емес. Оған Қобланды батырдың қызылбастарга қарсы күресін суреттейтін жырларды алайық...<sup>1</sup>.

Қазақ эпосында халықтың бас бостандығы үшін басқышы жауга қарсы күресі, әлеуметтік теңсіздікке наразылық тақырыптары ру, үй-іші тақырыбымен қосылып күрделі сюжетке айналады.

Басқа халықтардың эпосына қарағанда қазақ эпосында үй-іші тақырыбына байланысты тақырып жырда бірінші орынға қойылады. Және де басты кейіпкерлерінің тәңірегіндегі образдардың көпшілігі батырдың туысқандары болып келеді. Батырды қолдаушылар оның жақын туысы, өз руының адамдары («Қамбарда»— ногайлылар, «Алпамыста»— қоңыраттар, «Қобландыда»— қыпшактар) болады.

Батырга жаны аштын да, оның ерлік ісіне мақтаптыны да қартайған ата-аналары. Батырлар жорыққа шыгарда аталастары бата беріп, шыгарып салады. Ал батырлардың өзі тек ата-аналарына ғана елжіреп, іштартып қоймай ез ауылшының жылқышы, түйепі, сиыршы шалдарын да бабаларындаі көріп мейірімділік көрсетеді.

Көп жырларда батырга әйелі, немесе қалыңдығы серік болады, оны қолдана отырады...

Қазақ әйелдері ежелден бері-ақ үйдің сәнін келтірушілер деп саналады. Киіз үйдің киізін басатын да,

<sup>1</sup> М. Габдуллин, Т. Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972, 208—207-беттер.

бау-басқұрын тоқытын да, көшіп-қонғанда киіз үйді тігуші де, жыгуши да, қой, сиырды, биені сауушы да, тамақ пісіріп, киім тігуші де, арқан есүші де әйелдер болатын. Баланы тәрбиелеуши, оларға не әдемі ертегі, бесік жырларын айт羞и да солар. Олардың рухани күші басым, өз жұмыстарын шын жүректен беріліп істейді. Патриархалды-феодалды әдет-ғұрып қазақ әйелдерін қашшалық кеміткімен де олардың өмірден алған еңбектегі тәжірибесін қалық ете жогары бағалады. Қобыланың жоқта оның туысқандарын Алшағыр жауап алғып кетеді. Туысқандарын жаудан босатудың жолын Қобыланыңға Құртқа көрсетеді. Ақжұніс ақылдылығымен, тапқырлығымен Ер Тарғынды өлтірмекші болған Қарт Қожақты тоқтатады...

Әпоста жағымды кейіпкерлердің өз жеріне, руына, туысқандарына деген махаббаты қалмақ ханының шабуыллы немесе өздерінің байлары мен билерінің қысымы кезінде ерекше айқындала түседі. Осындай кезде олардың өзара бірлігі күштейді... Осының салдарынан зорлықшыл хан елінен қуаттар күш таба алмайды. Батырлар жырларында қалмақтың зорлықшыл ханы мен жәберлік көруші көшшіліктің арасындағы таластартыс бүқара қалықтың пайдасына шешіледі де олардың женісімен аяқталады<sup>1</sup>.

Қазақ қалқының эпикалық шығармалары сюжеттің қураулыны, жасау жолдарын жалпы түрде алғып қарашмен қатар, енді оларды бірімен-бірін қарайлас, қатарлас көлемде де қарастырып көрелік.

«Алшамыс» пен «Қамбарға» салыстыру жасалынғанда<sup>2</sup>, көке өмірдің көрінісін көрсетуде, сюжет тізбегінде, образды кескіндеуде «Алпамыс» жырында ерте кездің елесі айқын аңғарылады. Соған қарамастан екі әпостың екеуі де Сырдарияның жағалауында шығылған. Екеуінде де оқига жонғарлармен курсес дәүріне алғып келеді. Талдауга алынған екі жырдың нұсқаларының ел аузынан жазылуы да біршамада болған. Осындай кейбір сырттай ұқсастықтарына қарамай, «Алпамыс» пен «Қамбардың» арасында соншалық алшақтық бар. Бұл неліктен екен?

«Алпамыс» жырының кейбір нұсқалары оқигасының баяндалуында, қатысушы адамдардың бейнесінде

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960, 297—298-беттер.

<sup>2</sup> «Алпамыс-батыр». Алма-Ата, 1961, стр. 450—452 (мұнда көңірек түсінік, толығырақ салыстыру берілген).

ертеңіге тән іс-әрекеттер бар, алдымен соган тоқталып етелік.

Мұнда Байбөрінің табының жауап алған қалмақ ханы Тайшық пен Алпамыстың соғысы баяндалады. Алпамыстың дүшпандары оның көзін қалай еткенде де жоя алмайды. Жалғыз үшқан қаз Алпамыс отырған зынданға келеді. Ол арқылы батыр өзінің қарындасты Қарлығашқа хат жібереді. Бұл жағдайда естіген соң Алпамыстың досы Қарабай батырдың жатқан жеріне келеді. Мақсаты — батырды босатып алу. Алайда, Алпамыс: «Кемпірдің асы, келінің тойында әзіл, сез қылып құдықта өлеій деп жатқаннан тірлітіп алмадым ба деп бетіме салық қылар, өлсем өз жайыма өлеій...» дегенді сұлтау етіп, досының жәрдемінен бас тартады. Батыр өзінен басқа ешкімге де жығынды болып қалғысы келмейді.

Бұл тәрізді ертеңіге тән эпизодтың жырга ендірілуі халықтың ертеңілік дәстүрінің эпикалық сюжет желісін шиеленістіре тусяргендігін дәлелдейді.

Осы жағдай басқа халықтардың Алпамыс жайындағы жырында да кездеседі. Мәселен, башқұрт халқының «Алпамыш и Барсын-хылуу» ертеңісі орыстың «побывальщиналарымен» үқсас келеді. Башқұрт халқының сол аталған шыгармасы ертеңі жанрының мотивтерін еркін бойына сікіре алған. Яғни, мұнда да Алпамыш өзінің төбесінен үшіп бара жатқан жалғыз қаздан сүйгені Барсын-хылууга хат жолдайды. Қаз бұл тапсырманы орындашыгады. Батыр атының іс-киммілік да осы ертеңілік тұргыдан суреттеледі.

Алтай нұсқасы «Алып-Манашта» жетібасты Елберген көк егізге мініп алып батырдың мұрынының ішінде кіріп кетеді. Алып-Манаш осында алаңсыз тогыз ай үйіктайды. Батырдың саңқылдатып салған әні Алтайдың күс плен азын, жан-жануарын тегіс таңқалдырады. Бір кезде бір топ қаз оның төбесіне жақын төмендеп үшады. Алып-Манаш бір қаздың қанатын сыйдырып алып, онымен өзінің еліне хат жазады. Осыдан соң бұл хатты Ерке-Коо вең бойынан тауып алып, оны Алып-Манаштың ата-анасына апарып береді.

Мұндай ертеңілік қасиет татар халқының «Алпамашасында» да бар. Бұл ертеңілік версияда ескерткіштің жарылып тас-талқан болуы сияқты жырга сонғы деуірде енген қосымшалар қазақтагы, алтайдагы, башқұрттагы хат тасыған қаз тарихымен тығыз байланысып жатады. Шынында осы қазбен байланысты айтылатын жырдағы мотив езбектің Фазыл Юлдашев жырлаган

«Алпамышында» да бар. Қаз образы, сөзсіз, ертегілік жайды көзге елестетеді. Олай болса, ертегінің Алпамыс жайындағы жырга да ықпал еткендігін дәлелдейді.

Жырдағы фантастикалық элементтердің бәрі де негізгі идеяның жауап алушылар мен үстемшілдерге қарсы күресті ашып көрсетуге арналған. Бұл — қазақтың халық ертегілеріне лайықты идея. Басқа елдердің хандарымек күресу жайындағы ертегілер халық арасында көптеп табылады. «Қараман», т. б. ертегілер мұның толық дәлелі бола алады.

Жалғыз бұл нұсқағана емес, осы эпостың басқа нұсқаларын алғанымызда да «Алпамыста», «Қамбар батыр» жырынан гөрі ертедегі дәстүрлі элементтің мол екендігін аңғаруға болады. Гәп осында. Сондықтан халықтың зорлық-зомбылыққа қарсы үкім шыгаруы, тендік жөніде, қайрышылықтан құтылу жөніндегі киялы «Алпамыста» басқаша көрініс тапқан. «Алпамыстың» сюжетінде ауқаттыларды-білерді, сондай-ақ ез руының байларын сынга алу жоқ, ру ішіндегі кедейлік пен байлықтың арасындағы қарама-қарсылық, «Қамбардагы» сияқты, ашықтай айқын көрсетілмейді. Халықтың езуішлікке, озбырлыққа және қанауышылыққа қарсы үкімі қалмақ хандарын суреттеуде, олардың шалқыншылығы мен ауыр салық салуынан байқалады.

Сонымен бірге аталған екі эпос та бір ғана эпикалық дәстүрдің шеңберінде — қазақтың эпикалық дәстүрінде — дамып, ерліп отырады. Содан барып, тақырыптары мен образдарының, композициясы мен стилінің поэтикалық көріністерінде дәстүрлі ортақ элементтердің бар екендігі көрінеді. Бұлар қазақ халықтың басқа да эпикалық шығармаларына: «Қобылан-дыра», «Ер Тарғынға», тағы басқаларға ортақ болып келеді. Бұлардың ішінен ұнамдылары қайсылар?

Қазіргі бізге белгілі қазақ эпосының нұсқаларында ақындар мен жыршылардың аузынан шықкан, оқиганы баяндау барысында лирикалық шегініс түрінде айттылатын нақыл сездер, мақалдар мен мәтелдер жиі ұшырасып отырады. Бірде сол мақалдар-мәтелдер элосқа батырдың ел тірегі, халық қорғаны болғанын дәлелдеу үшін енгізілсе, ал енді бірде оның аңқаулығын көрсету үшін қолданылады. Ақындар мен жыршылар батырдың батылдығын, ерлігін айтуга келгенде, «Жауға барсаң кесерді ал, дауга барсаң шешенді ал» деп түсініреді.

Эпикалық жырлардагы мақал-мәтелдердің және нақыл сездердің, монолог пен диалогтің тезисі ретінде

де жұмсалатын жерлері бар, ягни осы арқылы қатысушы адамдардың сөздері тұжырымдала да түседі.

Сейтіп, нақыл сөздер мен макалдар халық даналығының ғасырлар бойындағы сипаты іспетті, нақты жағдайды қорытады, сонымен бірге жыршы мен тыңдаушының көзқарасы түргысынан оған бага береді<sup>1</sup>.

Қазақ эпосындағы дәстүрде бар тағы бір композициялық тәсіл, «ұқсас жерлер» болып саналады. Қөлтеген композициялық тәсілдер мен стилистік суреттеу құралдары әмірдегі батырлық кескінді кетерінкі көрсету үшін жұмсалған, Сондықтан да ол әсірелеумен әдейі берілген. Әсірелеу — батырлар жырының ең неғізгі, басты қаруы екендігі белгілі. Ақындар мен жыршылар солай болғандықтан да оны сүйіне, сүйсіне пайдаланады.

Мәселең, түркі тілдес халықтары эпикалық жырларының көпшілігінде бай, батырдың образын күшетту үшін қоса айтылатын мына сияқты тұрақты эпитеттерді алуға болады: бүркіт, сұңқар, ер, арыстан, жолбарыс, нар, тағы басқалар. Ал, оның ерлігін дәріптеуде: аш берідей, бурадай, нардай, дариядай, жолбарыстай деген сияқты эпитеттерді қосып айтады. Батырды аса бір ашу қысқанда, бұрын алынбаган керемет кек кернегенде: «Бұырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды». «Қаланың аузын кан қылды, қақпаның аузын шаш қылды» дейді. Бұл сипат дәстүрдегі бар форма.

«Қазақ әдебиеті тарихында»<sup>2</sup> айтылғанындей, эпосты халық аузы әдебиетінің бетен жанрларымен және басқа да халықтардың жырымен салыстырғанда, оның тек сюжет, тақырып, образдарындағы айырмасын сипаттау жеткілікті емес екенін көреміз. Ең кезге түсерлік айырмасы оның тіл көркемдігінде.

Әпос жаирына тән эпикалық дәстүр қазақ фольклорының басқа жанрларында да тұрақты түрде сақталғаны байқалады. Мысалы, батырдың бейнесін бергенде айтылатын «ер», «сұңқар», «бері», «бүркіт», «сырттан», «алып», «жолбарыс», «арыстан» деген эпитеттер мен символдардың бір қатарын махаббат әндерінде, айтыстарда, ақындардың мактау өлеңдерінде көзделестіреміз. Образ жасауда осы эпитеттер мен символдардың қай мөлшерде қолданғондығын, әсірессе иені ерекше көрсеткісі келгенін анықтау ете маңызды мәселе болып

<sup>1</sup> В. Жирмунский, Х. Зарифов. Узбекский народный героический эпос. М., 1947, стр. 133.

<sup>2</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960, 299—300-беттер.

табылады. Махаббат әндерінде «сүңқар» дегенді — қажырлы жастықтың символы есебінде алса, айтыста, мақтау өлеңдерде бұл сез кейіпкердің даңқына, қоғамдағы атқаратын қызметінің мәніне қарай қолданылады. Эпоста қолданылатын символдың мәні бұдан ғері кеңірек. Батырдың қажырлы жастығын, даңқын, ержүректік қайратын, арып-талмайтын жауынгерлік ерлігін көрсеткісі келгенде оны сүңқарға теңейді.

«Добыландының», «Алпамыстың», «Қамбардың» толып жатқан нұсқаларында аттын шабысын дәлледеу үшін де әсірелеулер және теңеулер қолданады. «Шу!» дегенде ұшқан құспен жарысады, оны басып озады, «тау сүйндай», «сeldей» болып, «қолтығында бар қанатымен», «құйындай шауып», «жиырма күншілік жерді жеті күнге шақтайды».

Қазақ эпосында батырдың айналасындағы адамдар сан қырлы, сан қылыштың аяғында көрінеді. Алайда соның бәрінде үнемі араласып жүретін ортақ кейіпкерлер де бар. Соның бірі — батырдың қысылтаяң, тар кезеңдегі жәрдемшісі, астындағы аты, тұлпары. Олар: «Тайбурыл», «Байшұбар», «Көкше тұлпар», «Желаяқ», «Бозқасқа», «Тарлан», «Қарақасқа», т. б. «Жазығы мал демесең, ал ақылы адамзаттан артық» болып келеді. Енди оның жүйріктігіне келсек:

Аршынды бурыл гуледі,  
Табаны жерге тимеді,  
Тау мен тасты ерледі...  
Келденең жатқан кек тасты,  
Тікеп тиген тұяғы,  
Саз балшықтай иледі...  
Сенгір-сенгір таулардан,  
Секіріп бурыл жанелді,—

десе, түс кезінде Тайбурылдың жүрісі онан сайын үдең кетеді:

Аттың жолы қазылды,  
Ұмытылғанда қысылып,  
Бес жүз құлаш жазылды...  
Омырау тері кепірді.  
Бурыл кәккес сенірді...  
Арандай аузын пашады,  
Аяғын топ-топ басады,  
Бір тебениң тозаңын,  
Бір тебеге қосады...

Қажу, шаршауды білмеген Тайбурыл кешке қарай жүрісті бұрынғысынан да үдең кетеді. Сары садактың оғындей зымырайды, жұлдыздай агады:

Кешке таман Тайбурыл,  
Жын қаққанаң үксады.  
Құлан мен күлжаның  
Ұзатпай алдыни тосады...  
Көл жагалай отырган  
Кеккүтән мен қарабай  
Көтеріліп үшқанша,  
Белінен кесе басады.

Көркемдік жағынан алғанда, өлеңнің әсірелеу түрінде жырланған, «Тайбурылдың шабысы» — қазақтагы батырлар жырының аса сұлу, ете шебер суретtelген асқар шыны деуге болады.

Мұнымен қатар, «Тайбурылдың шабысында» халықтың ой-арманы, қиялы жатқаны да байкалады. Одан сенгір-сенгір таулардан бір-ақ қарғып етегін, алысты жақын ететін, қырық құншілік жерге бір күнде жететін көлік болуды аңсаған халық қиялы көрінеді. Ерте кезде Тайбурылдай алысты бір-ақ аттайтын тұлпарлар болмаса да, сондай көлік болуын халықтың арман еткендігі аңғарылады.

Екінші, «Тайбурылдың шабысынан» басқыншы жауга қарсы құйындастып бара жатқан халқы қаһары да, халықтың жауга деген ызасы мен кегі де көрінетін секілді. Халық намысын ту қылып көтерген Қобыланды басқыншы жаумен дереу кездесуді, оны тез талқандап женүді арман етеді. Ол «еліңе жау келе жатыр» дегенде немесе «елінді жау шабуылдан кетті» деген хабарды естігенде қабағынан қар жауып, кірлігіне мұз қатады, тұла бойын ашулы кек пен ыза кернейді. Оны сол жауга дереу жеткізетін де Тайбурыл болмақ. Енде-ше, халқы үшін кек алуға аттанған батырдың тасқындаған күші, найзагайдай жарқылдаған қаһарлы ызасы мен намысы «Тайбурылдың шабысы» арқылы да берілген сияқты<sup>1</sup>.

Сейтіп, батырлар жырларындағы әсіреленіп суреттелеғін тұлпарлар ересен жүйріктігімен, батыл тапқырымымен батырдың абырайын арттырып, оның шын мәніндегі батыр болуына жәрдем етеді.

Құртқа, Назым, Гүлбаршын, Қобыланды, Қамбар, Алпамысты бейнелеу үшін қолданылған суреттеу құралдары қазақтың басқа да батырлық эпосы мен тұрмыс-салт жырларындағы ұнамды кейіпкерлерді мүсіндеу үшін алынған көркемдік тәсілдерді еске түсіреді. Бұл қазақтың эпостық жырларында суреттеу құрал-

<sup>1</sup> M. Габдуллин, Т. Сыдықсоғ. Қазак халқының батырлық жыры, Алматы, 1972, 245—247 беттер.

дары көбінесе дәстүрлік қалыпта болғандығын көрсетеңі.

Ақын, жыршылар, сонымен, батырдың сүйген жарын тұрақты әпитет, теңеулер, символды сөздермен бере отырып, оның образы арқылы әйел қауымы осылай болу керек деген халық идеалы бейнеленген. Яғни, бұл — сүйген әйелдің еріне деген адалдығы, шын берілгендігі, нағыз махаббат жайындағы өртедегі елдің ойы.

Қазақ епсонында қатысуши адамдардың, әсіресе туған-тұысқандардың ішкі дүниесін ашып көрсетудегі монологтар мен диалогтар негізгі композициялық форма болып табылады. Халық арасына кеңінен тараған «Қобыланды», «Қамбар», «Алпамыс» сияқты қазақтың атақты эпикалық жырларынан осы жағдайды айқын көреміз.

Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында Қобыландының амасының айтқан мына сезінде қанша қайғы жатқанын, оның мұнға қалай батқанын көреміз:

Тесімде қатқан қос тері,  
Бұлак болып ашылды.  
Шырагым келіп емгендей,  
Ерінім және тартады,  
Он үш жасар шырактын,  
Ақ бетінен сүйгендей.  
Жүргерім аллып үшады,  
Кеткең қозым келгендей,  
Жұмылған көзім ашылып,  
Жалтазымды кергендей.

Эпикалық жырларда көп қолданылатын: қозы, құлын, бота, бал, жал, жая, қанат, тағы басқа жеке сездер, «Қанатынан қайрылған, жалғызынан айрылған», «Қабыргамда қанатым», «ботадай боздал келеді», тағы басқа толып жатқан сез тізбектері жағымды кейілкерлерінің (Қобыландының, Қамбардың, Алпамыстың т. б. әке-шешелерінің, іні-қарындастарының) жан тебіренисін, басынан кешірген қайғы-қасіретті, ауыртпалықты суреттеу үшін дәстүрдегі эпикалық форманы пайдаланып ақындар мен жыршылардың жасаған творчестволяқ ісі екенін көрсетеді. Осымен байланысты қазақ епсонында айтылатын аттың түсін атап ету де, яғни: «мінген аты берте еді», «мінген аты құла-ды», «мінгенде атың қара кер» тәрізді үқсас үгымдар эпикалық жырлардың түрлі-түрлі нұсқасында әр түрлі болып айтылып отырады.

Қазақ епсонында екі түрлі өлеңнің құрылышы бар. Біріншісі — жеті-сегіз буынды болып келеді де, екінші-

сі — он бір буынды. Алғашқысы қысқа қайырылады және ол қазақ зпосында жиі кездесіп отыратын жағдай. Мәселен, «Алпамыс» жырында осының екі түрі де үшірасып отырады. Ал, Байшұбар аттың шабысы, батырлардың жекле-жек кездесулері, жырдың екінші бөліміндегі (қалмақ зынданынан шығып батырдың еліне қайтып келуі) сипаттаулар қазақ зпосына тән өлең құрылсызында, яғни жеті-сегіз буынды өлең түрінде келіп отырады. Сонымен бірге зпоста өлең ылғи қара сезбен алмасып, ауысып келеді. Бұл бұрыннан бар және кеңінен тарапған құбылыс екендігі аян.

Батырлық жырлар кебіне шұбыртпалы үйқас пен ерікті үйқасқа құрылады да, олардың атқаратын қызметі әрқайсысынікі өз алдына.

Жыр кебіне жеті-сегіз буынды өлең түрінде келетіндіктен, дыбыс үйқасының: ассонанс, аллитерация, ішкі рифманың қолданылуымен де жасала береді. «Зпоста жырдың мелодиясы онша бай болмаса да ритмасы (ыргагы) анық, речитативының (желдірмесінің) үні жогары, көтерілкі келеді, домбыраның сазы және соган байланысты өлең шумагының пафосы халақтың ерлік өмірінің тарихын көтерілкі беруге қолданылады» («Қазақ әдебиетінің тарихы», бірінші том, бірінші кітап, Алматы, 160, 300-бет).

Сонымен, қазақ халқының эпикалық жырларының идеялық мазмұнын, сюжет желісін, образ жүйесін, композициялық құрылсысын және оның стилистикасындағы ерекшелікіт екшей, тексере келгенімізде мазмұны мен формасында дәстүрдегі бар жалпы элементтердің мол үшірдайтындығын көреміз.

Идеялық мазмұнын алып қарасақ, онда бірнешелеген гасырлар бойындағы халықтың мұн-мұддесін көрсететін ортақ ойлар бар екендігін байқадық. Батырдың туған жеріне, ескен еліне деген сүйіспеншілігі, үй-шіне деген адалдығы, қалың көпті шет жүрт жауап алушылығынан табанды түрде коргауды да эпикалық жырдың идеялық мазмұннанға негізгі жүйе саналатындығына көзімізді жеткіздік. Батыр, әдетте, рулар мен тайпалардың ыдыраушылығына қарсы күреседі. Ру, тайпа бірлігіне, рулар мен халықтардың ынтымақтас болуына жакын ашыды. Ел осы арқылы, яғни батырдың батылдығын суреттеумен, ерлік жолы мен әділеттік ісі қалай болады дегенге өз түсінігін білдірген. Сондықтан да батырлық жырдың басты кейіпкері адамның тыныштық өмірі үшін, жайлы көңлі үшін неше түрлі асу жолдардан етіп, қиямет күндерді басынай кешіреді.

Эпоста ислам дінінің жекелеген қоспалары бола тұрғанмен, кейбір есқи қозқарастар некен-сақ орын алғанмен батырлық жырдың идеялық мазмұнының халықтық («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын») екендігін жоя алмайды.

Батырлық жырдың образ жүйесі де сюжеті тәрізді халықтық, қогамдық ойларды, эпикалық, эстетикалық ұғымдар мен кезқарастарды байыптаپ қорытып, ақындық тілмен жеткізе айттып береді. Жырдагы қатысушы адамдардан — батыр мен оның тәқірегінде жағымды бейнеде суреттелеғін кейіпкерлер тамаша өмір үшін күресуші халық идеалының ұғымындағы қарапайым жандар. Олар қайратты да қажырлы, адад да аса әділ, адамгершілік қасиетті ту етіп ұстайтындар. Олардың образы арқылы үлкен достықтың, күшті сүйіспеншіліктің улгісі көрсетілген.

Қазақ эпостарының бәрі бірдей тарихи жағдайлармен байланысты туды деп үзілді-кесілді қорытынды жасау қын. Бұл оқигалардан бұрын да осы тәрізді оқигалар болуы, солармен байланысты тууы немесе соңғы тарихи жағдайларга байланысты өткен дәуірдегі ерліктер қайта жырлануы да мүмкін. Бұл тәрізді анахронизм аузыз әдебиетінде бола береді. Дәл осы жерде Н. А. Добролюбовтың орыс эпостарымен байланысты анахронизм туралы айтқан әйгілі пікірін еске түсіре кету артық емес. Орыстың героикалық эпостары ерте заманда, көп құдайға табынып жүрген кезде-ақ туган. Бертін келе олар ұмытыла бастаған. Бірак орыс жеріне татар басқыншыларының шабуыл жасаган кезінде халық ертедегі батырлық жырларын, ерлік салтын еске ала отырып, сол жырларды қайтадан жөндеген. Ертедегі жырларды жаңаша жырлаган, оған соңғы кездегі оқигаларын қосқан. Сейтіл, осы негізде батырлық жырлар шыгарған, бул жырларда ертедегі және соңғы кезде болған оқигалар араласып кетіп те отырады<sup>1</sup>.

Ертеден ел есінен кетпей, аузынан түспей айттылып келе жатқан қандай да болсын эпикалық шыгарманың толып жатқан нұскалары болады. Ол заңды да. Майкөт, Марабай, Мергенбай, Сұлтанбек, Эбдірайым тәрізді ақын, жыршылар айтқан «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды» эпосын біреуден біреу есітіп, жаттап алып, әртүрлі творчестволық өзгеріске шыра-

<sup>1</sup> Н. А. Добролюбов. О степени участия народа в развитии русской литературы. Собрание сочинений, т. I, М., 1950, стр. 288—291.

тып жібергенімен, ол елдің ортақ, жалпы мәдени игілігі ретінде сақталып қала берген.

Қазак халқының аузында жырланып келе жатқан эпостық версиялары мен нұсқалары бұдан ертеректе де айтылған. Алайда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында олар баспа жүзі және ауызша айтылуы арқылы қалың жүртшылыққа кеңінен белгілі бола бастайды. Ал ақын, жыршылар болса олар елге ертеден белгілі эпостық шыгармалармен бірге «Төрекан», «Құбығұл», «Өтеген» сияқты жаңа эпикалық жырларды да шыгарған. Сондықтан да эпик ақындардың репертуары орасан бай болған. Ертеректе келтіргеніміздей, К. Еламановтың репертуарында онға тарта эпикалық жырлар болған<sup>1</sup>.

Фольклор зерттеушісі Н. Смирнованың, тағы басқалардың байқауынша сол кездегі батырлар жырына кітаби тілдің әссрі көбірек тиген. Бұл жөнінде, әсіресе дүркін-дүркін шығып түрган «қиссалардың» белгілі әсері болған. Мәселен, Жұсіпбек Шейхулисламов Қазан қаласында «Алпамыс» жырын бастырып шыгарды. Ол кейіннен өзгеріссіз бірнеше рет жарияланды. «Алпамыстың» жер-жерге көбірек таратуға бұл, әрине, себепкер болды. Ал халық болса жалғыз Қазан баспасымен қанағаттана қоймады, Жұсіпбек «қиссаның» және тағы сол сияқталарды творчестволық жолмен қайта өндеп, көбіне оны дамытып отырды. Сонымен бірге Жұсіпбек редакциясынан басқа, ез алдына дара, оған тәуелсіз саналған текстер де болды. «Қамбар», «Қобыланды», «Қызы Жібек» жырларының таралуынан да осыны айқын байқауға болады.

Қазақтың батырлық жырының барлық нұсқаларының идеялық мазмұны, сюжеті, образы мен көркемдік түріндегі ортақ элементтерді қарастырган жағдайда, әрине олардың текстілері бәрі бірдей, біріне-бірі үксас келіп отырмайды. Өмірге, ортага, айналага халық қалай қарады екен деген мәселе — жырлардың барлық нұсқаларына ортақ негізгі түйін болып табылады. Халық әрқашан жырдагы әр кейіпкердің жан-күйін, оның тағдырының айту арқылы өз түсінігін білдіріп отырады. Мәселен, батыр дүниеге келісімен өзіне қалыңдық таңдайды, оған үйлену жолында қызын-қыстауашақтардан өтіп барып батыр атағын алады («Алпамыс», «Қобыланды»). Сол өзінің айттырган адамын

<sup>1</sup> «Оренбургский край», 1906, № 62; «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, Бірінші кітап, Алматы, 1960, 303-бет.

алу жолындағы айбарлы күрес халықтың береке-бірлігі жолындағы күреске ұласып кетеді («Ер Тарғын»). Елін, жерін басқыншы жаудан қорғаудағы ерлік күресті жырдың сюжет желісіндегі батырдың дүниеге келуімен байланысып, тарихи шындық көрінеді («Қамбар»).

Әр эпостың ортақ элементтерімен бірге оның қазақ халқының аузында айтылып келе жатқандығымен байланысты әр жыр нұсқаларының езіндік, жеке ерекшеліктері бар. Ақын, жыршылар белгілі бір эпикалық шыгарманы жадында сақтай отырып, эпостың кай жері тыңдаушыларға қатты ұнайтындығын ескеріп, олар творчестволық жолмен өз түрғыларынан толықтырулар қосқан. Олар тыңдаушы қауымның жағдайымен, мелшерімен байланысты жырды кейде қөлемдірек етіп созып та, ал кейде шағынырақ турде қысқартып та айтқан. Сондыктан да қазақ эпосының әр нұсқасында ақын, жыршының оны орынданап отыргандағы творчестволық көңіл-күйі айқын көрінеді. Олар қай жerde, қандай ортада орындалсын, езіндік беті, орындау қабілетіндегі қимыл-әрекеті сезіліп тұрады. Жыршылардың біреуі таланттына, творчестволық икемділігіне байланысты эпосты көркем көмкерсе, енді біреуі онан сәл темен түсіп жатады. Эпосты жырлаудағы сол ақындық ерекшелікте айқындау үшін әр нұсқаны өз алдына жеке-жеке алышп, талдау жен болады<sup>1</sup>. «Ауыз әдебиеті шыгармасының әрбір нұсқасына да мән беріл, оны көркем факті ретінде өз алдына арнайы қарау қажет. Ел аузынан белгілі бір шыгарманы жазып алдық де-лік, мәселең, ертегіні-ақ алайық. Сюжеті мен тақырыбы үқас белгілі бір ертегіні екі ертекшінің аузынан жазып алғанымызда біз әр түрлі шыгарманы оқып отыргандай боламыз»<sup>2</sup>, — деп академик Ю. М. Соколов бір кезде орынды көрсеткен еді.

Сейтіп, ақын, жыршылардың творчестволық енбегі, орындау ерекшеліктері мен қабілеті жырдың идеялық мазмұнынан, сюжет желісінен, образдарынан, формасынан айқын көрінеді. Эпосты орындаушы ақын, жыр-

<sup>1</sup> Қазақ эпостары, негізінен алғанда, кел варианты эпос. Бұрын атап көрсеткеніміздей, қазақтың эпостық жырлары «Алпа-мыс», «Қобылайды», «Ер Тарғын», «Қамбар» сияқты отакты ашиқалық поэмалармен тынбайды, мұнан басқа да толып жатқан шыгармалар бар. Мелшермен алғанда, әрбір жырдың нұсқаларын коса есептегенде (совет эпосы өз алдына бөлек) қазірде Қазақ ССР ғылыми кітапханасының коры мен Әдебиет және өнер институтының коллекция, текстология болімінің корында торт жүзден астам эпостың жырлар бар.

<sup>2</sup> Ю. М. Соколов. Русский фольклор. М., 1941, стр. 13.

шылар, сол эпикалық шығарманың халықтың негізін, дәстүрлік элементтерін сақтай отырып, өздері үшін аса ардақты саналған жаңа өмірдің идеяларын қосып, ескі дастурді жалгастыра әңгімелейді.

Әрбір халық әпостан өзінің тарихын көреді, ата-бабаларының байыпты жайын біледі. Бірақ еткен-кеткендерді, бұрын айтылғандарды халық өз мәзгілінің түргысынан қарап, бағалап, сарапқа салып отырды. Сондықтан да ақын, жыршылар әпостиң ортақ идеялық, көркемдік, дәстүрлік негізін сақтап, бірінен-бірінің алшақ айырмашылығы бар нұсқаларын жасап шығарды. Сейткендіктен де бір ақын жырдың оқиғасын кең баяндап, көптеген нақтылы жайлар енгізіл, кейіп-керлердің көңіл-куйін суреттеуге жете мән берсе, енді біреулері әпосты қысқа кайырып, дамытып суреттеуге онша көніл қоймайды. Мұның бәрі, сөзіз, ақын, жыршының шеберлік қабілетіне, айту мәнеріне, жырлау сиқына байланысты болады.

Осы тараудың о басында бастаған, ойымызды жалгастырганымызда, батырлар жырының дәстүрін дамытуда ақындар мен жыршылардың алатын орын айрықша екен. Олар бір-бірінен үрненеді, осы арқылы әрбір жырдың нұсқасын жасайды. Эр әпоста көне дәүірден елес беретік эпизодтар, мотивтер, сюжеттік өрістер, қатысуыш адамдардың іс-әрекетіндегі әр түрлі жайлар сақталып қалған. Ақын, жыршылар батыр жайындағы жырды біріне-бірі қалай болса солай бере салмай, творчестволық жолмен дамытып, сейтіп барып ауысып отырган. Әрбір ақын, жырши өзінің творчестволық бетін көрсетіп, тексті сан құбылтып, взертіп отырумен бірге халықтың жайсақ ойын, өміршең пікірін қосып жіберуді де ұмытпаган. Осыдан барып әпост нұсқаларының айырмашылықтары пайдада болған<sup>1</sup>.

Батырлар жырын зерттеуде кездесетін үлкен қыншылықтың бірі — оның қай кез, қай дәүірде туган шығарма екендігін тап басып, дәл айту мүмкіншілігінің жоқтығы. Сондықтан ертеден жазылып қалған тарихы, жылнамасы болмаган елдерде фольклорды зерттеу мәселеі айрықша сақтықты керек етеді.

Әдette, батырлар жырларында ел қорғау тақырыбы басты орын алады. Батырлық жырда басқыншы жауларға қарсы күрес, Отанды қорғаудагы ерлік істер суреттелінеді. Халықтың жырлар батырды ел қорғағаны

<sup>1</sup> М. Әүезов, З. Ахметов, М. Габдуллин, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, Н. Смирнова, тагы басқалардың қазақ әпости жайында жазылған еңбектерін қаралып.

алу жолындағы айбарлы күрес халықтың береке-бірлігі жолындағы күреске ұласып кетеді («Ер Тарғын»). Елін, жерін басқыншы жаудан қоргаудағы ерлік күрсі жырдың сюжет желісіндегі батырдың дүниеге келуімен байланысып, тарихи шындық көрінеді («Қамбар»).

Әр эпостың ортақ элементтерімен бірге оның қазак халықтың аузында айтылып келе жатқандығымен байланысты әр жыр нұсқаларының өзіндік, жеке ерекшеліктері бар. Ақын, жыршылар белгілі бір эпикалық шығарманы жадында сақтай отырып, эпостың қай жері тыңдаушыларға қатты ұнайтындығын ескеріп, олар творчестволық жолмен өз түрғыларынан толықтырулар қосқан. Олар тыңдаушы қауымның жағдайымен, мәлшерімен байланысты жырды кейде көлемдірек етіп созып та, ал кейде шағынырақ түрде қысқартып та айтқан. Сондықтан да қазақ эпосының әр нұсқасында ақын, жыршының оны орындаپ отыргандагы творчестволық көніл-күйі айқын көрінеді. Олар қай жerde, қандай ортада орындалсын, өзіндік беті, орындау қабілетіндегі қимыл-әрекеті сезіліп тұрады. Жыршылардың біреуі таланттына, творчестволық икемділігіне байланысты эпосты көркем көмкерсе, енді біреуі онан сәл тәмен түсіп жатады. Эпосты жырлаудағы сол ақындық ерекшелікті айқындау үшін әр нұсқаны өз алдына жеке-жеке алып, талдау жөн болады<sup>1</sup>. «Ауыз әдебиеті шығармасының әрбір нұсқасына да мән беріп, оны көркем факті ретінде өз алдына арнайы қарау қажет. Ел аузынан белгілі бір шығарманы жазып алдық дедік, мәселең, ертегіні-ақ алайық. Сюжеті мен тақырыбы үқсас белгілі бір ертегіні екі ертекшінің аузынан жазып алғанымызда біз әр түрлі шығарманы оқып отыргандай боламыз»<sup>2</sup>, — деп академик Ю. М. Соколов бір кезде орынды көрсеткен еді.

Сейтіп, ақын, жыршылардың творчестволық еңбегі, орындау ерекшеліктері мен қабілеті жырдың идеялық мазмұнынан, сюжет желісінен, образдарынан, формасынан айқын көрінеді. Эпосты орындаушы ақын, жыр-

<sup>1</sup> Қазақ эпостары, негізінен алғанда, көл варианты эпос. Бұрын атап көрсеткеніміздей, қазақтың эпостың жырлары «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар» сиякты отакты эпикалық поэмалармен тыңбайды, мұнан басқа да толып жатқан шығармалар бар. Мәлшермен алғанда, әрбір жырдың нұсқаларын қоса есептегендеге (совет эпосы өз алдына белек) қазірде Қазақ ССР ғылыми кітапханасының қоры мен Әдебиет жөнө өнер институтының қолжазба, текстология белімінің қорында төрт жүзден осталам эпостың жырлар бар.

<sup>2</sup> Ю. М. Соколов. Русский фольклор. М., 1941, стр. 13.

шылар, сол эпикалық шыгарманың халықтық негізін, дәстүрлік элементтерін сақтай отырып, өздері үшін аса ардақты саналған жаңа өмірдің идеяларын қосып, есқі дәстүрді жалгастыра әңгімелейді.

Әрбір халық әпостан өзінің тарихын көреді, ата-бабаларының байыпты жайын біледі. Бірақ өткен-кеткендерді, бұрын айтылғандарды халық өз мезгілінің түргышынан қарап, бағалап, сарапқа салып отырды. Сондықтан да ақын, жыршылар әпостың ортақ идеялық, көркемдік, дәстүрлік негізін сақтап, бірінен-бірінің алшақ айырмашылығы бар нұсқаларын жасап шыгарды. Сейткендіктен де бір ақын жырдың оқиғасын кең баяндан, көптеген нақтылы жайлар енгізіп, кейіп-керлердің көніл-күйін суреттеуге жете мән берсе, енді біреулері әпостың қысқа кайырып, дамытып суреттеуге онша көніл қоймайды. Мұның бәрі, сөзсіз, ақын, жыршының шеберлік қабілтіне, айту мәнеріне, жырлау сиқына байланысты болады.

Осы тараудың о басында бастаған, ойымызды жалгастырганмызыда, батырлар жырының дәстүрін дамытуда ақындар мен жыршылардың алатын орны айрықша екен. Олар бір-бірінен үйренеді, осы арқылы әрбір жырдың нұсқасын жасайды. Эр әпоста кене дәүірден елес беретін эпизодтар, мотивтер, сюжеттік ерістер, катысушы адамдардың іс-әрекетіндегі әр түрлі жайлар сақталып қалған. Ақын, жыршылар батыр жайындағы жырды бірін-бірі қалай болса солай бере салмай, творчестволық жолмен дамытып, сейтіп барып ауысып отырган. Әрбір ақын, жырши өзінің творчестволық бетін көрсетіп, тексті сан құбылтып, өзгертип отырумен бірге халықтың жайсаң ойын, өміршең пікірін қосып жіберуді де ұмытпаған. Осыдан барып әпос нұсқаларының айырмашылықтары пайда болған<sup>1</sup>.

Батырлар жырын зерттеуде кездесетін үлкен қыншылықтың бірі — оның қай кез, қай дәүірде туган шыгарма екендігін тап басып, дәл айту мүмкіншілігінің жоқтығы. Сондықтан ертеден жазылып қалған тарихы, жылнамасы болмаган елдерде фольклорды зерттеу ма-селесі айрықша сақтықты керек етеді.

Әдетте, батырлар жырларында ел қорғау тақырыбы басты орын алады. Батырлық жырда басқыншы жауларга қарсы күрес, Отанды қорғаудагы ерлік істер су-реттелінеді. Халықтық жырлар батырды ел қорғағаны

<sup>1</sup> М. Эузев, З. Ахметов, М. Габдуллин, Қ. Жұмалиев, Б. Кемжебаев, Ә. Маргулан, Н. Смирнова, тағы басқалардың қазақ әпосы жайында жазылған еңбектерін қараңыз.

үшін, басқыншы жаулар мен қанауышыларға қарсы күресіп, ерлік көрсеткені үшін, сейтіп, халыққа қамқор болғаны үшін ардағтайды. Халықтық жырлар ел талауды, басқа елдерге жорық жасауды, басқыншылықты дәрітемеді, қайта ондай әрекеттерді жириңішті түрде көрсетеді. Сондықтан да халықтық жырлар Отанды сүюді, халыққа қызмет етуді сүйсіне жырлап бейнелейді. Демек, эпос кейіпкерінің келешек жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеуде өнегелік жағы күшті деп білеміз.

«Эпоста суреттелетін халық батырын жырлаушылар адам үлгі тұтарлық, өнеге үйренерлік қалыпта кескіндейді, міне сондықтан да эпикалық шыгарманың тәрбиелік мән-маңызы онан сыйын арта түседі»<sup>1</sup>.

Қарап отырсақ, қазақ эпосының бірнеше гасырлардан бері жасалып келе жатқандығы белгілі. Оның алғашқы пайда болу тәркіні қазақ халқының шыгу тарихымен байланысты<sup>2</sup>. Қазақ халқы ескідегі батыс-турік қағандар (V—VII гасырлар), қыпшақ, оғыз рулады (VIII—X гасырлар), Акорда және ногайлы ордасының жүртшылығы, өзбек хандарының тайпаларына (XIII—XVI гасырлар) кірген руладақ тараалады. Қазақтың батырлық жырларының ежелгі ескерткіштері осы тайпалар женіндегі аңыз-әңгімелермен байланысты.

Қазақ эпосы және басқа да Орта Азия мен Сибирь халықтары эпосы, негізінде, ежелгі түркі халықтары эпосының дәстүрімен бір екендігін Орхон-енисей тасындағы ескі жазулардан көруге болады. Ол жазбалардың көлшілігінің стилі (Күлтегін т. б.) эпикалық шыгармалардың стиліндегі болып келеді... Өлеңдердің текстерінде: «алып», «ер», «ертуғын тұтың», «халықты корғау», «арыслан» деген сияқты эпос стилінің элементтері бар. Дүшланың жекпе-жекке шақыру, жекпе-жек күрестің өзінен согыс майданы сияқты эпикалық шыгармаларда кездесетін жағдайларды т. б. байқауга болады.

Сондай-ақ, қазақтың батырлық жырының өзінен де ежелгі дәуірдің тұрмыс-салт қалдықтарын тануға болады. Мысалы, Алпамыс туралы аңызда, неке қилю тойындағы айтыста, патриархалдық қогам құрылышының құлап, феодалдық қатынас үстем бола бастаған кездегі тұрмыс-салтқа тән жағдайлар т. б. суреттеледі.

<sup>1</sup> В. И. Чичеров. Вопросы изучения эпоса народов СССР. Сб. «Вопросы изучения эпоса народов СССР». М., 1958, стр. 10.

<sup>2</sup> Бұл жайында «Қазақ әдебиетінің тарихында» (бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1980) тұжырымдар айтылған.

Қазақ батырлар жырынан оғұз ақыздарының ізін анық байқауга болады. Мысалы, «Алпамыс» жырында айтылатын қоңырат руы ерте құралған оғұз тайпаларының (IX—X ғасырларда) феодалдық мемлекетінің құрамына кіретін еді.

Оғұз тайпасына (VIII—IX ғасырлар) кіретін қыпшақ руының эпостық дәстүрі ногайлы руларының арасында көбірек тарайды. Осыдан ногайлы, қыпшақ руларына байланысты қазақ батырлар жырларының бірнешеуі шыгады. Мысалы, «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар», тағы басқалар. Бұл шыгармалардың ең басты кейіпкерлері де, олардың төңірегіндегілері де Ногайлы мен қыпшақ болып келеді...

Қазақ эпосы өзінің сәбілік кезеңінен біраз мотивтер мен тақырыптарды сақтаған. Сондықтан да батырдың үйленуі, оның өз үй-ішін қоргау үшін күресі, атаның мұрагері болуы — сол дәуірдегі эпостың тақырыптары болған және бұл тақырыптар кейінгі батырлар туралы эпостарда жырлана бастаган.

Кейінгі кешпелі тұрмыс пен патриархалдық-феодалдық қатынаста өмір сүрген қазақ халқының тарихи даму жолы зоста үй-іші тақырыбын жырлауды қындиатып жібереді... Эпикалық ақыздарға қырғын соғыс, қылыш пен наиза қарулары енеді. Қалмақ пен жонғарлардың басқыншылық соғысына қарсы қазақ халқының күресі негізгі тақырып болып жырланады<sup>1</sup>.

XIX—XX ғасырларда жазылып алынған «Алпамыс» сияқты жырлардың нұсқаларында өзара соғыстарды тоқтату мен қоңырат руының, тағы басқа рулардың ынтымагы, бірлігі жайындағы әңгіме кеңінен орын алады. Жырдағы бұл оқиға әлеуметтік мотивтердің кебейе түскенін көрсетеді. Сондықтан да батырлардың ерте кездегі әйел үшін таласы, ендігі жерде олардың қалмақтармен күресіне ауысады. Демек, эпостың есікі, кене мотивтері мен тақырыптары батырлық жырдың кейінгі кезде шыққан нұсқаларында жаулап алушылардың зорлық-зомбылық жасауына, олардың тонауына қарсы бағытталған халықтық ойлармен жалғасып, ұштасып кеткен.

Совет фольклористері эпостың шығу тәркіні, оның тарихпен ара-қатынасы жайында бірқатар тың пікірлер айтқанына біз жоғарыда бірер жерде зерттеу мәселелерінің орайымен байланысты назар аударып, аз болса да аялладап өткенбіз. Осы ыңғайда сол оймызызы,

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960, 292—293-беттер.

күрделі міндет қоя сейлеген галымдардың мына пікірі тағы да айқындай түссе керек. Орта Азия мен Қазақстан халықтары эпосының шығу төркіні, сондай-ақ оның даму ерекшеліктері жөніндегі мәселелер әлі де жеткілікті зерттелінбеген.

Әпостың шығу тегімен байланысты айтылған проблеманы шешу — осы халықтардың тарихы мен мәдениеті саласындағы әр түрлі мамандардың бірлесіп күш жұмысаян талап етеді.

Орта Азия мен Қазақстанның этникалық шығармаларының үлкен тобын «Қыпшақ эпосы» құрайды. Бұл әпоста XIII—XV ғасырлардағы тарихи жағдайлар мен оқиғалар суреттегеледі<sup>1</sup>.

Алайда, «Қыпшақ эпосының» алғашқы шығу тегі ете әрірек кеңдерге барыл тірелетін болса керек. Қыпшақ эпосының жасалуы мен қалыптасуы ең алдымен «Шығыс жазба материалдарында «Дешті қыпшақ» деп аталатын Половец — қыпшақ даласының батыс белгінде деп есептеледі. Бұл топқа қазақтардың, қарақалпақтардың, сондай-ақ ногайлылардың әпикалық шығармалары жатады.

Рас, бұл халықтарда XIII—XV ғасырлардағы Алтын Орда тарихымен байланысты туған «Ногайлы циклін» құрайтын осы текстес әпостар да бар. Қазақта бұл цикл толығырақ сақталған. Мұнда батырлық әпостың жиырмадан астам нұсқасы белгілі. Олар: «Едіге батыр» мен оның үрпактары — Орақ пен Мамай, Қарасай мен Қазы, Шора батыр жайындағы поэма, әйгілі әпостардан: «Қобыланды батыр», «Ер Сайын», «Қамбар батыр» сияқтылар.

Қарақалпақтарда ногайлы цикліндегі поэмалардың ауқымы тар: Едіге батыр жайындағы поэма оның үрпактарын қамтыймайды да, Едіге батырдың өзімен аяқталады, ал оларға ногайлы цикліне жататын батырлардың ішінен «Қобыланды батыр» гана белгілі болған. Бұл поэмалар өзінің шығу төркіні жағынан Орта Азия мен Қазақстан тарихына байланысты, сол дәуірдің әмірін елестеттің шығармалар. Өйткені ол кез қарақалпақтардың тарихи тағдыры сол дәуір халықтары әмірімен байланысты болған. Оның мысалы «Алламыс», «Қырық қызы» т. б.

Сонымен, осы кезде бір топ аңыз-әңгімелердің ішін-

<sup>1</sup> А. Боровков. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса народов Средней Азии и Казахстана. Вопросы изучения эпоса народов СССР. М., 1958, стр. 66.

де «Қыпшақ эпосы» деп аталатын эпикалық шығармалар бар. Бұл шығармалардың лайда болуы Алтын Орда дәүірін елестететін ногайлы циклімен тікелей байланысты. Себебі олар Орта Азия жерінде пайда болып, сол Орта Азия, Қазақстан халықтарының (тайпаларының) бастан кешірген өмірін көркемдеп береді<sup>1</sup>.

XVIII ғасырдағы халық әдебиетін ғылыми тұрғыдан көбірек зерттеп, осы жайында қалам тербеген ғалымдардың бірі — фольклор зерттеушісі Н. С. Смирнова еді. Оның жазғандарына қараганда, XVIII ғасырда қазақ халқының поэзиясындағы эпикалық жанрдың құрамы көп өзгеріске ұшырайды. Ертеде қалмақ хандығының шапқышылығына қарсы құресіп, ерлік көрсеткен Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Қамбар сияқты батырлар туралы халық аузында әуелден-ақ айтылып келген азыз-әңгімелер мен эпикалық жырлардан өзге жаңа, соны шығармалар туа бастайды. Бұл шығармалардың негізгі мазмұны — Галдан Церен мен Цеван-Рабтаның шабуылы және жоңгар феодалдарының басқышылық әрекеттеріне қарсы қазақ халқының көрсеткен ерлік құресі туралы болады. Сондай-ақ феодалдардың өз ішіндегі қантөгіс, қақтығыстар мен «Ақтабан шұбырынды» жайлы да көп-көп шығармалар туады. Қысқасы, тарихи оқигалар мен нақтылы, тарихи фактілерді, тарихта болған белгілі, жеке адамдарды көрсету XVIII ғасырдағы эпик ақындардың басты міндеттерінің бірі болды. Бірақ бұл кезде нақтылы тарихи оқигалар мен тарихта болған белгілі адамдарды бұрынғы батырлық жырларға тән көркемдік құралдарымен бейнелеу мүмкін емес еді. Себебі батырлық эпоста әр дәуірдің, әр ғасырдың ішінде болған оқигаларды бірақ сюжеттің бойына сыйғызып айта беретін әдет болған. Бұл ретте эпостың жаңа түрлері: қиял-гажайып ертегілерінен басқа тарихи азыз-әңгімелер; белгілі тарихи дәуірді, нақтылы оқиганы баяндайтын және XVIII ғасырдың жеке адамдарын бейнелейтін эпикалық (тарихи) өлеңдер туады. Эпостың жаңа, соны түрлеріне жыр сарындары да жатады. Олар XVIII ғасырдың тарихын баяндайтын көркем әдебиет шығармасы секілді. Мұнда әр түрлі құрес, қарсылықтарда көзге түсіп, елден ерек ерлік көрсеткен батыр қолбасшылардың өмірі айтылады. Сейтіп, жыр-сарындарының қамтитын оқигалары XVIII ғасырдағы тарихи өлеңдер мен әңгімелерінде.

<sup>1</sup> М. Богданова Об эпосе народов Советского Союза (XXV Международный конгресс востоковедов. Доклады делегаций СССР), М., 1960, стр. 10—11.

лерден гөрі ауқымдырақ, көлемдірек болып келеді...

XVIII гасырдағы тарихи эпостың негізін қалаушы жанрлар — ертедегі аңыз-әңгімелер мен батырлық жырлар болды. Сондықтан тарихта шын болған батырлардың ерлігін суреттейтін XVIII гасырдағы аңыз-әңгімелер мен жыр-сарындарының бұл жанрлармен көп үқастығы бар. Мысалы, XVIII гасырдағы Отеген, Олжабай т. б. батырлардың жекпе-жек көрсеткен ерлігін, шабуылға шыгар алдындағы әзірлік, аттаныстарын бейнелейтін суреттер Қобыланды, Алпамыс, Тарғынды және ногайлы, қыпшақ, қоңырат елдерінің өзге батырларын еске салады. Алпамыс, Қобыланды сияқты бұрынғының батырларын бейнелейтін әсірелеу, көтермелеу әдістері XVIII гасырдың ерлерін суреттеуге де қолданылады. Бұрынғы батырлық жырында бар машиқты, дәстүрлі көркемдік улті өрнектерін жаңа тарихи эпикалық өлеңдерде, аңыз-әңгімелер мен жыр-сарындарында пайдалана бастайды. Бірақ бұл аңыз-әңгімелер мен жыр-сарындарының көбі, әлі де болса, таза тарихи жырлардың дәрежесіне жете қоймаган еді. Бұл әңгімелер мен жыр-сарындарында тарихи өлең, аңыздармен қатар бұрынғы батырлық жырлардың жанрлық белгілері де бар еді...

Кеп жылғы монографиялық зерттеудің нәтижесінде<sup>1</sup> — деп онан әрі қарай жазады Н. Смирнова — сол кездеі саяси-әлеуметтік мәні бар тақырылтардың аз да болса беті ашылды. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын алайық.

Алғашқы тарихи өлеңдердің шағын түрлері түгелімен дерлік «Ақтабан шұбырынды» тақырыбына арналды. «Ақтабан шұбырынды» өлеңінде жонгарлықтардың жан шошырлық шапқыншылығы суреттeliп, тұған-туыс, елі-жұртынан айрылған қазақ халқының ауыр зары естіледі. Бұлар аса күшті, терең сезім толқынысынан тұған лиро-эпикалық өлеңдер...

«Қаратаудың басынан көш келеді...» Эбден зығырданы қайнап, ағайын туыс адамдарының өлімі мен от басының бүліншілігіне тәзудің мүмкін емес екендігін халықтың жылау-сықтау — монологында айтады. Халық тұлғасын былайша бейнелеу ертедегі эпикалық дәстүрдің ізін сақтамай, жаңаша суреттеу болып табылады. Ескі батырлық эпостағы батырлардың тұлғасы халықтың асыл мұрат, арманынан, жақсы сипат, бел-

<sup>1</sup> Н. Смирнова. XVIII гасырдың тарихи олең, аңыз-әңгімелер және жыр-сарындары. «Қазақ өдебиетінің тарихы». Бірнеші том, бірінші кітап. Алматы, 1960, 579—600-беттерді қаранды.

гілерінен жинақталып жасалатын. Батырлық жырда суреттегілік көп тұлғасы — белгілі тарихи дәуірмен ешбір байланысы жок, эпизодтық образдарға наа болатын. Енді тарихи өлеңдердің шағын түрлери нақтылы оқигаларды суреттейтін болады. Халықтық құнделік өмірін, тұрмыс-тіршілігін тарихи тұргыдан көрсетеді...

Батырлық жырларға қараганда тарихи өлеңдердің көркемдік өрнек нақысы да өзгеше. Батырлық эпоста гипербола, эпитет, теңеу, салыстырулар көп. Ал тарихи өлеңнің шағын түрінде көркемдік өрнек нақыстардан ғері оқиға желісін, геройлардың сезім, сырын тап басып, дәл сипаттаушылық басым. Бұл, әрине, жаңа, соны машиқ, мәнерден туған ойнақы, әсерлі көркемдік өрнек, нақыс деп түсіну қажет.

Өлеңнің құрылышы, жасалуы жағынан да біраз жаңалыктар бар. Батырлық эпоста, әдетте, көтерінкі үнмен айтылған өлеңнің әрбір шумағы жеті-сегіз буынды, шұбыртпалы, еркін үйқаспен келетін еді. Осы дәстүр XVIII ғасырдағы оқигаларын суреттейтін жыр сарындарында да бар екені рас. Бірақ тарихи өлеңдердің шағын түрлери көбіне төрт жолды, он бір буынды болып құрылған. Үйқасы тұрақты, ааба түрінде болып келеді. Ал, мұндағы өлеңдер қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі олеуметтік-салт эпосы мен лирикалық жырларда жиі ұшырасады.

Қазақ халқының XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық қүресін жырлайтын өлең-жырлар, азыз-әңгімелер көп. Мұнда суреттегілік геройларды екі түрлі топқа бөлуге болады. Бұлардың бір тобы — сол кездегі ел басқарушы, белгілі, ірі адамдар: Бегенбай, Жәнібек батыр, Қазыбек би, Олжабай, Өтеген сияқты қолбасылар. Екінші тобы қазақтың қатардагы еңбек адамдары.

XVIII ғасырда туған тарихи эпоста баяндалатын оқигалар, тарихи адамдар, бұрынғы батырлық жырдың дәстүрмөн әңгімеленіп келді. Өлең, жырлар мен азыз, әңгімелерде ерлік көрсетіп көзге түскен ерлерді, қолбасыларды дәріптейді. Ал кей реттерде болған оқиганың, тарихи адамның өмірбаяны мен істеген ісінің тек ізін, сүрлеуін гана алғып, өзгесін өзінің қиял дүниесінен шығарады. Тарихи шыныңтық көркем шындықта айналдырады...

Шынында, қазақ халқының азыз-әңгімелерінде баяндалатын қарулы қақтығыс, барымталар тарихта шын болған оқигалар. Маселен, Абылай ханының жазықсыз, жалғыз-жарым ауылдарға жасаған шапқын-

шылығы. Абылай мен Нұралы ханның халықса көрсеткен қиянаты елдің ашу-ызасын келтіреді. Міне, осындай тарихи оқигалар мен тарихи адамдар туралы, әсіресе еңбекші халықтың хан зорлығына қарсы көтерілісі туралы бірсыныра жырг, әңгімелер бар.

Осы дәуірде туган «Абылай мен Олжабай» атты жырда суреттегетін кейіпкерлердің барлығы да Абылай ханның қаныпезерлігін сыйнайды.

— Қорыта келгенде,— деп көрсетеді Н. Смирнова — бұл тақырыпқа ариалған тарихи ақыз-әңгімелер мен өлеңдердің негізгі мақсаты — феодалдық қанауга қарсы көтерілген бұқара халықтың көтерілісін қолдап, Абылай мен Нұралы ханның содырлығын сыйнап, бүкіл қазақ халқының бірлігін, ерлігін жырлау болып табылады.

Сонымен, қазақ халқының эпикалық жырларында әр дәуірдің идеялары қосылып қалыптасқан. Жоғарыда айтылғандардан көртініміз, бағы заманда пайда болған ерлік жырлары дәстүрінің жүре бара жаңа сипатқа ие бола бастаганын аңғардық. Біз соңғы дәуірде жазылған зерттеулерді еске ала отырып, қазақтагы батырлар жырының шығуы, қалыптасуы, дамуы тарихын шартты түрде төрт кезеңге бөлеміз. Бірінші, патриархалдық-рулық құрылымынан кейінде туган эпостық шығармалар. Екіншісі — XIV—XVIII ғасырлар арасында шығарылған эпос. Үшіншісі — XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде шыққан эпос. Төртіншісі — советтік замандағы қазақ эпосы, яғни дәстүрдің жалғасқан, жақарған түрі<sup>1</sup>.

Қазақ эпосының шығу, қалыптасу, даму тарихын шартты түрде болса да осы аталған төрт кезеңге бөлуде біз марксизм-ленинизм іліміне, орыс халқының атақты сыншы-демократтары — Н. А. Добролюбов, В. Г. Белинский еңбектеріне, советтік фольклористика гылымына сүйенеміз. Қазақ эпосын әруақытта халқымыздың басынан кешірген тарихымен, еткендегі аңсаған арман, мұң-мұддесі, тұрмыс-салт тіршілігінің тарихымен байланысты қарастырамыз. Бұлай ету, әрине, фольклористикадагы «тарихи мектеп» деп аталған багыттың принципі мен әдісі негізінде болмайды. Егер «тарихи мектептің» екілдері әрбір жырдан тарихи адамдарды, тарихи оқигаларды табуга тырысса жөнене эпостық шы-

<sup>1</sup> Бұл жайындағы ой, пікір тұжырымдарынан М. Габдуллин мен Т. Сыдықовтың «Қазақ халқының батырлық жыры» (Алматы, 1972) атты кітабының 10—36-беттерінен де қарауга болады.

гармаларды тарихтың шежіресі, соның документі деп түсіндірсе, советтік фольклористика бұған мұлде қара-ма-қарсы келеді.

Советтік ғылым батырлар жыры халықтың ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, қогамдық өмір құбылыстарын, әлеуметтік-тәлтүк қурестерді жинақтай суреттейді, солардың сәулесін түсіреді деп қарайды. Оның үстіне, эпос, А. М. Горький сезімен айтсақ, аса күрделі тарихи оқиғалар, айналада болып жатқан жағдайлар жайында халықтың көзқарасын, түсінігі мен тұжырымды түйінін білдіреді.

Қазақ әпостиның ең көне түрі патриархалдық-рулық құрылыш кезінде шыга бастаған дейтін пікірді айтқанда, К. Маркстің мына бір қағидасына соқпай өте алмаймыз. К. Маркс өзінің «Саяси экономияның сыйнына кіріспе» деп аталатын еңбегінде көркем өнердің барлық түрі бірден қалыптасып үлгайып кетпейтінін, оның «аса күрделі маңызы бар кейбір түрлері жалпы көркеменер дамуының дәрежесі төменгі сатыда тұрган кезінде де болуы мүмкін»<sup>1</sup> екендігін айтады. Бұл жөнінде ол гректердің әпосын нысанага ұстайды. Көркеменердің гажап бірден бір үлгісі сол тұстағы грек әпосы болғандығын баяндай отырып, ол мифологияға орайлас жасалғандығын көрсетеді. Мифологияны алсақ, оны Маркс «мифтік теорияны» дүниеге алып келген идеалистерше ұғындырмайды, керісінше материалистік тұрғыдан анықтама беріп, дәлелдейді. Сонымен бірге Маркс көне грек көркеменерін, әпосын жоғары бағалап, ескі дәуірдегі пайда болған өнер атаулының маңызы айрықша, ол көп қауымға көркемдік әсер ететіндігін көлтіреді.

Әнгельс те халықтың ауыз әдебиетіне, оның ішінде әпостқа ерекшe дең қойған. Эпостың шығу төркіні жаһындағы Маркстің қағидасын барынша қолдай отырып, Энгельс те өзінің «Диалектика природы» текстес классикалық еңбектерінде тап болып қалыптасқан дәуірге дейінгі әпостың мазмұнына ғылыми-теориялық талдау жасап, әпостың бүтін бір коллективтің творчестволық жемісі екендігін айқындаған.

Халықтың ауыз әдебиеті, әпосы туралы және оның тарихтың, саяси-әлеуметтік мәні жөнінде В. И. Ленин тамаша пікірлер айтқан. В. Д. Бонч-Бруевич Лениннің ауыз әдебиетіне жете таныс екендігін, оны қай уақытта да құмартып оқып шығатындығы жайында мынаны

<sup>1</sup> К. Маркс, Ф. Энгельс. Об искусстве. М., 1938, стр. 37.

келтіреді: «Әңгімеміз халық зпосы туралы болды да, мен Ленинге өзімнің кітапханамда батырлар жыры, халықтың өлеңдері мен ертегілерінен құралған жақсы жинақ барлығын айтқанымда ол солармен танысып шығуға болар ма екен деп сұрады. Мен оның бұл етінішін зор қуанышпен орындағым» — дейді де, тап сол күннің кешінде-ақ Владимир Ильинчтің бас алмай, сүйсініп отыргандығын көзіммен көрдім. Сонынан Ленин: «Мына кітаптарды жүргірте қарал шықтым. Тек осылардың бәрін талдаң зерттеп, саяси-әлеуметтік кезқарас-шының қорытып шықса, қандай жақсы болар еді. Осы материалдар бойынша халықтың мұн-шері, тілек-арманы жөнінде тамаша зерттеулер жазуға болар еді... Бұл қазіргі күнде халықтың мінез-құлқын, психологиясын зерттеп білуғе ете қажетті, ете құнды материал»<sup>1</sup>, — деді.

Жалпы алғанда фольклордың, соның ішінде батырлық эпостың халықтығы деген тубегейлі мәсслені алғаш айтқандар — В. Белинский, А. Добролюбов, Н. Чернышевскийлер екендігін білеміз. Осылар сияқты М. Горький де бұған айрықша маңыз берді. Ол Маркс пен Энгельстің ілімдерін негізге ала отырып, эпостың ең ескі түрлерінің өзін шаруа адамының күн көрісімен, еңбек ету процесімен байланысты тугандығын әлденеше рет айтқан болатын. Горький: «Табиғатты алғаш рет жеңу адамга өзіне деген тәкаппарлық пен табандылықты сезінуге, жақадан жетістіктерге қол жеткізуғе үмтүлуга тырыстырды және халықтың өзі жөнінде баяндайтын батырлық жырларын тудыруға, өзіне-өзі талап қоя білуін оятуға талпындырды. Содан кейін шер мен жыр бірігіп, демек халық эпикалық жеке басты хейіпкерді жасай отырып, оны бүкіл колективтік ақыл-ойдың қуатына айналдырды және оны құдайға қарсы немесе онымен тең етіп қойды»<sup>2</sup>, деп жазды.

Осы жогарыда біз атап өткен қағидаларға сүйенгі-німізде қазактың батырлық жырларының жекелеген элементтері рулық құрылыш кезеңінде жасалып, бутіндей коллективтік творчествою түрінде қалыптасқандығына болжам айтуга болады. Атам заманғы қазақ эпосының көне үлгілері біздің дәүірімізге жетпесс де, оның кейбіреулері ауызша шыгарылған халық творчество-сының басқа жанрларымен, атап айтқанда ертегілермен, азыздармен қосылып, араласып кеткен.

<sup>1</sup> В. Д. Бонч-Бруевич. Ленин о поэзии. М., 1938. стр. 15.

<sup>2</sup> М. Горький. Собрание сочинений, т. 24, М., 1953, стр. 20.

Совет галымдарының (М. Эуезов, Н. Боровков, М. Фабдуллин, В. Жирмунский, Э. Маргұлан, Н. Смирнова т. б.) пікірлеріне, жазғандарына қараганда, кене дәуірдегі ақыздардың негізінде «Құламерген», «Ақ көбек», «Алпамыс» сияқты эпикалық шығармалар жасалған. Оларда ертедегі адамдардың ру тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, тұрмыс-тіршілігі, құнкөрісі, шарашылық жайлары, бақташылық-аңшылық кәсібі, дүние танудагы көзқарасы, наным-сеним ұғымдары, тағы басқалар суретtelген. Ұлардың көпшілігі мифтік-фantaстикалық негізде әңгімеленеді. Мәселен, «Құламергенді» алайық. Ол көлтеген дәуірді басынан кешіріп, ауыздан-ауызга тарапуы арқылы алуан түрлі өзгеріс-өңдеулерден еткен шығарма. Осылай болғанымен бастағы фантастикалық негізгі шыңырау көзін «Құламерген» жоймаған.

Бұл шығарманың басты образдары нешеме таңғайып оқиғаларға мәжбүр болып, жердің асты-үстін шарлап, алдына қойған мақсат-мұддесін іске асырудың жолын іздел, сол үшін бар күшін сарп етеді. Құламерген мен Жоямерген арамдықпен алысып, әұлымдыққа қарсы тұрып, жарқын өмір үшін бел буып, күреске шыгады. Мыстан мен хан қаншалықты айласын асырығысы келгендерімен соңынан жеңілуге мәжбүр болады, әділет өмір жолындагы алысқа түскен Құламерген соңынан барып көңілдегі көздегеніне жетеді, яғни дегені орындалады.

Аталған тұстың эпосында кездесетін Құбығұл, Айdos тәрізді батырлар да әрі күпті, сонымен бірге айлалы, оң қолдарынан өнері ерлеп тұргандар. Олар қаралайым жаниңың бақыты, болашағы үшін алышады, енді бірде ру бірлестігі үшін, туған руларын шет жүрттық шапқыншылардан қорғау жолында ересен ерліктер жасайды. Сол образдардың осында орасан батырлықтары ру арасында өлең-жырға, ақыз-әңгімеге айналады.

Қазақ елінің арасында ертеден айтылып келген жоғарыда аталған жырларды, бір жағынан, «Батырлық ертегі» деуге де болады. Олай деумізге себеп, басқа халықтардың эпикалық шығармалары тәрізді қазақтың да злостық жыры тұғаннан-ақ қалыпқа келіп, о бастан өмірдің өзін суреттеуден және реалистік образды бейнелеуден өзінің бастауын алған емес. Ол байыргы дәуірдегі адамдардың өмірін әртүрлі мифтік ұғымдарға толтыра отырып, ертегілік силатта жырлаудан басталды. Мұндай «батырлық ертегі» жырларда қазақ халқының

тариҳында белгілі рулар мен тайпалардың (ертедегі батыс-турік қагандары, қыпшак, оғұз рулары, ногайлы, өзбек халықтары, тагы басқалар) қогамдық сипат, тұрмыс тіршілігі, сан салалы әмір көріністері суреттелген. Сейтіп, бұл текстес жырлар көп заман бойына әңделіл, өзгеріске үшырау үстінде болған. Бірте-бірте кейіннен ондай шығармалар бергі кездің әр түрлі қогамдық жағдайларына, ой-сананың есіп ұлгаюына байланысты жаңарып, жаңғырып отырған.

Еліміздің басқа халықтарының эпосы тәрізді қазақ халықының эпикалық жырлары да, сонымен, ертелі-кеш халқымыздың басынан өткізген тарихи-әлеуметтік жағдайының негізінде, тарихи болған адамдардың ерлік істерінің негізінде туған, елдің ерлік салтын, әдет-ғұрып, рухани күшін бейнелейтін құнды қазынаның бірі. Дәстүрлі эпостың мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылуы, кино экрандары мен театр сахналарынан жүртшылықтың көрүі бұл мұраны халықтың қадірлелітінің көрсетеді. Сондыктан оны баспа бетінде бастырудың да, оны әр алуан қырынан алып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе берудің де мәні үлкен.

## *Совет ақындарындағы эпос дәстүрі*

Біз Оңтүстік Қазақстан өлкесіне үйымдастырылған экспедициясының құрамында төрт-бес дүркін болып, қазақтың эпикалық шығармаларының, әсіресе «Алпамыс» жырының халық аузынан түспей, үзіліссіз, үзбей сүйіп жырланып келе жатқанын анықтадық. Сонымен бірге елге аты ертеден әйгілі ақындар мен жыршылардан (Сұлтанбек Ақжоқаев, Әбдірайым Байтұрсынов, Айнабек Нысанов т. б.) «Алпамыстың» қолжазбаларын тауып алып қайтып жүрдік.

Солардың ішінде Әбдірайым Байтұрсынов жыр сюжетіне жаға әпізодтар қосады. Мәселен, Кейқуат Тайшық ханның жақынымен қақтығысып қалады да кейіннен Кейқуаттың қолынан ханның ол жақыны қаза табады. Осыдан кейін Алпамыс жатқан жерге ханның әмірімен Кейқуат зынданга түседі. Екі тұтқын осында жатып достасады. Зорлықшыл Тайшыққа деген өшпен-діліктің уты, сейтіп, осы екеуінің достығы арқылы тағы да қүшпейеді.

Мұнда кедей Кейқуат пен Алпамыстың достығы текстес осындай тақырыптың кеңеюі арқасында жырдың элеуметтік мазмұны терендей түскен. Ақын Алпамыстың батырлығын көрсетуде оны элеуметтік жағынан сипаттай түсуге аса көніл аударған.

Келімбет Серғазиев пен Айнабек Нысанов сияқты ақындар да өздері жырлайтын нұсқаларына жаңадан мотивтер қосып жіберген. Тайшық ханның зәбирлігін суреттейтін жерлерден ол көріністер анық сезіледі. Хан езімен-өзі тыныш жатқан Байберінің ауылына кенеттей шалқыншылық жасайды. Сейтіп, ол елдің малын, жаңын жауап алып, үстемдігін жүргізеді. Байберінің Алпамысқа дейін көрген тоғыз баласы осы ойран-жоса шабуыл кезінде қазага ұшырайды. Бірнеше жыл өткен соң барып қана, Байберінің әбден қартайған шагында

кенже ұлы — Алпамыс дүниеге келеді. Ол өшін алып, кегін қайтару үшін қалмақ еліне аттанады.

Ал осы жырдың Рахат ақын нұсқасында Байбөрі құдайға жалынып, жапан кезіп бала тілейді, Қоңырат руының 80 жастагы адамы қалмақ хандарының шабуылынаң қоргайтын батыр дүниеге келетінін, ол Байберінің мұрагері, осы рудың басты тұлғасы болатындығын айтады. Бұл — осы Рахат нұсқасының негізгі идеясы.

Рахат Алпамыстың балалық шағын, әкенің балага қамқорлығын көнін суреттейді. Байбөрі баласын тәрбиеlei отырып, оны Қоңырат жерімен, халқымен та-ныстырады. Бұл, әрине, жыр үшін жаңадан алынған реалистік түрдегі мотив.

Сонымен қатар, Рахат нұсқасында қазақтың патриархалдық тұрмысы көнін көрсетіледі. Мысалы, Алпамыстың «нагашысына» баруы сияқты эпизоды алсақ та болады. Байбөрі баласы Алпамысты шақырып алып былай дейді: «Ей, қалқам, ер жігіттің үш жұрты болады. Бірінші — өзінің туған елі, екінші — нағашы жұрты, ушінші — қайын жұрты». Сейтіл батыр нағашы жұртына сапар шегеді.

Бұл эпизод қазақ халқының нұсқаларындаған емес, жырдың өзбектегі, қарақалпақтағы нұсқаларында да ұшырамайды. Осы жай Рахат нұсқасының басқа нұсқалардан ерекшелігі санаға отырып, текст жырланған бастаған сол кезеңді, яғни XX гасырдың басындағы қазақ ауылында патриархалдық тұрмыстың қалыптасқан тұрақты күйін көрсетеді. Бүгіндегі таңда қалың қауымға белгілі «Алпамыстың» қазақша версияларының ішіндегі Рахат нұсқасында қазақ халқының әдет-ғұрып, патриархальдық тұрмысы молырақ сипат алған.

Ал ақындар Майкет Сандыбаев және осы жырды жаңында жүріп онан жаттап алған Сұлтанбек Ақжакаев эпостың дәстүрлі негізгі сюжетіне өзіндік жолмен келіп, оны анықтай түсетін эпизодтар мен көріністер енгізген.

«Алпамыс батырдың қиссасы» атты Сұлтанбек Ақжакаевтың өз аузынан жазылып алынған осы бір текстте жырдың басқа нұсқаларында ұшыраспайтын, тұрмыс-салтпен байланысты енген қосымша мотивтер мейн эпизодтардың мол екенін атап өткен жән.

Солардың кейбірсөйін ғана осы арада келтіріп өтсілік. Ғұлбарышы қалмақ елінің басшысы Қараманың

айткан сөзіне көнбей, өзінің намысын, арын сақтап қалу үшін Байсын жеріне қайтуға бел байлайды. Бірақ бұл қолынан келмейтіндігіне көзі жеткен Гүлбаршын қалмақ еліндегі жағдайын айтып Алламыстың келер жолына «тасқа қалам басып» хат жазып қалдырады. Осы көрініс пен эпизодтардан қандай түйін түюге болар еді? Біріншіден, Гүлбаршының әкесі Сарыбай (кейір нұсқаларда Байсары — Т. С.) және оның тұмалары қалмақ елінде отырып қалмақтардан жәберлік көреді, оларға салық төлеп тұруға мәжбур болады. Ақын, жыршылар осыған көптің кеңілін қалайда көбірек аударады. Екіншіден, Майкет пен Сұлтанбек қалмақ еліне көшіп келген казақтардың зорлықшыл Қараманың қарауынан құтылууның жайын мәнді мәселе түрінде көтеріп, батылдық жасайды. Сонынан Сарыбайдың төңірегі ауыр салықтан құтқарылып, жайсыз тұрмыстан азат етіледі. Сарыбай қалмақ елінің ханы болады. Бұл жағдай жырдың басқа нұсқаларында кездеспейді. Мұның бәрі қалай болса солай алышып, сюжет желісіне жайдан-жай еніп отырган жоқ. Немесе сюжетті жасанды түрде өсіру үшін де алынбаған. Ақындар бұл толықтырулар арқылы күнделік бастан кешкен ертедегі ел өмірінің жайсақ жагын, кем-кетігін, әдет-ғұрпын, тұрмыс күйін, күн көрісін, жалпы ерісін толығырақ, анығырақ көрсету үшін әдейі осылай еткен. Мәселен, мына бір толықтыруға да көніл аударайық.

Гүлбаршын сияқты, қалмақ ханы Тайшықтың қызы Қаракөзайымның да Алламысқа деген сүйіспеншілігі де берік. Жырда осындей екі бірдей кейіпкердің Алламыстың сүюі ескі патриархалдық ұғымның әсер етуінен болған жағдай. Кейінгі уақыттарға дейін оның кейір элементтері ислам дімінің үйлену турасындағы кодексі ретінде сақталған. «Алламыс» жырындағы мұндай ұғым ескі тұрмыстың қалдығы ретінде сақталып отырган жоқ, бір кезде қоғамдық өмірдің нормасы ретінде есептеліп, оның тұрмыста шын мәнісінде кездескендігімен пайда болған.

«Алламыс» жырындағы Қаракөзайымның пайда болуының екінші себебі, бірнеше дербес сюжет желісінің немесе белімдердің келіп жалғасуының салдарынан болып табылады. Бір кездерде оның әрқайсысы вз алдына эпикалық жыр (біреуінің кейіпкери — Гүлбаршын, екіншісінің кейіпкери — Қаракөзайым) болып санауды мүмкін. Халық осылардың басын қосып, ерте

кезде үй-іші тұрмысында орын алған осы жайга Алпамыстың қатынасын көрсеткен.

Қаракөзайым Алпамысты суюімен қатар, оған жаи-тәнімен беріледі. Батырды әкесінен де қымбат саңайды; ол өзінің байлыгын, хан тұқымы екенін де есінен шығарады. Алпамысты құтқару жолында диуана болуга дейін барады. Жыр — әткен дәуірдің ескерткіші. Жырда суреттелген өмірдің бүгінгі күннің тұргысынан, яғни социалистік моральдің тұргысынан қарамай, әткен замандарданғы адамдардың кезқарасымен бағалап қарауға тұра келеді. Сондықтан да «Алпамыс» жырының кейіпкерлері үшін бұл мін емес, сол өмірдің шындығы болса керек.

Ақын, жыршылар, сейтіл, жырда батырдың жақтаушылары мен достарының қатарының өсу зөвөлдігін суреттеуді де ұмытпайды.

Бірақта бұл «Алпамыстың» қазіргі белгілі нұсқаларының бәріне ортақ тенденция, яғни өмірді көптеген қыпшылықтар мен қурестер арқылы көрсету, әлеуметтік шындықтың бастамасын нығайту, зорлық-зомбылық пен басынушылықты сынау — ақындар мен жыршылардың этос жөніндегі түсініктепе — әкелер мен аталардың тарихты әңгімелегендегі етіп елестелүлерінің қажет екендігі жөніндегі пікірлері — ұштастыл жатады.

Демек, СССР халықтарының эпикалық мұрасын салыстыра, қатар алып қарастыра зерттеу үшін әр халықтың поэтикалық мәдениетінің ерекшелігін, алдымен үлттық көлемде тексеріп біліп, ашып алу керек болады. Өйткені, әрбір халықтың батырлық жырында, оның творчествосында эпикалық сюжеттің бұрыннаан келе жатқан дәстүрінен не бар, не жоқ екенін анықтамай, ашпай тұрып эпостарды қатар қойып, салыстыра зерттеуден ешбір нәтиже шықпайды. Сондықтан да «Алпамыс», «Алпамыш», «Алпамыша», «Алып Манаш», т. б. атты жыры бар әрбір елдің белгілі фольклорист-ғалымдары Алпамыш жайындағы сол жогарыда айтып әткен республикааралық ғылыми кеңестің тұсында да, оナン кейін де осы зпостың белгілі нұсқаларын әркім хал-қадырынша монографиялық тұргыдан екшел, тексерулі.

Алғашқы нұсқаны («Алпамыс батырдың қисссасы») XIX ғасырдың аяқ шенінде ақын Майкет Сандыбаев жырлап жүрген. Майкеттен қолжазба бойынша жыршы Сұлтанбек Аққожаев жаттап алған. Сұлтанбек үзақ

жылдар бойына Майкөттің қасына еріп, онымен бірге жүрген адам.

Баспа жүзін көрген Қазан нұсқасы мен Сандыбаев-Аққожаев нұсқасын салыстыру нәтижесінде мынадай шікірлер туады.

Біріншіден, Сандыбаев-Аққожаев нұсқасы өзінің негізін Қазан баспасынан алған болуы керек, ейткені көп жерде жыр текстері тұра келеді. Бұл, әсіресе, Алпамыс пен Тайшық ханның соқтығысы, Алламыстың зынданда жатуы, оның еліне қайтып келіп, Ұлтан зәбіrlігіне қарсы тұруына байланысты. Екіншіден, екі нұсқаның екеуі де негізін халық арасында тарапған, Қазан баспасынан да ертеректе пайда болған қолжабадан алулары ықтимал. Олай дейтініміз, Қазан баспасында жоқ, басқа халықтарда бар бірқатар эпизодтар мен сюжет желілері мұнда да ұшырасады. Бұл — Алламыстың Гүлбаршынға үйленуі суреттелетін эпизод. Қазан баспасында бұл тек мынадай түрде аталып қана етеді. «...Алпамыс мұны есітіп әскер жыліп, күндіз-түні тынбай, аттан жерге қонбай, түн қатып, жанын сатып, су орнына қан жұтып, көп адамдарды қырып, қырық құл, қырық құңмен қатынын алып келді». Ал, Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында бұл айтып отырған эпизод жыр сюжетінің бестен бір бөлегін алады. Қарақалпақ бақсысы Жилемұрат Бекмұхамедовтың нұсқасы да осы сюжетке құрылғанымен, текст жағынан бұл мұлдем өзгеше. «...Сен басқа елдің баласын қыра бергейше мықты болсаң Қытайга қашып кеткен қайын атаң Сарыбайдың қызы Гүлбаршын сұлу деген сенің жарың еді, соны барып алсаңшы», — дейді кемпір Алпамыска.

Сол сияқты бұл екеуінің мазмұнында да, сюжет желісінде де, жалпы алғанда, оның құрамында да үқсастық жоқ. Бұл жағынаң қараганда Сандыбаев-Аққожаев нұсқасының Жилемұрат нұсқасынан басқа екендігін, сол сияқты Сандыбаев-Аққожаев үшін де, Жилемұрат үшін де ертеректе басқа нұсқа болғандығын дәлелдейді.

Енді Сандыбаев-Аққожаев пен Жүсінбек текстілерінің өзара тікелей айырмашылықтарына келейік. Алдымен ол айырмашылық сюжет желісінде екендігін көреміз. Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында батырдың қалындығына үйлену жайы кен түрде беріледі. Жырдың басқа нұсқаларымен салыстырып қараганда мұнда жана эпизодтар мен көріністер бар: Алпамыс Гүлбаршын туралы ести салып, бірден қалмақ еліне сапар

шегеді. Осы кездे қалмақтар, оның ішінде сол елдің өкімі әм батыры Қараман Гүлбарышынға үйленбек дәмсі болып, құда туседі. Алпамысқа жанымен шын берілген Гүлбарышың қалмақтарға күйеуге шыққысы келмейді. Әкесі Сарыбайга басқа жақтан келген деп қалмақтар ауыр салық салады:

..Қалмақтарда бар екен,  
Қараман деген бір батыр.  
Әрдайсысы бір мынан,  
Қызметінде көп батыр!  
Он қарадан бір қара,  
Зекетеп алым жеп жатыр.  
Гүлбарышың сұлу шонықты,  
Бересін маган деп жатыр.  
Кекбарын шауып күніге,  
Қызы ойнагын қыл жатыр.  
Гүлбарышың түр көйбестен,  
Қызы ойнагын көрмesten.

Мұнан кейін Гүлбарышынға бұрын кермесе де өзінің сүйгенді Алпамысқа түнде жасырын хат жазып, өз басының мұңын шагуға тұра келеді. Хатты батыр келетін жолға тастанады. Хат батырдың қолына тие ме, жоқ па, Алпамыс оны іздеп келе ме, келмей ме, әйтеуір онан кудерін үзбейді:

..Осы жолмен жүрсө деп,  
Алпамыс жалғыз келсе деп,  
Жаған хатты көрсө деп,  
Тасқа қалам басады.  
Алпамыс деп ат жазып,  
Өзінің атын қосады.  
Көрген күндім осы деп,  
Кезінің жасын шашады...

Гүлбарышы «әйелдің жолы жіңішке» екендігіне қатты қысылады да қынжылады. Қалай болғанда да Алпамыс пен Қоңыратқа шын берілгендейді. Алпамыс жол-женекей хатты тауып алып, қалыңдығының хал-жагдайын есітіп, оған қатты назалаңады:

..Артында кемек жоқтығы,  
Ойына ердік келеді.  
Ата-анасын ойланып,  
Жалғыздық түсіп басына,  
Кезінің жасын төгеді...  
Жалғыз бауырын Қарлығаш,  
Тапсырдым алла өзіңе,—

деп аллагас жалбарынады.

Батырдың іздеп келгеніне Сарыбай үй-ішінің қойны

куанышқа толады. Бұл жайында Қараман батырга мынадай хабар жетеді:

..Ей, Қараман, Қараман!  
Әкім болдың жасыңан.  
Айдай өлем қараган.  
Шұбар атты бір беле.  
Кепті бүгін далада.  
Эсмердің борі қырылды,  
Сол келтег жалғыз балада...

Осы жайлы естігеннен кейін Қараман Алпамысты кенеттег кезіктіріп, жойып жібергісі келеді. Бірақ Байшұбар мұндай жаман пигылды күні бұрын сезіп қояды. Алпамысты алып қашқан Байшұбар қашанғы қуса да Қараманга жеткізер емес. Солай болғандықтан қалмақ батыры:

..Ауырлап келе жатыр деп,  
Сауыт-сайман жарагы,  
Әр жерге қалмақ тастады.

Мұнан соң Қараманның қара тұлпары Байшұбарды бір сәтте қуып жетеді. Сейтсе, Байшұбар әдейі кідірген екен. Батырлар салған жерден шайқасқа түседі. Алпамыс қалмақ батырын жеңіп шығып, оны Гүлбаршының аяғының астына әкеліп тастайды. Батыр сүйгеніне қосылып, атасы Сарыбайды қалмақ елінің басқарушысы етіп тағайындейды.

Бұл көріністер мен эпизодтардан біз, біріншіден, шет жерге көшіп келген Сарыбайдың және онымен бірге келгендердің зорлық-зомбылыққа ұшырагандығын көреміз. Сарыбай қалмақ ханына ауыр салық төлеп тұруға мәжбүр болады. Екіншіден, Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында Сарыбайдың үй-ішін, халықты және оның жақындарын, тумаларын озбырлықтан қорғау мәселесі батыл қойылған. Алпамыс Гүлбаршынға үйленгеннен кейін Сарыбай қалмақ жерінің басқарушысы болады. Яғни Жұсілбек нұсқасындағыдай Алпамыс пен Гүлбаршының қосылуымен шектелмей, мұнда батырдың батыл женисі анығырақ та айқынырақ көрінген.

Үшіншіден, Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында Гүлбаршының ішкі жан қимылын, әр алуан адамгершілік істерін көрсетуге кобірек көніл белінген. Ол қайткенде де езінің семьясын, жақын-жамагайындарын қалмақ езуішлігінен тез азат етудің жолын тынбастан іздейді (Алпамысқа арналған хат т. б.).

Сандыбаев-Аққожаев текстін Қазан баспасымен сп-

лыстыруда тагы бір еркін байқайтынымыз — Қазан баспасында қарғанда Сандыбаев-Аққожаев әрбір оқиғаларда екі-үш сезбен айтылған жайлар Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында толық түрде беріледі. Мәселен, Байберінің байлығын айтқанда әдеттегідей: «Жиделі Байсын жерінде, Байбері деген бар екен, Байбері малға бай екен» — деп келетін жерлер бұл нұсқада төмендегідей қалыпта айтылады:

„Қоқырат деген елінде,  
Байбері деген бай шықты.  
Тоқсан мың екен қорасы,  
Мұрындық, тоқта тимеген,  
Түйешілер мінбеген,  
Сексен мың екен маясы,  
Шұрқырап жатқан бір жылқы  
Тогай сайын мың жылқы,  
Есебі жоқ кеп жылқы,  
Жиделі Байсын даласы...

Сейтіл, Сандыбаев-Аққожаев сюжет желісіндегі көріністер мен эпизодтарды кең түрде дамытып баяндайды. Бұл ерекшелікті текsterі екі нұсқаға бірдей келетін басқа эпизодтардың баяндалуы түргышынан да байқауга болады.

Егер, Қазан нұсқасында жағымсыз кейіпкер Байберінің жеке өз басына ғана тілін тигізсе, ал Сандыбаев-Аққожаевта кеңірек. Ұлтан Байберіні емес, оның жалпы жақын-тумаларын, әсіресе Құлтайды қосып тілдейді:

„Байбері мен Құлтайды,  
Алжыган қақпас дер еді,  
Ер жеткен соң күніне-ай,  
Малда, жаңда нец бар деп,  
Жолаттай қойды үйіне-ай.

Қазан баспасында Байбері жапан даланы жалғыз кезіп, жалбарынып қудайдан бала тілейді. Ал Сандыбаев-Аққожаевта Байбері жалғыз емес, әр қашан қасында бәйбішесі Аналық болады. Байберіге Аналық былай дейді:

...Жасымың болса кеп қалды,  
Енді қандай қылалық...  
Әзіреті сұлтанга,  
Екеуімзіде барадык,  
Әулие қылса керемет,  
Болар ма екен жаңалық,  
Бермес құдай шөріне,  
Далада өліп қалалық...

Аналық Байбөрімен бірге қырық күн жол жүріп, тоқсан күн далада түнейді. Байбөрі тәрізді ол да тұс кереді. Тусінде Алпамыс атты ұлы, Қарлығаш атты қызы болатындығын айтып, аян береді. Аулына қайтар бетінде жол-жөнекей Аналық Байбөріге мына сөзді айтады:

...Тауып берсең Қабыланды,  
Алады көңілім қаламай...

Аналықтың осы тілегінен кейін Байбөрі оған Қабыланды тауып береді. Бұл толықтырулардың бәрі сюжет желісін қалай болса солай кеңейте берушілік болып санаlmайды. Қайта ол жырдағы кейіпкерлердің бейнесін айқынырақ, ширагырақ берудегі пайдалы іс түргышында қаралады.

Сонымен бірге Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында ел өмірі, халық түрмисы кең баяндадады. Сарыбайдың қалмақ еліне қоныс аударып, кешіп кету мотиві мол айтылады. Ол мотив жырда екінші рет тағы да қайталаады. Кемпір жас бала Алпамысқа мына жайды әңгімелейді:

...Күшің болса барсаңшы  
Жесірінді алсаңшы...  
Намысыңды ойламай,  
Кей жерден күлкің келеді,

Қазан баспасында бұл эпизод қысқа турде ғана айтылған. Онда да ұмытылышп барып, қайтадан жаңарған тәрізді қарасөзбен келеді. Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында сюжет желісі көңілге қонымды болып дамыған-дығы сондай, тіпті Қазан баспасында қалыптан шығып, қарасөзбен берілген жерлер мұнда эпостың өлеңдік түрін өте өдемі сақтай отырып жырланған. Қазан баспасындағы сол ұмытылышп қалған жайлардың бұл нұсқасы әбден сақталып, эпостың дәстүрлік негізіне сәйкес айтылышп келгендейдін көрсетеді.

Халық ұғымына сәйкес, сайма-сай келетін сол дәстүрлік сюжет желісіндегі әпикалық батыр өзін қалай ұсташа керектігі жайын қалмақ тұтқынында қалған Алпамысты суреттейтін жердегі эпизодтан айқын аңғарамыз. Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында Алпамыстың қалмақ зынданында жатқандағы халі жырда былай делінген:

...Ұйқысы қанды жатқан соң,  
Арақтың зары қайтқан соң,  
Қарғып тұрды орыншили...  
Шұбар ат жоқ астында,  
Кетіпті жараж қолынан,  
Енді бала жылады.

Алпамыс осында отырып төбіреніспен, үлкен сүйіспеншілікпен ауылда қалған ата-анасын, ағайын-тұстарын ойлайды, катты қамығып соларды сағынады. Амал ойлаған, айласын іске асырған мыстан кемпірге лагнат айтады. Батыр қиямет қамытын кигенмен жазықсыз жанын бермек емес. Жадап-жұдеген, аштықтың азабын тартқан Алпамысты «Гайып ерсен қырық шілтен» атынан арнайы келген мысық күнделікті азық беріп, тамақтандырын тұрады. Бұл да дәстүрлік шенберде суреттеген.

Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасында батырдың астындағы аты Байшұбар да көнін алынып, баяндалған. Ханның қызы Қаракөзайым экесіне келіп мына сезді айтады:

...Жұз серке ойнатып,  
Сап кояйын қорага,  
Бетіменен жойылсан...  
Қырық қыз иекер қосып бер,  
Сүрейін дәурен далада.  
Тогыз жылыш біткен соң,  
Келейін кешіп қалага.  
Арманың болып кетейім,  
Беретің болсаң балага.  
Шебіме түсे кетейін  
Таз дегенмен бола ма?

Қаракөзайым экесін өдейі алдап, Мыстаниң таз баласын сырттай гана жұбатып, бер жағынан қүйеуге шыққысы ойы бар, ал ар жағынан, яғни іштей Алпамысты ұнатады. Соған түрмисқа шығып, сонымен бірге өмір кепшуді көксейді.

Қазан баспасында осы кеңейтілген, кең айтылған жайлар мына тәрізді қарасөзben қысқа қайырылған: «...Онаң кейін кемпір Алпамысты қырық құлаш зынданға салдырыды. Шұбар атын темір үйге байладап қойдырыды. Алтада бір нәр таттырып әбден арықтаган соң мінермін дейді... Сол жатқаннан Алпамыс жеті жыл жатты. Қаракөзайым 17 жасқа келді. Сол күнде қызың он жеті қоңыраулы серкесі бар еді». Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасында бұлар эпикалық түрғыдан гана кеңейтіліп қойылмаган, сонымен қатар Қаракөзайым мен Жерметұздің Алпамысқа деген сүйіспеншілігін, көңіл-күйін көрсету арқылы толықтырыла түскен.

Жүсіпбек дайындаған Қазан баспасының текстінде жоқ, ал осы нұсқада оқиғалардың даму барсында байқалатын жайлар бар. Жырга Тайшық ханмен қатар қосымша қалмақ батыры және оның баласы ендірілген. Сейтіп Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасында жау күші ба-

сымырақ болғанмен Алпамыс қайткенде оларды жеңіп шыгады:

...Қалмактар қадам баспады,  
Тайшық хан енді жылады.  
Қайғымен көзін бұлады.  
Жүз мың есекер келсін деп,  
Жан-жаққа мойнын бұрады...

Сейтіп, Қазан баспасында қысқа қайырылатын жолдар, шагын айтылатын ойлар Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасында әлдеқайда кең, әрбір оқиғаның байыбына барып, терең баяндалады. Мәселен, тус көріп, елін сағынған батыр тез арада ауылдана аттанады. Ал, бұл мотив Қазан баспасында атымен жоқ.

Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасында Алпамыстың қарындасы Қарлығаш ағасы қалмақ тұтқыннынан боса-нып, еліне қайтып оралғанда мынадай әсерлі-әсерлі жүрек сөздерін айтады:

...Арыстан кеке келдің де,  
Жалғыз балаң Жедігер,  
Кісіндеуділ кердің бе?  
Қарагым деп қалқа етіп,  
Алдыңа алыш сүйдің бе?

Қазан баспасында мұндай таратылып айтылған жайлар жоқ, тек болмашығана қарасөзben берілген: «...Ағасы мен Қарлығаш, ботадай боздап көрісті». Басы аяғы осы. Егерде Қазан баспасында Қаракөзайымның тағдыры немен аяқталатындығы жайында ештеңе делиңбесе, мұнда:

...Алпамысқа тілекtes,  
Қаракөзайым баяғы,  
Мұнан да күдер узген жоқ  
Бір жылда екі барады...

Яғни, Алпамыс оны есінен шыгарып ұмытпаган, қайта жылына екі мәртебе кездесіп, араласып тұратын болған.

Сонымен жогарыда айтып еткендерден шыратын қорытынды мынада: біріншіден, Қазан баспасына қарғанда, Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасында эпостың сюжет желісін құрайтын жекелеген эпизодтар кең түрде берілген. Екіншіден, жыршылар Сандыбаев-Ақжоқаев эпосқа жақадан қосымша эпизодтар енгізген.

Қазан баспасы мен Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасының ортақ эпизодтарын салыстыру нәтижесінде, сол

сияқты Сандыбаев-Аққожаевтың көпшілік жағдайда әпостың өлеңдік түрін жақсы сақтағаныбыз, Қазан баспасына қарғанда оқиғаны әлдеқайда көркем етіп беретіндігін байқаймыз. Қазан баспасының Сандыбаев-Аққожаев нұсқасымен ортақ болып келетін әпизодтарының ең көбіне жұтақ алғашқы нұсқасын жүре келе жокоралтып алғаныбыз, көркем етіп айтып берудің орнына қайта жырланғанда қысқарып қалғаныбын көреміз. Ал Сандыбаев-Аққожаевта мұндағы емес. Мұнда халық тұрмысының әр қыры, ел өмірінің әр жайы жете кескінделеді. Жырдағы қатысушы адамдардың көңіл-күйі, жан тебірекістерен сипатталады. Оқиғаны баяндау барысында ертегінің, макал-мателдің, үлгі-енегені қарсететін гибратты халық жырларының ықпалы, әсері молынан көрініп тұр.

Сандыбаев-Аққожаев нұсқасын, Қазан баспасымен салыстыра түскенімізде жырдағы кейілкерлердің бейнесін беруде де кейір ерекшеліктер бар екендігіне көзіміз жетті. Көпшілік жағдайда, біріншіден, Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында образдардың халықтығы терең дәлелденгенін, екіншіден, Қазан баспасына қарғанда мұнда дәстүрлік элементтердің берік сақталғын көреміз. Мысалы, Алпамыс образын алайық. Ол сырт жүргіттің шабуылынан елін табанды түрде қорғау үшін дүниеге келген. Алпамыс тумай тұрып-ақ, әкесі мен шешесінің түсінде күші бұрын «бабай түкті-шашты әзиз» аяя беріп, олардың баласы батыр болатындығын хабарлайды:

...Ей, бейшара, кезінді аш,  
Ұлыңың аты Алпамыс,  
Қызыңың аты Қарлығаш,  
Атса мылтық етпейді,  
Шапса қылыш кеспейді,  
Қалмақтармен болар қас...

Жалпы жау атаулыдан қорғаушы батырдың дүниеге келуін ел болып күтіп, Қоңырат болып қуанады. Батырдың осындай мерейлі роліне, халықтың оған деген қалтқысыз қатынасына Қазан баспасында жете көңіл аударылмаған. Онда, Байбөрі бай шал болса Да сулиелдердің жәрдемімен бала көреді, бәйбішесі бір үл, бір қыз туады деп қысқа айтылған.

Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында Алпамыстың батырлығына, асқан батылдығына етеге-мете ерекше мән берілген. Мәселен, Алпамыстың қалмақ батырларымен күш сыйнасып, кездескен жерлерін алып қаралық.

Майкөт пеп Сүлттанбекте Алпамыстың қаһармандығын кесіндеуде Жұсіпбекке қарағанда әрі әрлілік, әрі күштілік сипаты курделене, тереңдей түскен. Оны біз айтқан, осы екі нұсқада бар, Алпамыстың Тайшық әскерімен қалай тоқайласқандығын көрсететін жердегі епизодты қатар алып қарастырсақ, байқаймыз.

Жұсіпбекте:

Айқай үраи салады,  
Күркіреген дауысы.  
Күншілік жерді алады.  
Қаланың аузын қан қылды,  
Қекпаның аузын шаш қылды,  
Айдарлысын құл қылды.  
Тұлымдысын тұл қылды,  
Солқындаған мырзасын,  
Табанга салып жұн қылды.

Майкот пеп Сүлттанбекте:

Майданнан оққан қызыл қан,  
Сарқырап алты судай бол.  
Ол уақта еш согыс,  
Откен емес мұндай бол.  
Рұстым Дастан бір майдап.  
Откен скеп соңдай бол.  
Өліктер тәбе бол қалды.  
Тескейден шапқан қырдай бол...  
Жердік жүзі жекпеңбек.  
Құның де көзі шагылды.  
Күбыладан соққан дауылдан,  
Турленіп бола қағынды.  
Майданнан ақкан қызыл қан,  
Озенге сыймай ағылды...

Сандыбаев-Аққожаев, сейтіп батырдың батырлығын, оған сәйкес келген серіктерінің де іс-қимылын көңінен толғап, көтере көрсеткен. Батырдың астындағы жан серігі — аты Байшұбар да қажыма, қайтпас көмекши.

Алпамыс зынданда жатқан кезінде қалмақтар Байшұбардың ұстап алғысы келеді, алайда оған әлдері келмейді:

...Қаншама мәп болса да,  
Шұбарға өлі келмеді.  
Бірнеше-бір соқтығып,  
Қабыргасы күйреді.

Қазан баспасында осы әдемі суреттеулер қысқа гана қарасөзбен қайырылған: «...Шұбар атты темір үйге байлатып қойдырды. Аптада бір нәр таттырып, әбден арықтаган соң мінермін дейді...»

Сонымен Алпамыстың тағдырына үқсас Байшұбардың қызық қимылдары Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында кеңінен берілген. Аттың осылай түрде суреттегілуі дәстүрлі шенберге сыйып, заңды түрде жалғаса түскендігін көрсетеді. Ал Қазан баспасы мұндай байланысты жогалтып алған.

Алпамыстың ерекше ерлігі дәстүрдегі бұрыннан бар «үқсас жерлермен» біte қайнасып, бірігіп кеткен.

Ол жалғыздығын ойлат жалыгады, ата-анасын, қарындастын ойлат қамыгады. Жырда батырдың асқан күштілігін ашып көрсететін дәстүрлі суреттеу құралдары да байыргы толық қасиеттің сақтап, қайта бұл нұсқада бұрынғысынан молыға түскен.

Қазан баспасына қараганда Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында жоғарыда айтылған дәстүрлік қасиеттермен қатар Алламыстың батырлығын дәріптеуде діни нағымдагы ұғымдар кеңінен қолданылған. Бұл жайлар Алламыстың өз сезінен айқын көрінеді.

Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында, сейтіп, Қазан баспасымен салыстырганда әддегі жайдан тыс алынған сырт күштердің ролі әжелтәуір мол. Біздің ойымызша, бұл ескі дәүірден келе жатқан көне дәуірдің танымал таңбасы деп білеміз. Соған қараганда Сандыбаев-Аққожаев нұсқасы шығар көзін, түп негізін Қазан баспасынан алмай, арырақ кезеңдеі басқа версиядан алған ба деген ой келеді.

Бұл екі нұсқаны қатар қойып қарастырганда Гүлбаршының бейнесін беруде де екеуінің арасында зор айрымашылық бар. Оның бұлай болуы заңды да, өйткені Жүсіпбек редакциясында Гүлбаршының образы тоғық сипат алмаган. Ол өз үйінде, ошақ қасында, от басында ерін сарғая күткен кәдімгі үй шаруасындағы әйел. Сандыбаев-Аққожаев нұсқасында Гүлбаршын өз сүйгенінің жолын, ар-намысын әруақыт қорғай білген, махаббаттың кіршікіз таза ұстаудың үлгісін тұтқан, ерін ерінбей еркін күте білген аяулы ару жар.

Қалмақ батыры Қараман оған үйленбек болып ой ұялатқанда, Гүлбаршын айласын асырып, амалын табады:

„Еір кундері Гүлбаршын,  
Үйінен түнде қашады.  
Көзлін қайғы басады.  
Ата-анага көрінбей.  
Еш адамға білінбей.  
Кетуіне ерілбей,  
Талай қырдағ асады.  
Енді таудағ ете алмай  
Жиделіге жете алмай...  
Осы жолмен жүрсе деп,  
Алламыс жалғыз керсе деп,  
Тасқа қалам басады.  
Алламыс деп ат жазып,  
Өзінің атын қосады.  
Көркен күнім осы деп.  
Көзілік жасын пашады.

Алламыспен алғаш кездескен көріністе де Гүлбаршын ескі патриархалдық тұрмысқа өз ар-намысы үшін,

бақыты үшін күреске белсеніп, бел шешініп шығады. Алпамыс жау жеріне аяқ баоқанда қалмақтардың қатты қарсылығына тап болады. Осы бір қиян-кескі кезеңнің тұсында батыр Гүлбаршын сыйды жарына көңіл аударып, ой да бөлмейді. Бұған Гүлбаршын өкпе артқысы келгендей сыйай білдіреді. Бірақ, бұл өкпесінің орынсыз екенін сезген ол ақылға жендіріп, Алпамысын жау шоқпарынан қоргаштайды, қалмақтар жайлышты жеткізеді:

...Алпамыстың қасына  
Жетіп келді жүгіріп  
Сол уоқытта Алпамыс,  
Қызға назар салмады,  
Сәлем берсе алмады,  
Қалмақты көріп қүнтитып,  
Ұрыспагын қамдады.  
Көзінің жасы көл болып  
Келді де сұлу зарлады.  
Сен өлсек, егер, мен күйдім  
Жазым бол тайса табаның.  
Келеді қалмақ күркіреп,  
Айтқалы келдім хабарын...

Гүлбаршын да батырдың өзі тәрізді ержүрек, батыл. Тек өзінің қарабасының қамын ойламайды, айналасында Қараманның билеп-тәстеушілігінен құтқарудың шарасын іздейді.

Алпамыс сияқты оның ииеті адал болуымен бірге бет ажары да көркіті. Гүлбаршының сұлулығы аймен, ақкумен, жібекпен тенеледі. Құтқан Алпамысы келіп, көңілі орнына түсіп жайланған көздегі оның қуанышын ақындар былай суреттейді:

...Шымылдық ішіне  
Мамық тесек үстіне,  
Шайы көрпе жайды енді.  
Ақкүдай болып байпаңдап,  
Бейге атындағай қайқандап...

Жоғарғылар тәрізді әр кейіпкерге тән сиымды сипаттаулар, қунделікті тұрмыстың түрлі қырын, оның сырын біліп, түсініп кескіндеулер бұл нұсқада аяқалып жүргісіз деп айтуга болады. Сондықтан да жыршылар Қаракөзайымның қараса көз тұндыратын жылы жүзі мени сұлу денесін былай суреттейді:

...Бақ қонарда жігітке,  
Азы не сіре, кобі не?!

Керней-сыриңай тарттырып,  
Даңғырап дабыл қақтырып,

Барып түсті Алламыс  
Қарқөзайым үйіне.  
Кер мараддай керіліп.  
Басарына ерініп,  
Ханың қызы Қарәкез,  
Түсті шалқып күйіне...  
Ортада отыр Қарәкез,  
Он бесте тугар айдай бол,  
Қызылқүрең ірекі,  
Құбылып отыр жындай бол,  
Адамағаттық баласы,  
Туады екен мүндей бол.  
Оқтаудай бойы бұралып,  
Тартыл қойған сымдай бол.  
Сейлеген сезі қырмызы,  
Қамырдан тартқан қылдай бол,  
Сүйкеніл өтсө денесі,  
Тиеді жұмсақ үндай бол.  
Арманы бар ма жігіттік,  
Қосылса жары соңдай бол?!

Алламыс жаулық жасаған, қастық ойлаган қалмақтарды жеңіп мерейі үстем болады. Оның сол жеңісіне халық болып қалтқысыз қуанады, той-томалақ та-  
ралғысы жасалады:

...Әр түрлі тагам үстіне,  
Қазы, қарта, жал келді.  
Түрекеп күйеу ізет қып,  
Қыздарга төрден шай берді.

Сонымен, «Алламыстағы» сюжет желісін өрістетуде, образдарды қескіндеуде дәстүрлік шеңберден тысқары шыға отырып; Майкөт пен Сұлтанбек жалпы эпикалық дәстүрдің көркемдік құралдары мен тәсілдерін өздерінше орынды да еркін пайдаланады. Олар, өдetteгіше, басқа батырлық жырларда кездесе беретін төрізді, әпоста суреттегетін кейіпкерлердің іс-қимылыны сырттай ғана сипаттамайды, қалайда әрбір кейіпкерінің ішіне ене, оның ішкі жан дүниесін, сыр құбылысын еліте, оята отырып барып суреттеп беруді ұнатады. Мәселен, «қаны қашып бетінек, рені жаман қуарды», «жылап-еңіреп, егіліп, арасында шеңгелдің, ботадай боздап келеді», «Ашуланып Алламыс, құйрықтан алып лақтырды», «Бұырқанып, бұрсанып, мұздай те-  
мір құрсанып, ашуы қысты денекін» сияқты және тагы басқа толып жатқан әсерлі сез орамдарын келтіре беруге болады. Сандыбаев-Аққожаев нұсқасы байсалдылықпен, эпикалық дәстүр шеңберінде жырланған. Ақындардың әуелдегі осы жырга негіз болған жыр нұсқасын творчестволықпен пайдалануы заңды құбылыс.

Сандыбаев-Аққожаевтың әпосты жырлауда өзіндік беті, өзіндік жырлау үлгісі бар. Олар әпостың өлеңдік түрін еркін сақтай отырып, бағыналатын оқигалардың көлемін кеңейтіп, әдемі етіп беруге аус. Әсірелеулер бұл ақындар үшін де сүйікті тәсілдің бірі секілді.

Бұған қарағанда өлеңді әсірелеумен берілген сипаттаулар аталып отырган нұсқаның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Бұл Алламыстың алып күшін, Байшұбардың жүйріктігін, Гүлбаршының, Қаракезайымның, т. б. іс-әрекетін бөрестін жерлерде айқын көрінеді.

Соңғы айтарымыз, Сандыбаев-Аққожаев әр түрлі өлең жолдарының бас аяғын үйқасқа құрып, олардың жиі қайталанып, кейде алмасып отырганын қатты ұнатады.

...Бет алдына қараса,  
Будақ-бұдақ шақ-көрді.  
Бұл қалай деп таң көрді.  
Шақ астықа қараса,  
Айшықты ола ту көрді.

Бұл сияқты қайталаулар, сезсіз, өлеңге әр, көрік береді. Оның үстіне осы нұсқаның шебер қолдан шығып, шешен тілмен жырланғандығын тағы да айқындей түседі.

Ауызша айтылғанынан жазылып алғыған екінші нұсқа Айнабек Нысановтікі. Осы нұсқада да ақынның өз тарапынан енгізген қосымшалары, езгерістері бар. Бұл көбіне батырдың дүниеге келуімен, балалық шағымен және оның Гүлбаршынга үйленуімен байланысты болып келеді.

Байбері байдың баласы жоқ болып қайғыға батып жүреді. Осы кездे оған қоңсы Сартай деген адам бала көреді. Байбері Сартаймен келісіп, баланы Ұлтан деп атап, оны өзінің бауырына салып алады. Ұлтан ержетіп кісі болғанда Байберінің баласыздығын айтЫП, келеке етеді. Байбері осыдан кейін жапан қезіл, әулиелдерден бала тілейді. Жырдың осы бөлімін айтуга келгенде Нысанов тексті Сандыбаев-Аққожаев текстімен жақындей түседі. Алайда ол екі нұсқаның тексті жағынан алғанда бірімен бірінің ұқсастығы жоқ.

Қазан баспасы мен Сандыбаев-Аққожаев нұсқасының текстерінде жоқ қатысуышы адамдардың бейнесін кескіндеуде Нысанов нұсқасының өзіндік ерекшелігі бар. Олардың текстерінде Құлтай мен Байбері ағайын санаалып келсе, Нысанов нұсқасында Құлтай Байберінің әкесі болып табылады. Байбері күндерде бір күн

бәйбішесі екі қабат жүрген кезінде қалмақ ханы Тай-  
маспен құда болып қояды. Осы ағайындық байланысқа  
жыршы өз нұсқасында біраз мән берген: «Қалмақтың  
бір ханымен Байбері құда болып еді», «Қазақ пен қал-  
мақ құда бол» т. б. дөлініп келеді. Қалмақтың қызына  
үйлену үшін Алпамыс қалмақ еліне жол тартады. Қал-  
мақ қызы болса атастырган адамын күтіп, сағынышқа  
батып, сарғая түседі.

Жасында бесік көртле атастырган,  
Әуел құда болған қазақ, қалмақ.  
Бірталай қазақ деген ел емес ле,  
Бір жігіт шықлады ма толтан таңдал,  
Жарымды Алпамыс деп есітемін  
Ол жігіт білмеді екен негып аңдалап.

Қалмақ батыры Қараман Алпамыстың келетінін  
біліп, оны жол үстінде күтеді. Екеудің күш сыйнасудан  
кейін дос болады. Гүлбаршының әкесі — қалмақ ха-  
ны Таймас күйеу баласы мен қызына той жасап, қы-  
зын Қоңырат еліне шығарып салады.

Нысанов нұсқасында жырдың басқа нұсқаларына  
қарағанда қазақ пен қалмақ халықтарының достығы  
көнін көрсетілген. Ол, жоғарыда айттып өткеніміздей,  
Алпамыстың қалмақ қызы Гүлбаршынга үйленуі ар-  
қылы, Алпамыстың қалмақ батыры Қараманмен дос-  
тасуы арқылы беріледі. Сонымен бірге осы аталаң  
отырган нұсқада қалмақ ханы Тайшықтың қызы Қа-  
ракезайымға Алпамыстың екінші рет үйленуі тәрізді  
дастырлік мотив те сақталған. Осы айтылған жайларды  
еске алғанымызда Сандыбаев-Ақжоқаев, Жүсіпбек нұс-  
қалары сияқты бұл нұсқа да өзінің негізгі кезін ерте-  
ректегі байыргы, аналық нұсқадан алған болуы керек.  
Бұл нұсқа «Алпамыс» жыры нұсқаларының ішінде  
Сергазиев нұсқасына бір табан жақын келеді. Екі нұс-  
қада да мына бір эпизодтың көтөрілгенін аталаң  
аударады. Ол — Байберінің тогызы баласының жау қо-  
лынан қаза табуының жайы. Сергазиевте бұл қарасөз-  
бен айтылса, Нысановта өлең түрінде берілген.

Нысанов нұсқасының кейінгі дәүірлерге жататын-  
дығының белгісін қатысушы адамдардың образының  
даму барысынан да байқаймыз. Мәсслен, Мыстан кем-  
пірдің бейнесі Сергазиев нұсқасындағыға жақындау.  
Нысановта да, Сергазиевта да өз жеке басының қамын-  
ғана ойлайтындығы көрсетілмеген. Екі нұсқаның екеу-  
інде де ол тек ашу-көктің символы ретінде ғана алын-  
ған.

Батырдың аты бұл нұсқада шабысымен, жүйріктігімен емес, сыртқы тұрпатының сұлулығымен гана жүртты таң қалдырады. Сондықтан да аттың шабысы суреттегелетін көрініс мұнда өрістей алмаган.

Басқа нұсқаларға қарағанда Нысанов нұсқасында әпикалық дәстүрден қол үзілмесе де «ұқсас жерлер» азырақ кездеседі. Ақын нұсқада дәстүрлі формаларды жеткілікті түрде сақтай білген. Нысанов Алпамыстың жас бала кезін суреттегендеге: «біл тасындар», «ұшқан құстай», «туған айдай», «арыстандай», «ботаңыз», «қайтпайтын құрыш, болат қайсар болды», «Алатаудай айбатың, Рустем Дастан порымды» сияқты теңеулерді қолданады, Гүлбарышының сыртқы келбетін айтқанда тек: «сұлу», «қалмақтың ете сұлу қызы сәнді» т. б. шектеледі. Байшұбар бейнесі төмөндегі тәрізді тендеулермен: «желден жүйрік», «күміс құйрық тұлпар» т. б. кескінделеді.

Бұл нұсқаның кейінгі дауірге жататындығының белгісін кейінкерлердің жасын нақты көрсетіп бергендейдің он дә байқаймыз.

Бала кормей Байборі,  
Кезінің жасы көл болты.  
Аллысқа келген жасында.

#### Немесе:

Әйелі болды Аналық,  
Қартайғак мұның да уагы,  
Елуді ол да жагалап,  
Елу бірге шығады...

#### Немесе:

Сегізге Ұлтан ілінді,  
Алыптығы білінді...

#### Немесе:

Токсандагы Құлтайга... т. б.

Сонымен бірге ақын өз нұсқасында Алпамыс батырды қызу қимыл үстінде, қызу күрес кезінде көрсетуге өүес:

...Қашжарменен қармасты,  
Семсерменен серместі,  
Қашжар қалды қайысып,  
Семсер қалды майысып,  
Ат тізесін бүгісті,  
Бүге-бүге тұрысты,  
Қарманан мен Алпамыс.  
Тарт күн, торт түн үрысты... т. б.

Сейтіп, Нысанов та бұл эпосты жырлауда басқа ақын, жыршылар тәрізді өзіне ғана тән сыр-сипат байқалады. Жырдың өлендік формасын сақтай отырып, ол Алпамыстың, Гүлбаршының, Байшұбардың образдарын өзінше сипаттайды. Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасына қараганда мұнда көлемді дәстүрлік сипаттаулар, кең портреттік суреттемелер аз. Оның ең сүйіп қолданатыны — санмен байланысты айтылатын әсіреулер. Әсіресе, бұл Алпамыс образынан айқын байқалады. Оң бір жыл ішіндегі Алпамыстың асыл қасиетін өнікті сездермен орынды сыйдыра білген. Жырдың басқа нұсқаларында мұндай жағдай үшірамайды.

Сол тәрізді өлең үйқасын құруда да өз ерекшелігі бар. Алпамыстың сақау Бадамшасымен айтысатын жері бұл нұсқада он бір буынды өлеңмен берілген. Бұл «Алпамыстың» қалған нұсқаларына тағы да тән емес дүние. Нысанов өлең жолын белгілі бір сезіндің үйқасымен тиянақтауга құмар:

„Жаделі БайсЫн жер болты.  
Коңырат деген ел болты...

Немесе:

Алпамыс менің begim ер бола ма,  
Қу қайғы ішімдегі шер бола ма...

Сондай-ақ Нысанов нұсқасында дәстүрлі сөз тізбектері, әсіресе Алпамыстың атын «ботамен» байланыстырган үзінділер жиі кездеседі.

Ақын, жыршылардың Алпамыс эпосына жасаган творчестволық еңбегі Әбдірайым Байтұрсынов нұсқасында да айқын сезіледі.

Ә. Байтұрсынов нұсқасының сюжет желісі, дегенмен, Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасына қараганда басендеу дамиды.

Әбдірайым Байтұрсынов осыдан соң жырдың сюжеттің кеңейтіп көрсетуге мән берген. Бұған мысал ретінде Байберіңің әулиелердің мекенін кезіп жүрген жерін суреттейтін эпизодты алсақ та болады... Байбері осы бұлақтың басында үйіктап кетеді. Әулиелері Байберіңің түсінде аян беріп, оның бір ұлы, бір қызы болатындығын айтады. Ол осы қуанышты хабардан кейін еліне оралады.

Тағы бір мысал. Қазан баспасында Алпамыстың Гүлбаршынга<sup>1</sup> үйлену жайы бір абзацпен ғана айтыл-

<sup>1</sup> Гүлбаршы — Сарыбайдың қызы. Сарыбай бұл нұсқада қалмақ еліне кошпейді, Жүсінбек редакциясындағы тәрізді Қытайға қоныс аударады.

са<sup>1</sup>, Э. Байтұрсыновта ол ез алдына арнайы эпизодқа айналып кеткен. Бұл оның үстіне өлең түрінде беріледі.

Немесе, Алпамыстың зынданнан құтылып шығу жайы Қазан баспасында бір ғана сейлеммен айтылған. Ол мынау: «...Айтқанының бәрін даяр қылды. Онан кейін қыз аттың беліне қырық арқанды қабаттап байлашып, зынданнан Алпамысты шығарып алып, қыз Алпамысқа ғашық болды». Байтұрсынов бұл көріністі әлде-қайда кең алып суреттейді:

..Тертінші түнде Кейқуат,  
Ойланды зыңдан барорын.  
Зынданга келіп айтты сез,  
Ал, тәқсыр, арқан саламын.  
Байшұбердин беліне  
Бір ушын байлаш таңамын.  
Беліңе байлаш берік ұста,  
Айрылып, тәқсыр, қалмагын..  
Айт, дегенде жонуар.  
Сыргытыл тартын барады...  
Шыга келді зынданнан  
Батыр, палуан монасты...

Мұның бәрі, Қазан баспасының қарасөзбек берілген жерлері, Байтұрсынов та өлецмен ауыстырылғанын дәлелдейді. Байтұрсынов нұсқасында ешқандай да қарасөзбек баяндатыны оқига жоқ. Бұл — аталып отырған нұсқаның Жұсіпбек редакцияланған Қазан баспасындағы негізгі кейіпкерлердің іс-кимылын, өзара қатынасын суреттеуде де кейбір ерекшеліктер бар. Басқа нұсқалардагы тәрізді бұл нұсқада да Алпамыс халықты басқа елдің шабуылынан қорғау үшін дүниеге келеді. Ол — ру басқарушысы. Сондықтан да барлық қоңыраттықтар Алпамысты өз әкіміміз деп шаттанады. Батырга сондай көзқараспен қарастырылғанда, асірепе Алпамыстың қалмақ елінен қайтып келгенінен кейінгі шақта айқын сезіледі. Байбөрі ез руының атынан Алпамысқа деген ашық сүйіспеншілік сезімді былайша айтып береді:

...Сүйегіне қарасам,  
Патшаменек тәңбісін,  
Келбетіне қарасам.  
Рұstemиен кембісін..

Алпамыстың асқан батырлығын сезінген халық оны ез әкіміміз деп жариялайды. Солай болғандықтан да батыр тексте былайша кескінделеді:

<sup>1</sup> Бұл жайында Сандыбаев-Ақжоқаев нұсқасын қарастырган тұста айтылды.

Байбері ұлы Алпамыс,  
Елсулі елдің нары еді.  
Үш арыс қазақ жалқынан,  
Асып туган жая еді.

Сейтіп, жыршы Алпамыстың ерлігін суреттеумен байланысты тексте жаңадан жолдар қосқан.

Жалпы алғанда ол «Алпамыстың» достүрлі эпизодтары мен көріністерін сақтай отырып, оны өзінше суреттеуді, Байберіңің жапан даланы кезіп, әулиелерден бала тілеп жүрген шағын Байтұрсынов тәмендегіше келтіреді:

...Қолдагы темір асадаи,  
Тебендейі қалғанда.  
Аяқта темір кебістеи,  
Тенгедейі қалғанда,

Немесе, Кейкуат зынданда жатқан кезінде Алпамыстың батырлық құшініне мойынсынып:

...Жүэйіде жиһана жоқ шыгар,  
Мұнан күшті өткерер.  
Қалмақтың жоқ ішінде,  
Барабар бұған дөп келер...

дейді.

Кейкуаттың сол айтқан сөзі кейіннен шындыққа айналады. Батыр зынданнан босанып алысымен:

...Оттай кеңі жанады,  
Ұмытылды батыр ақырып,  
Дауысы жерді жарады...  
Күркіреген дауысы,  
Күншілік жерді алады...  
Жан-жақтаң өскер жиналып,  
Батырдың алдын тосады.  
Тоқтата алмай тосқанмен,  
Қалмақтар қатты сасады...

Осы айтылған айырмашылықтарды еске алғанымызда Қазан баспасына қарағанда Байтұрсынов нұсқасында оқигалар желісі кең кескінделеді. Бұған қарал біз Байтұрсынов Қазан баспасын білмеді деп отырғанымыз жоқ. Жыршының өзі атап көрсеткендегідей «Мен бұл нұсқаны он екі жасымда үйренген едім. Мениң Қөшер деген ағам жыршы болған еді... Бір күні ол осы қолжазбаны алып келді, бірақ кімнің жазып шыгарғанын білмейді. Өзі арабша сауаты болмagan-дықтан маган оқытып жүрді. Сейтіп, мен өзім де жаттаң алдым. Бұл нұсқа Жүсінбектікі ме деп ойладап қал-

дым, өйткені қолжазбаның алғында мынадай сөздер бар еді:

Шейхұлисламұғлы хожа мес Жұсілбек,  
Бөнде едім дүниеде бір кінәсі көп.  
Кітапқа оның үшін атым салдым,  
Вір дуа өқығандар қыла ма деп<sup>1</sup>

Сейтіп Байтұрсыновтың бұл нұсқасы Жұсілбек редакциялаған Қазан баспасы негізінде барып туган. Олай деуімізге тағы бір себеп, Қазан баспасындағы сияқты, мұнда да ислам дінің ықпалы барышылық. Әулиелердің аты аталады, кейіпкерлердің аузындағы құдай деген сез жіңі қайталанады.

Тұтас алып, түйіп айтқанда Байтұрсынов эпос сюжетін толық сақтап, әрбір эпизодтары мен көріністерін езінше дамытып жырлаган. Сондықтан да оның нұсқасы көлемі жарынан көбірек болып шыққан.

Байтұрсыновтың бұл жырды көлшілікке орындап, оны айтып беруде езіндік ерекшелігі бар екендігін де ескерген жән. Ол эпостың дәстүрлі «Үқас жерлерін» қосымшамен айтуға әдеттенген. Оны, мәселен, Байшұбардың шабысы суреттесетін жерлердегі сипаттаулардан байқаймыз.

...Тау, тас, озен, орманмен.  
Еңсеріп ен даланы.  
Тұлпардың еті қызған соң,  
Шын жүйрікке не соғ бар.  
Тартылды жердің танабы...

Кейіпкерлерді кескіндеуде де өзіндік тәсіл қолданған. Алпамыс әр кезде де «саңлақ», «Байшұбар адамнан есті жануар», Гүлбаршын «перизаттай құбылып» болып айтылады.

Эпос бастан аяқ мына тәрізді тұрақты үйқасқа құрылған: Егер белгілі бір ой арнаулы беттен «тамағын» деген үйқасқа телінсе, әрі қарай көпке дейін «тамамын», «жараның», «талабын», «баланың», «қадамын», «амалым», «қабагын» деп созыла береді. Мұндай үйқас бірнеше бет бойына жарыса, дамып отырады. Бұл да «Алпамыстың» басқа нұсқаларынан оның айрымашылығын көрсетеді.

Сонымен, жогарыда біз тоқталып өткен үш нұсқадан, әсіресе Майкет Сандыбаев-Сұлтанбек Ақжоқаев

<sup>1</sup> Байтұрсынов өмірбаяны. Қазақ ССР Ғылым академиясы, М. О. Әуезов атындағы Эдебиет және өнер институты қолжазба жөнө текстология белгіліңің қорынан.

пен Эбдірайым Байтұрсынов нұсқаларынан қазақ жалқының батырлық жыры — «Алпамыс» жайындағы эпикалық шыгармасының қазіргі кездегі творчестволық жолмен есіп, дамуының негізгі екі бағытын белгілеуге болады.

Ақын мен жыршылардың аузынан біздің дәуірімізде жазылып алынып, іске асырылғаны бар, оған қоса «Алпамыстың» ел ішінде біреуден біреу естіп, әлі күнге айтылуы арқылы халық арасына кеңінен таралғаны бар, бұл әпосты, демек, жүрттың құлақ құрышын қандырып, зәрекеттес болып тыңдайтындығын қатар ескеріп, бағын есепке алсақ Алпамыс турасындағы эпикалық шыгармасың, күні бүгінге дейін қадырлы қазына қалпында сақталып отырғандығын айқын аңғарамыз. Сондықтан да ақын, жыршылардың шыгарған редакцияларымен бірге ел аузында осы уақытта да айырымдары айқын байқалатын «Алпамыстың» көлшіліктік нұсқаларының бар екендігіне көзіміз жетеді. Мәселен, оған ертеғілік сипаты бар нұсқаларды жатқызамыз. Ондайларды ертерек кезде Э. Диваев та ел ішінен тауып, жазып алған болатын. Осы күні де бар екендігін білеміз.

Қарасөзбен жазылған сондай нұсқаның бірі — Элі Оспанов нұсқасы<sup>1</sup>. Бұл нұсқа эпос сюжетін тегіс қамтып тұрғанмен Алпамыстың қалыңдығына сапар шеккен саяхатын айтпайды. Жырдың барлық эпизодтары ете сараң баяндалған. Тек үш жерде гана өлең шумактары бар. Мәселен, Алпамыстың қалмақ зынданында жатып хаяның қызы Қаракөзайымға айтқаны мынау:

Қаракөз көзің сүзілер,  
Көкірегінде жаңың үзілер.  
Сен кетсек көзілім бұзылар,  
Гаріп көзілімді сен аула.

Немесе, сақау Бадамша былай дейді:

Ешік айды айуап,  
Шылдиян өтеді кейуен.  
Мойынымда тилле, майжан,  
Мен бейбіше. Гүлбайышын тоқал.

Бадамшага арналған Алпамыстың жауабы да өлең мен берілген:

Ине өткеннен жіп өтеді қылдырық,  
Дабыл тисе жерге қонбас бұлдырық.

<sup>1</sup> Бұл нұсқа 1957 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан аудауының тұрғыны, ақын Э. Оспановтан жазылып алынды.

Атасыздың көргөн күші құрысын,  
Бір байталдық құлдан жедім жұдышык,  
Құтты болсын, баба, қылған тойыңыз  
Үят түр, тойды қойыңыз.

Жырга қатысуши кейіпкерлердің бейнесі де онша кең суретtelмеген. Аздал болса да Алламыс образы мына түрде беріледі: «Ішін жараттым қара шойынан, сыртын жараттым болат темірден, атса мылтық етпейді, шапса қылыш кеспелейді, суга салса батпайды, бұған қас қылған ешбір мұратқа жетпелейді». Бұлай суреттеу осы нұсқа үшін гана тән болып табылады.

Бұл нұсқадан, әрине, ақын, жыршының творчестіволяқ еңбегі жете көрінбейді. Бір кезде жатталып, ауыздан-ауызға таралған эпос сюжетін ертегі түрінде тек қарасөзбен қайталап айтып берушілікті гана байқаймыз.

Алайда, осындай нұсқаларға қарап Алламыс жағындағы эпос әлдеқашан айтылудан, жырлаудан қалған, ол мүлдем ел жадынан шығып, ұмытылып біткен деп қарастымызға болмайды. Керісінше ақын, жыршылар эпосты бірінен-бірі жаттап немесе ұғынып ала отырып елге айтатын кезде, халық алдында орындаитын шақта өздерінің нұсқаларын жасаган. Жоғарыда талдап еткен «Алламыс» нұсқалары біздің осы пікірімізді дәлелдей түскендей.

Бір сөзбен айтқанда Э. Оспановтан жазылып алынған нұсқа өзінің о бастағы елеңдік түрін жоғалтып қысқаша қарасөзбен айттылған эпос, қайта «Алламыстың» халық арсында кеңінен тарагандығын, оған қалың жүртшылықтың қатты ынта қойып орындағандығын дәлелдесе керек. Фасырлар бойына халық қазынасы санаалып келе жатқан эпос көпшілікті қызықтырған, тыңдаушыларын өзіне баураган. Сондықтан да бұл ақындық қабілеті аз бола тұрса да, елеңмен айтуга икемі келмесе де, оны екінші біреуге қарасөзбен жеткізуге тырысқандардың кеп екендігін көрсетеді.

Демек, біз тоқталған «Алламыстың» толық версиясының нұсқаларына қараганда Қазақстанның Оңтүстік аймағында осы эпостың негізгі редакциясы ел ауында жіңі айттылып, қалың жүртқа кең тарагандығын байқаймыз. Осыдан барып бұл жыр екі түрлі жолмен ел ішіне жайылған. Бірі — кітаби баспа арқылы да (Жұсінбек редакциялаған Қазан баспасы), екіншісі сол кездегі ауызша айттылып жүрген Сандыбаев-Ақжөлев нұсқасы арқылы тараган. Ол екі нұсқаның өзара айырмашылығы жырдың сюжет желісі мен кейіпкер-

лердің бейнесін беруде екендігін көрдік. Екіншіге қараганда алғашқысында бірқатар эпизодтар мен сюжеттер, суреттер болмай шықты. Алайда, ауызша айтылатын нұсқамен салыстырганда кітаби нұсқа елге кеп тарайтындығы белгілі. Сол кітаби нұсқамен таныс ақын, жыршилар оны өздерінше өрістетіп, жырлайтындықтары тағы да ақырат. Олар, көбіне, Қазан баспасының жетіслеген жақтарының (Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі жайлы эпизод) кемдігін толықтыруға күш жұмысағандығын көреміз. Бір ғана абзацпен атаптып откен сол оқиғаны ақын, жыршилар кеңінен алып, дамытып жырлаган. Ақын, жыршилар сонымен бірге эпостың сюжетіне жаңа эпизодтар мен тың көріністер қосып, жыр кейілкерлерінің бейнесін белгілі жағдайда қайта қарап, әрқайсыны өз дәрежесінде творчество-лық бетін көрсетті. Эпостың формасында олардың біреуі аз, біреуі кеп мөлшерде өзгеріске ұшырап отырды.

Осы нұсқаларды бірімен-бірін өзара салыстыру нәтижесінде олардың кейінгі заманда шыққандығын байқадық. Ол нұсқаларда қалын қауымның XIX—XX ғасырлардағы өмірge кезқарасы, дүниетанымы бейнеленген. Сонымен бірге эпоста көне дәуірден елес берестің эпизодтар, мотивтер, сюжеттік өрістер, қатысуышы адамдардың іс-әрекетіндегі әр түрлі жайлар сакталып қалғаі. Ақын, жыршилар батыр жайындағы жырды біріне-бірі қалай болса солай бере салмай, творчество-лық жолмен дамытып, сейтіп барып ауысып отырған. Әрине, көрік беретін дәстүр берік сакталған.

Жогарыда тоқталып откен, біздің дәуіріміздің ақын, жыршилары Сұлтанбек Аққожаевтың, Әбдіра-йым Байтұрсыновтың, Айнабек Нысановтың орындау-ындағы «Алпамыс» жырының мысалынан мына түйін, тұжырымдарды атап айтуга болады. Бұл ақындардың қай-қайсысы да Октябрь революциясына дейін ел ішінде айтылып жүрген эпикалық дәстүрді басқалардан қабылдап алып, оны өздерінше игеріп, әрі әкеткен эпикалық жырлардың шеберлері болып саналады. Әсіресе С. Аққожаев пен Э. Байтұрсынов нұсқаларынан, бұрын да айтқанымыздай, осы жағдай айқын аңгарылады. Сол ақындар тәрізді осы заманың бірқатар ақындары да: Омар Шипин, Әбдігали Сарисов, Есдәулест Қандеков, Кенен Эзірбаев, Нұрхан Ахметбеков, Сәт Есенбаев, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байганин, тағы баоқалар совет тұсында бұрыннан келе жатқан дәстүрлі эпикалық шығармалар: «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Арқалық», «Қарасай Қазы», «Торекан»,

«Камбарларды» көп алдында орындалап, айтып отыруды қашанда ұмытпаган. «Алпамыс» жырынан көріп отырғанымыздай, қазақ халқының осы кездегі үлкенде, кішілі дәстүрлі қай эпикалық шыгармасын алып қарамайық, әрбір ақын, жырши тұс-тұсынан өзіндік өндеу, өзгерістерге ұшыратып, оларға әр жәйлардан толықтырулар енгізіп, дәстүрді жаңартып, жаңғыртып, байтып отырган, яғни, «Алпамыс» жырының кейбір нұсқаларын қатар алып қарастырганда оның құрамынан байқалған өзгерістер басқа ақындардың репертуарларындағы жалпы өзгерістердей болып байланысты келетіндігі аңғарылады.

Бұл еңбектің жазу барысында қазақ халқының қазіргі кездегі эпикалық дәстүрін жасаушы аса ірі сез шебері санлақтарын, анығырақ айтқанда, Жамбыл, Иса, Омар т. б. осы күнгі белгілі ақындардың көпшілігінің репертуарларын жаңр жағынан алып екшеп, тексеріп, сарапап, салмақтап қарзуға тұра келді. Сондайға біздің байқаганымыз, олардың дені бұрынғы дәстүрлі батырлық жырларымен қатар дәл осы дәстүрлі эпостық тақырыпқа жаңадан да эпикалық шыгармалар шыгарады екен. Мәселен, Нұржан Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны», Қазанғап Байболовтың «Ер Есім», Жамбыл Жабаевтың «Өтеген батыры», тағы басқалар осындағы. Мұнан ақындардың ескі эпостың дәстүрлік түрінен қол үзіп, аулақтап кетпей, осы тақырыпты қалайда қалап жырлап отыратындығы көрінеді, яғни бұл қайта, оны ете-мәте ұнататындығын дәлелдейтін дәйекті факті. Сонымен бірге осы күнгі көптеген ақындар байыргы батырлар жырынан ерекшелігі бар Сұранышы, Саурық, Аманкелді т. б. жайында жаңадан поэмалар шыгарады.

Біздің заманымызда фольклордың поэмалар секілді жанрларына әдебиет пен басапсөздің иігі әсері тиді. Поэмалар ескі эпикалық дәстүрді дамыта тұрса да, сол арнада қалып қоймайды, оларда ақынның өзіндік «мени», көрініс беріп отырады. Өмірбаяндық аңыздар сюжетке молынан кірігіп жатады. Оқиганың нақтылы тарихи суреттелу тәсілі «эпикалық уақыттың» созалаң-кы күйін аудыстыргандай болады. Әрбір объект әлеуметтік кең көлемде суреттеліп отырады. Бұл бір қаһарманның басынаң кешкен үлкенді-кішілі оқигаларды жілікте тізгендей баяндалап беретін, эпикалық көне дәстүрдің қарымы жетпейтін қоғамдық терең мәні бар құбылыс. Осылайша келіп, сұрырып салмалық өнер мен әдебиет формасының творчестволық жылдасқан жаңа

түрі поэма жанры пайда болады. Мұны жазба әдебиетке де, ескі эпикалық жырга да қоспалытын, фольклорлық жаңа жанр деп қабылдаған жөн<sup>1</sup>. Міне, сондықтан да осы күнгі ақындардың эпикалық жанрдағы ең басты түрі поэма болып келетіндігі — табиғи да занды құбылыс.

\* \* \*

Совет дәуірінде қазактық халық поэзиясы өзінің идеялық мазмұны мен көркемдік сапасы жағынан жаңа сатыға, жарқын белескеге кетерілді. Октябрьден бүрін қазақ елінің көшпелі өмір тіршілігімен, тұрмысымен тікелей байланысты ғана болып келген халық творчествосы бұл тұста әлемге әйгілі ұлы өзгерістерді, келелі істерді күн тәртібіне қойып, оны ортақ тақырып етіп алды. Октябрь әкелген келешегі мол, соны жолмен келген орасан да күрделі жеңіс ауыз әдебиетінде субелі, негізгі деп айта қаларлық ортан қолдай тақырып болды. Еліміздің салалы салмағымен жан-жақты даму кезеңіндегі, өмір процесіндегі сан алуан іс, байсалды жұмыс халық поэзиясында жаңа идеялы мазмұнымен соны тақырып түрінде қалыптасты.

Революциядан бүрінғы, ерте кездегі халық әдебиетінен қазақ-совет фольклорының айырмашылығы бар, айтарлығы мол. Совет шындығын, заман тынысын, дәүір үнін, бүгінгі таңын қызықты күнін, оның революциялық есу жолын жан-жақты етіп пәрменді түрде көрсету тек біздің өміріміздегі халық поэзиясына ғана тән ерекшелік сипат болып табылады.

Ертеде елеусіз, қалтарыста қалып, көп көзіне түсіп көрінбеген халық арасынан шыққан ақын мен жыршы, жалпы алғанда, ауыз әдебиетінің сез зергерлері бұл кезеңде заман үнін, дәуір тынысын өз шыгармаларына арқау етті. «Біздің елімізде,— деп жаңады «Правда» газеті,— халық таланттарының үздіксіз есіп жетілуіне кең жол ашылып отыр. Совет елі халық таланттарын бағалап, қамқорлық жасап, жақсы көріп құрметтей біледі... Совет елі ныгайып өскен сайын, оның кең байтақ жеріндегі халық творчествосы да ныгайып дами береді. Біздің дәуіріміздегі халық творчествосына тән сипат өмір шаттығын, кетеріңкі көніл-күйін, келешекке берік сенімді жырлау болып табылады»<sup>2</sup>.

Ақындар болса халықпен, қалың бұқарамен қоян-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 52-бет.

<sup>2</sup> «Правда», 1938, 20 май.

колтық тығыз байланыста болып келеді. Олар өмірден алыстаган адамдар емес, қайта дәуірмен, өмірмен біте қайнасып, жіті араласып, соның қалың ортасында бірге ұласып, енбекті ерекше сүйген қогамшыл жандар. Соңдықтан да ақындар өзгерген өңірді, көтеріңкі көңілді, яғни еліміздің алуан-алуан жетістіктерін, гылымның, өндірістің жаңалықтарын, колхозды ауыл мен көрікті қаланың жаңа бейнесін, гасыр тарихында тартымды, ері беделді орын алатын осы күнгі алыш бесжылдықтардың еңбек озаттарын, коммунистік еңбек бригадаларын, социалистік жарыста үздік шыққандарды, жалпы алғанда әр жылдың, әр күннің тартымды табысын байсалды түрде баянды суреттейді. Яғни мол өнім алған егінші, малши, құрыш қорытқан кенші, еселеп өнім берген көмірші, өмірізді, сан-салалы тұрмыс жайымызды адад еңбегімен құлпырта тускен жалпы еңбекер қауым халық ақындары шығармаларының кейіпкерлері, негізгі өзегі болды. «Жамбыл сијакты майталман жыршылар Асан арманының біздің дәуірде орындалғаның өздерінің жыр-толғауларына қосты», деп жазды Мұхтар Әуезов.

Жұз жасаған Жамбыл бастаған толып жатқан кәрі тарлан ақындарымыз халық поэзиясының небір дең қоярлық, айта қаларлық тәуір үлгілерін берді. Сейтіп, қазақ совет поэзиясын дамыту ісіне олар слеулі үлес қосты.

КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Отан соғыс наң кейінгі жылдары идеологиялық маселелер жөніндегі қабылдаған қаулы-қараптарды халық әдебиетін зерттеушілерге де негізгі документ болып саналады.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының елу жылдығы туралы КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың КПСС Орталық Комитетінің, ССРР Жоғарғы Советінің және РСФСР Жоғарғы Советінің Кремльдің Съезддер сарайындағы бірлескен салтанатты мәжілісінде 1972 жылғы 21 декабрьде жасаған баяндамасында: «СССР-дің өмір сүрген жарты гасыры ішінде бізде өзінің рухы мен принциптік мазмұны жағынан біртұтас советтік социалистік мәдениет қалыптасып, гүлденді. Бұл мәдениет Отанымыз халықтарының әрқайсысының мәдениеті мен тұрмысының ең бағалы сипаттары мен дәстүрлөрін ез бойына жинақтаған. Соның өзінде, советтік ұлттық мәдениеттердің қай-қайсысы болсын ез қайнаранан ғана емес, сондай-ақ басқа да туысқан халықтар-

дың рухани байлығынан нәр алады және өз тарапынан оларға иті ықпал жасайды, оларды байыта түседі»<sup>1</sup>, деп айтқан еди.

Оскелең өмірімізде туып, кәдеге жарап отырган орасан мол сол халықтың творчествосы — ертеден ел есінде келе жатқан бай мұраларымыздың, алтын қазыналарымыздың қатарынан берік орын тебулі. Ұмытылмай, санаамыздың санауан қойнауларында сақтаулы халық поэзиясының іргелі жанрының бірі — қазақтың ежелгі эпикалық творчествосы санаалса, оның осы дәүірде реалистік дәстүр, жаңа үлгі негізінде дамып, позма түріне айналып отыргандығын көреміз.

Адамзат атаулының ақындық энерге деген табиғи ләззаты, жаңа рақаты біздің дәуірімізде қогамдық маңызы алыш, сара жолға қойылды. Мұны біс Коммунистік партия мени Совет үкіметінің осы өнерді әуелден қаз тұргызып, соナン бері дамытууды үнемі назардан тыс қалдырмай, оны өркендетуге қамқорлық жасап отырган ыстық ықыласынан анық көреміз.

Ұлы Горькийдің «Сөз өнері фольклордан басталады. Халық әдебиетін және оны тудыруышыларды кадирлендөр, олардың еңбегін пайдаланындар, одан үйреніңдер» — дегені әлі біздің жадымызда. Ол күні бүгіндеги маңызын жойған жоқ, күн тәртібінен ешуақытта түспек те емес.

«Қазақ әдебиетін аллатын болсак, оның ата қоры — ақындық. Роман, пьеса деген, сын деген кейін туған, әдебиетіміздің басы ақындықтан келеді ғой. Сол ақындары — халық ақындары<sup>2</sup>.

Екі заман өмірін басынан кешірген, өткен мен бүгінгі күннің күнегері ақындар эпикалық шыгармалардың, азыз, әңгіме, жырлардың жаңа нұсқаларын жасады, поэмалығын жаңа түрін шыгарды.

Проф. Н. С. Смирнованың эпос жайында жағзған гылыми байлам, тұжырымдарын алыш қараганда<sup>3</sup>, ақын, жырышлар өздерінің репертуарын қалмақ пен жонғарлардың басқыншыларына қарсы қазақ елінің азаттығы үшін болған куресін баяндайтын батырлар жырымен толықтырды. Сүйінбай ақын айтқан «Өтеген батыр» туралы ақызды Жамбыл, халық арасында көп тараған «Нарқызы», «Құбығұл» ақыздарының Нұрлайис

<sup>1</sup> «Қазақстан коммунисті», 1973, № 1, 15-бет.

<sup>2</sup> «Ақындар жыры». Алматы, 1963, 130-бет. (Ғабит Мұсіреловтың сөзін қарасты).

<sup>3</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, бірінші кітап. Алматы, 1960 303—306-беттер.

Байганин дәстүрдегі қалмақ шабуылы тақырыбына байланысты алып, эпостың жаңа вариантын тұдырды.

XVIII гасырдагы қазақ пен жоңгарлардың Хун-Тайшысының күресіне байланысты қалың көпшілік арасында көп аныздар туды. XIX—XX гасырлардагы батырлар жөніндегі шығармалардың сюжеті осы аныздардан алынған («Өтеген» т. б.). Кейбір ақындар дәстүрдегі тақырыпқа махабbat тақырыбын қосып жаңадан жырлады. Мысалы, «Құбыгұл» эпосында қазақ батыры Құбыгұл мен қалмақтың қызы Ақбілектің гашықтығы; Ақбілектің елжүртyn тастап Құбыгұлмен қашқаны, қалмақтардың құғаны, ез еркімен Ақбілектің кінәсін мойнына алған күннің жан қынжыларлық тағдышы әңгіме болады. Мұның бері эпостың ежелгі дастуріне тән емес, жаңа тақырып.

Ақын, жыршылар халық мұраларының жаңа вариантын жасауда жаңадан алған тарихи деректеріне, білімдеріне икемдел жырлайтын болады. Мәселен, «Нарқызыда» хан мен сұлтаандардың ез үстемдігін жоғалтқандығы, феодалдық мемлекеттің әлсіргендігі, өлеуметтік қайшылықтар тереңдірек сипатталады.

Нарқызы — батыр әйел.

Оның шешімі бойынша Мәмбет хан орнынан алынады:

Хан шықпасын төріце,  
Туган елім құлақ сал!  
Билік айтқан жеріме,  
Қара қазақ болсын да,  
Қайтын Мәмбет еліне,<sup>1</sup>—

деген талап қояды Нарқызы.

Ақындар жаңадан шығарған эпосында XIX гасырдың аяғындағы XX гасырдың басындағы халықтың өмірін, оның ауыр түрмисын, хандар, манаптар, сұлтандар, болыстар билеген кездегі правосыздығын көрсете жырлайды және социализм жеңген елдегі халықтың өмірін ескі өмірге қарама-қарсы қойып суреттейді:

Күрілдеген заводтар.  
Қала, қала қырдагы.  
Кер, жолдастар, қарандар!  
Кер, достарым, жарандар!  
Казакстан бақыттың,  
Кени болды арналы,  
Корғасынды көрдің бе,  
Аққон қара таудагы!

<sup>1</sup> Нұрлайис Байганин. Шығармалар жинағы. Алматы, 1956, 163-бет.

Алтын шыгып Алтайдан,  
Жарқырап күңдегі жайшады.  
Қарсақбайдан мыс оғыл,  
Бұлактойын саулады,  
Макта көктеп Шымкенттен,  
Күріш гүлдеп Жаркенттен,  
Ақтебенің егіні,  
Өрге өрлеген енімі.—

деп жырлайды Жамбыл ақын «Өтеген» жырында<sup>1</sup>.

Совет дәуірінде жаңартылған ескі дәстүрлі батырлар жырларына жазба әдебиет түрінің де қатты әсері тиеді. Ақындар епос ақыздарының мотивіне жазылған қазақ жазушыларының пъесалары, дастандарымен («Еңлік — Кебек»— М. Әуезов, «Сұлуашаш»— С. Мұқанов) танысады. Осының бәрі эпос жанрының дәстүрін ақын-жазушылардың дастандарымен жақындаға түседі. Көптеген ақындар (Иса Байзаков, Қуат Терібаев т. б.) эпосты — бұрынғыша домбырага қосып айтпай, оқазып шыгаратын болады. Ақын, жыршилар жазба әдебиеттен үйренгендерін эпостың жаңадан шыгарған вариантарына да пайдаланады.

Ақындардың жаңадан шыгарылған сол эпикалық поэмаларында қазақ халқының байырғы батырлық оқырларында ұшырасып отыратын алла, тәңрі жайын-дагы мұсылмандық үгымдар, ескі нағым, сенімдерге тағзім етіл, бас июшілік, мифтік құбылыс, ескі элементтері алынып тасталған. Ендігі жерде адамның жаңа сапасын суреттеу және осы дәуірдің түрғысынан сипат бере отырып, онын моральдық қасиеттерінің ерекшеліктерін аша түсуге жәрдемдесу — қазіргі ақындардың эпикалық поэмаларының басты тақырыптары болып саналады.

Сонымен бірге ескі эпос пен жаңа эпикалық поэмаларының арасындағы айырмының айтуда, жанрлық ерекшеліктерін белгілеуде мына теменде келтірілетін пікір түзілістері де көңілге қоныымды болып тұрады. Ертеден келе жатқан батырлық жырларда бас кейіпкер ойланған ойна, алдына қойған мақсат, тілегіне жете алма-са мүң мен зар, жеке кейіпкердің қайғысы көп жырлана еді, оның үй-ішінің жоқтауы, артында қалған жесір әйелінің тағдыры жырланар еді. Ал біздің дәуірімізде Жамбыл, Нұрпейіс т. б. жырлаган жаңа эпикалық поэмада сол басты кейіпкердің жеке өмірінің бәрін айтудың орнына сол өзі қатысқан сұрапыл

<sup>1</sup> Жамбыл Жабаев. Үш томдық шыгармалар жинағы. I том, Алматы, 1955, 159-бет.

согыс, тарихи оқига немен тынганина көбірек тоқталады. Мәселен, Нұрпейістің согыс туралы шығарған поэмалары осы идеялық түргыдан жырланады.

Совет халқының ерлігі тақырыбына арналып шығарылған Нұрпейістің осы эпикалық поэмалары («Комиссар Пожарский», «Ер туралы жыр», «Жиyrма бес» т. б.) қазақ совет поэзиясының тарихынан өзіндік орын алады. Ақын мұнда ертедегі эпостық жырлардан үлгі ала отырып, осы дәуірдің батырларының өміріне ерлік істерін сыйнилдік, бұрынғы жырларда кездесетін қиял, ертегілік сарындары жоқ, жаңа тақырыпқа, жаңа заман дәрежесіне сәйкес дәрежеде жыр төгеді. Оның өмір шындығын суреттеуінде эпостық және лирикалық өдіс ұштасып келетіндігі айқын сезіледі. Жалаң тартыс, әрекетті айта бермей, кейіпкердің сезім дүниесін суреттеушілік, психологиясын беруге тырысушилық бар. Поэмасының сюжеті ескі жырлар салтынша батырдың ата-тегі, туысы, балалық шагы — бар өміrbаянын айту негізіне құрылмай, ең маңызды, ең келелі кезеңдеріне тоқталып жырлауға негізделеді. Бұл — ақынның өзіне тән жаңа бір ерекшелігі деуге болады. Нұрпейіс поэмаларында оқига желісінің негізгі кілті кейіпкерлерінің жеке бастарындағы драмалық жағдайлар емес, қогамдық оқига, Отан, ел мақсатына байланысты тарихи ұлы өзгерістер. Сюжеттік, идеялық негізгі кілт осылар болып отырады. Бұлар эпос жырының үлкен шебері Нұрпейістің халық поэзиясы арқылы қазақ совет әдебиетіне кірген елеулі жаңалықтар сықылды оның басқа халық ақындарынан ерекшелігі де, өзінің ақындық стилем ерекшелігі, жаңалығы да осында. Ол бұрынғы желілі батырлар жырын жүйелеп айтудан совет дәуірінің жаңа батырларын жырлауға келіп, жаңа батырлық эпос жырын тудыруда атсалысқандардың алғашқыларының бірі болды.

Бұрынғы ақындық дәстүр, ескі ақындық өнерді сақтау, қолдану жағына келгенде жаңа тенеу, жаңа метафоралар, жаңа ақындық сарын, күйлерді жаңа жолмен жасап, дамытуда Нұрпейіс көбінесе ескі эпос, мақал-мәтел үлгісіндегі тіл, ақындық өнерді жаңартып, өзгеріп пайдалану дәрежесінен аса алған жоқ, тек сол жолда іздеушілік қана барлығы байқалады<sup>1</sup>.

Осымен қатар батырлықты, ерлікті эпикалық поэмаларда суреттеп көрсетудің тарифі да басқа жолы бар.

<sup>1</sup> «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі». Алматы, 1949, 190-бет.

Ол — әмір фактісінен корек алу, ертеректегі нақты жайға, болған дерекке сүйену. Яғни қазақ халқының басынан кешкен, тарихи қуәгері саналған күрес-тар-тыстарды, әмірден өткен қызық жайлы оқиғаларды сол қалпында алып, өз поэмасына өзек ету. Осы дәлділік О. Шипгин, С. Есенбаев тәрізді бірқатар ақындардың міні де, екінші жағынан — атап айтартылған халық поэзиясындағы табысы да.

Сол осалдығы мен онды жағына тоқталар алдында мына жайға назар аударалық. Мәселен, О. Шипдинді алатын болсак, ол Аманкелді, Әліби жайында әпикалық поэмалар тудырган ақын. Ол шығармаларында Аманкелді мен Әлібидің әміrbаянын кең суретпен дамытып жырлау үстіне осы тарихи ерлердің әмір кешкен дәүірінің, ортасының қоғамдық, революциялық мән-маңызын ашық көрсетеді. Омар жырлауында Аманкелдінің де, Әлібидің де ататегі, есken мекен, ру жайлары, олардың ер жетіп, есейген тұстарындағы сол кезде қазақ ауылында шиленісіп кең өріс алып, беталыс жасаған революциялық таптық күрестің бағыт-бағдары кескіндеделеді. Соңан кейін 1916 жылғы халық көтерілісінің әр жезендергі жай-жаласы: ел күткен үміт, аңсаған арман, асқан ерлік, алапат апат, бәрбәріне қоса осы ғасырдың 17—20-жылдары арасындағы Торғай даласында болған халықтық, революциялық күрестің оқиғаларымен келіп жалғасады. Халық өз басынан кешірген Колчак пен алашордашылардың не түрлі лаңы мен әр қылыш ерекет істері тұсында осындағы дүрбелен кезде, яғни тарихтан айтулы орын алатын Аманкелді мен Әлібидің сол бір қаһармандық құмылдауына әр қырынан келіп ақын жырға қосқан.

Ақының арнағы атап, тоқтап етуге тұратын, тарихи тақырыпқа арналып шығарылған ендігі бір поэма — «Масаты қыз». Бұл жерде біз Омардың үш бірдей поэмасында оқушының көңілін аударып отырганымыздың мынадай жөні бар. Осы үш поэманды қатар алып қарастырганымызда олардың бірімен-бірінің заңды байланысы барлығы, бірін-бірі толықтырып тұратындығы айқын аңгарылады.

Ақын «Масаты қыз» поэмасын желі етіп осы гасырдың басында болып өткен оқиғаны алған. Мұндагы негізгі идея адамның еркіндігі, бас бостандығы Мәсесесі. Октябрь революциясына дейінгі қазақ қыздарының бірі — Масатының басындағы теңсіздік халі суреттеледі. Жоқшылық тауқыметін тартқан әйел тұрауды көз алдында.

Масаты қыз ауел баста Ауганбай дегенге атастырылып азап шегеді. Кейіннен Еркіш, Бекіш сияқты шонжалардың корлауына, солардың зорлауына тап болады. Тек Аманкелді бастаған 1916 жылғы халық көтерілісінің арқасында ғана Масаты өз тәңіне тиіп, сүйгеніне қосылады. Сейтіп, ол өз бостандығына қолы жетеді.

Бұл поэмада Аманкелдінің Торғайға шабуылы суреттеген. Осы шабуыл кезінде Аманкелді Нұргали мен Масаты екеуіне ара түседі. Жазықсыз жазғырылып, түрмеге жабылған жандарды азат етіп, құтқарып алады. Масатының сүйіп шыққан жігіті Нұргали мен Аманкелді тату дос болып қалады. «Бірге өсіп, бір жыл, бір күн туған төлдей болып жүреді». Аманкелді өлімінен кейін қалың қауымға Нұргали басшылық етеді. Партизандарды паналатып, алаш адамдарымен аяусыз, қиян-кескі күрес жүргізеді. Осы жағынан алғып қараганда бұл туынды Аманкелді жайындағы поэмалың жалғасы іспетті. Аманкелді мұнда батыр ер болумен бірге мұңалы, қайғылы адамдарға қарайласып, маҳабbat еркіндігіне де көзіл бөліп, сүйіскең жастардың берекелі, бесенелі өмір суруіне көп жәрдемін тигізген адал жан ретінде көрінеді.

Ғабит Мұсрепов сөзімен айтсақ, «Аманкелді сияқты халқымыздың нағыз ерінің алдында кейінгі ұрпақтың парызы-қарызы барын тағы бір рет еске түсіріп, көзіл аудару мақсаты. Сондықтан, нағыз тарихшыларымыз, қоғамдық қайраткерлеріміз, журналистеріміз болып Аманкелді жайын жан-жақты зерттеш шындықты аша<sup>1</sup> беру керек.

«Расында әр ақын революция, азамат соғысы тақырыбына арналған дастандарында,— деп жазады фольклор зерттеушілері Е. Ысмайылов пен Н. Төреқұлов өздерінің «Халықтық дастандар» атты еңбегінде,— бас қаһарманның өміrbайынын сатылап суреттеу арқылы дәүр шындығын елестетуге тырысқан. Дегенмен мұның ұтымды, ұтымсыз жақтары да бар. Ұтымды жағы — ақындар негізгі кейілкерін нысанасынан шығармай, тарихи тартыстың ең күрделі, шиеленіскең майданына араластырады, олардың жанқиярлық ерлігін де, ізгі адамгершілік қасиетін де жан-жақты түйіндең суреттеуге мүмкіндік алады. Ал, ұтымсыз жағы — ақындар өздері сезін, сезебесін бірін-бірі қайталайтын белгілі бір қалыпта ойысып отыратындығы. Тегі бұл соңғы кемшілік халық ақындарының жаңа дастанына ғана

<sup>1</sup> «Социалистік Қазақстан», 28 февраль, 1973.

емес, тарихи ерлер туралы жазба ақындардың поэмаларына да тән көмшілік болса керек. Басты қаһарманды үнемі өмірбаян арқылы суреттей бермей, кейде қосалқы сюжеттік өріс тудырып отыру әдісі Нұрлыбектің «Қанды жорық» поэмасында айқын сезіледі...»<sup>1</sup>.

Міне, жоғарыда айтып өткендерді қоса есепке алғанда мына тәрізді түйінге келуге болады. Қазақтың атам заманнан бері келе жатқан батырлық жыры біздің дәүірімізде берік негізді бай дәстүрге сүйене отырып, эпикалық поэма жанры түрінде дамып, қалыптасып отыр. Ал, жаңр жағынан алып, оны ішкі түріне таман жіктең қарағанда, батырлық, ерлік жайындағы бұрынғы дәстүрлі жырлардың салтын ұстанғанымен, ақындар оны взергітіп, осы күнгі ел ерлігін, халық қаһармандығын қосып жырлайтын болды. Екіншіден, біздің заманнаның жеке ерлері мен батырларын, яғни олардың бейбіт еңбек пен соғыс майданындағы жан-кіярлық істерін өздерінше ізденіс жасап суреттейді. Үшіншіден, ақын өзінің көзі көрген іс-қимылдарын, өмір өткелдерін тізбектей отырып, өзінің тікелей қатысуымен болған өмірбаяндық-қаһармандық жырларын шығарады. Төртіншіден, жеке ерлердің өмірін баяндаған кезде, оған кірме сюжеттік өріс тауып, осы тәсілді қолдану арқылы барып ақын өз поэмасын дамытып, даңғыл жолға шығарады.

Біз мөлшермен жаңрлық түрін осылай бірнеше салага бөліп қарастырганмен, оның шеңбері осымен шектеліп, ақындық реperтуар аяқталды, ақындар алуандығы жете сарапалып болды дең айтудан аулақпаз. Өйткени, фольклор зерттеушілерінің жазып жүргеніндей, «қазіргі фольклорымыздың даму барысында тағы да талай өнерпаздық өрістер танылады. Мысалы, басқа ел әдебиетінде, есіресе орыс әдебиетінде бөлек бағаланған көркем туындыларды қазақтың халық ақындары қалайша қайта жырлады? Қазақ арасынан мол тараған А. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын Қуат та, Сапарғали да айта білетін. Нәзік жанды, пәк кеңілді, майда мінезді орыс қызы Татьяна Абайдан кейін қыр еліне қайтып тағы оралды, езіміздің Қызы Жібек, мұн-лы Баян дегендей «Нұр Тетіш» болып келісті көркімен, абзал адалдығымен, биік адамгершілік қасиетімен қазақша жырланды... Тұысқан қыргыз халқының әлемге ейгілі эпосы «Манастың» Кекетайдың асын көрсете-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 246-бет.

тін тарауын Кеменниң қазақша қызық та көркем жырлауы назар аударапты мәселе<sup>1</sup>. Осы тәрізді құбылыс, процестер ілгері кездерде де жалғаса беруі мүмкін.

Советтік заманда пайда болған, сол бір эпикалық поэмалардың ішінен, алайда, батырлықпен байланысты ерлікті дәріптеп жырлайтын ерлік-курес туындыларының қай жағынан қарасақ та алатын орын алабе-тен. Мұның, біздіңше, бірнеше себептері бар сияқты.

Біріншіден, осы дәуірдегі ақындар өртеден келе жатқан батырлық жырларды жақсы біліп, оған қаның екендейгімен қатар, казак халқының XIX ғасырдағы үлт-азаттық, бостандық алу жолындағы патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен хандық-феодалдық қа-науга қарсы қотерілісін жақсы білген және оны жадында үстаган. Оның үстінен сол кездерде шыгарылған таптық-әлеуметтік сипаты айқын көрінген, азаттық идеясын дәріптеген әлең-жырларды ұмытпаган тәрізді. Соган коса әткен ғасырдағы үлт-азаттық қотерілістерінің занды түрдегі жалғасы болып саналатын 1916 жылғы Аманкелді Иманов бастаған халық қотерілісі, 1917—1920 жылдардағы Октябрь революциясы жолындағы курестердің бәр-бәрінің әсері, әсіресе XX ғасырдың басындағы ересен жауынгерлік істер мен орасан қимылдар ақын, жырлардың тіліне сез үйіріп, көмейіне жыр құйғай, көкейіне нәр, өздеріне пәрменді күш пен рух берген. Шығармасын шындауга, шеберлігін арттыра түсуге ол жайлар мол себін тигізген сияқты.

Екіншіден, ерте дәуірден бері қазақтың халық поэзиясы үшін батырлық, эпикалық дәстүр оның қанындағы қадырлы қасиеттің елеулісі саналған шыңыраудан шыгарылған сол қазына кен түрде жырланаип, ел ішінде сүйіп тыңдалуы арқылы төрден орын алып келе жатқандығынан деп те қарауга болады. Тіпті қиял-гажайып өртегілерінің жағымды кейілкерлері, әдетте, бақташы-малышылар, аңшы-мергендер болып жүретіндігі белгілі. Олар еңбек адамы болып суреттелуінің үстінен халық бұларды өртегіде астып, тасқан күшті, ақыл-айласы мол батыр кейлінде де бейнелеп береді («Ер Тестік» т. 6.).

Ертегілерге тән болып келетін қиял-гажайып деген сөзді беліп алып, осы тұста оның астын сызып айтсақ та болады. Өйткені, «...Қиял-гажайып өртегілерінде... «Мерген, ер батырларымыз» — берідегі эпоста, батыр-

<sup>1</sup> «Казак әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 377-бет.

лар жырларында аталған батырлардан әрірек заманда туған, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары. Алыс заман айғақтары болады. Оның айқын белгісі сол қиял-гажайып ертегілеріне араласатын қиял тудырған неше алуан жан иелерінің қалпынан көрінеді... Жанды, жансыз, жақсы заттың бәрі де адамзаттың алыстан келе жатқан арманын танытады. Ертегінің ерін қызын-қиянға аппаратын алғып қарақұс, өзі үшатын кілем, тұллар ат — бәрі де қиял пырағы... Арман қиялы экеп «алты айлықты алты аттайтын» тұлларға, алғып қарақұсқа сыйған. Кейінрек заманда мұны батырлар, қаһармандық дастандарында Тайбурылдар, Тарландар, Қарақасқа аттар деп үзбей қиялдайды. Қиял ертегісі адамга тәлім айтқанда, қияга құлаш сермен адам бол, дейді. Суырдай ін аузындағы жайылысынды ғана танып, інде туып, інде өлме дейді. Қиял-гажайып ертегілерінде халық өкілі — герой осы қатерлі жаумен алышады. Ал жау құштер аса қаскей ерен қуатты болып отырады. Бойына біткен желбеті адам шамасынан сонағүрлым артық болу үстіне, олардың ажал жеңбейтін, оңайлық пен өлмейтін жансебілділігі басқаша келеді. Кейір жалмауыз алтынгардың жаны өз қеудесінде болмайды, не судагы балықтың ішінде немесе кең даланы кезген киіктің ішінде, сиқыр сандық ішінде, кекала үйрек пішінінде болады. Бір жан емес, он жаны, қырық жаны болатындары да бар! деп М. Әуезов, қиял-гажайып ертегілерінің ерекшелігін көрсеткен еди.

Қазақ халқының батырлық жайындағы эпикалық поэмаларының біздің тұсымызда мол жырланып отырғандығын айқындайтын тағы бір факті — тарихи азыз-әңгімелердің ел аузында көбірек айтылып, жұртқа кеңірек тараалып келгендігінен деп қараган жен сияқты. Өйткені, ерлік, елдік поэмаларын тудырған қай ақын болмасын еліміздің бай ауыз әдебиеті мұраларының ішіндегі еткен дауірлерден, бірден-бірге ауысып келе жатқан тарихи азыз-әңгімелерге, жыр сарындарына аңсары аумауы немесе білмеуі, яки естімеуі мүмкін емес. Бұл жайында Октябрьге дейінгі эпикалық дәстүрді қарастырған, алдыңғы тарауда арнайы тоқтап, айтқан болатынбыз.

Сейтіл, Ұлы Октябрь таңы шапагын шашып, сәулесін кең жайғаннан кейінгі жерде жаңа жағдаймен байланысты қазақтың бұрыннан келе жатқан дәстүрлі

<sup>1</sup> М. Әуезов. Ертегілер. «Әдебиет және искусство», 1956, № 2.

батырлық жырлары бар хал-қадыгрынша байып, дамып, өрелі-өрелі өзгерістерге үшырады.

Бұрынғы батырлар жыры қазір халықтың тарихи-фольклорық мұрасы ретінде қаралады. Бұл жаңр жойылған жоқ, қайта жанауру, даму процесінде жетіле түсті. Кейбір халық ақындарының қазіргі қаһармандарды, олардың еңбектегі, согыстағы ерліктерін ертедегі батырлар жыры түрінде жырламак болған талабы сәтсіздікке үшырады. Алайда, бұл эпосты жоққа шығару емес. Эпос дәстүрі халықтың қазіргі қаһармандық поэзиясының қайнар көзі екені даусыз. Мұнда біз дәстүрді өзгеріссіз күйінде алуды емес, оны жаңартып, дамытып творчестволық жолмен пайдалануды айтып отырмыз<sup>1</sup>.

Бұл жөнінде тағы бір тілге тиек етіп келтіретініміз халық таланттарының ауызаша шығарылған, немесе жазбаша түрдегі осы эпикалық поэмалары тек республикамыздың көлемінде ғана емес ауыз әдебиетінің жаңараган жанры ретінде орысшага және басқа тілдерге де аударылғандығы, сейтіп, Одақ көлеміне де танылып, тиісті бағасын алғандығы. Бұл жайында Жамбылдың, Нұрпейістің, Исаңың әр кезде шығарылған поэмалары айдан-ашық мысал бола алады. Тіпті қазақтың батырлық жырларының озық үлгілері шет слердің тілдерінде де аударылып, өнеге өрісіне айналып кетті. Герман Демократиялық Республикасында шыққан «Алтын отау» деген жинақта «Ер Тарғын» эпосы мен «Қозы керпеш — Баян сұлу», «Қызы Жібек» тәрізді қазақтың лиро-эпостары жарық көргендегі бұған дәлел болады.

Жұртшылық ойына үялаган қазақтың батырлық, тұрмыс-салт жырлары: «Қарақыштақ Қобыланды», «Еңлік — Кебек» пьесалары, «Ер Тарғын», «Қызы Жібек», «Алпамыс» опералары, «Қамбар мек Назым» балеті түрінде театрларымыздың репертуарынан берік орын теуіп, көлшілік көңілінен шықты.

Бағы заманнан ел есіндегі, халық жадында сақталған сол батырлық сарынды, басымыздан кешкен тарихи істерді суреттеп көрсетумен бірге ақындар социалистік, коммунистік құрылымың жолында жан аямай, көзге туспіп еңбек еткен совет адамдарының патриоттық іс-қимылдың, қызықты өмірін осы дәуірдегі эпикалық поэмаларын өзекті тақырыбы етіп алды.

**Батырлық жырларды жалықпай жаттап жадына**

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 94-бет.

сақтаған, оларды жүрт алдында ойдағыдай орындау үшін тілінен бал тамызып, көмейінен күй тәккен ақын бұл заманда еткен өмірді есіне түсіреді. Ол ойға оралып қоймай, тәңірегінде болып жатқан тың жаңалықтарды, күрт өзгерістерді енді өз көзімен көреді. Сейтіл, олар еткен мен кеткеннің, келген мен келешектің куәгері ретінде сейлем, тарихи жағдайларды, шынайы шындықты, ақыз болып кеткен әсерлі әңгімені әуелі өлеңге, жүре келе көлемді эпикалық поэмага айналдырады.

Осы жерде М. И. Калининнің совет эпосының туып, дамуы жайында айтқан мына бір сөз еріксіз еске туследі: «Ал, шынында, советтік патриотизм біздің халықты ілгері дамытқан ата-бабалардың творчестволық ісінің мираворы... Демек, советтік патриотизм өзінің қайнар кезін халық әпосынан бастап, ежелгі заманнан алады; ол халық жасаган қазынаның ең таңдаулыларының бәрін өзінің бойына жинаиды және барлық жетістіктерін ардақтап сақтауды ұлы абырай деп біледі. Енді, міне, бұрын капитализм жек көріп, тоқыратқан рухани өндірістің бір саласы — еткен заман мен бүгінгі замандагы халық творчествосының өрісін үштастырган совет әпосы туды. Қоғамды қайта жасау негізінде дамыған социалистік процесс ұлы суретшілердің бейнелеуіне сый боларлық сан алаудан мол қызықты тақырыппар тұгызды. Халық казірдің өзінде-ақ осы тақырыппардың ең таңдаулы дәндерін ірікеп алып, ұлы дәуір туралы және оның ұлы қаһармандары туралы эпикалық-қаһарманлық поэмаларға қажетті жеке-жеке бейнелерді бірте-бірте жасап жатыр»<sup>1</sup>. Советтік дәуірде шығарылған Жамбыл Жабаевтың «Өтеген батыр», «Сұранышы батыр», «Ворошилов туралы поэма», «Туган елім», Нұрпейіс Байғаниннің «Комиссар Пожарский», «Өрістеген өмір», «Нарқызы», «Жиырма бес», Иса Байзаковтың «Алтай аясында», «Ақбөп», «Он бір күн, он бір түн», Омар Шипиннің «Аманкелдісі» сияқты эпикалық поэмалар осының айқын айғагы болып табылады. Мұнда ақындар көне дәуірде шығарылған батырлар жырындағы — реалистік дәстүрдің сипаттарын еркін пайдалана отырып, қазіргі жазба әдебистіміздің идеялық творчестволық принциптерін игеріп алуға тырысты.

Филология ғылымының докторы Әбділда Тәжібаев:

<sup>1</sup> М. И. Калинин. О коммунистическом воспитании. М., 1951, стр. 113.

«Аспаннан аяғы салбырап ешкім де туда қалмайды. Қандай дарындың ақын болса да қоғамдық ортадан шығып, әдебиеттің белгілі традициясын арқылы жеттігітін белгілі. Жамбыл да тарихи занды жолмен шыққан ақын. Мәселе ақынның халықтық поэзияның ғасырлық традициясын барынша мол, еркін пайдалана отырып, сол традицияны жаңа дәүірге сай түрде сала, мазмұн жагынан бүтіндегі өзгерте дамытуында, жаңашылдығында... Толғауларындағы сыр, сөздік теңеулердің, тіпті композициялық жагынан алғанда да бәрімізге бірдей үгымды традицияда тұганы ап-айқын. Сонымен қатар өзегеге ұқсамайтын жаңалығы да жарқырап көрініп тұрады.

Әпикалық дастандардағы күш-қуат, өрнек айшықтар Жәкеңе де бар, екпінді, лепті өлеңдер үлкен бір жорықтық шабуылдың мұнда да топанша ақтаралыл, дауылдай бұрқырап, заман сипатын баяндап жатады.

Поэмаларындағы негізгі қозгаушы, қозгалушы күш халық күші екенін салғаннан танып, қанығып отырамыз. Ал мазмұны жагынан алғанда мұлде бөлек салаға айналып шығады... Жамбыл дастандарының геройлары еңбекші бұқараның ұлдары<sup>1</sup> деп, ақын ерекшелігін ашқан.

Көне дәүірден қатарласып қалмай келе жатқан ақындардың творчестволық әдісінің, дәстүрінің бірі — сұрып салмалылық өнер десек, оның атақты шебері саналғандар да бар. Мәселен, Иса Байзаков осы типтегі ақын болып табылады. Есмағамбет Ысмайлов Иса-ның осы өнерге өте жетік екенін айтЫП, оның асқақ қабілетін былайша бағалайды: «...Ақындардың ішінде импровизация өнерінде Иса барлық ақыннан озық болды. Оның «Он бір күн, он бір түн» атты дастаны қазақ совет поэзияның елеулі шығармаларынан саналады. Бұл дастанның тексін жазылған күйінде Иса толық жатқа білмейтін, бірақ оның есесіне ол, сюжеттік желісін сақтай отырып, кез келген мезгілде оны жаңа текстен үздіксіз сұрып салып жатқа айтЫП шығатын.

Ақындық шабытына келген кезде Иса Байзаков қандай тақырыпқа болсын өлеңді бөгетсіз сұрып салып айтЫП кететін, күшті келісті көркем поэзиялық сезде, ішкі логикалық мазмұн, тапқыр ойлар да осы түт-

<sup>1</sup> Э. Тәжібаев. Өмір және поэзия. Алматы, 1960, 374—375-беттер.

қыл жылдам шыгарып айтқан өлең-жырдан толық табылатын. Жазушылар М. Эуезов пен Э. Тәжібасев А. С. Пушкиннің «Египет түмі» әңгімесін Исаның қалай жалгастырып, аяқтап шыққандығы жөнінде қызық әңгіме өйтады. Жазушы, ақындардың басы қосылған бір мәжілісте Исаға Пушкин шығармасының мазмұны айтылып беріледі. Иса оны ести сала, дәл сол жерде поэмз етіп қайта жырлап шыгады. Оқиғаның аяқталмаған түйінің езінше шешіп Клеопатрга деген махаббаты үшін өз басын қурбан етуге дайын ерлер елі үшін де жанын лида етеді, ұлы махаббат, ұлы адамгершілік сезімді, ұлы отаншылдық ар-намысты тудырады деген идеяны жырлайды.

1938 жылы республика жазушыларымен кездесу кезінде тагы да Исаға Мария Раскованың самолетпен Москвадан Қызы Шығысқа дейін қонбай үшқан сапары туралы тақырыпты жырлауды ұсынады. Сонымен Иса ол жерде-ақ, не бары 40 минуттың ішінде, езінің «Он үйр күн, он бір түн» атты дастаның қолма-қол шыгарып үйтап шыгады. Кейін поэманды ақын жазып қағазға 0ұсірді, ол басылып шықты. Исаның творчестволық мірінде өзі біліп көрмеген қызықты оқиғаларды табан ғызыда өлеңмен айтып беру сияқты факті жиі ушырап отырады. Бұл фактілерден импровизация мен жазып шыгару өнері Исаның бір өз бойында қатар қонғаның көреміз<sup>1</sup>. Ақынның осы бір шығармасы гана емес, ол әпикалық поэмалардың ірі тұлғасы ретінде өз туындыларына аса мол да әдемі, айрықша көркемдік нақыш бере отырып халықтың поэтикалық творчествосындағы романтикалық элементтер мен реалистік жазба поэзияны қатар алып, оны шебер өрбітіп отыратындығы дұрыс айтылып жүр.

Дархан даламыздың дауыллаз да дарынды жыршысы хақында, өршіл өнері жайында толып жатқан өнегелі, кейінгі жастар тағылым алатын сөздер бар. Қайсыбірін келтіріп етуді осы тұста жөн көрдік. «...Домбыраны қолға алғанында Исаның бүкіл денесі ішектермен бірге дірілдеп, билей женелді. Әрі-беріден соң саусақ ыргактарымен бірге кейін домбыра шанағы ат тұяғынан тасырлаған тақырдай жаңғырығып, күмпілдеп, күніреніп кетті. Енді бір қарасақ, сайын дала-да сағымға сүңгіген сайғақтай Исаның қос жанары гана жалт-жұлт етеді. Бүкіл денесі сырлы сағымның

<sup>1</sup> Е. Ісмайлов. Жаңа белесеке (Сын, зерттеу, мақалалар жиғары). Алматы, 1962, 129—130-беттер.

көліне күмп беріп түсіп, жоқ болып кеткендей...— Менің мұны неге айтқанымды білесіңдер ме?— деп сұрады. Біз тұнжырап тәмен қарадық. Исаңың көз оты жүзімізді тайдастырып жіберді.— Осында,— деді ол,— біреулер мені Исаңың ақындығы сарқылып, шабытының танаңбы тартылып қалыпты десіпті. Мен Ақбөпенің кіріспесін<sup>1</sup> сондай желауыздарға жауап үшін жазғанымын. Мен көктей ақынмын, менің құлаганымды кім көріпті, мен күндей ақынмын, жүргіттан қайыршылап өлең сұраганымды кім көріпті?— деп Иса желпіне түсті...<sup>2</sup>.

«...Сұңғыла ойлы Иса құйма құлақ алғыр еді. Ал біздің жастарымыздың қайсыбірі осындай білім құштарлық таныта ма! Жалғанда ой жалқаулығынан жаман нәрсе жоқ!— деп Мұқтаң (Мұхтар Эуезовты айтып отыр автор.— Т. С.) енді өзге бір хикаяга ойысты... Бір күні Исаға тұтқындан қасақана тиісіп, шүйілмесім бар ма?! «Осы сен өркөкіректеніл, өзеуреп, «мен!», «мен!» деп неге кеуде кересін? Неге бұлданасың, бәлденесің? Кәне, мықты болсаң көрейін сені! Айталық мен дүние салған екемнін. Сол тұрасында жоқтау айтышы, кәне, қолма-қол осы арада. Айтарыңың сезі сазы да жана, соны болсын!»— дедім. Қаршыга бітім шагын денелі Иса шашшандыққа басты. Шырышқатып, алабұртты. Мойны келтелеу, жылдар ізінен қара қоңырланып жылтырланған кәрі серік домбырасы шанағының бет тақтайын ортаң қолмен тарс-турс ұршып жіберіп, шырқап кетті дейсің! Қара жер тенселіп, тұғырық аспан тәңкөріліп бара жатқандай. Жер үстінің наза-наласы соның гана көкргіз кергендей. Азалы әуен, қара жамылған қам келиншактердей тірі сездер. Төбе қүйқам шымырлап кетті. Эттең асем өніде, әдемі жыры да сол жерде қалды. О кезде казіргідей магнитофон, диктофон бар ма еді?!— деп, ұлы жазушы мінбеде кілт кідірілті<sup>3</sup>.

Дарынды да арқала ақын жайында айтылған өнегелі де өте өрелі сездер бұлар. Мұны жалгастырып, созып, дамыта беруге болады. Өйткені, «Иса ақынның шашшаш тапқыр импровизаторлық өнері советтік әдебиетіміздің өзгеше құбылышы деуге болады. Оның

<sup>1</sup> Кім көрді кектің жерге құлаганым,  
Кім көрді күннің жарық сұраганым.  
Кім көрді Ақбөпедей ару жастың,

Шомылыш қанды жасақ жылаганым...

<sup>2</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 1972, 21 науварь.

<sup>3</sup> «Социалистік Қазақстан», 1971, 21 март.

суырып салма толғаулары, дастандары, ән текстері, арнау өлеңдері, түрлі жағдайда ағылтқан түйдек-түйдек жырлары ауызша шығарып айтқыштықтың класикалық үлгісі еді. Сонымен қатар ақын Иса жазба әдебиетінің екілі ретінде де айта қалғандай іс тындырыды, казақ совет поэзиясының қорына бірнеше мәнді, көркем дастандар көсты. Иса Байзақовтың актерлік, артистік, әншілік, жыршылық еңбегі өз алдына бір тобе! — деп, филология гылымының докторы Р. Бердібаев ақынның бойындағы осы асыл қасиеттерін дұрыс көрсеткен екен.

Ұзақ болса да осы пікірлерді келтіру арқылы біз ақынның ақындық творчестволық ерекшелігін ашқан байымдауларға өдeй орын бердік. Біздің заманымызда шыгарылған эпикалық поэмалардың жай-күйіне тоқталғанда, оның пайдада болуы мен дамуын сез еткенде Исаның ете-мәтө алабөтен шыгарғыштық қасиетіне, жоғарыда келтірілген өзіндік ерекшеліктеріне кеңіл аудармай өту мүмкін емес. Филология гылымының докторы М. Хасеновтың Иса ақын творчествосын жиырма жылдан артық уақыт бойы қыр-қырынан алып зерттеп келе жатқандығын құптамасқа болмайды.

Қай дәүірде болмасын Иса типтес қайталанбас ақындар болған. Олар жырлаған, бізге жеткен батырлар жыры тек қана әмір кешкен жеке адамдардың көзге көріген, елге естілген ерлік істерін ғана суреттеумен тынған жоқ, ол жеке образдар арқылы барша халықтың батырлық тұлғасын, кескін-кейлін, жан-циярлық ерлігін, сарқылып таусылмас күш-куатын елестетеді, соларды бейнелі де көрсметтей көркем сөздермен көмкеріп береді. Сонымен бірге халық қашанда батырлар жырын тәрбиелік мәні бар мәнерлі құралдың бірі есебінде пайдаланған. Батыр атаулының елін, жерін жаттан, жаудан қоргаудагы үлі берерлік ерлік ісін жас үрпаққа ұнамды енеге, тагылым-тәрбие ретінде ұсынған. Яғни, эпосты жырлаған ақындар, жыршылар, батырлық, тұрмыстық-салттық жырларды пъессага айналдырган жазушылар бағы заманда өткен батырлардың образын ерлік істің, асқан батырлықтың символы түрінде тыңдаушылары мен көрушілеріне тартады. Мұның бәрі біздің дәүірімізде қазақ эпосының қоғамдық санамызға берік еніп, тәрбиелік мәнінің

«Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1984, 425-бет.

бұрынғыдан да жоғары екендігінің айқын айғагы болса керек.

Халықтың қайрат-қаһарыны, батырлық іс-қимылдағыны жыrlау Жамбылдың творчествосында ерекше орын алады. Совет дәүіріндегі жаңа мазмұнды шығармаларында ол бұл тақырыпты Отан қорғау, бейбітшілік жолындағы курсес идеяларымен, ел қоргаудағы ерлік бейнелермен тығыз байланыстыра отырып жырлады. Соғысқа қарсылық сарыны, бейбітшілікті уағызыдау ұраны Жамбылдың отызыншы жылдардагы творчествосында жиңи ұшырасады. Осы тарапта айрықша беліл, арнайы айтатын туындылары — Аманкелді мен Ворошилов жайындағысы.

Аманкелді болса халық бостандығы жолында қалық көпті азат етемін деп басын азапқа душар еткен айтулы ер. Елімізде Совет өкіметін орнатып, жерімізге құт, береке үрығын себемін деген айбынды батыр. Со бір қаһармандық қимылдарына ақын қатты сүйінеді де сүйісінеді. Сойтіп барып оның ерлік тұлғасын ашып, ерлік бейнесін жасайды.

Ардагер Аманкелді ердің ері,  
Кең оріс, жаллақ дала тұған жері,  
Елі мен мекенінің туын ұстап,  
Қол бастап көп майданда аққан тері —

деген шумакта батырга деген қаншалық қадірлі де сергекті сезім жатыр!..

Немесе, ақынның белгілі беленде тұған көп жазылып, көп айтылып жүрген «Ворошилов туралы поэмасындағы»: «Мен жырлаймын, көтерем көккө атын, Елім ері, халық сүйген большевикті» — деген өлец жолдары бірте-бірте өріліп, ягни, жас кезін, өскен өлкесін, еткен жолын, соғығ шағын суреттеп, ақын Клим батырдың халық үшін сінірген батыл да ерлік істерін эпикалық жыр деңгейіне жеткізіп көркем көмкерген. «Ворошилов пен Аманкелдінің Жәкең жасаған тұлғасы советтік халық әдебиеті үшін зор жаңалық болды. Совет халқына, социалистік Отанға адал қызмет атқарған ер-азаматтардың істерін жырлау жөнінде халық ақындарына, ягни, өзінің замандастары мен шәкірттеріне үлгі, өнеге көрсеткен де Жәкең еді. Бұған мысал етіп Ұлы Отан соғысина дейін Иса мен Нұрпейістің, Нұрлыбек пен Нартайдың, Саяділ мен Есдәүлеттің, Кенен мен Доскейдің, тағы басқа да халық ақындарының шығарған поэмалары мен жырларын еске алайық. Олардың бәрі де Жәкеңнен үлгі ала оты-

рып, совет адамдарының ерліктерін асқан шабытпен жырлаган еді<sup>1</sup>.

Өмір өткелдері мен кезеңдерін еске түсіргенде белгілі белек болып саналатын 1916 жыл жайы қазақ тарихынан көрнекті орын алады. Қазақ халқының ержүрек ұлы Аманкелді сол халық бостандығы жолында 1916 жылы елден сарбаз жинап, қол құрганда бұған біраз ақындар келіп қосылады. Осының бірі — атағы елге кейіннен белгілі болған О. Шипин еді.

Омар Шипин көтеріліс жасаушыларды азық-түлік, қару-жаракпен жабдықтап тұру жағын басқарады. Сонымен бірге ол көтерілісшілер штабының хатшысы жұмысын да атқарып жүреді. Көтеріліс басылғаннан кейін революциялық қозғалысқа белсенді қатысқаны үшін О. Шипин Семиречен уезіне жер аударылады. Айдаудан қайтып оралған соң Омар алашорда бандыларына қарсы Торғайдагы Қызыл партизандардың күресіне араласады. Сондыктан да Омар есімі әруақытта Аманкелдінің, қазақтың белгілі революционері Эліби Жанкелдиннің жақын серіктерінің, аяулы адамдардың қатарында бірге тұрады, солармен қоса аталып отырады. Өйткені, ол тәңкерістің дабылшысы, батырдың жанашыр, жауынгер досы болғандығын езінің аса тиянақты, адал ісімен әбден дәлелдеп көрсеткен адам.

Оның осындағы қасиетін көрсететін мынадай бір мысал келтірейік. 1914 жылы округтік сот патша екіметіне қарсы тұрдың деп Аманкелдіні жауапқа тартады. Батырды аман-есен күтқарып алу үшін дереу қолдан келген шараның бәрін пайдалану керек болған. Осындағы жауапты жұмыс жақадан ғана ақын деген атағы жайылып, елге белгілі бола бастаған Омар Шипинге жүктеледі. Омар істің дер шағында, жедел Қостанай қаласына барып, әр түрлі жолдарын қарастырып, амалын тауып Аманкелдіні пәле-жалаған босатып алады.<sup>2</sup>

Қазақ әдебиетінде Аманкелді атымен байланысты шығарылған толып жатқан өлеңдер мен жырлар, поэмалар мен дастандар бар екендігі рас. «... Ұлы Октябрь революциясы қарсаңында 1916 жылғы көтеріліске байланысты үгіт-насихаттық мәні бар мол поэзия жарық көрді. Аманкелді геройлық басты тұлғага ай-

<sup>1</sup> М. Габдуллинің «Жамбыл творчествосындагы қаһармандық сарындар» деген макалосынан. «Вестник АН КазССР», 1972, № 7.

<sup>2</sup> «Ленинский путь», 8 август, 1959.

иалды. Ол жөніндегі өлең, поэмалардың көпшілігі ба-  
тырга деген халық махаббатының шексіздігін танытады<sup>1</sup>. Жазушы-академик Мұхтар Әуезовтың бұл сезі  
әбден орынды айтылған. Әдебиеттегі осы жайды сез  
еткенде Омар ақынның аты ерекше естіледі. Есімі ай-  
рықша аталады.

1916 жылы ер, азамат, үлкен-кіші Аманкелдінің  
басшылығымен патша өкіметіне қарсы сапқа тұрған-  
да, Омар да туған халқының бостандығы мен тәуелсіз-  
дігі үшін жауынгерлік жолға шыгады. Өзі сарбаз  
катарына кірдім деп тынбай, онымен шектелмей кеп  
адамның көтеріліске белсенді қатысуына үйтқы да бо-  
лады, асерін де тигізеді.

«...Қайдауыл болысының шагын бір ауылды бүгін  
ара үясындаи у-шу. Аттылысы атты, жаяуы жаяу,  
ауылдың кең қотанына жиылған. Найза, сойыл, құ-  
рық, айыр, шокпар, шиті мылтық бәрі аралас, әр жер-  
де шошаң-шошаң етеді. Ортада сәлделі біреу қызына  
сейлеп тұр. Ол: отанды қорғау, әскердің қара жұмы-  
сына адам беру керек деп, аузы көпіре уағыз согады.  
•Миллят», «уәләят», «патша ағзамның ғұзыры» деген  
шұбар ала сөздерді шұбыртып барады. Сол кезде  
торы дөненин тебіне, тотықкан сақа жігіт топ ортасы-  
на келді де: — Оу, шақша бас, қай отанды, қай қам-  
қоршықды айтып тұрсың?

Қанын сорған кедейдің,  
Патшаңды ағзам демейміз.  
Жегідей жесе жерімді,  
Несіне оны жебейміз?  
Николай отқа салсын деп,  
Баламызды бермейміз.  
«Буратана, жалшы» деп,  
Корлады, оған ермейміз.  
Жақында жалын оты бар.  
Жігіттерді терейік.  
Аманкелді батырдың,  
Сонынан, кане ерейік. —

деп, жігіт шаршы топта жар салып, құйысқанды кере  
турегеліп, көпшілікті бір шолып етті. Қалпе сезі жай  
калды да, бәрі:

— Осы жігіттікі дұрыс! — Қашанга шыдаймыз? —  
Ерейік батыр қолыңа! — деп дүр ете түсті. Бұл 1916  
жылы болған уакыға еді. Ат үстіндегі айбарлы  
жігіт — Омар болатын<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> М. Әуезов. «Әр жылдар ойлары». Алматы, 1959, 472-бет.

<sup>2</sup> «Лениншіл жас», 9 август, 1959.

Жігіт ағасы Омар әділдік жолындағы күреске осылай бел шешініп, белсene араласып жорық жыршысы атанады. Қеніл көтерер жарасымды әзілімен сарбаздар қауымының әні мен сәні, сауығы мен салтанаты болады.

Аманкелді Иманов бастаған халық көтерілісі кезіндегі ересен жауынгерлік істер мен орасан қимылдар О. Шипиннің тіліне сез үйіріп, көмейіне жыр құйған, көкейіне нәр, өзіне пәрменді күш пен рух берген. Шығармасын шындауга, шеберлігін арттыра түсуге кейіннен ол жайлар мол себін тигізген. Ақынның өлең, жырларынан, поэмаларынан бұл жағдаят айқын сезіліп тұрады.

Әсіреле отызыншы жылдардың түсінде ақын сол көтерілісті, оның жай-жапсарын, Аманкелдінің батырлығы мен батылдығын жырлауды онан әрі дамыта түсті. Ақын оны заманымызда туып жатқан орасан ерлік қимылдармен, қоғамдық мәні бар тамаша оқиғалармен байланыстыра, үштастырып отырды. 1930 жылдардың аяқ шені мен 1940 жылдардың бас кезінде Омар Аманкелді жайында толып жатқан жыр, толғаулар туғызған<sup>1</sup>. Аманкелді жайында о баста шығарған өлең, жырлары кейіннен кеңеңе келіп, лиро-эпикалық сарында жазылған ұзақ-ұргалы толғаулармен көлемді де керкем эпос, поэмаларға айналыш кетті. Оның «Аманкелді», «Әли-дастан» секілді поэмалары осының айғагы болса керек-ті.

Омардың Аманкелді жайындағы ұзақ желілі «Аманкелді» поэмасы алғаш рет Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде, 1943 жылы жарық көрді. Мүндей туынды бірден шығарылған жоқ, оған ақын көп дайындықтан соң, ойланып толғанып келді. Ардагер Аманкелді қазаға ұшыраганнан кейін де Омар даңқты батырга арнап өлеңдер, толғаулар туғызған. Ол туындылары, әсіреле отызыншы жылдардың түсі мен

<sup>1</sup> «Аманкелдінің ізімен», «Қазақ әдебиеті» газеті, 15 октябрь, 1937; «Аманкелдінің өскеріндегі жігер», Ә. Сәрсенбаев. «Оку кітабы», II б., үлкендер мектебіне арналған, Алматы, 1941, 37—39-беттер; «Әдебист майданы», 1938, 2, 58-б; «Батырдың ізімен», «Большевиктік жол», 10 сентябрь, 1937; Соңда, 18 январь, 1938; «Ердің есте қалған ісі», «Социалистік Қазақстан», 18 май, 1939; «Ердің тұлғасы» («Аманкелді» кинокартинасына шығарған өлең), «Социалистік Қазақстан», 28 январь, 1939; «Жолының большевиктік адаспадың», «Большевиктік жол», 3 февраль, 1938; «Петербургқа сапар»; Соңда, 14 июня, 1944; «Торғайга шабуыл», «Әдебиет және искусство», 10—11, 11—12-беттер. 1940, т. 6.

қырқыншы жылдардың басы кезінде баспасөзде көбірек жарияланды деп жоғарыда айтты.

Аталған поэмада қазақ халқының батыр ұлы Аманкелді Имановтың әмір жолы мен ерлік құрестері суреттегіді. Көркем шығарылған, он тәрт бөлімнен тұратын бұл туындының алғашқы нұсқасында идеялық жағынан кемшіліктері болды. Ақын онда Қенесары Қасымов бастаған қозғалысты дәрілтеуге ұрынып, оның қиянатшыл, зорлықшыл жақтарын ашпады. Аманкелдінің ерлік қимылдарын Омар ата-баба тарағымен, Иманның батырлық жолымен, оның дәстүрімен байланыстыруның устіне Қенесары қозғалысымен ұштастырган еді. Омар дер кезінде айтылған жүртшылық сынның еске ала отырып Аманкелдіге ариған бұл поэмасының қайта қарап, көп өңдеуден, әрлеуден өткізіп, 1961 жылы екінші рет шагын нұсқасын бастырып шыгарды.

О. Шипин Торғай көтерілісінде қазақ халқының ардагер батыры Аманкелдінің жақын жолдасы, жана шыр досы, жалынды жыршысы болған дедік. Ақынның өзіне сөз берсек:

Жасынан батыр болды Аманкелді,  
Ерлігін Аманкелді көзім көрді.  
Өзім де сол батырдың жыршысы едім,  
Жырлайтын сол ерімді кезім келді<sup>2</sup>—

деп әу бастағы арнау бөлімінде айтылған осы бір ауыз сөз кейіннен кеңейтіліп, бірте-бірте өрістей береді.

Батырдың жастиқ шагын, халық көтерілісі кезінде басынан кешірген ерекше ерлік құрестерін, ғажайып істерін суреттейді ақын. Аманкелдіден басқа да Омардың өзі бірге болып, қасында журген, көзі көрген ер-азаматтардың, көтеріліске белсене қатысқан батыр сарбаздардың әмірі, тағдыры, ерлік қимылы поэмада оқушының көз алдынан дараланып өтіп отырады. Осы жайлар, мегізінен алғанда, поэмага сюжеттік сарын болған.

1916 жылғы халық көтерілісі жайында, Аманкелді туралы кәрі тарлан ақындарымыз күні бүгінге дейін асқақ шабытпен тебіреніп жырлап келеді, олар осы тарихи оқиғаға арнап бірнеше поэмалар шыгар-

<sup>1</sup> О. Шипин. Таңдамалы шыгармалары, Алматы, 1961, 75—152-беттер.

<sup>2</sup> Соид а., 75-бет.

ды. Желілі жырлар циклын, батырлық эпостың дәстүрін сақтаган Сэт Есенбаев, Нұрқан Ахметбековтің «Аманкелдісі» сияқты О. Шипиннің поэмасы да батырдың өткен өмір жолын, оның қиян-кескі күрес күндеріндегі ерен-ерлік қымылдарын шынайы көрсетуге ариалған. Поэмандың жаңа нұсқасы Аманкелдінің 1918 жылы февраль айында Орынборга барып, большевиктер отрядымен қосылып, жауды қырып, тасталған қылышп қаладан қып шығуымен аяқталады.

Поэмадан сол кездегі ел өмірінен, сол өңірдің тарихынан көп мәлімет алу үстіне Аманкелдінің ерлік тұлғасы, батырлық бейнесі еркін көрінеді. Аманкелді жалаң қолбасшы емес, елін бостандық жолындағы ұлы қозғалысқа батыл бастаған, асқан қайырымды, қамқоршыл адам. Ақыл парасаты мол, ойлау, пішім тұлғасы кең бейне. Батырдың Совет әкіметін орнату жолындағы күресін, алашордашыл жаулармен оның аяусыз күрес жүргізгенін поэмада Омар нанымды етіп суреттеген.

«Поэмада қазақ халқының батыр ұлы Аманкелдінің тууы, оның жастық және жігіттік шағы, әлеуметтік қызметі, халықтың азаттығы, тәндігі үшін жүргізген күресі толық баяндалып, батырдың бейнесі шебер, жақсы жасалған. Көтеріліс жөніндегі басқа өлең-жырлардың кейілкерлері сияқты, Аманкелді 1916 жылы кенет, әлде қалай шықкан адам емес, өмір сырын біліп, заман жайын көріп, жасынан халық жайын ойладап, әділетсіздікке қарғыс айтып өседі. Ер жетіп санасты ояна келе күрес жолына түседі»<sup>1</sup> деген елеулі пікірге қосылmasқа болмайды.

Ақын ертедегі дәстүрлік жырларда кездесетін, батырлардың жауымен жекпе-жекте күшінің басындығын көрсету үшін қолданылатын тәсілдерді дәл осы поэмасында еркін қолданған. Мәселен, Омар Аманкелді батырдың Торғай қаласына шабуыл жасаған кезде оның жауға қалай ойран сап, ат ойнатып атой бергенін былайша көрсетеді:

Аманкелді жауларга  
Лашын қустай түйілді...  
Жаудың атқан оқтарын,  
Бұршақ құрлы көрмедин.  
Астына мінген шалқасқа  
Талайын таптап жерледі.  
Мыстан кемпір секілді

<sup>1</sup> Б. Қенжебаев, Ф. Есназаров. XX ғасыр басындағы қазақ өдебиеті. Алматы, 1966, 259-бет.

Ұлтшылдар іші құнысқан,  
Алауыздар әр жерден,  
Қашып шыкты үрыстан  
Қашқындарды қайырды  
Аманкелді ақырып,  
От тұтатып қылыштан<sup>1</sup>.

Поэманың сюжет желісінде, композициялық құрылышында, әңгіме болатын оқигаларды дарапап, суреттеу тәсілінде ақынның өзіндік ерекшелігі, бояуы бар. Жағымсыз бейнелерді мықты мысқыл, сыйымды сыққа арқылы келістіре кескіндейді. Ақын батырлар жырына тән көркемдік нақыш, суреттеу тәсілдерін поэмада кең түрде, жан-жақты шебер қолданған.

Поэманың тілі көркем, оқушыны еліктіріп, өзіне тартып отырады. Әдемі көріністер мен салыстырмалы суреттеу мол кездеседі. Жалпы алғанда поэмада Аманкелдінің үлкен бейнесі жан-жақты көрсетілген. Сондықтан да ол халық поэзиясындағы көзге түсер елеулі шыгарманың қатарынан орын алады.

Омардың «Әли дастаны» белгілі революционер Әліби Жанкелдиннің өмірі туралы хикая.

«Аманкелді батыры» сияқта бұл поэма да эсерлі, көркем тілмен жазылған. Поэма «Әкенің көрген азабы», «Егіз ұл», «Алғашқы сапар», «Жалбагай», «Арман», «Күгін», «Отты жылдар», «Қайтқан кек», «Ел камқоры», «Ердің ісі өлмейді» секілді белімдерден тұрады. Осылай, белініп-белініп аталуының өзі де көп нәрсені аңгартқандай, оқушыға не жайында әңгіме айтылатындығы күні бұрын белгілі болып тұрғандай.

Поэмада ақын Әлібидің өмір жолын сонау бала-лық шағынан бастап бірте-бірте сатылып дәүір-дәүір-ге беліп көрсетеді. Ягни, жастық кезі, Октябрьден бұрынғы реңсіз өмір, революцияның отты жылдарындағы қайтпас-қайсаң қайрат, адымды істер, Совет өкіметінің алғаш дүниеге келген шағындағы Әлібидің кедей, кемтарларға жасаған көмегі, қалтқысыз қамкорлығы сипатталады. Ақын кейіпкерін жеке дара, жалақ суреттеумен тынбай, оның айнала төңірегін, ескен қауымын да қоса қамтиды. Ә. Жанкелдиннің революция ісіне жете беріліп, оның осы жолда не бір қындық кездессе де қажымай-талмай ел үшін еңбек еткені поэмадан айқын қөрініп тұрады.

Халық ақындарының иегізгі творчестволық, ақын-

<sup>1</sup> О. Шипин. Таңдамалы шыгармалары. Алматы, 1961, 115—116-беттер.

дық беті ауыз әдебиеті мен өткендеңі мұраны игеру арқылы қалыптасса, сонымен бірге олар сол мұраны жоғарыдан бағалап, өз дәуірімен байланысты елегінен өткенін ғана алып, қорытып отыратын жаңашылдар. Мәселен, халық ақыны Нұркан Ахметбеков «Жасауыл қыргызы» поэмасын 1932 жылы жазып, оқиғасы өткен гасырдағы хан Кенесары Қасымовтың зұлымдығын әшкерелеуге арналғанымен, соナン бергі мезгілде ол бірнеше түзетуден, өндөуден өткізді. Соғыстан кейінгі жылдары басылып шыққан нұсқасы Қазақ ССР Министрлер Советінің бәйгесін алып, халық творчествосының қазынасына қосылған елеулі шығарма болды.

Ақынның тарихи негізге құрылған бұл поэмасында Кенесары, Наурызбайдың сол жорықтары, жосуылдарымен бірге қазақ елінің ерте дәуірдегі шаруашылық, мәдени жайдагы түрмисы, әдет-ғұрпы, өнегесалты, ете-мәтे кешпелі өмірдің мән жайын айтЫп, табиғат көрінісінің тартымды суреттелуі көніл аударлық<sup>1</sup>. Сонымен бірге поэма мінсіз де емес. Поэмада суреттепетін жағымды кейіпкерлер: Алтынбай, Жангабыл, Қарға — халық мұнын жақтаган адамдар. Алайда, жойқын күрестегі олардың батырлық ісі, ерлік қимылдары жете көрсетіліп, онша ашылмайды. Ат аталумен іс тынбайды, қаһармандар қатарында дараланып оқшауланып суреттелуі керек еді деп айтылған пікірлерді біз де қолдаймыз.

Сол сияқты, белгілі ақын, композитор К. Әзірбаевтың «Әли батыр» атты поэмасы қазақ халқының 1916 жылғы патша әкіметіне қарсы көтерілген ерлік күрестерінен алынып ертеректе жазылғанымен, ақын кейінгі уақытта әлсін-әлсін түзетуден өткізіп отырды. Мұнан біз ақын, жыршылардың белгілі бір шығармасының нұсқасымен тоқталып қалмай, мезгіл өткен сайын ол тақырыпқа қайта оралып, орынды толықтырып, жетілдіріп отыратындығын көреміз.

Жоғарыда кенірек тоқталған жалғыз О. Шипин емес, Н. Баймұратовтың «Қанды жорық», С. Қерімбековтың «Бес мылтық», К. Әзірбаевтың «Әли батыр» т. б. поэмалардың идеялық мазмұны мен сюжеттік желісі жеке батырлардың образын даралап көрсетумен қатар белгілі ортаға тән өмірдің қоғамдық сипатын сатылап суреттеуге арналған.

<sup>1</sup> Н. Ахметбеков. Жасауыл қыргызы. Алматы, 1952, 3—4-беттер.

Ақындар осындай белгілі сюжетпен тарихта атаялы, есімі айтулы батырлар мен ерлерді жырлай отырып, қалың көпшілікті де поэма, толғауларына кейіпкер етіп алады. Мәселен, мұны Жамбылдың «Замана ағымы», «Мениң өмірім», Нұрпейістің «Заманым». Исаның «Ұлы Октябрь» атты эпикалық туындыларына айқын көруге болады. Бұл жөнінде Жамбыл творчествосының езі күә. Ақын халқымыздың бұрыннан келе жатқан эпикалық дәстүрін ез шыгармаларында, әсіреке поэмаларда еңін түрлендіріп жаңаша мазмұн беріп қолданып отыратындығын байқаймыз. Оның «Мениң өмірім» атты атақты поэмасындағы неғізгі өрілген арқау — Отан мен халық.

Екі бөлімнен тұратын осы дастаның алғашқысында — еліміздің басынан кешкен кешегі өмірін, көңілсіз тұрмысты кез алдыңа келтірсе, соңында еліміздің басқа халықтары тәріздес қазақ халқының совет дәүірінде басына орнаган бақытын ағыл-тегіл көпке жайып салады.

Проф. Смирнованың атап көрсеткеніндей, дәстүрлі эпоста Отан мен халық бір «эпикалық уақыт» мәлшерінде айтылатын болса «Мениң өмірім» поэмасында бұл әр дәуірге шақталып суреттеледі. Жамбыл мұнда нақты тарихи жағдайды айтады. Бұл лиро-эпикалық сарындағы өміrbаяндық поэмага жатады.

«Мениң өмірім» дастанында такырып екі лиро-эпикалық образ арқылы дамиды деу дұрыс. Бірі — халықтың, екіншісі — Жамбылдың, езінің образдары. Лирикалық қаһарман — қазақтың дәстүрлі эпосында болмаган құбылыс. Мұнда Маяковскийдің «Жаңсы» деген поэмасындағы дай лирикалық қаһарман шыгарманың композициялық қазығы. Әңгіме Жамбылдың «Өтеген», «Сұраныш» сияқты дәстүрлі эпос түрінен жаңа түрге аудықсанында болып отыр. Ақын үлкен жаңар түрлеріне түсіне келіп поэманың әдеби жазба типіне көшіп қана қойған жоқ, ертеректе шыгарған «Сұраныш», «Өтеген» атты эпикалық дастандарын қайта қарап, оны жаңаша жырлап шықты. «Мениң өмірім» — өмір көрінісін бейнелі суреттеген поэма. Жалғыз бұл ғана емес, Жамбылдың Совет тұсындағы шыгармаларының көшшілігінде кездесетін метафоралар, әр түрлі пейзаждар, психологиялық сезімге толы әпитеттер ақынның әдебиетке етене жақындығын көрсетеді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап, Алматы, 1964, 416-бет.

Ақындар поэмаларында революцияның жеңісі нәтижесінде қол жеткен жемісті, жаңалықты жырлау арқылы Коммунистік партия мен оның негізін салушы ұлы көсеміміз В. И. Лениннің бейнесіне соқпай ете алмайды. «Совет фольклорының тақырып жағынан жаңарап толыгуында барлық халықтарға ортақ сипат сезіледі. Халық творчествосы революциядан бұрынғы ел түрмисын, саяси жағдайды, мәдениетті және ғылымды қамтыйды. Бұл екі жақты даму процесі болатын. Ол бір жағынан совет шындығын суреттесе, екінші жағынан қазіргі халық поэзиясы өкілдерінің өскендігін байқатады. Олар ғалымдар ашқан жаңалықтарды, мәдениет қайраткерлерінің өнерін, өнер тапқыштар мен жұмысшы, егіншілердің еңбектегі табысын, жауынгерлер ерлігін шабыттана жырлады. Сондыктан да совет фольклорының қамтитын тақырыбы әр алуан болып отырды. Халық поэзиясындағы бұрын жырланып келген... героикалық-эпостық батырлар жыры совет кезіндегі саяси лирика мен ғылыми-техникалық, қоғамдық-эстетикалық қасиеттермен жаңарап толықты. Тақырып жағынан алып қараганда халық поэзиясындағы дәстүр осы тұргыдан байып келді!»<sup>1</sup>.

Жас Совет өкіметін жаулардан тесін тесеп қорғау жолында көзге көрінген Чапаев, Фрунзе, Ворошилов сынды батыр, ерлерді дәріптеген эпикалық сарындағы өлең, жырлар арнасын кеңейтіп, қанатын жайды. Жамбыл жырлаған «Чапай» келе-келе кесек туындыларға айналды. Совет шекарасындағы жауынгерлік, ерлік қимылды көрсететін Н. Байганиннің «Комиссар Пожарский» тәрізді поэма, эпостар туды.

«Комиссар Пожарский» қазақтың ауыз әдебиетіндең көлемді де күрделі туындылардың бірі. Жыр оқигасы — Хасан көліндегі соғысқа қатысқан батыр Пожарскийді суреттеуге құрылған. Тарихи шындық оқушының көз алдында тұрады. Ақын Пожарскийдің бейнесін беру арқылы Совет Армиясының жеңімпаздық сипатын танытуға тырысқан. Үнемі соғыс оқигаларын тізбектеумен тынбай, Нұрпейіс негізгі кейіпкердің әмір әткелдерін, табиғат суреттерін тамаша берген. Жадыраған жайма шуақ жаз бер кек жапырақ жамылған өңірді, күмістей жалтыраған Хасан көлін ақын былайша суреттейді:

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 125-бет.

Эдемі, жайлыш жазында,  
 Жердің көркем назында,  
 Хасан кел тұнып түр еді.  
 Шөп козгалып жайқалмай,  
 Кел толқындаш шайқалмай,  
 Жердің түрі маужырап,  
 Майса құрак балбырап  
 Қара ағашта қарасат,  
 Бұтақтан тәмен салбырап,  
 Орманда есер жемісің,  
 Толықсып піскен күн еді.  
 Құштандырган көнілді,  
 Бөлеген әнге өкірді,  
 Сайраган бұлбұл үні еді...  
 Жыныс нұдық ішінде,  
 Жерім бейне бүлістей,  
 Көлім бейне күмістей,  
 Айналасын көмкерген  
 Жұпар исі гүл еді<sup>1</sup>.

Н. Байганин поэмасында халық поэзиясындағы көне дәуірден келе жатқан сез ормандарын, тіркестерін («Қылышын қанга малып жүр») кірістіргенімен Пожарскийді бұрынғының батырларынша әсірелеп әкетпеген. Нақтылы оқиғамен байланысты, яғни комиссардың шайқастагы ұрыс қимылдарын дұрыс киындастырып оған реалистік сипат берген.

Ақындар, ұзақ толғау, поэмаларында ауыз әдебиеті шыгармаларында ертеректегі ерлер мен батырларды мактауга қолданатын көне тенеулерді жаңартып, оларға құшті, әсерлі мән, жаңаша мәғына берді. Сез асылдарын жүйелі түрде жинақтап, оны орынды қолданады. «Жолбасшымыз», «Жол нұсқаған әрбір сезі», «Адамзаттың айы, күні», «Адамзаттың жүрегі», «Адамзаттың әкесі» тәрізді сез тізбектері сәтті әсерімен көркем түрде қорытылып айттылады.

Лениннің бұқара халық үшін сінірген сол зор еңбегін Жамбыл былайша сипаттайды:

Өситетің сенбес күн,  
 Күш-куаты миллион мың.  
 Жауга қарсы шашқанда,  
 Жігері қызып қайнаган  
 Бастаушысы, тірегі!  
 Ақылы сенсің — Ленин!  
 Білімімен мың жыққан,  
 Нұрықнан балқып күн шыққан.  
 Миллионный жүрегі.  
 Жақыны сенсің — Ленин!<sup>2</sup>

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы», Алматы, 1948, 411—412-беттер.

<sup>2</sup> Ж. Жабаев. Шыгармаларының толық жиынтығы. Алматы, 1946, 186-бет.

Позмалардағы осындай «күн», «нұр», «жүрек» секілді символды сөздер ақылы ақындар Ленинге, партияға деген халық сүйіспеншілігін айқын ашып көрсетеді. Бұл тәрізді бейнелеу түрінде келетін кең үгымдар ақын, жыршылар атынан Коммунистік партияға, оның көсемі Ленинге айрықша арналып, айтылады.

Ленин бейнесін эпикалық түйіндеу сатысына көтөріп жырлаган ақындардың әрқайсысы революция әкелген жаңалықты елестетіп отырады — дей келіп, Е. Ісмайылов пен Н. Төреқұлов «Халықтық дастандар» атты еңбегінде былайша жазады: Қыргыз ақыны Тоқтағұл қайғыда, езілуде журген «ак қалпақ қыргыз еліне» Лениннің жер әпергендігін мақтан етеді. Ал, өзбектің белгілі шайыры Ергаш Жұман Үұлбұл өзінің «Ленин жолдас» атты дастанында Ленин бақыт құсы бейнесінде жырланады. Сибирь халықтарының аңыз түрінде айтылатын эпикалық жырында Ленинді оң қолында күн, сол қолында ай сәулесі бар алып бейнесінде, армянның «Ленин басшы» деп атталағын дастанында қалың қолды бастаган, қаптаган жаудан қашпаған батыр тұлғасында суреттеледі. Ойрат жырында Алтай тауын шыр айналып, бақыт іздейген мергенге аян беріп, жол көрсетуші Ленин болады. Ленинді осылайша эпикалық жыр, аңызға белеп, бейнелеу Совет Одағындағы бар елдің поэзиясына ортақ дәстүрге айналған. Мұндай бірлестікті якуттың атакты суырып салма жыршысы М. Тимофеев-Терешкиннің «Ленин туралы сибирліктердің сөзі», бурят-монголдың ертекші ақыны А. Тореевтің «Ленин бақша» деген және басқа халықтардың жыр-дастандарынан да айқын көреміз. Бірақ Ленин туралы осы аталған жырлар шын мағынасындағы дастандар емес. Ол тек аңыз-қиял тұрғыдан айтылған үзак дастанның бір тарауы іспетті толғау-жырғана<sup>1</sup>.

Совет дәуірінде туган поэма, эпостардың іргелі тақырыптарының бірі — әйел тенденциясы мәселесі екендігі аян. Бұл турасында И. Байзаковтың «Құралай сүлу», «Ақбапе», Н. Байганиннің «Ақкенже», «Нарқызы», О. Шипиннің «Масаты қызы», Қ. Терібаевтың «Ай-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 251-бет.

жан — Жанша», К. Айнабековтың «Қолаң» тәрізді поэмаларын атай аламыз. Бұлардың негізгі идея — адамның еркіндік алуы, бас бостандығы мәселесі. Октябрь революциясына дейінгі қазақ әйелдерінің басындағы қаратұнек хал, теңсіздік жай суреттеледі. Жоқшылық тауқыметін тартқан әйел тұрады кез алдында. Олардың біреуі басқа жаңга атастырылып азап шексе, енді біреулері шонжарлардың қорлауына, солардың зорлауына тап болады. Ру аралық оңай ол жаға айналып, ескі шірік салттың дағдысынан шыға алмай Құралай, Ақбөле, Ақкенже, Нарқызы, Масаты тәрізді ер намысты әйел, қыздардың басы қатады. Сүйісken жастардың қосылуындағы арпалыста ара тұсқен, жау кесірінің қиямет қылышынан азап шеккен жазықсыз жандар да нанымды суретtelіп отырады.

«Қолаң» — ерте дәуірдегі қазақ аулындағы тап тартысын, әйел теңсіздігін келістіре суреттейтін сюжетті поэма. Мұнда Қолаң атты қыздың ескі ғұрып, салт-сана шырмауынан шыға алмай сүйген, өзінің, ойлаган жігітіне қосыла алмай өмір зардабын көріп, миҳнатын тартып соңында қайғылы қазага ұшырауы шыгармала негізгі арқау болған. Ақын К. Айнабеков ертегі емес, ертеде ел басынан өткен тұрмысты оқушына жыр күйінде тартқан.

Поэмада суреттелетін жайлардың ара қатысы кейде үзіліп қалады. Қолаң образы толық шықпаган, соған караганда аяқталмаган, қайта қарауды керек ететін еді деген пікірге біз де қосыламыз. Дегенмен поэмада қазақ елінің бастан кешірген азапты өмірі, тұрмыс ауыртпалығы шынайы суреттелген. Тартымды көріністер көп. Мәселен, ақын бай-феодалдар мен жалшы-кедейлердің тіршілік қүйін салыстыру тұсында, олардың жайын былай сипаттайтыды:

Өзендермен ел қовды айдын колге,  
Кек орай бие баулы шалғын жерге.  
Ақ ордада байларға күн тимеді,  
Қандай шыжып тұrsa да ыстық шілде.  
Қысқы аяз, күзігі жауын, жазғы ыстықтың  
Азабы жалшы, малшы кедейлерде.  
Тезек теріп, от жагып, құрт қайнатып,  
Кедей атты дамыл жоқ әйел, ерде.  
Күндіз бейнет мойнында, түнде күзет,  
Басыбайлы байларға кедей мұлд...

«Бұл саладағы дастандардың көпшілігі белгілі бір тақырыптық жүйемен алынуы, сюжеттік, композициялық бүтіндігі, қаһармандардың даралық сыр-сипаттың

ашуы жагынан дәуір шындығын жарқын елестеткен реалистік шыгармалар болып табылады... Бұл дастандардагы оқиғаның неден басталып, немен тынары, жалын атқан махаббаттың, ыза кекіке толы күрес-тік көріністері оқушыға қатты әсер етеді.

Мұндай дастандардың осыншалық әсерлі жырланауы, әрине, оның жаэба поэзияга тән ерекшелігінен<sup>1</sup>.

Ал енді ескілік атаулыдан мұлдем азат, бақытты өмірге қолы жетіп отырган совет айелдерін жырлаған поэмаларында ақындар совет әйелдерінің ерлермен тең, еңбек майданында ат салысып, белсene араласып жүргендігін көрсетеді. Исаңың «Он бір күн, он бір түн», Г. Игенсартовтың «Кек алған жар» тәрізді поэмалары осыған орай жауап берерлік дүниеліктер. Ен-дігі жерде тек қана әйелдердің өз еркі, бас бостандығын алуы емес, олардың ерлік қимылдары мен елі үшін сініргең еңбектері баяндалады.

Ақындардың бірқатар поэмаларында ерте замандағы қанаушы тап өкілдерінің озбырлығы, олардың сан алуан іс-әрекеттері, мінез-құлықтары тартымды да татымды суреттеледі. Қой бағып жүрген қойшы жігіт<sup>2</sup> барымта кезінде хан қолына түсіп тұтқын болады. Оңаша кезде ол көнілге ұялаған қайғысын, ішінде гі мұн шерін сыйызғы күйін тарту арқылы шыгарады. Осының әсерінен хан қызының түнгі үйқысы бұзылады, тыныштығы кетеді. Жас қойшының қолындағы сыйызғысын тартып алып, хан қызы оның өзін әдейі зындаға салдырады.

..Мұнды баюу сыйызғы үні,  
Құлагына жақпайды оның,  
Шаттық жыры... болмаса тек,  
Жаны жайды таппайды оның,  
Алтын тақта ханың қызы,  
Не қылсын ол... қайты, зарды.  
Көрсін бе ол, білсін бе ол,  
Сыңсыганды... жылаганды<sup>3</sup>.—

деп ақын поэмада хан қызының тақзаппарлығын, кеуде кетерген мен-мендігін тартымды көрсетеді. Шыгарма түйінінің шешілуі шебер, сыйызғы үні соңынан еркіндікке шығып саңқылдайды, асуды асып аса бір асқақтайды.

<sup>1</sup> «Қазақ елебиетінің тарихы». Бірінші том, екінші кітап. Алматы, 1964, 252-бет.

<sup>2</sup> Віз бұл жерде О. Шипшиннің «Сыйызғы үні» атты поэмасын айттып отырымыз.

<sup>3</sup> О. Шиплик. Туган жер. Алматы, 1955, 106—107-беттер.

Академик-жазушы, Социалистік Еңбек Ері Габит Мұсіреповтың сөзімен пікірмізді әрі қарата ширата түссек, қазақ халқының бай эпосы елдің әр кездең үміт-тілегіне байланыса тұган, сондықтан ол өмірлік шындықтың, ел басынан кешкен қундердің дұрыс айнасы. Оның үстіне, біздің эпосымыздың құрылышын, адамгершілік тілек өрістеулерін, тартыс байланыстағын жете тексеріп қарасаңыз, әдебиеттің жән-жосығына түгел бағына бермей, жазба поэзиямен жақын шектесіп жатады.

Бұл айтқанымыз, әсіресе, қазақ халқының батырлыққа, ғашықтыққа арналған жырларында айқынырақ байқалады. Мысалы, сол жырлардағы батырлардың басынан кешетін қызын, қыстаулар, немесе ерліктер әрдайым қазақ халқының өз басынан кешкен тарихи жағдайлармен, қазақ халқының әрбір тарихи кезеңдегі өз ерліктерімен тұргылас келіп отырады, ұлан-байтақ кең жерді жайлаган, сондықтан әр кезде үйқысы сергек, құлагы түрік болуга тиісті ел ұл-қызын, елінің бостандығын, тұган жерін жан аямай қорғау рухында тәрбиелеген. Осындай жағдайдагы қазақ елі сала-сала болып келетін батырлық жырын жасаған. Ол жыр аналар үшін бесік жыры, аталар үшін баласына арналған тілек — бата сияқты болып елдің салтына енген.

Жакынырақ таныссаңыз, қазақ халқының ғашықтық жайындағы жырларының өзінде толып жатқан батырлық астар бар. Батырлар жырларындағы Құртқа, Назым, Ақжүністерді былай қоя тұрып, Баян сұлу, Қызы Жібектерді алып қарасақ та, елдің аяулы қыздарына қолын жету үшін толып жатқан қауіп-қатерден, ерлік көрінер сындардан өтуің керек. Қеркем қыздар байлық пен ақсүйектікі құрметтейді. Ғашықтық деген үлкен сезім үшін отқа, суга түсे алар қажыр-қайратын сынға салады. Сонымен қазақ халқының батырлық жайындағы жырлары былай тұрсын, ғашықтық жайындағы жырларының өзі жас буынның бойына ерлік қасиеттерін бере тәрбиелейді<sup>1</sup>.

Оқушы жүртшылық, сейтіл, совет деуіріндегі ақындардың денін тәк елең, жырлардың авторы ретіндеғана емес, эпикалық жанрга да еңбек сінірген, өздеріңің қалыптасқан жолы бар эпик ақын ретінде де білуиче тұра келеді.

Қай ақын болмасын өзінің шыгарған эпикалық

<sup>1</sup> Габит Мұсірепов. Суреткер парызы. Алматы, 1970, 196-бет.

поэмаларында қазіргі деңгелің әр кезеңіндегі айтса ауыз толарлық иғі де ірі істерге қайта-қайта оралып отырған. Ондай поэмалар мейлі революциялық жа-лынды құресті көрсетсін, яки Ұлы Отан соғысының қаһарлы қүндерін көзге елестетсін, әткен тарихымыздың беленді кезеңдерін айтсын, ел аңсары ауган аныз-әңгімелердің сюжетіне құрылсын — бәр-бәрінде де ақындар осы заманымызда туып жатқан іс-қимылдармен, ересен ерліктермен, қоғамдық мәні зор тамаша-тамаша оқигалармен байланыстыра жырлап отырады. Октябрь революциясының алғашқы кезеңінде пайда болған өлең, жыр арнасы келе-келе кенересі толысқан ұзақ жыр, көлемді поэма, эпостарга аудысады. Бұл процесті біз, әсіресе, осы ғасырдың отызыншы жылдарының орта кезінен бергі жерде айқын байқаймыз. Соңан кейінгі уақытта әр кезде, әр түста пайда болған, әріліп есken эпикалық шығармалардың саны да баршылық, екі жүзден асады екен. Эрине, оның бәрі бірдей жарияланып, жарық көріп оқушы жүртшылықтың кәдесіне жарап, кеңінен мәлім бола да қойған жоқ, қолжаңба күйінде ғана дүние мүлік болып сақталып келе жатқандары бар.

Сонымен, отызыншы жылдардың орта түсінан бастап эпикалық поэмалар пайда болып, кең арналы жолға түс бастайды дедік. Бұлай деуіміздің, біздіңше, бірнеше себебі бар сияқты.

М. Горький баяндама жасаған жазушылардың Бүкілодактық I съезі халық творчествосына, оның талантты сөз зергерлеріне айрықша көңіл бөліп, дең койды. Соңдықтан да болар Горькийдің: «Сүлейман Стальский сияқты поэзияның асылын жасай алатын адамдарды сақтандар!» — деген сөзі халық поэзиясының өкілдеріне ұлағатты ұран түрінде естіледі. Міне, осы кезден басталып орыс халқының Марфа Крюкова, дагыстанның Сүлейман Стальский, мордваның Фекла Бессубова, қазақтың Жамбыл Жабаев тәрізді сөз санлақтары тұғырықтан тұныққа шығып, шыңырауда жатқан шығармаларын шындағы. Олардың үні енді күндіз-түні естіліп, дауысы дамылсыз шартарапқа жайылды. Бұл — жалпы халық өнерінің өрге басуына, қайнар кезінің ашылуына өрелі де іргелі жағдай болды. Ақын, жыршылар жайында әр тарарапқа соны сөздер, жылы лебіздер, құптау пікірлер айтылуына толық мүмкіндіктер туды. «Съезден кейін әдебиетте, әсіресе, поэзия көп іздену, есу жолдарында келе жатқан жанр. Сюжетті ірі поэмалар мен қазіргі терең бай-

өмірге сүңгіп, әлеуметтік үлкен мәні бар тақырыптарды таңдап алып, асыл, өткір, ұшқыр жырлар, өлеңдер жазу — поэзияның ең құрметті міндетінен саналады. Жамбылдан бастап біздің ақындарымыздың, жазушы ақындарымыздың көпшілігі осы өсу жолында. Халықтың ұлы көсемі Ленин туралы, заманың манифесі Советтік Конституция туралы және елдің атақты ерлери, большевиктері Чапаев, Фурманов, Ворошилов, Киров, Орджоникидзе, ұшқыштар мен тенізшілер, стахановшылар мен Қызыл Армия жауынгерлереріне арналған жалынды өлең, жырлармен қабат, халық дүшпандары туралы уытты, ызылды өлеңдер түрінің тууы поэзияның жақсылық көріністері<sup>1</sup>, дейді М. Қаратаев.

Отызыншы жылдардың аяғына таман жазылғанымен М. Әуезовтың т. б. жарық көрген мақаларының маңызы да зор болды. Оның «Джамбул и казахские ахыны» деп аталатын мақаласында<sup>2</sup> дәстүр мәселесі қарастырылып, ақындық репертуар, орындаушылық кабілет, поэтика жайында ойлы пікірлер айтылып, байладар келтірілген. Сондықтан да ол мақала, бұрынныракта вайтып еткеніміздей, тың тұжырымдарға бай зерттеу енбек саналып, «барлық ақындардың творчествосын, сол арқылы бүкіл совет фольклорын зерттеуге жол-жоба көрсеткен программалық мақала» ретінде осы кеңге дейін мән-маңызын жойған жоқ. Өйткені, М. Әуезовтың: «Совет фольклоры... бұқараға көркемдік-тәрбиелік пәрменді ықпал жасайтын құрал»<sup>3</sup> деп айқын вайқан өнегелі сөзі бүгінгі күні дс ектем естіледі.

Қарап отырсақ, отызыншы жылдары көптеген кеңіл аударар мәдени оқиғалар етілті. Қазақ өдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі, Жамбыл творчествосының 75 жылдық мерекесі, халық өнерпаздарына арналған мәнді мәжілістер, маңызды басқосулар, олимпиадалар, слеттерде сейлекен сөздер, жасалған баян-дамалар, жарық көрген мақалалар т. б. сезіз ақын, жыршыларымыздың творчестволық жағынан жан-жақты ілгері жылжына аса үлкен мүмкіндіктер жасады. Жамбылдың атақты «Туган елім» атты поэмасы да осы тұста (1936) жазылды. «Сұранышы батыр» мен «Өтеген батырын» да сол бір кезеңде ақын қайта-

<sup>1</sup> М. Қаратаев. Туган өдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958, 57 бет.

<sup>2</sup> «Литературный Казахстан», 1938, № 6.

<sup>3</sup> Сонда.

дан жырлап шығып, елге өйті етті. Міне, мұнан біз партия мен үкіметіміздің қамқорлығын, оның халықтың таланттың тануын көреміз. Ал халық талантты болса патриархалдық-феодалдық дәстүрді, ана сүтімен сүйекке сіңісіп кеткен ескі өдег-дагдыны басынан кешіре отырып, жаңа дәуірдің сән-салтанатын, елдің ырысы мен тынысын ез шыгармасының айнымас өзегіне айналдырыды.

Жалпы алғанда халық творчествосының, оның ішінде эпикалық жанрдың қаулап есүі, көптің көңілін өте-мөте өзіне алғаш аударуы да осы отызынышы жылдардың тұсы. Мұндай құбылысты басқа халықтар фольклорының даму процесінен де байқауға болады. Елуінші жылдардың басында басылып шыққан колективтік зерттеулердің бірінде мәселен былай деп жазылыпты:

«...Орыс фольклорында жыраулар творчествосының айқын дамуы, советтік қаһармандық эпостиң, әр түрлі өлеңмен айтылатын жырлардың халық жыраулары мен ертекшілерінің ат салысусы арқылы қалыптасуы дәл осы дәуірге жатады»<sup>1</sup>.

Қалайда мұнан қазақ ақындарына да қатысы бар жайды айқын аңғарамыз. Октябрьге дейінгі және онан кейінгі ақындар өткен өткелді, творчестволық жолды, эпикалық дәстүрді, олардың бұрынғы, қазіргі тағдырын, тағылымын көнілмен ойлайық. «Қазактар,— деп жазады белгілі әдебиетші З. Кедрина,— ездерінің тарихи дамудың ерекшелігінен туган материалдық мәдениеттің төмен дәрежесінде өзгеше бір жогары рухани мәдениетке ис болған. Халық өмірінің бай тәжірибесі мен XIX ғасырдың қуатты лебінен, есіреле орыстың алпысынышы жылдардагы қайраткерлесрі мен француз революциясынан және марксизмнің пайда болуынан рух алған қанатты ой сауатсыздықтың бұғауында азаппен шарқ ұрып жүріп ақыры көркем туындылардан жол тапты. Бұл туындылар мұнан басқа тарихи жағдайларда дүние жүзі мәдениеттің қазынасына енген болар еді. Ол өзі өткір, терең және асерлі ой, қазақтың халық творчествосы дәстүріне қанат бітірген ой»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> «Русское народное поэтическое творчество». М.-Л., 1952, стр. 48.

<sup>2</sup> «Социалистический реализм в литературах народов СССР». М., 1962, стр. 289—290. (Бұл үзінді М. Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» атты кітабынан алынды. Алматы, 1965, 96-бет.)

Халық творчествосының жаппай Ұлы Отан соғысы жылдарының алдында биік белеске көтерілуі, демек, еліміздегі әртүрлі ұлтар фольклорының жалпы дамының барысында елеулі оқиға болып саналады. Әрбір халықтың ауыз әдебиетіндегі Одақ бойынша есіп, дамыған осы заңдылық құбылыс белестегі елес болып қалмай, біріне-бірі ізгі ықпал жасап, иғі өсер етті. Жаңр жагынан жалғасқан ежелгі ел мұралары сан асулардан асып, тар жол, тайгақ кешулерден өтіп, аңсаған арманына жетіп, енді оны арналы ортақ тақырып ретінде алады. Фольклордагы сол тақырып, идея бірлігі қалайда ендігі жерде еліміздегі бауымал халықтардың туыстығын осы тарапта да айқын аңартқандай еди. Тілі әр түрлі болғанымен, мәдени мұрасы ұлттық бір сипат алып халықтар творчествосының белгілі арнасымен есу заңдылығын байқатты. Әрбір ұлт республикасының ақын, жыршылары — Сулейман Стальский, Фазыл Юлдаш, Атасалиқ, Әлімқұл, Жамбыл т. б. фольклорлық дәстүрдік тар шеңберінек шығып, жаңа дәуір үніне сыйкес өз шығармаларына соны идеялық мазмұн тапты. Осы қатарда дәстүрлі батырлық жырдың заңды жалғасы — жаңарагай жаңр — эпикалық поэмалардың алатын орны зор.

Өткен өңіз, өкінішті өмір мен қазіргі шалқыган дәулетті, шаттық дәуірді қатар қойып, қарама-қарсы алып бейнелеу осы замандағы халық ақындарының шығармасында бар дәстүрлі қасиет екендігі белгілі. Ақындар өткен дәуірден осы заманың ақиқат артықшылығын айтады.

1917 жылы Октябрь таңы атты, ол бостандық, азаттық таңын экелді халықта. Бүкіл еліміздің бауырлас терезесі тәң халықтары тәрізді қазақ еңбекшілігі де осы заманда тәндікке, еркіндікке қолы жетті, құлдықтан, езушіліктен, мешеуліктен мүлде құтылды. Келмеске кеткен күннің ауыр тепкісін арқалаган олар жаңа заманың идеясымен рухтанды. Осындай салыстырулар Жамбылдың «Туган елім», Нұрпейістің «Заманым», Төлеудің «Қазақстан» сияқты толғау-поэмаларынан анық байқалып отыр.

Ауыз әдебиетінің сол бір шеберлері өнерлі де өркен жайған еліміздің, тамаша дәуіріміздің әр кезеңін эпикалық поэмаларының арқауы етті.

Ұлы істер жасап отырган социалистік қоғамның, советтік мемлекеттің же әмбапаз күші, халқымыздың қаһармандық ерлігі Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше айқын көрінді.

Елімізге опасызыдышын шабуыл жасаған фашист басқыншыларга қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысы бір мақсатты, кеп ұлтты совет халықтары үшін үлкен сын болды. «Бар салмагымен тәнген, кешегі еткен дүниe көрмеген обыр соғыс совет халықтарының бірлік достығына, елдіктің негізіне, Ұлы Отанға кіретін әрбір халықтарға ерекше қатал сын болды. Сонымен бірге соғыс — әрбір совет адамының сегіз қырлы, бір сырлы әнерпаздығына, қайрат, жігеріне де үлкен сын болды. Соғыс әуедегі, жердегі, судагы соғыс құралдарының инженерлеріне қандай сын болса, адам жанының инженерлері — жазушылар мен ақындарға да сондай сын болды. Өйткені, Совет Отаның қоргайтын құралдардың бар түрі сынға түсті»<sup>1</sup>.

Осы жағдаймен байланысты совет әдебиетінің алдында да зор және жауапты міндеттер тұрды. Әдебиеттіміздің Ұлы Отан соғысы кезіндегі таңдаулы шыгармалары халқымыздың тарихта теңдесі жоқ ерлік істеп рінің шекіресі есепті болды, бұл шыгармалар совет халқын жеңуге рухтандырып, жігер беріп отырды.

Қазақ совет фольклорында мол қамтылған, кеңінен жырланған тақырыптың бірі — халқымыздың Ұлы Отан соғысы түсінідегі орасан ерлігі мен алып қимылдары болды. Совет халқының тамаша жеңісімен аяқталған соғыс социалистік қоғамымыздың қуаттылығын көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар сол қоғамның, жаңа дүниенің жаршысы болып табылатын совет әдебиетінің де творчестволық, тәрбиелеушілік күшін айқын танытты. Соғыс жылдарында да, одан кейін де біздің әдебиетімізде Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған көптеген шыгармалар туды. Олар газет, журналдарда, жеке жинақтарда жарияланып, халық арасына кең таралған үлгілер еді, сондықтан осы ауыр күндердегі ауыз әдебиетінің үлгілері қай кезеңде болсын көшілік назарынан тыс қалған емес. Совет адамдарының тамаша ерлік қимылдарына толы сол бір жылдардың героикасы мен гажайып оқигалары жазушыларымыз бер ақындарымыздың назарын болашақта да аудара бермек.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған эпикалық шыгармалардың барлығына бірдей тоқталып өту мүмкін емес. Қазақ совет поэзиясының алдыбы, екі дәуірдің күөгері, заманымыздың ұлы ақыны Жамбылдың осы тақырыпқа шыгарылған, жауды жеңуге дем бер-

<sup>1</sup> Габит Мұсірелов. Суреткер парызы. Алматы, 1970, 197-бет.

ген, «әр жүрекке ем болған, әр іске сеп болған» жыртолғауларының өзін арнаійы әңгіме етсе, жеке зерттеле берсе қандай қадірлі болар еді. Бірақ, бұл — біздің осы жолғы нысана міндеттімізге жатпайды.

Отанды, елді, халықты қоргау жолында жүргізілген батырлықты көрсететін ерлік күрестерді жырлау поэзиямында ертеден келе жатқан даңқты дәстүр екенін жақсы білеміз. Айтайық деп отырганымыз, сол дәстүрді дамытуда Жамбыл айрықша еңбек етіп, соғыс тақырыбына арнаійы эпикалық поэма шыгармаса да әлемдік әдебиетке үлкен үлес қости.

Қолына қияқты наиза алып, ел тыныштығын қоргауда көзге түскен батырларды ақын бұрын да жыр еткен. Кешегі күні Жамбыл бұрынғы өткен батырларды естуі арқылы жырына қосса, бүгін ол көзімен көргенін айтады. Сондықтан да қарт жыраудың Сұраншы, Өтеген сияқты батырларды жырлауы мен Совет Армиясының қолбасшысы, командаирлерін жырлауының арасында айырма бар. Өз дәуірі мен шыққан ортасына байланысты суреттелетін Сұраншы, Саурық батырлардың «белінде садагы», «қолында қылышы», тасқа сүйреткен наизасы болып келеді. Ал біздің Армиямыздың жиырма бес жастағы бейнесін ақын бақшаша суреттейді. Бүгінгі батырдың бітім-тұлғасы тіпті етемете өзгеше беріледі. Оның абыройын арттырып, даңқын жаю үшін: «Тұрпатынаан сом біткен», «тас болатша түйілген» деген тәріздегі осындай тенеу, салыстырмаларды барынша кең қолданады. Совет жауынгері — қанға сіңген батырлық дәстүрді заңды турде жалғастыруши, дамытуши. Сондықтан да оның арыстандай айбат шеккен қаһарлық күшіне ешкім қарсы тұра алмайды. Ел қорғаны болып отырган ер, совет дәуірінің айбынды батырлары Жамбыл жырлауында: «Боранды қытай бұрсанған, болат пен темір құрсанған» бейнесінде суреттеледі.

Совет Одағы халықтарының ұлы достығы, құрыштай бірлігі Ұлы Отан соғысы кезінде бұрынғыдан да айқындала түсті. «Кобыландыны», «Алпамысты», «Күбагұлды», т. б. жырлаушылар енді осы тұста атағы шыққан Панфилов, Төлеген, Нарсұтбай, Мұсабек сияқты толып жатқан Ұлы Отан соғысы батырларының ерлік істерін әлемге паш ете, көпкө таныта жырлайтын болды. Соның нәтижесінде Н. Байғаниниң «Ер туралы жыр», «Жыирам бесі», Н. Баймұратовтың «Ер туралы жыр», «Жиырма бесі», Н. Баймұратовтың Қ. Жапсарбаевтің «Сеңгірбас Мұсабегі», Ә. Сарие-

тің «Капитан Гастеллосы» сияқты бірқатар туындылар дүниеге келді. Бұлардың бір ерекшелігі — ертедегі ерлердің қимылындағы, қыннан қыстырылған қиялдың кейінгі қатарга шығуында. Советтің ондаган батырлары ез шеңберінде нағымды суреттеледі. Бұрынғы батырлар езінің түлпарына мініп, жауына қарсы аттанысқа, жортуылға шықса, енді оның орнын жүйткіп тұрган жүйрік поезд ауыстырыған. Нарсұтбай (Н. Байғаниннің «Ер туралы жыры») дәл осылай етеді. Яғни ақындардың осы кездегі эпикалық поэмаларында суреттелеғін батыр аныздағыдан жиһангер бейнесінде алынбай реалистік үлгіде қалыптанады.

«Сенғірбаев Мұсабек» поэмасына да арнаулы өзек болған арқау — Ұлы Отан соғысы кезінің оқиғасы. Мұсабек — ақынның ез жерлесі, әлемге аты жайылған 28 панфиловшының бірі, атақты батыр. Ол немісфашист басқыншыларына қарсы шайқаста Отанымыздың жүрегі, сүйікті астанамыз Москванды қорғау жолында ерлікпен қазага ұшыраған. Қалқа сол батырдың отаншылдығын, жан аямайтын жалынды жүректілігін, шынайы адамгершілігін тебірене жырлайды. Ақын бұл поэмасында Мұсабектің дүниеге келгенін, ақырғы демі біткеніне дейінгі өмір кезеңдерін келісті көрсеткен. Мұсабектің балалық шағын, соғыста ауыр жарапалы болып жатқан кезінде, тылдағы тұған-туысқандарын, Төлеухан атты сәбійін сағынғандығын Қалқа тартымды етіп берген. Жауынгерлер достығын сипаттауда да көнілге қонымды. Поэма Ұлы Отан соғысның ауыр жылдарын суреттейтін халық ақындарының тәуір шыгармаларының қатарынан орын алатын еңбек.

Осы Мұсабек болсын, сол Төлеген суреттесін, кешегі Мәлік мәлімделсін бәр-бәрінде де олар — қаралайым жандар, совет адамдары. Оқ етпейтін, отқа жанбайтын қылыш кеспейтін, суға батпайтын ерекшеліктерден ада. Адал, от ортасында, күрес үстінде шынығып, жауын жыққандар. Сын сагатта жарғақ құлагы жастыққа тимей, күн демей, түн демей, кернелген кеудеден ыза-кекті шашқандар. Алып техниканың алғырлығымен дүшпанын шапқандар, тізе бүктіргендер. Айналып келгенде сол бір ерлердің ерлігі көпке өнеге, жас үрпакқа жақсы тағылым, гибрат. Халқымыздың үнамды бейнесі үлкен пафоспен жырлануымен қатар жаудың үнамсыз образы да шынайы суретtelіп отырады.

Тілегі бір совет өлі халықтарының ынтымақтасты-

ын, қатарының беріктігін көрсету үшін ақылы, жыршылар дәстурлі әпитеттерді (Ел күшін «асқар тауға», ер тұлғасын «құйған құрышқа» тереу) мол да шебер қолданады. Дәстурімізде ежелден бар «сұнкар», «арыстан», «жолбарыс», «тұлпар», «ақиық» тәрізді батырлық кескінді айқындастын әпикалық тәседдерді, батыр-ердің жеке өз басындағы мінездерін көрсету үшін емес, енді оны жалпы совет адамының батырлығын, батылдығын ашып беруге қолданатын болды. Жаңа дәуірге сай келетін жаңа заман батырларының іс-қимылдарын суреттеу жолында қазақтың поэтикалық творчествосынан сусындалап, нер алды. Халықтың жауға деген өшпенділігін оятып, олардан кек алуға үндей отырып, дәстурлік тәсілдер мен образдарды көн де шебер пайдаланды. Мәселен, Нұрпейіс өзінің «Жиырма бес» атты поэмасында Төлемекнің майданға аттанар алдындағы сипатын былайша береді:

Қазақтың батыр жас ұлы,  
Тоқтарғыла Телегея,  
Жиырна беске толғанда...  
Жерінен жау шапқаңда,  
Оқ жауғанда тебеден,  
Аясына Алтайдың,  
Ақыңқтай түлекен...  
Бұрыңының, бұрсанып,  
Мұздай темір құрсанып,  
Жау тиді елге дегендे,  
Хөш бола тұр азам,— деп,  
Айтқанынша балаң,— деп  
Жауымынан кек алам,— деп  
Жолбарыстай жон асып,  
Женеді, батыр, женеді!

Бұл айтылғандардан алдыңғы қатарлы совет адамына ғана тән абзал қасиет пен жогары сапалы парасаттылдықты көреміз.

Ақындар сол дәстүрлік тәсілдер мен образдардың күйінде ала салмай жана мен береді. Жаудың озбырлығын, әділетсіздігін суреттеу үшін «жалмаузыға», «сұмырайға» тәкейді. Жеріне жете әшкерелеу үшін оны жалық ұғымында жек көрікшті көрінетін нерсelerге, құрытын күні алыс емес елім дүниесіне әдей балайды. Фашистердің өмірі «қаусаган көрі өмір» деп Жамбыл айтқандай-ақ, жаудың ұзамай азып-тозатындығын айтса, әділеттік жолдағы біздің жас өміріміз көркейіп өсетін ұзақ өмір екендігіне толық сендеріне.

<sup>1</sup> Н. Байдакин. Шыгармаларының жинағы. Алматы, 1966, 197-бет.

ді. Сөзсіз жеңетінімізге, сейтіп, берік сенім білдірумен бірге ақын, жыршылар халықты сол жеңіске жету жолында, керкею жолында кеп және ерінбей еңбек етуге үндеді. Жауга деген оқушылардың қаһарын, ке-гі мен утын арттырады.

Сол тұстағы қай ақынды алмайық, олар ел даң-қын, Отан қуатын арттыра тұсу үшін жоғарғыдай тә-різді дәстүрлі теңеу, бейнелі баламаларды кеңінен қолданады. Халық поэзиясында отызыншы жылдары пайда бола бастаған, жаңа дәуірдің тегеурініне сый айтылған «поезд», «самолет», «танк», «паровоз» секіл-ді техникалық атауларға соңғы «ракета», «космос», «космодром» келіп қосылды. Ал, дәстүрде бұрыннан бар «найза», «қылыш», «семсер» секілді сөздердің ақындар солармен бірге орынды да, оралымды жарыс-тыра сейлете туседі.

Сонымен бірге реті келгенде айтайық, олардың сез образдарында, бейнелеу тәсілдерінде байыргы батырлар жырының өсері де жоқ емес. «Бұырқанып, бұрсанып», «мұздай темір құрсанып» дегендеген эпостағы ортақ жайлар, «Кешегі жүрген Төлеген, қай батырдан кем еді» сияқты толғау орамдар ертегі эпостан келе жатқан өлеңдік, жырлық құрылыстағы алабөтен ерекше-лік болып саналады. Фольклорды зерттеуші кейір галымдардың айтударына қарағанда, «Кешегі жүрген Төлеген» дегендеге бір жағынан батырдың ерлігін ардақтау болса, екінші жағынан сондай ердің арамыздан кеткеніне өкініп, жоқтау сарынын айтады — дейді.

Ия, осы жоқтауға наға емес, эпостық жырларда «ес-тиру», «қоштасу» сарыны да бар. Мәселең, Төлеген батырды жырлап отырған ірі эпик ақынның Нұр-пейіс Байғанин батырлық жырдың осы дәстүрлік салтыны ұмытпай, жадында сақтаған, сейтіп оны жаңа дәуірдегі эпикалық поэмасында да қолданған.

Демек, «батыр жорыққа аттанғанда айттылатып «қоштасу» жыры, ол қалындық экелгенде айттылатын үйлену — салт-жыры, ол өлгенде жанкүйерлері жыллап-сықтал айтатын «жоқтау» жыры сол батыр жа-йындағы эпостық жырдың негізін құрамауы мүмкін емес... «Қобыланды» батыр жырындағы Қобыландының жауга аттанар алдындағы үй-ішімен қоштасуы, Алшагыр шауып әкеткеннен кейін бұғауга түскен ата-анасының батырды жоқтауы, «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның ел-жүртімен қоштасуы осындай. Ал, «Қызы Жібек» дастанында «қоштасу» да, «жоқтау» да, «естірту» де бар.

«Қозы керпеш — Баян сұлу» дастанын алсақ, онда тек «жоқтау», «қоштасу», «естірту», «кеңіл айту», «жар-жар», «сыңсу» таға емес, эпоста аса сирек үшіррасатын «сүйінші» жыры да, яғни тұрмыс-салт жырларының түр-түрінің бәрі бар. Халық творчествосының кіші формаларының ірі формаға ауысуын, ұлан-гайыр эпос қалай туатындығын қазақтың ең көне, ең ескі осы дастанынан анық көреміз!», — деп айтқан академик Әуезовтың бұл сөзі, іргелі пікірі барша жүртқа аян. Біздің мұны келтіріп отырганымыз, қазақтың байыргы қай эпосын болмасын, ақын-жыршылар бүгінгі заманда да дәстүрді дамыту тұрғысынан әр кім өзінше пайдаланып, оны туындысына арқау еткен. Оның әр түрлі дөрежеде мәңгеріліп, игерілуі де зацды. Мұнан, әрине, со тұста шыгарылған эпикалық поэмаларда ескі сарын жеңіп жатады деген үғым тұмасқа көрек.

«Ер басына күн туып, етігімен су кешкен» со бір кезеңде ақындар елдің ер, азаматын қажырлы ерлік күреске шақырды. Тылдағы өрендерді жеңіс күнін жақындана тусу үшін ерекше қарқынмен еңбек етуге үндеді. «Шынында да біздің армиямыздың ерлігіне, әліміздің басына түсін ең ауыр сәттерде бүкіл халқы-мыздың істеген орасан зор енбегіне, советтік Отанына жан-төнімен берілгендейгіне тәнті болмау мүмкін емес.

Біздің жұмысшы табымыз соғыс кезінің қиыншылықтарын женде жаңаиярлықтың жогарғы үлгісін, мамандық үйренуде қайтпас қажырлығын танытты, саналы еңбекте социалық үйымшылдық көрсетті... Біздің армиямыз тұрмыс жайынан болсын, қогамдық жағынан болсын сан алуан арқау арқылы халықпен байланысты болды!»,<sup>2</sup> — деді М. И. Калинин.

Ұлы Отан соғысы қаһармандарының ерлігі жайындағы жогарыда аталып еткен сол бір поэмалардан адамды дәстүрлі батырлар жырындағыдан ескі эпикалық сарында емес, нақты өмір шындығының аясында суреттеу басым екендігін көреміз.

Жамбылдың ізімен Н. Байгамин да, Қ. Жапсарбаев та өздерінің қаһармандарын эпикалық батыр тәрізді жалпы эпикалық кезең мен әрекет үстінде көрсетпей, аты-жөнін, өмірбаянын, жауынгерлік эпизодтарын

<sup>1</sup> М. Әуезов. Уақыт жөне әдебиет. Алматы, 1962, 64—65-беттер.

<sup>2</sup> М. И. Калинин. Коммунистік тәрбие туралы. Алматы, 1949, 137-бет.

нақтылап дөлдікпен жырлайды. Олардың бейнелеп отырған кейіпкерлері Отанға, халыққа сіңіргея еңбегінің маңыздылығы арқасындаған эпикалық тұлғага айналады. Нұрпейіс поэмаларындағы капитан Гастелло, Мұсабек Сенгірбаев, Щедрин, Панфилов, Ключков бейшелері осындай. Поэмадағы эпикалық әрекет бірсыншыра жырга қараганда тарихи кезеңге, нақты жағдайға байланысты суреттеледі. Мұнда эпикалық баяндау жинақты оқигаға құрылады. Ақындар дәстүрлі дастандағыдай қаһарман жайында ұзақсонар аныз айтып жатпайды, бірден оның нақты іс-әрекетін көрсетеді.

Ақындар эпос жанрында дәуір рухына сәйкес психологиялық мінездедеу, эпилог сияқты жаңа тәсілдерді іздестіру жолында, жағба ақындарга, әдебиетке жуықтай түседі. Алайда, әдебиеттің әдіс-тәсілдеріне толық жетілмеген, тақырыпты жете менгерген халық ақындары поэзияның дәстүрлі шеңберінен көп шыға алмайды... Майданға аттануын, қоштасуын, аттың шабысын — осының берін де дәстүрлі батырлар жырының сарынымен суреттейді<sup>1</sup>.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына шығарылған ақындардың эпикалық поэмаларына тоқталу түсініда айрықша айтарымыз: жалпы әдебиетіміздегі ерлік, елдік жырлар әдеби процесс ретінде бүгінгі күннің даму қарқынынан қалмай қайта-қайта екшеліп, терең тексеріле беруі керек. Жас буынды, болашақ үрпакты коммунистік рухта, ұлы ұран салтында тәрбиелеуде, яғни оның патриоттық сезімін оятуда ерлік пен елдік жырларының мәнін сезінудің орасан маңызы зор екендігін үмітпаганымыз мақұл. Сейтіп, Ұлы Отан соғысының халқымыздың тарихындағы алатын орнын барышта багалаумен байланысты көркем творчествоның алдына да көп міндеттер жүктеледі. Тек қана қарайлап қарауды, жалпы барлауды емес, қадірлі тақырыпты қастерлеп талдауды талап етеді. Соғыс өрті — адамның дерті, оны қайталамау, болдырмай болашақтың, баршаның төл ісі.

Айыз әдебиетінде поэма, эпос жағры, қайталап айтсақ, молшылық. Ақыз-әңгіме негізінде жырланған тарихи тақырыпқа шығарылған поэмалар өз алдына кең салалы, ел ішіне еркін тарап сіңіспін кеткен дүние. Олардың біразы Октябрьден бұрынғы жерде үзінгі түрінде айтылып келген, кейіннен ақындар қайта-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Вірішті том, екінші кітап, Алматы, 1984, 94—95-беттер.

дан қарал жыр үлгісін әрі көркем еткен, әрі дамытып жаңа идеялық мазмұнға көтерген (Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» т. б.).

Өтеген Өтегулұлы туралы Жетісуда аңыз, жырлар көп. Ол жайында Сүйілбай, Майкет ақындардан кейін де қөптеген аңыз, жыр тараған. Жамбылдың жырлауы шама бойынша өткен гасырдың 80-90 жылдары. Аңыз бойынша Өтеген ұлы жүздегі Дулат руының Жансыс атты атасынан шыққан. Оны Жамбыл поэмасында:

Өтегениң тууы,  
Жетісу еді маулет!,  
Сырымбет еді өүлөт!,  
Дулат еді руы,—

деп дәлелдейді.

Ел әкімесі бойынша Өтеген XVIII гасырда Жоңгарга қарсы согыстарға қатысып, ерлік керсеткен. Жамбыл жырлаған Өтеген Уақ руынан шыққан. Абай атап өтетін Өтегеннен басқа, Жетісудағы аңыз, жырларда Өтеген Абылай және басқа хан, сұлтандарға қарсы қойылып, халық үшін бақыт іздеген кісі ретінде айтылады. Көкорай шалғын жер, жер жөннаты — «Жер үйікты» аңсайды.

Жамбыл жырлаган поэма тарихи шындықтың негізіне құрылыммен қатар, халықтың бақытты жер іздеу туралы аңызы мен түрлі ертегі, мифтерінің асері басым.

Жырдың осындай фантастикалық оқигаларға байланысты алынуы, негізгі кейіпкерді жеті басты әбжылан мен жалғыз кезді деуге қарсы шыгаруы, олармен алыстыруы қазақтың басқа да эпикалық шығармаларында ұшырасатын жай. Бұл — басқа елдердің де батырлық жырларында бар мотив санаалса, ол қазақ елінің ерлік жырларында дестурге айналып кеткен. Осыған орай айтылатын мән-жайлар толып жатыр. Мәселең, Қарабек, Қамбар тұрасындағы қаһармандық жырлардың қайсы бір эпизодтарын елестетіп, еске түсірсек-ші... Жамбыл Өтеген батырды баяндап жырлау арқылы халық өдебиетінде қалыптасқан дәстүрді түрлентіп шешендікпен шебер пайдаланған.

Поэманиң ақынның өдеби хатшысы Тайыр Жароков 1934 жылы жазып алған. Жамбыл қайта жырлаганда поэманиң кіріспе және қорытынды белдімін совет шындығына байланыстырган. Советтік Қазақстанның татымды табысын таразыға тартады.

Ақын «Сұраншы батыр» атты поэмасын еткен гасырдың 80-90 жылдарында жырлаған. Поэманы Жамбылдың айтуынан 1938 жылы жазып алған әдеби хатшысы — Қалмақан Әбдіқадыров.

Сұраншы Хакімбекұлы — Шапырашты руының Есқожа атасынан тараган. Жетісуда Қоқан басқыншыларына қарсы күрескен. Архив деректерінде ол 1847 жылдан орыс аскері қызметінде, ал 1859 жылы 15 ғавардан офицерлік прaporщик чинінде екені жазылған.

Ол Жетісудағы қазақ рулары және қырғыздың Сарыбағыш, Бұғы, Солты, тағы басқа руларын Россияға қосылуға үгіттеуде көптеген еңбек еткен. Қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарақастектегі гарнизонға көп көмектескен. Шоқан Уәлиханов Гутовскийге жазған бір хатында — Сұраншының Қоқан хандығына қарсы күрескендігін айтады. Сұраншы 1864 жылы орыс аскерімен бірге Қоқан хандығынан Қазақстанның оңтүстігін азат ету жорығына белсене қатысып, сол жылы Сайрам қорғанында болған соғыста қаза тапқан. Поэманың совет түсінде жырланған нұсқасына ақын кіріспе және корытынды белім қосқан. Ақын қазіргі дәуірдегі ел иғлігіне айналған байлықты, айтса ауыз толарлық, сара жолымыздың жонымыздан байқалатын жомарттығымызды дәлелді дәрілтеген.

Дастан дәлдігін осы «Сұраншы батырдан» да байқаймыз. Тыныш жатқан елге шапқыншылар кенеттен шабуыл жасайды. Елін езіп, ерін наиза ұшымен шашып, қызын қылыштың жүзімен тіледі. Оған қатты назаланған халық жаппай қарсы тұрады. Тұрлаулы ерлер осы тұста сынға түседі:

Кабагын түйген қанды жау,  
Ұру, шабу, наизалау,  
Үйірлеп елді айдады...  
Дымын қоймай жау шалты,  
Жаңгараш пен Жантойдың,  
Шырылдатты сәбні,  
Енкілдettі көрісін...  
Қоқаннан келген көп аскер,  
Жер кайсып сыймайды,  
Мал мен басты шулатып,  
Койша ніріп жинады.  
Тас қотаниң сазына,  
Ақ шатыр мен кок шатыр,  
Қатарлаып тігілді...  
Түйеге мінген жас ейел,  
Бетін жыртып анқылдал,

Жас еспірім сұлу қыз,  
Жүргегі ұшып қалшылда...  
Ед тарылса ежелден,  
Батыр түсер есіне...  
Арыстак жүрек Сұранышы...  
Ұлы жүздік қазақтын,  
Ың жагында қорадай,  
Жел жагына панадай...  
Ашу қысып Сұранышы,  
Ақ семсерім сұрырды,—

деп Жамбыл, еңіреген ел пышақ үстінде, қылыш  
қырында тұрган кезде Сұранышыны майданға аралас-  
тырады. «Халық үшін мен ылақ» — деген Сұранышы  
жорық жосуында, сейтіл, жауын жеңеді.

Көріп отырмыз, эпикалық жырды өрбітетін кәдім-  
гі дәстүрлі сюжет. Алайда аталып, айтылып жүрген-  
дей, Жамбыл жырга творчествонықпен, тың тынысты  
тыңғызылықпен келеді, дәстүрді мейлінше меңгеріп,  
өзінше игереді. Оны біз ақынның жыр сюжетін дамы-  
туда халықтар достығы тақырыбына дең қоюынан,  
сонымен бірге слге қыргидай тиген сол жауға талтық  
көңкарас тұргысынан келуінен көреміз. Жыр эпикалық  
шыңберде жырланғанымен скі бірдей мәңгілік те-  
манді мәселені құн тәртібіне қойып, қадірлі дәстүрді  
дөмімен жаңаша мағынада шешті.

Ақын елге бақыт әкелген, көпке берекелі ырыс  
берген Октябрьді, жаңа ауыл мек көркем қаланың  
бейнесін, қарқынды еңбек пен техникалық алуан жа-  
налақты эпикалық поэмаларында мадақтайды. Совет  
адамының бойындағы ең асыл қасиетті — күшті адам-  
гершілік сезімді шыгармасына арқау етеді. Қысқасы,  
ақын қаламына Ұлы Октябрь социалистік революция-  
сы алып келген тарихи жеңістер оралады, қайраты  
мен күш-жігерін осыларды жырлауға арнайды, солар-  
ды дәрілтеуге бағыштайды.

Біздің өмірімізде ақын жүргегін тебіреңтетін,  
татымды шыгарма болуға лайықты талай-талай  
тақырылтар бар, оны осы өмірдің қай саласынан ізде-  
сек те табылатындығы ақиқат, шындық бұл. Эр ақын  
оны өзінше айтып береді, әркім өзінше өмірден нәр  
алады. Жазбақ иысананы тілге тиек, ойға оралған  
оқиғаны көзбен көріп, оның ішкі сырын жете, жіті  
үғынса туынды да мәнді болмак.

Поэмаларда бүгінгі күннің тақырылтарын, есіресе  
еңбек процесін жырлау да өзекті мәселеге айналған.  
Ғ. Игенартовтың «Лавадагы өмірі», Қ. Айнабековтың  
«Алып туралы ертегі» т. б. тәрізді сәтті туындылардан

совет қогамының құрылышына сәйкес еңбегімен көп көзіне түсіп, ерекше танылған еңбек ерлерінің сомдалған жағымды образдарын елестетеміз.

Кейбірі, мәселен, өздері істеген өндірісін, тікелей араласқан колхозын, мекен-жайын шыгармасына арналы арқау етіп алады. Мәселен, Габдіман Игенсартов Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында Қарағанды шахтасында бірнеше жыл бойы істеген. Шахтер ақын өзінің жер астындағы еңбек өмірін, өзімен балғалас, қайлалас серіктерінің, жастардың жалынды өмірін «Лавадағы өмір» атты атақты туындысында баяндап берген.

Ал Омар Шипиннің «Қойшы Құлен» атты шағын поэмасы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Чкалов атындағы колхоздың қарт шопаны Бұзаубақов Құленге ариалған. Қулениң қыстың қаһарлы айында үш күн қатарынан соққан боранга мойымай, өз отарын қалай аман алып қалғандығы айтылады. Поэмада осы бастаң кешкен оқиғаны нақты суреттеу арқылы ақын бүгінгі еңбек адамының асыл қасиетін айқын ашып көрсеткен.

Немесе Қ. Айнабековтың көлемі шағын «Алып туралы ертегі» деген поэмасын алып көрелік. Бұл шыгарма еліміздің атақты көмір алыбы — Қарағанды туралы. Қайып қаланың еткен өмірі мен бүгінгісін айтып, шендестіре суреттейді. Ертеде ағылшын обырлары бұл кен орынын өз отарындағы иеленгендігін ақын ашына жырлайды. Ағашқа арқан орап, қолмен бұрап шыңыраудан шелекпен көмір шыгарған, кейде барабаимен көлік жегіп сүйреткен кеншілердің аянышты халін бейнелейді. Ақын сол бір еткен, алысқа кеткен дүниені ел дәулестімен, ел еңсесін көтерген, талай құрыш білек, болат саусақ еңбек ерлерінің осы замандағы дарқан табысымен салыстырады. Бүгінгі күннің ерен артықшылығын, Қарағанды молшылығын Қайып ақынның суреттеуімен айтсақ:

Ерекше ерлерім көп елге риза,  
Табысым кешегідең бүгін үдеп.  
Сан тілде айтты халық мақтанышлеи,  
Алыптың қазынасын қара алтын деп,  
Осы алып — Қарағанды ойлаганда,  
Ойна терекшірек бойлаганда,  
Күрделі көмір жыры кекке шықты,  
Жұртшылық жеңіс күйін ойнаганда! —

деген тәрізді салыстырмалар ұзақ ұшыраса береді.

<sup>1</sup> Қ. Айнабеков. Шыгармалар. Алматы. 1955, 186-бет.

Қазақ совет фольклорындағы эпикалық жанрда жалғыз осы айтылғандар емес, сол бір «еңбек сүйген шебер адамдар» өміріміздің әр саласында да, әр кезеңінде де ерекше, жан-жақты қөзге көрініп, сипат алыш отырады. Темір жолдар мен гидростанциялар салу, канал қазу, аяқ баспаган, жан жүрмеген тың жерлерді игеру совет гылымы мен техникасын озат, алдыңғы қатарлы тәжірибесіне еркін сүйене отырып, табигаттың не бір терең, таңғажайып сырларын, космос кеңістігін ашуда да біз осы тектес жайларды айқын байқаймыз. Ақындар бұл жолда да халық поэзиясының бұрыннан бар дәстүрлі көркемдік нақыштарын, кестелі, өрнекті сездерін орынды пайдаланады, әсерлі теңеу, жан жібітер сұлу салыстырмаларды ұтымды қолданып отырады.

Ақындар совет адамдарының қоғам өміріндегі, еңбектегі істерінен коммунизм нышандарын көріп, еңбеккердің қастерлі қасиетін жинақтап көрсетуге сөз кестелерін аялбай тәғіл, оны еркін қолданды. Мәселен, коммунистік қоғамға аяқ басқан кезде сәулетті де дәүлетті болашақты өз қолдарымен құруышлардың белгілірек тек жогарыда көлтірілгендей үлттық тілдің құрамындағы «ер», «батыр», «шолпан», «ұлы кеш», «тұлпар» секілді сездермен көрінбей, Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ поэзиясына еніп орын тепкен «герой», «геройлар», «геройларша» және соңғы уақытта қолданылып жүрген «спутник», «ракета», «космос», «космодром» деген сездерімен де магынасы терещ җымдасып, әбден кіріп кетті.

Қалай болғанда да халық сол бір эпикалық поэмалардан өзінің өткен өмірін, басынан кешкен тарихын біліп отырады. Ақын мейлі ертедегі ескі тақырыпты әңгіме етсін, мейлі Отан жайында айтсын, Советтік Қазақстан жөнінде тебірсін, бәр-бәрінде де социалистік құрылым жеңген елдің даңқын зор шабытпен шалқыта толғайды. Қысқасы, Жамбыл бастаган халық творчествосының шеберлері бүкіл Отан үшін үлкен мәні бар оқиғаларды, еліміздің келелі кезеңдеріндегі шүрайлы жайларды эпикалық поэмаларының айнымас тақырыбы етіп отырады.

Сөйтіп, бүгінде қазақтың дәстүрлі батырлық жырының үлгілері де ауыз әдебиетінің белгілі жанры ретінде, яғни эпикалық поэма, эпос түрінде дамып, өркен жайып отыр.

## *Сонғы сөз*

Бұл еңбек қазақ совет ақындарының өз халқының әпикалық дәстүріне қосқан үлесін зерттеуге арналды.

Ақындар тудырган нұсқалардағы әпикалық дәстүрдің сал алуаң элементтерін олардың қалай пайдаланғаны, сондай-ақ әр түрлі көркемдік формалар мен әдіс-тәсілдерді қалай бағалағаны, қалай жинастырығаны әңгіме болды. Яғни еңбек өзінін алдына сол нұсқалардағы жаңадан қосылған жолдар мен элементтерді ашу міндетін қойды. Мұны ақындардың осы заманғы көркем творчествоға үн қосуы деп те атауга болады. Сол үн қосу біздің дәүіріміздегі тақырыптарды жете зерттеуге көмектесетін дәстүрлі әпикалық шыгармалардың басталуы мен аяқталуына байланысты алған тақырыптарға ғана емес, сонымен қатар әпикалық текстерге сюжеттік желілер, сюжеттік жағдайлар (ситуациялар), кейіпкерлердің басындағы толып жатқан мінез-құлыш ерекшеліктері, сол тәрізді көркемдік тіл формалары жатады, бұлардың бәрін біздің қазіргі дәүіріміз тудырып отыр деуге болады. Басқаша айтқанда, ақындар әпикалық дәстүрді жаңартады, өзгертеді екен.

Осы айтып отырганымызбен бірге бұл жұмыстың бірде талдау, бірде жинақтау өзгешелігі бар (еңбектің бірінші тарауын қаранды) мұнисыз осы заманғы әпикалық дестурдің зерттелуінің жай-куйін білу, анықтау мүмкін емес еді.

Қандай болсын ғылыми зерттеу жұмысы, егер де автор өзінен бұрынғыларды жинақтау, қорыта отырып, өз жаңалығын қосса ғана, оның еңбек болып жазылуға да, жарық көріп басылып шығуына да еркі бар деп айта аламыз. Демек, бұл зерттеу еңбекте жоғарыда айтылған ой-пікірлерге жататындары төмендегілер:

Алдымен қазақтың әпикалық дәстүрі туралы ғылыминың даму тарихы жан-жақты толығырақ түрде

қарастырылды. Октябрь революциясына дейінгі жай-күйінің байланысы сез болғанда біздің деуіріміздегі эпикалық дәстүр екі кезеңге бөлініп алынды. Бірінші кезең — отызыншы жылдардың аяғына дейінгі мерзім, екінші кезең — қыркыншы жылдардың басынан кейінгі жылдар. Неге осылай қарастыру қажет болғандығы жайында жұмыста дәйекті дәлелдемелер баршылық.

Осы екі кезеңге белу арқылы белен-беленде көрінген эпикалық жыр жайындағы белгілі еңбектерді тұтас алып, топтай отырып, әр дәуірдегі ғылыми талап деңгейінен оларға өз ойымызды, өз пікірімізді білдіруге тырыстық. Сейтіп, эпикалық дәстүрдің зерттеуін көңірек те теренірек шенберде алып қарап, алдымызды оны сарапқа салу міндепті тұрды.

Мұнан кейінгі зерттеу саласының жалғасы Қазақстандагы революцияға дейінгі эпикалық дәстүрдің мән-маңызы, жай-жапсары болды да, сол дәстүрді дамытудағы ақындардың ролі сипатталды. Ақындардың репертуары соны фактілермен дәлелделініп, олардың творчестволық қабілетіне, өзара ерекшеліктеріне тың тұжырымдар жасалынды, зерттеушінің аңгарған ғылыми байламдары баяндалды.

Қазақ халқының эпикалық жырының даму тарихына байланысты әрбір дәуірде эпосқа дәстүрден не косылды деген мәселелерге нақты мысалдар келтіріле топтышланады.

Бұл жұмыстың соңғы тарауында байыргы эпикалық дәстүрдің біздің уақыттымызды реалистік дәстүрге ауысып, жаңа үлгіде дамып, поэма түріне айналып отыргандығын айқыннырақ ашып қарастыруға бел байладық.

Жаңардың жалгастырылып, тұтас алынып қаралуы — осы зерттеудің маңызды мақсаттарының бірі қалпында кекейтесті проблема ретінде көрініп, оған алғашқылар қатарында пішім жасап, пікір айту біздің үлесімізге тиіп отыр.

Еңбекте мұнан басқа да ғылымдық мәні бар деп есептелетін материалдар берілді. Мәселен, осы заманғы ақындардың жазғандары, шыгарғандары Октябрь революциясына дейінгі ақындардың қолжазбо, жарық көрген баспа нұсқаларымен қатар алынып, салыстырыла талданылды.

Эпикалық шыгармалардың әрбір нұсқаларын өзара жарыстыра салыстыру, сейтіп оны басқа халықтардың үқсас туындыларымен байланыстыру, зерт-

тей әдісі тиімді болып саналса, біздің дәуірімізде ол оқтайлы да орнықты проблема санатында қалып отырса, бұл еңбекте осы мәселеге де назар аударылды.

Міне, атамыш еңбекте алдымызға қойған проблемалық мәселелеріміз, көздеғен ғылыми мақсатымыз осындаид болды.

Сейтіп осы заманғы эпикалық дәстүр әдетте ақындарда дағды бойынша сақталады. Бұл күнде ақын — халық поэзиясын ауызша тудыратын, жазып шыгаратын ең елеулі де творчестволық тұлға. Фольклор шыгармаларын ауызекі шыгаратын және орындайтындарға қарағанда, ақындар қатары көптігінде гана емес, шынтуайтқа келгенде, жыраулар, жыршылармен салыстырғанда, ақындар өлдекайда саны жағынан да мол. Ақындар творчествосына қажетті болып саналатын осы заманың тынысын жырлауы, уақытқа үн қосуы жағынан ақындар алдымен көзге ілінеді және солай болып та келе жатыр.

Біздің советтік дәуірімізде ақындардың осы заманды жырлауға қатты ынта қойып қызығуы — олардың эпос жырлаушысы гана емес екендігін және оны қазақ халқының өткендеғі тарихы — дәстүрлік әпосты жадында жақсы сақтай отырып түсінетіндігін көрсетеді, яғни оның өткеннің айнасы ретінде сипатталатынын жоққа шыгармайды, бірақ совет ақындарының эпикалық творчествосындағы ең негізгі нерсе — осы заманды кескіндеу, суретте болып табылады. Сондықтан олардың творчествосындағы эпикалық дәстүр өткен өмірді елестететін байыргы, мұралық эпостан, сонымен бірге осы қазіргі күннің тарихын сипаттатынын поэмалардан тұрады. Жанрлардың осылай бөлінген қай тобын алып қарамайық, дәстүр коріністері байқалып тұрады.

Байыргы мұралық әпостың сюжеті, тақырыбы, кейіпкерлері, поэтикасы, өлеңдік құрылышы, орындаушылық түрі дәстүрлік болып келеді. Ал поэмада ақын негұрлым талантты, өнерлі болған сайын, оның творчестволық бастауы айқынырақ көрінген сайын дәстүр де көбірек жаңарып, жаңғырып отырады.

Поэмалардың тақырыптары да, сюжеттері де жаңадан алынады. Олардағы суреттесетін кейіпкерлердің психологиялық құбылысы, дүниепі танып-түсінуі басқаша түрде беріледі. Эрине, әлі де дәстүрлік деп есептесетін сюжеттік жағдайлар, мінез-құлық ерекшеліктері, кейіпкерлердің әр түрлі әрекеттері бар екендігін де көреміз. Бірақ, тұтастай түйіп айтқанда, сюжет

те, тақырыптар да, қатысатыя кейіпкерлер де советтік өмірдің шындығын бейнелеп көрсетудің мақсатын көздейді, соны паш етеді. Қарап отырсақ, көркемдік тәсіл мен стилистика ең дәстүрлік элемент болып табылады. Бірақ мұнда да жаңару, жаңғыру процесі жүріл жатады.

Өмірде мұндай процесс жені тудырады дегенге келсек, олар мыналар: біріншіден, көркемдеп, нақыштап, кескіндең көрсетіп беру — өзгеріп отыратын шындықтың, өмірдің өзі. Екіншіден, ақындардың сана — сезіміндең, өнерге көзқарас жүйесіндегі негізгі өзгерістер — советтік көркем сөз шеберлеріне ортақ. Жалпы алғанда, бұлар — қазақ совет мәдениеті өркендеуінің және ақындардың жазба ақындармен, жазушылармен байланысының бірте-бірте өсуінің нәтижесінде барып пайдада болған дәстүрлік зпоспен салыстыргандагы жаңрлық құрамдағы өзгерістер.

## **МАЗМУНЫ**

|  |     |
|--|-----|
| Алғы сез . . . . .                                       | 3   |
| Эпос және совет фольклористикасы . . . . .               | 6   |
| Қазақстандагы революцияга дейінгі эпос дәстүрі . . . . . | 79  |
| Совет ақындарындагы эпос дәстүрі . . . . .               | 135 |
| Соңғы сез . . . . .                                      | 210 |

*Турлыбек Сыдыков*

**НАСЛЕДИЕ ВЕКОВ**

(на казахском языке)

Р е ц е н з е н т : академик *A. X. Маргулан.*

Редакторы *C. Мусина, Н. Канафин.*

Художник *A. А. Джусупов.*

Худож. редактор *D. A. Безруков.*

Техн. редактор *L. I. Шашкова.*

Корректор *H. Калижарова.*

ИБ № 1410

Сдано в набор 28.11.79. Подписано к печати 25.02.80.  
УГ 14098. Формат 84×108<sup>1/32</sup>. Бумага тип. № 1. Литературная  
гарнитура, печать высокая. Усл. печ. л. 11,3 л. Уч.-изд. л. 12,6 л.  
Тираж 10 000. Заказ 1352. Цена 60 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государ-  
ственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиг-  
рафии и книжной торговли. 480009, г. Алма-Ата, ул. Совет-  
ская, 50.

Фабрика книги производственного объединения полиграфи-  
ческих предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казах-  
ской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,  
480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 99.

**«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫНЫҢ  
ГЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНАН 1980 ЖЫЛЫ  
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ МЫНАДАЙ  
ОЧЕРКТЕР ЖИНАҒЫ ШЫҒАДЫ:**

1. Авторлар коллективі. Армысың, ардақты адам. Бағасы 50 т.
2. Авторлар коллективі. Өмір оттары. Бағасы 50 т.
3. Р. Иманғалиев. Мың тарау. Бағасы 15 т.
4. К. Есімов, С. Ақтаев. Тапшыс дауыс. Бағасы 5 т.

